ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**33. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ****Байланысты тараптармен мәмілелердің талаптары**

Байланысты тараптармен мәмілелер тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелерге міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды. Кезең соңына өтелмеген қалдықтар негізінен қамтамасыз етілмеген және пайызсыз болып табылады, солар бойынша есеп айырысулар қолма-қол ақшамен жасалады. Топ байланысты тараптардан берешек бойынша ККЗ резервтерін үшінші тараптардың алдындағы берешек бойынша ККЗ айқындау үшін қолданылатын ККЗ қағидаттары мен саясатына сәйкес мойындайды.

Есеп айырысулар бойынша қалдықтар

Келесі кестеде 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша байланысты тараптармен есеп айырысулар бойынша қалдықтардың жалпы сомалары көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	31 желтоқсан	Байланысты тараптардың берешегі*	Байланысты тараптарға берешек*	Байланысты тараптардың ақшасы мен шоттарындағы депозиттер	Байланысты тараптардан алынған қарыздар бойынша берешек	Байланысты тараптардың қаржы активтері мен қарыздары бойынша берешек
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	2024 жылғы	57.787	2.716	56.849	688.622	54.489
	2023 жылғы	43.080	4.392	5.911	453.333	50.665
Қауымдасқан компаниялар	2024 жылғы	18.314	13.650	—	—	—
	2023 жылғы	8.681	2.962	—	—	—
Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар	2024 жылғы	2.611	3.407	—	65.999	38.329
	2023 жылғы	3.188	1.419	—	80.992	43.709
Бірлескен кәсіпорындар	2024 жылғы	32.014	162.787	—	—	106.338
	2023 жылғы	68.413	235.725	—	—	104.706

* Сомалар негізінен «Сауда дебиторлық берешек» және «Сауда кредиторлық берешек» ретінде жіктеледі

Байланысты тараптардың/байланысты тараптарға берешегі*Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар*

2024 жылы Компания Самұрық-Қазынаға баланстық құны 13.503 миллион теңге болатын инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатты. Сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес сату бағасы 2027 жылғы маусымға дейін төлемді кейінге қалдыра отырып, 22.872 миллион теңгені құрады. Әділ құн болып табылатын өткізу бағасы мен Самұрық-Қазына берешегінің 8.741 миллион теңге мөлшеріндегі номиналды құны арасындағы айырма осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте қаржылық шығыстар ретінде көрсетілген (15-ескертпе).

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптардың берешегі, негізінен, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ-ның, Самұрық-Қазынаның еншілес ұйымы, 26.027 миллион теңге сомасына мұнай өнімдерін сатып алуға арналған дебиторлық берешегімен білдірілген (2023 жылғы 31 желтоқсан: 30.793 миллион теңге).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша КМГ Кашаган Б.В. Акцияларының 50%-ын кері сатып алу құқығы бойынша опционды орындағаны үшін Самұрық-Қазына алдындағы берешек 364 миллион долларға (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 163.770 миллион теңге) толық өтелді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**33. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)****Байланысты тараптардың/байланысты тараптарға берешегі (жалғасы)***Бірлескен кәсіпорындар*

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, бірлескен кәсіпорындар алдындағы берешек, негізінен, ТШО-ға 143.651 миллион теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 181.831 миллион теңге) сомаға шикі мұнай үшін кредиторлық берешекпен білдірілген.

Байланысты тараптардың ақшасы мен шоттарындағы депозиттер*Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар*

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 56.849 миллион теңге жалпы сомаға (2023 жылғы 31 желтоқсан: 5.911 миллион теңге) «Қазпошта» АҚ, Самұрық-Қазына еншілес ұйымының шоттарында теңгемен және доллармен ақшалай қаражат құрамында ағымдағы шоттары мен мерзімді салымдары бар.

Байланысты тараптардан алынған қарыздар бойынша берешек*Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар*

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптардан алынған қарыздар бойынша берешек негізінен Компания 2022 жылы шығарған және Самұрық-Қазына сатып алған 642.749 миллион теңге сомасына облигациялармен білдірілген (2023 жылғы 31 желтоқсан: 392.158 миллион теңге) (27-ескертуге).

Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптарға төленуге жататын қарыздар негізінен ҚДБ-дан АМӨЗ 43.892 миллион теңге жалпы сомаға алған қарыздармен білдірілген (2023 жылғы 31 желтоқсанда: ҚДБ-дан АМӨЗ және ПМХЗ 80.992 миллион теңге жалпы сомаға алған қарыздар) (27-ескертуге).

Байланысты тараптарға берілген қаржы активтері мен қарыздары бойынша берешек*Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар*

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері және байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек негізінен ККЗ резервін шегергенде, Самұрық-Қазына шығарған 22.461 миллион теңге сомасындағы облигациялармен білдірілген (2023 жылғы 31 желтоқсан: 20.963 миллион теңге).

Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар

2024 жылдың ішінде Топ ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноттарын 13,71% сыйақы мөлшерлемесімен 308.147 миллион теңге жалпы сомаға сатып алды, сондай-ақ 2023 және 2024 жылдары Топ 302.600 миллион теңге сомаға сатып алған ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноттарды эмитент кері сатып алды.

2023 жылдың ішінде Топ ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноттарын 15,96% сыйақы мөлшерлемесімен 451.598 миллион теңге жалпы сомаға сатып алды, сондай-ақ 2022 және 2023 жылдары Компания 425.263 миллион теңге сомаға сатып алған ҚР ҰБ қысқа мерзімді ноттарды эмитент кері сатып алды.

Бірлескен кәсіпорындар

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері және байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек негізінен Ural Group Limited, "KALAMKAS-KHAZAR OPERATING" ЖШС және "Kazakhstan Petrochemical Industries Inc." ЖШС 94.732 миллион теңге жалпы сомаға берген қарыздармен білдірілген (2023 жылғы 31 желтоқсан: 73.990 миллион теңге).

2024 жыл ішінде Топ байланысты тараптарға 67.980 миллион теңге сомасына қарыз берді және байланысты тараптардан қарызды өтеу ретінде 45.023 миллион теңге алды (2023 жыл: тиісінше 44.672 миллион теңге және 35.963 миллион теңге).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**33. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)****Мәмілелер бойынша айналымдар**

Мына кестеде байланысты тараптармен 2023 және 2024 жылдардың ішінде жасалған мәмілелердің жалпы сомасы келтіріледі:

		Байланыс- ты тараптарға сату*	Байланыс- ты тараптар- дан сатып алу*	Байланыс- ты тараптар- дан түскен сыйақы	Байланыс- ты тараптарға берілген сыйақы
<i>Миллион теңгемен</i>					
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	2024 жыл	169.073	90.515	68.847	80.315
	2023 жыл	158.392	33.705	4.058	39.795
Қауымдасқан компаниялар	2024 жыл	43.888	84.599	154	–
	2023 жыл	12.742	81.497	194	–
Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар	2024 жыл	1.329	49.934	7.458	10.773
	2023 жыл	346	31.349	5.421	12.475
Бірлескен кәсіпорындар	2024 жыл	410.418	1.744.984	13.534	6.324
	2023 жыл	439.502	1.709.923	17.540	–

* Сомалар негізінен «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім», «Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны», «Өндірістік шығыстар», «Тасымалдау және сату шығыстары» және «Жалпы және әкімшілік шығыстар» ретінде жіктеледі

Байланысты тараптарға сату / байланысты тараптардан сатып алу*Бірлескен кәсіпорындар*

2024 жылы бірлескен кәсіпорындарға сату, негізінен, ТШО-ға 21.138 миллион теңге (2023 жыл: 22.613 миллион теңге) сомада көлік-жүк қызмет көрсетумен, ММГ-ге 67.770 миллион теңге және тиісінше 113.330 миллион теңге сомаға (2023 жыл: 67.755 миллион теңге және тиісінше 137.855 миллион теңге) сомаға көрсетілген мұнайды тасымалдау және қызмет көрсету қызметтерімен білдірілген.

2024 жылы бірлескен кәсіпорындардан сатып алулар, негізінен, ТШО-дан 1.703.581 миллион теңге сомаға (2023 жыл: 1.602.095 миллион теңге) шикі мұнайды сатып алумен байланысты болды.

Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған негізгі басқарушы персоналға (Директорлар кеңесі мен Топ Басқармасының мүшелері) тиесілі жалпы сыйақы сомасы тиісінше 7.568 миллион теңгені және 7.769 миллион теңгені құрайды. Негізгі басқарушы персоналға тиесілі сыйақы келісімшарттарда белгіленген жалақы бойынша шығыстардан және қызметтің нәтижелері бойынша сыйлықақылардан тұрады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ**

Топтың негізгі қаржы құралдарына алынған және берілген қарыздар, қаржылық кепілдіктер, ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешек жатады. Топтың қаржы құралдары бойынша туындайтын негізгі тәуекелдер пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі, валюталық тәуекел және кредиттік тәуекел болып табылады. Сондай-ақ Топ оның барлық қаржы құралдары бойынша туындайтын нарықтық тәуекелді және өтімділік тәуекелін қадағалап отырады.

Нарықтық тәуекел

Топтың негізгі қаржы құралдарына негізінен қарыздар, ақша қаражаты, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді банк салымдары, дебиторлық берешек, кредиторлық берешек және басқа да қаржы активтері мен міндеттемелері кіреді. Топ конъюнктураның қолайсыз өзгеруінің нәтижесінде туындауы мүмкін әлеуетті залалды мерзімді бағалау арқылы, сондай-ақ рентабельділікке және кепілмен қамсыздандыруға тиісті талаптарды орнату жолымен нарық конъюнктурасының тәуекелдерін басқарады. Келесі бөлімдердегі сезімталдылық талдауы 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келтірілген.

Валюталық тәуекел

АҚШ долларында көрсетілген қарыздардың едәуір сомалары мен кредиторлық берешектің нәтижесінде Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебіне АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбастау бағамдарындағы өзгерістер айтарлықтай ықпалын тигізе алады. Топ сондай-ақ шетел валютасындағы мәмілелер бойынша тәуекелге ұшырағыш. Мұндай тәуекел АҚШ долларындағы кірістер бойынша туындайды. Топта АҚШ долларында білдірілген қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді салыстырумен байланысты АҚШ долларында валюталық тәуекелді басқару саясаты бар. Мына кестеде Топ пайдасының салық салынғанға дейінгі АҚШ долларының айырбастау бағамындағы ықтимал өзгерістерге (активтер мен міндеттемелердің ақша ағындарындағы өзгерістердің салдарынан), барлық қалған өлшемдер тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген. Басқа валюта бағамдарының құбылуы Топ қызметінің шоғырландырылған нәтижелері үшін олардың маңызды еместігіне орай қаралмайды.

<i>Миллион теңгемен</i>	АҚШ долларының айырбастау бағамының ұлғаюы / азаюы	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
2024 жыл	+9% (7%)	(100.651) 81.317
2023 жыл	+14% (14%)	(224.731) 224.731

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруімен байланысты тәуекел нарықтағы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының ауытқу тәуекелін білдіреді. Топтың нарықтық пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекеліне ұшырағыштығы негізінен Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар ұзақ мерзімді қарыздарына жатады. Топ саясатында қарыздар бойынша тіркелген және ауыспалы пайыздық мөлшерлемелерді пайдалану арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқару көзделген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Нарықтық тәуекел (жалғасы)***Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі (жалғасы)*

Келесі кестеде Топтың салық салынғанға дейінгі пайдасының (құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздардың болуы салдарынан) пайыздық мөлшерлемедегі ықтимал өзгерістерге деген сезімталдығының талдауы келтірілген, бұл ретте барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Топтың капиталына айтарлықтай әсер ету жоқ.

<i>Миллион теңгемен</i>	Базистік тармақтардағы ұлғаю/ азаю	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
2024 жыл		
SOFR	+4,50	(25.680)
	+0,39	(2.226)
2023 жыл		
SOFR	+3,97	(19.982)
	-3,97	19.982

Кредиттік тәуекел

Топ мәмілелерді тек белгілі және кредитті өтеуге қабілетті тараптармен жасайды. Топ саясатына сәйкес, коммерциялық кредит шартына қарай саудалық операцияларын жасауды қалайтын барлық клиенттер, кредиттік тексеру рәсімінен өтуге жатады. Сондай-ақ, Топқа берешекті қайтармау тәуекелін төмендетуде сенімділікті қамтамасыз ету үшін осындай сатып алушының дебиторлық берешегі үздіксіз мониторингке жатады. Тәуекелдің ең көп мөлшері 23-ескертпеде ашылып көрсетілгендей ағымдағы құн болып табылады. Топта кредиттік тәуекелдің маңызды шоғырлануы жоқ.

Ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек және басқа да қаржы активтері кіретін Топтың басқа да қаржы активтерімен байланысты кредиттік тәуекелге қатысты Топ тәуекелі контрагенттің дефолт болуы мүмкіндігімен байланысты, бұл ретте ең жоғары тәуекел осы құралдардың ағымдағы құнына тең болады.

Келесі кестеде Топтың «Fitch» кредиттік рейтингтердің белгілерін пайдалана отырып, не олар болмағанда, «S&P» және «Moody's» рейтингтердегі баламаларын пайдалана отырып 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктердегі ақша қаражаты, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттері бойынша профиль тәуекелі көрсетілген.

	31 желтоқсанға	
	2024 жыл	2023 жыл
«AA-»-дан «A+»-ке дейін	18%	19%
«A»-дан «A-»-ке дейін	65%	58%
«BBB+»-тен «BBB-»-ке дейін	11%	18%
«BB+»-тен «BB-»-ке дейін	6%	5%
«B+»-тен «B-»-ке дейін	–	–

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі Топ өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қаражат тартқан кезде қиындықтарға кездесуі мүмкіндігіне байланысты. Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ құнына жақын болатын құн бойынша шұғыл түрде өткізе алмауының нәтижесінде туындауы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар ұдайы бақыланады және басшылық міндеттемелерді олардың туындауына қарай орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қадағалайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Өтімділік тәуекелі (жалғасы)**

Келесі кестеде 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша осы міндеттемелерді өтеу мерзімі бөлігінде шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы ақпарат берілген.

Миллион теңгемен	1 айдан артық емес	1 айдан артық, бірақ 3 айдан артық емес	3 айдан артық, бірақ 1 жылдан артық емес	1 жылдан астам, бірақ 5 жылдан артық емес	5 жылдан астам*	Жиыны
2024 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар*	8.311	4.279	508.247	1.760.405	5.449.825	7.731.067
Сауда кредиторлық берешек	208.205	226.758	163.824	–	–	598.787
Қаржылық кепілдіктер**	–	59	32.269	14.991	–	47.319
Жалдау бойынша берешек	2.788	4.488	19.195	56.149	102.326	184.946
Басқа да қаржылық міндеттемелер	63.206	44.567	77.932	8.990	–	194.695
	282.510	280.151	801.467	1.840.535	5.552.151	8.756.814
2023 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар*	38.896	1.329	503.846	1.413.755	4.738.778	6.696.604
Сауда кредиторлық берешек	122.306	340.634	200.991	–	–	663.931
Қаржылық кепілдіктер**	–	64	–	46.555	–	46.619
Жалдау бойынша берешек	2.124	1.964	15.679	49.777	89.424	158.968
Басқа да қаржылық міндеттемелер	71.323	24.605	69.792	20.067	–	185.787
	234.649	368.596	790.308	1.530.154	4.828.202	7.751.909

* Топ дисконтталмаған төлемдерден өтеу мерзімдерінің белгісіздігіне орай, бірлескен қаржыландыру туралы келісімдерге сәйкес жобалар бойынша серіктестерге өтелуі тиіс қарыздар бойынша берешекті алып тастайды. 2024 жылғы 31 желтоқсанға серіктестердің алдындағы қарыздар бойынша берешек 31.926 миллион теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 57.656 миллион теңге).

** Топ қаржылық кепілдіктерді өтімділік кестесіне қосады, алайда, қаржылық кепілдіктер бойынша ақша ағындары белгілі бір оқиғаларға байланысты болады. Қаржылық кепілдік – бұл шарт, соған сай эмитент құралды ұстаушыға белгілі бір борышкердің төлемді борыштық құралдың бастапқы немесе қайта қаралған талаптарына сәйкес жасауға қабілетті болмай қалуына орай шеккен шығынды өтеу мақсатында белгілі бір төлемдерді жасауға міндетті. 2024 және 2023 жылдары елеулі қаржылық кепілдіктерді пайдалану жағдайлары болған жоқ.

Капиталды басқару

Топтың капиталды басқаруға қатысты негізгі мақсаты акционерлік құнды барынша көбейту болып табылады. Берешек пен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып үздіксіз қызмет қағидатын қолдау үшін Топ өз капиталын басқарады.

Компания күрделі инвестициялар жоспарын жасау үшін капитал құрылымын жасауға және инвестициялық деңгейдің кредиттік рейтингісін бүкіл цикл бойына қолдап отыруға ұмтылады. Қаржылық икемділікті қолдау индустрияның циклді болуына қарсы тұру үшін және органикалық әрі бейорганикалық инвестициялық шешімдерді жүзеге асыру үшін стратегиялық маңызды болып табылады. Компанияның күрделі шығындарды, жаңа жобаларды және қарыз алуларды келісудің кеңейтілген ішкі процесі бар.

Топ капиталын басқару мақсатында Топ капиталының құрылымы берешектен тұрады, оған қарыздар (27-ескертпе), минус ақша қаражаты мен оның баламалары (25-ескертпе), қысқа мерзімді банк депозиттері (20-ескертпе) мен шығарылған капитал кіретін капитал, қосымша төленген капитал, басқа да резервтер мен бөлінбеген пайда жатады (26-ескертпе).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)*****Капиталды басқару (жалғасы)***

Топ басшылығы капитал құрылымын үнемі талдап отырады. Бұл талдаудың бір бөлігі ретінде басшылық капиталдың құнын және капиталдың әр класымен байланысты тәуекелдерді қарастырады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін капиталды басқару, өзгесінен басқа, капиталдың құрылымына қатысты талаптарды айқындайтын пайыздық кредиттер мен қарыздар бойынша барлық шарттық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайыздық кредиттер мен қарыздар бойынша шарттық талаптар бұзылған жоқ (27-ескертуге).

<i>Миллион теңгемен</i>	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелгені)
Қарыздар	3.967.401	3.757.094
Минусы: ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді банк депозиттері	2.730.267	2.047.885
Таза берешек	1.237.134	1.709.209
Капитал	11.924.284	10.396.614
Капитал және таза берешек	13.161.418	12.105.823

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдер ішінде капиталды басқару стратегиясы, мақсаты, саясаты мен процедуралары өзгермеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Қаржы құралдарының әділ құны**

Төменде 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың белгілі бір қаржы құралдарының баланстық және әділ құны туралы ақпарат берілген:

Миллион теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан					2023 жылғы 31 желтоқсан				
	Ағымдағы құны		Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны			Ағымдағы құны		Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны		
			1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей			1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар	32.479	27.650	–	27.650	–	20.963	16.797	–	16.797	–
ҚР ҰБ ноттары	38.329	38.329	–	38.329	–	43.708	43.708	–	43.708	–
Пайда мен зиян арқылы әділ құны бойынша байланысты тараптардың қарыздары мен дебиторлық берешегі	93.743	93.743	–	–	93.743	99.901	99.901	–	–	99.901
Амортизацияланған құны бойынша байланысты тараптарға берілген қарыздар	34.445	36.700	–	21.838	14.862	48.299	48.502	–	–	48.502
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	3.396.818	3.238.502	2.406.715	831.787	–	3.253.754	3.051.997	2.452.370	599.627	–
Құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	570.583	570.656	–	570.656	–	503.340	503.340	–	503.340	–

Барлық басқа қаржы құралдары үшін баланстық құн шамамен әділ құнға тең.

Самұрық-Қазынадан алынуға жататын облигациялардың әділ құны және басқа да борыштық құралдар нарықтық пайыздық мөлшерлемелер бойынша күтілетін келешек ақша ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

Соларға қатысты әділ құны танылатын немесе ашылып көрсетілетін барлық қаржы құралдары жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі деректердің негізінде әділ құн иерархиясында былайша жіктеледі:

- 1-деңгей - ұқсас келетін активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда бағасы белгіленетін (түзетілмеген) нарықтық бағалар;
- 2-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер тікелей немесе жанама байқалатын бағалау әдістері;
- 3-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер байқалмайтын бағалау әдістері.

Есепті кезең ішінде 1-деңгей мен 2-деңгей арасында ешқандай аударымдар болған жоқ, сондай-ақ 3-деңгейге немесе одан ауысулар жасалған жоқ.

Әділ құны бойынша тұрақты негізде танылатын активтер мен міндеттемелер үшін, Топ оларды әрбір есепті кезеңнің соңына санаттар бойынша қайта бағалау арқылы (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі кіріс деректерінің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару болғанын айқындайды. Жыл ішінде Топты бағалау процестерінде, бағалау әдістері мен әділ құнды бағалау кезінде қолданылатын бастапқы деректердің типтерінде ешқандай өзгерістер болған жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)**

Төменде әділ құн иерархиясының 3-ші деңгейіне жатқызылған әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер көрсетілген:

	Үлестік бағалау әдісі	Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер	31 желтоқсанға диапазон	
			2024 жыл	2023 жыл
Амортизацияланған құны бойынша байланысты тараптарға берілген қарыздар	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме	12,20%-7,90%	7,30-18,5%
Шығарылған қаржылық кепілдіктер			7,6%	7,8%

35. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**Операциялық орта**

Қазақстанда экономикалық реформа және құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылым жалғасуда, ол нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін еді. Болашақтағы Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясатының саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

Тауарларға арналған бағалардың өзгеру тәуекелі

Топ кірістерінің үлкен бөлігі тауарларды, негізінен, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан жинақталады. Ертеден осы өнімдерге баға тұрақты болмаған және сұраныс пен ұсыныстағы өзгерістерге, нарықтық тұрлаусыздыққа, әлемдік және өңірлік экономика қызметіне және индустриялардағы циклдікке қатысты біршама өзгерді. Баға тарифтер және импорттық баждар салу, биржалық алыпсатарлық, мүмкіндікті арттыруды немесе Топтың өнімдерін негізгі нарықтарға артық жабдықтауды қоса алғанда, Үкімет әрекетінің әсеріне де бейімделген. Осындай сыртқы факторлар мен нарықтардағы өзгерістер келешек бағалардың бағалануын айтарлықтай қиындатады. Тауарларға бағалардың біршама немесе созылмалы төмендеуі Топтың қызметіне, қаржылық нәтижелерге және операциялардан болған ақша ағындарына елеулі түрде және теріс әсер етуі мүмкін. Топ, негізінен, тауарларға бағалардың өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығын хеджирлемейді.

Салық салу

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге ұшырағыш келеді және түрлі талқылауларға жол береді. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдарының арасында пікір қайшылықтары туындайтын жағдайлар да аз емес. Қазақстандық салық заңнамасын анықталған және расталған бұзушылықтары үшін қолданыстағы айыппұлдар мен өсімпұлдар режимі өз қатаңдығымен ерекшеленеді. Айыппұлдық ықпалшараға 1,25-ке көбейтілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген, қайта қаржыландырылған мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімпұл мен қосымша есептелген салық сомасынан 80% көлемінде болатын айыппұлдар кіреді. Нәтижесінде, айыппұл мен өсімпұл сомалары есептелуге жататын салық сомаларынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Салық кезеңдері салықтық тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік бес жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық болып қалады.

Басшылық 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның тиісті заңнаманы түсіндіруі және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көзделген немесе осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте өзгеше түрде ашылған жағдайларды қоспағанда, Топтың салық позициялары расталу ықтималдығы бар деп санайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**35. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау**

Қазақстанда трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. «Трансферттік баға белгілеу туралы заң» (бұдан әрі - Заң) операцияларға қолданылатын барлық салықтар үшін талап етіледі, қол ұшын беру қағидаты бойынша белгіленген нарықтық бағалар негізінде есептелінеді. Қазақстанда бұл Заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Заң анық белгіленген болып табылмайды және оның кейбір ережелері аз қолданылу тәжірибесіне ие. Сонымен қатар, Заң оны операциялардың алуан түрлеріне қолдану бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулықтарды бермейді, соның нәтижесінде салық органдарының позициясы Топ позициясынан ерекшеленуі мүмкін екендігінің тәуекелі бар, бұл қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар сомаларына әкеп соқтыра алады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басшылық трансферттік баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Топтың трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

Топтың мұнай өңдеу зауыттарында кешенді салықтық тексерулер

Топтың барлық үш ірі мұнай өңдеу зауыты, АМӨЗ, ПМХЗ және ПКОП 2020-2022 жылдары бірнеше жыл ішінде (2020 жылға дейін) кешенді салықтық тексеруден өтті. Тексеру нәтижелері бойынша ҚҚС бойынша қосымша есептеулердің жалпы сомасы 37.728 миллион теңгені, КТС бойынша 17.830 миллион теңгені, өзге салықтар бойынша 476 миллион теңгені, барлық қосымша есептеулер бойынша өсімпұлдарды қоса алғанда 8.959 миллион теңгені, сондай-ақ өтелетін шығындарды азайту сомасы 119.871 миллион теңгені құрады.

АМӨЗ, ПМХЗ және ПКОП тексеру нәтижелерімен келіспеді және оларға мемлекет белгілеген тәртіппен шағымданды. Зауыттардың апелляциясы ҚР Қаржы министрлігінің қарауында.

ПКОП салықтар мен өсімпұлдар бойынша қосымша есептеулер сомасы бөлігінде хабарламалардың біріне 3.694 миллион теңге көлемінде шағымданды. Алайда, 2024 жылғы 15 ақпанда Жоғарғы соттың Азаматтық істер жөніндегі алқасы 2021 жылғы 15 қарашада Шымкент қаласы сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының ПКОП пайдасына қабылдаған шешімінің күшін жойды.

2024 жыл ішінде ППКОП тарапынан Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының шешіміне Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына шағымдану жөнінде шаралар қабылданды. Алайда, іс жүргізу мүмкіндігінің болмауына байланысты өтініштерді қараудан бас тартылды. Тиісінше, ПКОП резервті мойындады және 3.694 миллион теңге көлемінде салық пен өсімпұл төледі. Дегенмен, Топ қабылданған шешімге шағымдану жұмысын жалғастыруда.

2020 жылдан 2024 жылға дейінгі кезең үшін қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша қосымша есептеулердің әлеуетті сомасы ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексында көзделген айыппұлдар мен өсімпұлдардың әлеуетті сомаларын есепке алмағанда, ҚҚС мөлшерлемесін 12% мөлшерінде беруші өтейтін акциздің сомасына көбейту жолымен есептелуге жатады.

Акциз сомасын есептеу ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 6 сәуірдегі №173 (2021 жылғы 25 қарашадағы №841 ҚРҰҚ және 2022 жылғы 24 наурыздағы №155 ҚРҰҚ сәйкес өзгертулермен) қаулысымен белгіленген акциз мөлшерлемесін (1 тонна үшін (теңгемен)) бір жыл үшін берушілерге берілген мұнай өнімдерінің (бензин және дизель отыны) көлеміне қолдану жолымен жүргізіледі. 2020-2024 жылдары берушілерге берілген мұнай өнімдерінің көлемі 28.788 мың тоннаны құрады, оның ішінде 14.352 мың тонна бензин және 14.436 мың тонна дизель отыны. Бұл ретте, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 4 сәуірге дейін (2022 жылғы 5 сәуірден бастап 2022 жылғы 24 наурыздағы №155 ҚРҰҚ сәйкес өзгерістер күшіне енді) берілген мұнай өнімдерінің көлемі 978 мың тонна бензин мен 030 мың тонна дизель отынын құрады.

Занды іс жүргізу және шағымдар**КМГИ-де азаматтық қараушылық**

Faber Invest & Trade Inc. (бұдан әрі – Faber), КМГИ еншілес компанияларында бақыланбайтын қатысу үлестерінің иесі, 2020 жылы бірнеше алдыңғы азаматтық істер бойынша істердің қаралуын жаңғыртты, солардың бірі КМГИ еншілес компаниясы Rompetrol Rafinare Constanta-ның жарғылық капиталының 2003-2005 жылдары ұлғаюын даулады. Тыңдаулар мерзімді негізде өткізілді. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Faber-тің барлық талаптары қабылданбады және іс жабылды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**35. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Занды іс жүргізу және шағымдар (жалғасы)****Ұлттық минералды ресурстар агенттігінің (NAMR) және Focsani кен орны бойынша КМГИ еншілес ұйымы Oilfield Exploration Business Solutions S. A (OEBS) азаматтық құқықтық дауы**

2019 жылғы 17 желтоқсанда NAMR OEBS-ке Focsani кен орнына қатысты OEBS-тің Концессиялық келісімді болжамды бұзуына байланысты ICQ Paris-ке төрелік сұрау туралы хабарлады. Осы сәттен бастап OEBS NAMR-мен дауласады. 2022 жылғы 29 шілдеде сот OEBS-ке NAMR-дің 20 миллион АҚШ доллары сомадағы жалпы шағымынан 10,1 миллион АҚШ долларын төлеуге міндеттеу туралы шешім қабылдады. 2022 жылы Топ 10,1 миллион АҚШ доллары (баламасы 4.673 миллион теңге) резервті таныды.

2024 жылғы 23 мамырда сот OEBS берген апелляцияны қабылдамады және OEBS-ке 10,1 миллион АҚШ долларын төлеуге міндеттеді. OEBS NAMR-ға және Румынияның фискалдық органдарына 2026 жылға дейін соманы біртіндеп төлеуді ұсынды. Нәтижесінде, OEBS соманы келесідей төлеуге рұқсат алды: Міндеттемелер сомасының 30%-ын NAMR төлеуі тиіс, ал 70%-ы Румынияның салық органдары алдындағы қарызды қайта құрылымдау жоспарына сәйкес төленуі тиіс.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша OEBS 30% тікелей NAMR-ға төледі, қалған 70% қайта құрылымдау жоспарына енгізіліп, 2026 жылға дейін төленеді. Сондай-ақ, Топ бұрын танылған резервті басқа қаржылық міндеттемелердің құрамына қайта жіктеді (29 және 30-ескертпелер).

Молдовадағы бәсекелестікті тергеу

2021 жылдың басынан бастап Молдовадағы КМГИ еншілес ұйымы Rompetrol Moldova (бұдан әрі - RPM) Молдова бәсекелестік кеңесі (бұдан әрі - МБК) бастамашылық еткен тергеуге және соған байланысты сот ісін жүргізуге тартылды. МБК RPM басқа сала мүшелерімен мұнай өнімдерінің бөлшек сауда бағасы туралы келіссөздер жүргізді деп санайды. RPM қолданыстағы ережелерге сәйкес бекіту үшін негіз болып табылатын МБК тергеу бөлімі дайындаған бәсекелестік туралы есепті даулайды. Аталған есепті қабылдаудың бірнеше әрекеті сәтсіз аяқталды және есепті қабылдау туралы RPM өтінішін қабылдау туралы соңғы шешімді жергілікті сот 2022 жылдың 26 мамырында шығарды. RPM апелляциялық шағым түсірді және алғашқы тыңдау 2023 жылғы 21 наурызға жоспарланған. 2022 жылы Топ 12 миллион АҚШ доллары (баламасы 5.552 миллион теңге) резервті таныды. 2023 жылдың ішінде RPM апелляциялық шағым түсірді және алғашқы сот отырысы 2023 жылғы 4 қазанға белгіленді, алайда сот шағымды қабылдамады. Апелляциялық шағым 2024 жылғы 24 қаңтарда қайта берілді. Істің алғашқы тыңдалуы 2024 жылғы 16 қазанға тағайындалды. Алайда, 2024 жылғы 3 шілдеде МБК RPM кінәлі деп танылғанын мәлімдеді. 2024 жылғы 1 тамызда RPM айыппұлға қарсы шағым түсіріп, негізгі іс шешілгенге дейін төлемді кейінге қалдыруды сұрады. 2024 жылғы 26 тамызда сот айыппұл төлемін сот талқылауы шешілгенге дейін тоқтата тұру туралы шешім шығарды. МБК апелляциялық шағым түсірді және сот 2024 жылғы 9 желтоқсанда осы іс бойынша соттың түпкілікті шешімі қабылданғанға дейін төлемді кейінге қалдыру туралы апелляцияны қабылдамады.

«КазРосГаз» ЖШС, Компанияның бірлескен кәсіпорны, (бұдан әрі - КРГ) мен Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б. В. (бұдан әрі - КПО) арасындағы төрелік талқылау

2022 жылғы 23 тамызда Париждегі Халықаралық сауда палатасының Хатшылығы КРГ атына Қарашығанақ мұнай – газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімдерін бөлу туралы 1997 жылғы 27 қаңтардағы түпкілікті Келісімнің (бұдан әрі - ӨБТК) шеңберінде оператор болып табылатын КПО тарапынан төрелік талқылаудың басталғаны туралы хабарламаны ұсынды. КПО қолданыстағы қарашығанақ газын сатып алу-сату шарты бойынша газ сату бағасын ұлғайтуға ниетті. Егер газдың бағасы 2022 жылғы 1 қазаннан кешірек келісілсе, КРГ және КПО газ бағасын 2022 жылғы 1 қазаннан бастап бағаны келісу күніне дейінгі кезеңге қайта есептеуді жүргізеді.

2022 жылдың қазан айында ҚР энергетика бірінші вице-министрінің төрағалығымен КРГ мен КПО арасындағы төрелік процесс бойынша дауды бейбіт жолмен реттеуге қатысты қазақстандық тараптың келіссөздік ұстанымын әзірлеу бойынша жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының құрамына ҚР Энергетика министрлігінің, «QazaqGaz» ҰК» АҚ, ҚМГ және КРГ өкілдері кірді.

2023 жылғы тамызда Трибунал төрелік талқылаудың Процедуралық кестесін (бұдан әрі – Төрелік кестесі) бекітті, оған сәйкес соңғы тыңдау 2024 жылғы 18 қарашадан бастап аптаға, ал трибуналдың шешім қабылдау мерзімі 2025 жылғы наурыздың соңына дейін тағайындалды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**35. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)**

«КазРосГаз» ЖШС, Компанияның бірлескен кәсіпорны, (бұдан әрі - КРГ) мен Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б. В. (бұдан әрі - КПО) арасындағы төрелік талқылау (жалғасы)

2024 жылғы қаңтарда дауды бейбіт жолмен реттеу мақсатында ҚР Энергетика министрлігінің, КПОМ, ҚМГ және КРГ кездесуі өтті. 2024 жылғы 18-22 қараша аралығында дәлелдемелер бойынша Трибуналдың тыңдауы өтті, онда тараптар мен сарапшылар Трибуналға даудың мәні бойынша соңғы позицияларды ұсынды, сондай-ақ барристерлер Трибуналмен бірлесіп сарапшылардан жауап алды. 2025 жылғы 1 қаңтарда қос Тараптың заңды өкілдері Трибунал мен Хатшылықты дауды реттеу және төрелік талқылауды тоқтату туралы келісім жасасқаны туралы хабардар етті. Нәтижесінде баға формуласы өзгеріссіз қалады.

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі - ҚРБҚДА) Павлодар облысы бойынша департаменті қозғаған ПМХЗ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс

2022 жылы Павлодар облысының прокуратурасы ҚРБҚДА-мен бірлесіп ПМХЗ қызметіне 2020-2021 жылдардағы мұнай және мұнай өнімдері айналымы, еңбек, салық және монополияға қарсы заңнама саласындағы ҚР заңнамасының сақталуына тексеру жүргізді. 2022 жылғы 16 наурызда ҚРБҚДА ПМХЗ мұнай өңдеу қызметтеріне монополиялық жоғары тариф белгілеу туралы қорытынды ұсынды. 2022 жылғы 25 шілдеде Павлодар облысы бойынша ҚРБҚДА ПМХЗ-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғады және Павлодар қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотына 2021 жылы мұнай өңдеу жөніндегі қызметтерге ПМХЗ монополиялық жоғары тариф белгілеу, 21.961 миллион теңге мөлшерінде кірісті тәркілеу және 6.226 миллион теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салу туралы хаттама жолдады теңге.

2023 жылғы 9 маусымда Павлодар қаласының Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты ПМХЗ қатысты әкімшілік іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарды. 2023 жылғы 30 маусымда Әкімшілік іс жүргізуді тоқтату және хаттаманың күшін жою туралы қаулы заңды күшіне енді. Осылайша, 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әкімшілік өндіріс жабылды және ПМХЗ 2022 жылы есептелген 28.187 миллион теңге мөлшеріндегі резервті қалпына келтірді және оны басқа операциялық кірістердің құрамында таныды. (29-ескертпе).

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері

2021 жылы өнеркәсіптік кәсіпорындардың қоршаған ортаны ластағаны үшін жауапкершілігін арттыратын, сондай-ақ қалдықтарды басқару иерархиясын енгізуді және қалдықтарды қайта өңдеу зауыттарын салуды көздейтін жаңа Экологиялық кодекс күшіне енді. Экологиялық кодекске сай I-ші санатқа жататын объектілер қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдалану тоқтатылғаннан кейін осындай объектілерді пайдалану салдарын жоюға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға 2029 жылғы 1 шілдеден бастап үш жыл ішінде қызметті жүзеге асыру салдарын жоюға байланысты міндеттемелер бойынша қаржылық қамтамасыз етуді ұсынуға тиіс. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес Компания негізгі құралдарды бұзу және жою, сол сияқты жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңгерлік міндеттемелерді көтереді. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ірі мұнай өңдеуші зауыттары резервінің баланстық құны: АМӨЗ және ПМХЗ 41.778 миллион теңгені құрады, бұл зауытты бөлшектеуге және жерді қалпына келтіруге байланысты болашақ акша ағындарының келтірілген құнына тең (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 39.271 миллион теңге) (29-ескертпе). Салық салу мақсатында Компания кейінге қалдырылған салықтар құрамында осы күтілетін шығыстарды есепке алмады, өйткені объектілер жойылғаннан кейін салық салынатын пайданы күтпейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**35. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Экологиялық тексерулер**

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша Экология департаменті Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы келісім бойынша оператор болып табылатын Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В. жер үсті объектілеріне (бұдан әрі - Оператор) тексеру жүргізді. Тексеру нәтижелері бойынша Операторға құқық бұзушылықтарды, оның ішінде 1.020 мың тонна көлемінде күкіртті шектен тыс орналастыруға қатысты бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді. Оператор тексеру нәтижелерімен келіспеді және аталған ұйғарымға дау айту туралы әкімшілік талап арыз берді. 2023 жылғы 14 маусымда Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты күкіртті орналастыруға қатысты Оператордың пайдасына шешім шығарды. 2024 жылғы 27 ақпанда Астана қаласы сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы бұл шешімнің күшін жойды. Дау ҚР Жоғарғы сотының қарауында. Оператор әкімшілік жауапкершілікке тартылған жағдайда айыппұлдардың мөлшері Қазақстан Республикасының Әкімшілік Кодексіне сәйкес айқындалатын болады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ бұл тексеруге қатысты резервтерді мойындамады.

Өтелетін шығындарды тексеру

КМГ Кашаган Б.В. 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы келісімге (бұдан әрі - ОБК) 16,88% мөлшерінде қатысу үлесі бар.

«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС-тің өзгерістермен және толықтырулармен бірге 1997 жылғы 27 қаңтардағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы соңғы келісімде (бұдан әрі - ОБСК) 10% мөлшерінде қатысу үлесі бар.

ОБК және ОБСК негізгі қағидаттарына сәйкес ҚР аталған келісімдерге қатысушыларға (бұдан әрі - Мердігерлер) жер қойнауын пайдалану аумағында қызметті жүргізуге айрықша құқық берді, бірақ бұл аумаққа құқықты меншікке де, жалға да бермеді. Осының салдарынан, шығарылған және қайта өңделген өнімнің (яғни дайын өнімнің) барлық көлемдері ҚР-дың меншігі болып табылады.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі жұмыстар белгілі бір шығыстарды өтеу негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, ҚР Мердігерлерге төлемдерді ақшалай емес түрде, дайын өнімнің бір бөлігі түрінде жасайды, осылайша Мердігерлерге өз шығындарын өтеуге (бұдан әрі - Өтелетін шығындар) және пайда табуға мүмкіндік береді.

ОБК және ОБСК шығыстарды өтеу тәртібін көздейді және Өтелетін шығындар болып табылмайтын шығыстардың тізбесін айқындайды.

«PSA» ЖШС ОБК және ОБСК шеңберінде ҚР атынан және тапсырмасы бойынша әрекет етуге уәкілетті ұйым бола отырып (бұдан әрі - Өкілетті орган) Өтелетін шығындарға ревизия жүргізеді.

ҚР мен Мердігерлік Компаниялардың ОБК және ОБСК сәйкес (Қашаған мен «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС-нен басқа) ОБК және ОБСК-нің белгілі бір ережелерін қолдануға қатысты бірқатар даулар бар, олар ОБК және ОБСК сәйкес төреліктің қарауына берілді.

Ішкі нарыққа жеткізу міндеттемелері

Үкімет ҚР-да шикі мұнайды өндірумен және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын компаниялардан жыл сайынғы негізде ішкі нарықтың энергетикалық қажеттілікті қанағаттандыру үшін, негізінен, ішкі нарықта мұнай өнімдерін жеткізу теңгерімін қолдау үшін, көктемгі және күзгі егіс науқаны барысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау үшін өнімнің бір бөлігін жеткізуді талап етеді.

Ішкі нарықтағы мұнайдың бағасы экспорттық бағалардан, тіпті тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелерде белгіленетін ішкі нарықтағы қарапайым бағадан да айтарлықтай төмен. Егер Үкімет қазіргі уақытта Топ жеткізетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұндай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және шикі мұнайды сатудан түсетін түсімнен әлде қайда аз түсімді (бірақ өзіндік құнынан төмен емес) өндіретін болады, бұл өз кезегінде Топ қызметіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс әсерін тигізуі мүмкін.

2024 жылы Топ өз міндеттемелеріне сәйкес жалпы көлемі 2.880 мың тонна бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды жеткізудегі Топтың үлесін қоса алғанда, 8.146 мың тонна шикі мұнайды ішкі нарыққа шығарды (2023 жыл: 7.541 мың тонна, оның ішінде 2.560 мың тонна көлемінде Топтың бірлескен кәсіпорындардың міндеттемелеріндегі үлесі).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**35. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісімшарттар бойынша міндеттемелер**

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияның міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың лицензиялардың, өнімді бөлу туралы келісімдер мен Үкіметпен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес ең аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі міндеттемелері (ҚҚС сомасын ескерместен) болды:

	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, күрделі шығындар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың күрделі шығындары	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, операциялық шығыстар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырыл- ған компаниялардың операциялық шығыстары
<i>Миллион теңгемен</i>				
Жыл				
2025	360.885	33.962	83.986	57.911
2026	229.843	14.581	52.601	12.821
2027	144.476	10.771	19.501	13.309
2028	152.571	10.794	19.958	13.946
2029-2049	175.134	9.334	42.089	14.544
Жиыны	1.062.909	79.442	218.135	112.531

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ең аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі міндеттемелері (ҚҚС сомасын ескерместен) болды:

	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, күрделі шығындар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың күрделі шығындары	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, операциялық шығыстар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылғ ан компаниялардың операциялық шығыстары
<i>Миллион теңгемен</i>				
Жыл				
2024	342.291	25.633	76.014	69.296
2025	262.118	7.690	22.549	11.650
2026	285.609	10.933	20.392	12.330
2027	352.313	6.344	18.876	13.026
2028-2049	340.207	7.316	41.345	13.568
Жиыны	1.582.538	57.916	179.176	119.870

Шикі мұнайды жеткізу міндеттемелері

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша КМГ Кашаган Б.В. мұнайды жеткізу шарттары бойынша міндеттемелері 2,4 миллион тонна болды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 3,0 миллион тонна). Ақшалай балама сату кезіндегі нарықтық баға негізінде анықталады.

Басқа да келісімшарттық міндеттемелер

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 17.862 миллион теңге мөлшеріндегі бірлескен кәсіпорындардың міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың жалпы сомасы ҚҚС сомасын ескерместен 136.221 миллион теңге болатын ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және салу бойынша басқа да шарттық міндеттемелері болды (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: Топтың 15.465 миллион теңге мөлшеріндегі бірлескен кәсіпорындардың міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, ҚҚС сомасын ескерместен 166.049 миллион теңге).

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ҚР Энергетика министрлігі мен ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті бекіткен және өндірістік объектілерді кеңейтуге бағытталған инвестициялық бағдарламалардың шеңберінде 58.483 миллион теңге (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 93.919 миллион теңге) жалпы сомада міндеттемелері болды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**35. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Қаржылық емес кепілдіктер**

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың үшінші тараптардың пайдасына шығарылған міндеттемелерді орындаудың ашық кепілдіктері болды, солар бойынша Топ табиғи газды сатып алу-сату, тасымалдау шарттары және басқа да шарттар бойынша оның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан тараптардың тарапынан міндеттемелер орындалмаған жағдайда кепілдік беруші ретінде болады.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанына Топ басшылығы тараптардың шарттық міндеттемелерді орындамау жағдайлары болмады және тиісінше, қаржылық емес шартты міндеттемелер бойынша міндеттемелер мойындалмады деп есептейді.

36. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК

Топтың операциялық сегменттері өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызметтердің түрлеріне сәйкес келетін бөлек құрылымдар мен басқаруды қамтиды. Барлық сегменттер түрлі нарықтарда өнім мен қызметтердің әр түрлерін ұсынатын бизнестің стратегиялық бағыттарын білдіреді. Функциялар а) содан кірістер мен шығыстар болатын қызметті жүзеге асыратын; б) операциялық нәтижелерін ресурстардың бөлінуіне қатысты операциялық шешімдер қабылдайтын Топ басшылығы саралап отыратын операциялық сегменттер ретінде айқындалады.

Топ қызметі негізгі төрт операциялық сегментті қамтиды: мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнайды тасымалдау және шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу. Топ Компанияның қызметін «Корпоративтік орталық» операциялық сегментке бөліп көрсетуде, өйткені Компания тек бас компанияның функцияларын ғана орындап қана қоймай, сондай-ақ операциялық қызметті де жүзеге асырады. Қалған операциялық сегменттер біріктіріліп, олардың елеусіз болуына орай басқалары ретінде көрсетілген.

Тауарлар мен қызметтер түрлері бойынша түсімді бөлу амалы осы қаржылық есептіліктің 7-ескертемеде көрсетілген.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанына түсім негізінен келесі операциялық сегменттер жүзеге асыратын үшінші тараптарға сату мен қызметтерді білдіреді:

2024 жылғы 31 желтоқсан						
Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және сату	Корпоративтік орталық	Басқа	Жиыны	
<i>Миллион теңгемен</i>						
Шикі мұнай мен газды сату	767.376	–	3.927.847	–	–	4.695.223
Мұнай өнімдерін сату	4.999	–	1.805.243	871.374	16.196	2.697.812
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	–	–	258.530	–	–	258.530
Мұнайды тасымалдау қызметтері	–	237.475	1.595	1.466	192	240.728
Басқа да кірістер	26.573	55.342	164.607	1.845	189.601	437.968
Жиыны	798.948	292.817	6.157.822	874.685	205.989	8.330.261

2023 жылғы 31 желтоқсан						
Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және сату	Корпоративтік орталық	Басқа	Жиыны	
<i>Миллион теңгемен</i>						
Шикі мұнай мен газды сату	887.301	–	3.740.824	–	–	4.628.125
Мұнай өнімдерін сату	4.948	–	2.008.452	823.828	11.693	2.848.921
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	–	–	248.058	–	–	248.058
Мұнайды тасымалдау қызметтері	–	218.890	1.892	5.172	188	226.142
Басқа да кірістер	17.519	48.112	145.168	1.668	155.830	368.297
Жиыны	909.768	267.002	6.144.394	830.668	167.711	8.319.543

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**36. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)**

Сегмент қызметінің нәтижелері түсімнің, таза пайда мен EBITDA көрсеткішінің негізінде бағаланады, олар шоғырландырылған қаржылық есептіліктегідей дәл сондай негізде өлшенеді.

EBITDA көрсеткіші басшылық сегменттердің тиімділігін бағалау үшін пайдаланатын, ХҚЕС-пен реттелмейтін қосымша қаржылық көрсеткіш болып табылады және тозуды, таусылуды және амортизацияны, негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау әрі бағалау бойынша активтердің, сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануын, барлау шығыстарын, бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияға инвестициялардың құнсыздануын, қаржылық кірістер мен шығыстарды және табыс салығы бойынша шығыстарды есептен шығарғанға дейінгі пайда ретінде айқындалады.

EBITDA, % жалпы EBITDA-ға қатысты белгілі бір сегменттің EBITDA-сы ретінде айқындалады.

Түзетулер мен элиминирлеу топшылық айналымдарды алып тастауды білдіреді. Сегментаралық операциялар сегменттер арасында келісілген талаптарда жасалды, әрі олар, байланысты және үшінші тараптарға қолжетімді болатын белгілі бір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрде сәйкес келе бермейді.

Географиялық ақпарат

Топтың негізгі құралдары (16-ескертпе) келесі елдерде орналасқан:

<i>Миллион теңгемен</i>	2024 жыл	2023 жыл (қайта есептелген)
Қазақстан	7.155.527	6.617.819
Басқа елдер	678.633	553.423
	7.834.160	7.171.242

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

36. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2024 жылғы пайда немесе зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың операциялық сегменттері бойынша 2024 жылғы 31 желтоқсанға активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Басқа	Түзетулер мен элиминациялар	Жиыны
Сыртқы клиенттерге сатудан түсім	798.948	292.817	6.157.822	874.685	205.989	-	8.330.261
Басқа сегменттерге сатудан түсім	1.687.114	156.087	197.018	104.826	186.154	(2.331.199)	-
Түсім жиыны	2.486.062	448.904	6.354.840	979.511	392.143	(2.331.199)	8.330.261
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	(53.766)	(20.815)	(5.447.383)	(553.840)	(63.400)	1.792.193	(4.347.011)
Өндірістік шығыстар	(639.251)	(254.754)	(387.897)	(236.265)	(299.386)	418.949	(1.398.604)
Табыс салығынан басқа салықтар	(397.851)	(21.315)	(33.173)	(128.808)	(11.837)	-	(592.984)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(210.806)	(19.094)	(108.751)	(13.041)	-	83.868	(267.824)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(52.639)	(17.651)	(61.045)	(113.171)	(27.673)	18.031	(254.148)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто	359.311	104.204	55.150	-	12.565	-	531.230
EBITDA	1.491.060	219.479	371.741	(65.614)	2.412	(18.158)	2.000.920
EBITDA, %	74%	11%	19%	(3%)	-	(1%)	
Тозу, тауысылу және амортизация	(453.254)	(44.489)	(130.315)	(3.346)	(11.262)	-	(642.666)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс	27.165	11.553	40.522	208.689	14.247	(117.784)	184.392
Басқа да қаржылық кіріс	2.451	1.088	225	113.374	6.152	-	123.290
Қаржылық шығындар	(45.579)	(19.788)	(109.221)	(237.334)	(12.421)	78.247	(346.096)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, негізгі құралдардың құрылысына берілген ұзақ мерзімді аванстардың (құнсыздануы)/құнсыздануын қалпына келтіру және барлау шығыстары	(57.100)	(2.475)	(4.064)	(40.678)	11.609	22.975	(69.733)
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс	-	-	-	16.410	-	-	16.410
Оң бағамдық айырма, нетто	20.602	1.799	2.922	160.363	651	(878)	185.459
Күтілетін кредиттік зияндар	(16.787)	(782)	3.210	(458)	(260)	6.761	(8.316)
Басқа да операциялық кіріс	11.431	5.350	4.451	26.492	7.993	(3.340)	52.377
Басқа да шығыстар	37.483	(2.079)	(3.884)	(6.017)	(12.404)	(51.802)	(38.703)
Пайда салығы бойынша шығыстар	(220.400)	(9.426)	(38.129)	(90.576)	(4.556)	-	(363.087)
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(залал)	797.072	160.230	137.458	81.305	2.161	(83.979)	1.094.247
Басқа да сегментті ақпарат							
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	4.503.070	582.045	134.681	-	158.717	-	5.378.513
Күрделі шығындар	433.140	63.777	154.161	32.512	32.651	-	716.241
Өтпейтін ТМҚ, сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервтері және басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің құнсыздану резерві	(30.523)	(7.554)	(54.589)	(31.966)	(10.170)	-	(134.802)
Сегмент активтері	11.643.803	1.550.949	3.238.703	2.254.912	601.821	(355.541)	18.934.647
Сегмент міндеттемелері	1.967.848	362.981	1.814.519	5.747.682	220.781	(3.103.448)	7.010.363

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

36. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2023 жылғы пайда немесе зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың операциялық сегменттері бойынша 2023 жылғы 31 желтоқсанға активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративті к орталық	Басқа	Түзетулер және элиминациялар	Жиыны
Сыртқы клиенттерге сатудан түсім	909.768	267.002	6.144.394	830.668	167.711	–	8.319.543
Басқа сегменттерге сатудан түсім	1.415.539	165.242	180.601	81.526	145.221	(1.988.129)	–
Түсім жиыны	2.325.307	432.244	6.324.995	912.194	312.932	(1.988.129)	8.319.543
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	(47.394)	(19.317)	(5.434.056)	(544.457)	(44.900)	1.468.243	(4.621.881)
Өндірістік шығыстар	(534.569)	(252.477)	(394.240)	(212.249)	(245.707)	419.520	(1.219.722)
Табыс салығынан басқа салықтар	(424.909)	(19.181)	(17.571)	(122.151)	(10.268)	–	(594.080)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(191.482)	(10.514)	(99.054)	(10.505)	(2)	66.032	(245.525)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(40.731)	(16.826)	(53.752)	(44.229)	(25.109)	14.750	(165.897)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто	356.257	85.161	70.926	–	21.833	–	534.177
EBITDA*	1.442.479	199.090	397.248	(21.397)	8.779	(19.584)	2.006.615
EBITDA, %*	72%	10%	20%	(1%)	–	(1%)	
Тозу, тауысылу және амортизация*	(414.098)	(39.611)	(132.820)	(3.549)	(9.465)	–	(599.543)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс	16.764	10.528	37.772	114.743	14.105	(54.463)	139.449
Басқа да қаржылық кіріс	121	172	316	5.180	2.062	(519)	7.332
Қаржылық шығындар	(28.732)	(8.773)	(113.789)	(190.867)	(9.227)	29.758	(321.630)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, негізгі құралдардың құрылысына берілген ұзақ мерзімді аванстардың құнсыздануы және барлау шығыстары	(107.725)	(1.658)	(97.854)	(40.337)	(566)	–	(248.140)
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс	–	–	–	186.225	–	–	186.225
Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто	(6.842)	643	47.910	(17.396)	(135)	1.042	25.222
Күтілетін кредиттік зияндар	(2.403)	(627)	(2.171)	(8.061)	(141)	1.529	(11.874)
Басқа да операциялық кіріс	5.334	2.341	37.567	5.277	13.417	(8.558)	55.378
Басқа да шығыстар	(5.001)	(2.219)	(11.564)	(12.068)	(12.031)	319	(42.564)
Пайда салығы бойынша шығыстар*	(154.329)	(9.307)	(36.967)	(67.780)	(1.409)	–	(269.792)
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(зиян)*	745.568	150.579	125.648	(50.030)	5.389	(50.476)	926.678
Басқа да сегменттік ақпарат							
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	4.056.464	536.576	129.442	–	98.945	–	4.821.427
Күрделі шығындар	389.846	193.008	153.989	44.097	22.597	–	803.537
Өтпейтін ТМҚ, сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервтері және басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің құнсыздану резерві	(14.486)	(7.365)	(49.875)	(35.150)	(11.337)	–	(118.213)
Сегмент активтері	11.573.073	1.475.597	3.091.573	1.857.357	430.184	(1.486.683)	16.941.101
Сегмент міндеттемелері	1.626.832	370.240	1.844.550	4.546.456	137.282	(1.980.873)	6.544.487

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат б-ескертеде келтірілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

37. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2025 жылғы 17 ақпанда Кропоткинская мұнай айдау станциясының халықаралық Каспий құбыр консорциумының азаматтық өнеркәсіптік объектісіне ұшақ үлгісіндегі ұшқышсыз ұшу аппараттары шабуыл жасады. Шабуыл нәтижесінде нысан зақымданды және пайдаланудан шығарылды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасынан мұнай айдау шектеусіз жүргізіледі.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
акционерлерінің жылдық
жалпы жиналысының
«__» _____ 2025ж.
күн тәртібінің №__ мәселесі
бойынша шешіміне (№_____хаттама)
№ 2 қосымша

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ

Жекелеген қаржылық есептілік

*2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың есебімен бірге*

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың есебі

Жекелеген қаржылық есептілік

Жиынтық кіріс туралы жекелеген есеп	1-2
Қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп	3-4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы жекелеген есеп	5-6
Капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есеп	7-8
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертпелер	9-60

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП**2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2024 жылғы	2023 жылғы (қайта есептелген)*
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	8	960.184	898.847
Өткізудің өзіндік құны	9	(890.892)	(855.680)
Жалпы кіріс		69.292	43.167
Жалпы және әкімшілік шығыстар	10	(117.255)	(48.651)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	11	(20.362)	(18.914)
Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардың құнсыздануынан болған залал	16	(90.120)	(40.343)
Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануынан және есептен шығарылуынан болған залал	15	(40.678)	(40.512)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс	12	211.922	95.468
Басқа да қаржылық кіріс	12	110.140	24.456
Қаржылық шығындар	12	(237.334)	(190.867)
Еншілес ұйымдардың пайдасы мен залалындағы үлес	13	573.311	584.830
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасы мен залалындағы үлес	14	476.649	491.011
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс, нетто	5	16.410	186.225
Бірлескен кәсіпорындағы үлестің шығуынан болған залал, нетто	17	(1.928)	(90)
Инвестициялық жылжымайтын мүліктің шығуынан түскен кіріс, нетто	19	9.369	–
(Теріс)/оң бағамдық айырма, нетто		(198.484)	28.757
Күтілетін кредиттік залалдар		(901)	(8.344)
Басқа да кіріс		19.637	5.447
Басқа да шығыстар		(6.537)	(12.335)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		773.131	1.099.305
Пайда салығы бойынша шығыстар	25	(63.021)	(34.404)
Бір жылғы пайда		710.110	1.064.901

9-60 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП (жалғасы)

	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін		
Миллион теңгемен	Ескерт.	2024 жылғы	2023 жылғы (қайта есептелген)*
Басқа да жиынтық кіріс/(залал)			
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жататын жыл үшін басқа да жиынтық кіріс/(шығын)</i>			
Еншілес ұйымдарды хеджирлеу әсері		(1.463)	849
Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырмалар	16, 17	1.351.686	(216.378)
Салық әсері	25	(90.711)	11.101
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе залалдың құрамына қайта сыныптауға жататын жылғы басқа да жиынтық кіріс/(залал)		1.259.512	(204.428)
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта сыныптауға жататын жыл үшін басқа да жиынтық кіріс/(залал)</i>			
Белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша актуарлық міндеттемелерді қайта бағалаудан болған еншілес ұйымдардың кірісіндегі үлес		749	331
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері ретінде жіктелген үлестік құралдардың әділ құнын түзету бойынша еншілес ұйым мен бірлескен кәсіпорынның залалындағы үлес	16, 17	–	(3.182)
Табыс салығын шегере отырып, еншілес ұйымдардың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған кірістегі үлес		157	643
Салық әсері		1	(321)
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе залалдың құрамына қайта сыныптауға жатпайтын жылғы басқа да таза жиынтық кіріс/(залал)		907	(2.529)
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы таза басқа да жиынтық кіріс/(залал)		1.260.419	(206.957)
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		1.970.529	857.944
Акцияға пайда** - мың теңгемен			
Базалық және бөлінген		1,164	1,745

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жекелеген қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 3-ескертпеде келтірілген.

** 2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялардың саны 610.119.493 дана болды.

Басқарма төрағасының орынбасары

Д.А. Арысова

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП**2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша**

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанға	
		2024 жылғы	2023 жылғы
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Барлау және бағалау бойынша активтер	15	19.219	12.596
Негізгі құралдар		19.665	21.875
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	19	14.339	22.123
Материалдық емес активтер		5.959	13.866
Еншілес ұйымдарға инвестициялар	16	10.942.615	11.388.887
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	17	4.821.728	4.342.921
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер	19	100	9.126
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	26	420.237	332.411
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	19	38.212	13.860
Ұзақ мерзімді банк салымдары	18	309	504
Кейінге қалдырылған салық бойынша актив	25	8.371	18.958
		16.290.754	16.177.127
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар		17.803	24.475
Сауда дебиторлық берешек	19	72.639	92.114
Өтелуге жататын ҚҚС		5.673	3.318
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		244	740
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер	19	18.612	17.555
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	26	156.749	128.732
Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындардан алынуға жататын дивидендтер	26	13.752	24.202
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	19	22.376	19.061
Қысқа мерзімді банк салымдары	18	1.117.141	511.126
Ақша қаражаты мен оның баламалары	20	303.511	596.546
		1.728.500	1.417.869
Активтер жиыны		18.019.254	17.594.996

9-60 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанға	
		2024 жылғы	2023 жылғы
Капитал			
Жарғылық капитал	21	916.541	916.541
Қосымша төленген капитал		1.136	1.136
Капиталдың басқа да резервтері		(7.828)	(7.272)
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		5.658.015	4.397.040
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құны бойынша резерв		9.504	9.504
Бөлінбеген пайда		7.271.589	7.156.774
Капитал жиыны		13.848.957	12.473.723
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар мен облигациялар	22	3.276.442	3.053.528
Резервтер	21	–	17.925
Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	15	25.418	–
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	25	634.849	571.920
		3.936.709	3.643.373
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Сауда кредиторлық берешек	24	36.655	55.516
Қарыздар мен облигациялар	22	50.509	1.173.718
Қарыз беру міндеттемесі	26	68.693	102.204
Қаржылық кепілдіктер	23	22.969	13.340
Төленуге жататын табыс салығы		399	751
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	24	29.391	111.452
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	24	24.972	20.919
		233.588	1.477.900
Капитал мен міндеттемелер жиыны		18.019.254	17.594.996

Басқарма төрағасының орынбасары

Д.А. Арысова

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескер т.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2024 жылғы	2023 жылғы
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Сатып алушылардан түсімдер		1.090.564	992.610
Еншілес ұйымдардан, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	16, 17	708.241	708.425
Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша алынған пайыздар		6.426	10.569
Банк салымдары бойынша алынған пайыздар		61.721	48.184
Тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер		(1.109.186)	(976.935)
Жалақы мен персоналға басқа да шығындар бойынша төлемдер		(9.757)	(8.434)
Төленген пайыздар	22	(191.817)	(172.358)
Демеушілік көмек	10	(10.504)	(10)
Табыс салығын төлеу		(2.002)	(2.114)
Басқа да салықтар және бюджетке төлемдер		(24.483)	(24.555)
Басқа түсімдер/(төлемдер)		9.263	(11.340)
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі		528.466	564.042
Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары			
Банк салымдарын орналастыру		(1.565.819)	(797.194)
Банк салымдарын қайтару		1.085.068	991.458
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу		(30.604)	(56.298)
Еншілес ұйымды сатып алу	6, 7	(1.520)	(164.349)
Бірлескен кәсіпорынды сатып алу		(2.279)	-
Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындардың жарғылық капиталына қосымша салымдар	16, 17	(146.183)	(75.949)
Байланысты тараптарға берілген қарыздар		(167.527)	(436.544)
Барлау және бағалау бойынша активтерді сатудан түскен түсімдер		90	196
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеуден түскен түсімдер		97.649	125.164
Еншілес ұйымды сатудан және бірлескен кәсіпорындағы үлестен түсетін түсімдер	5, 17	21.184	94.644
Жарғылық капиталды ақша қаражатымен қайтару	16	484.329	522.403
ҚР Ұлттық Банкі мен Еуразиялық даму банкінің ноттарын сатып алу	26	(51.000)	(265.047)
ҚР Ұлттық Банкі мен Еуразиялық даму банкінің ноттарын өтеу	26	51.000	335.047
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза (шығуы)/түсуі		(225.612)	273.531

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП (жалғасы)

		31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
Миллион теңгемен	Ескерт.	2024 жылғы	2023 жылғы
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Қарыздар мен облигациялардың түсуі	22	28.072	152.106
Облигацияларды өтеу	22	(358.284)	(227.520)
Төленген дивидендтер	21	(300.002)	(300.002)
Репо мәмілелері бойынша түсімдер		(22.074)	–
Репо мәмілелері бойынша төлемдер		22.074	–
Басқа да операциялар	21	(6.652)	(8.962)
Басқа да төлемдер		(72)	(109)
Қаржылық қызметте ақша қаражатының таза шығарылуы		(636.938)	(384.487)
Айырбас бағамдарындағы өзгерістердің ақша қаражаты мен оның баламаларына ықпалы			
		41.062	(3.318)
Күтілетін кредиттік залалдар резервіндегі өзгеріс		(13)	(9)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза (азаяуы)/көбеюі		(293.035)	449.759
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		596.546	146.787
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		303.511	596.546

Басқарма төрағасының орынбасары

Д.А. Арысова

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Капиталдың басқа да резервтері	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құны бойынша резерв	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2023 жылғы 1 қаңтарға	916.541	1.136	(8.774)	4.602.317	12.686	6.379.096	11.903.002
Бір жылғы таза пайда	–	–	–	–	–	1.064.901	1.064.901
Басқа да жиынтық залал	–	–	1.502	(205.277)	(3.182)	–	(206.957)
Жиынтық кіріс жиыны	–	–	1.502	(205.277)	(3.182)	1.064.901	857.944
Дивидендтер (21-ескертпе)	–	–	–	–	–	(300.002)	(300.002)
Самұрық-Қазынамен операциялар (21-ескертпе)	–	–	–	–	–	30.824	30.824
Басқа да операциялар (21-ескертпе)	–	–	–	–	–	(18.045)	(18.045)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	1.136	(7.272)	4.397.040	9.504	7.156.774	12.473.723

9-60 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Капиталдың басқа да резервтері	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құны бойынша резерв	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2024 жылғы 1 қаңтарға	916.541	1.136	(7.272)	4.397.040	9.504	7.156.774	12.473.723
Бір жылғы таза пайда	-	-	-	-	-	710.110	710.110
Басқа да жиынтық кіріс	-	-	(556)	1.260.975	-	-	1.260.419
Жиынтық кіріс жиыны	-	-	(556)	1.260.975	-	710.110	1.970.529
Дивидендтер (21-ескертпе)	-	-	-	-	-	(300.002)	(300.002)
Самұрық-Қазынамен операциялар (21, 22-ескертпелер)	-	-	-	-	-	(293.288)	(293.288)
Басқа да операциялар (21-ескертпе)	-	-	-	-	-	(2.005)	(2.005)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	1.136	(7.828)	5.658.015	9.504	7.271.589	13.848.957

Басқарма төрағасының орынбасары

Д.А. Арысова

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі - Компания) 2002 жылғы 27 ақпанда ҚР Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және ҚР Үкіметінің (бұдан әрі - Үкімет) 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» мен «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдардың бірігуі нәтижесінде құрылды. Бірігудің нәтижесінде бұл компаниялардың барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде олардың барлық кәсіпорындарға қатысу үлестерін қоса алғанда, Компанияға берілді. 2004 жылғы наурызда ҚР-дың заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару бойынша қазақстандық холдинг» акционерлік қоғамы болып табылды, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» Тұрақты Даму Қоры» акционерлік қоғамымен бірігіп, осылайша «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Самұрық-Қазына) құрды. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады.

2015 жылғы 7 тамызда ҚР Ұлттық Банкі (бұдан әрі - ҚР ҰБ) Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 9,58%-ын және бір акциясын сатып алды. 2022 жылғы 8 желтоқсанның бастап Компания акцияларының 3,00%-ы Astana International Exchange және Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі - KASE) қор биржаларында еркін айналымда болады.

2023 жылғы 22 желтоқсанда Самұрық-Қазынаға тиесілі Компания акцияларының 20,00%-ы ҚР Қаржы министрлігінің пайдасына берілді.

2024 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның 64 операциялық компанияда (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 61) қатысу үлестері бар.

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: ҚР, Астана қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8.

Компания қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- Мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- Келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүдделерді білдіру; және
- Көмірсутектерді барлау, әзірлеу, өндіру, мұнай операцияларын жүргізу қызметтері, қайта өңдеу, мұнай химия, тасымалдау және өткізу, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг жасау.

Компанияның осы жекелеген қаржылық есептілігін Басқарма төрағасының орынбасары мен Бас бухгалтері 2025 жылғы 26 наурызда шығаруға бекітті.

Компанияның бұл жекелеген қаржылық есептілігі Компания мен ол бақылайтын еншілес ұйымдарының дәл осы есепті кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қосымша шығарылды. Компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігін Компания Басқармасы төрағасының орынбасары мен Бас бухгалтері 2025 жылғы 5 наурызда шығаруға бекітті. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті Компанияның ресми сайтынан немесе Компанияның офісінен алуға болады.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы жекелеген қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы жекелеген қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетілген операцияларды қоспағанда, бастапқы құн бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленді. Осы жекелеген қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, миллиондарға дейін дөңгелектенген.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)**Сәйкестік туралы мәлімдеме**

Компанияның бұл жекелеген қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді.

Жекелеген қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір маңызды есептік бағалауды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану Компанияның жекелеген қаржылық есептілігі үшін елеулі болып табылатын салалар *4-ескертеде* ашылған.

Жекелеген қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық бірқатар белгісіздіктердің орын алуын ескере отырып, әлемдегі ағымдағы экономикалық және геосаяси ахуалды назарға алды. Жекелеген қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздігі қағидатына сәйкес дайындалды.

Үздіксіз қызмет қағидаты

Бұл жекелеген қаржылық есептілік Компания жақын болашақта өз қызметін үздіксіз қызмет қағидатының негізінде жалғастырады деген жорамал негізінде дайындалды.

Шетел валюталарын қайта есептеу*Функционалдық валюта және білдіру валютасы*

Осы жекелеген қаржылық есептілік Компанияның функционалдық валютасы мен оны білдіру валютасы болып табылатын теңгемен білдірілген.

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Мұндай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылықтардан және есепті күнгі бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түскен кірістер мен шығындар жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте пайда немесе залал құрамында танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Валюталарды айырбастау бағамдары

KASE-де белгіленген орташа есептелген валютаны айырбастау бағамы ҚР ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

KASE-нің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 525,11 теңгені құрады. Бұл бағам 2024 жылғы 31 желтоқсанға АҚШ долларында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 1 АҚШ доллары үшін 454,56 теңге). KASE-нің 2025 жылғы 26 наурыздағы айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 501,81 теңгені құрады. 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шетелдік валюталардың теңгеге қатысты бағамының тұрақсыздығына байланысты Компанияда 198.484 миллион теңге мөлшерінде нетто, теріс бағамдық айырма қалыптасты.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ**Есеп саясатындағы өзгерістер және ақпаратты ашып көрсету қағидаттары****Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Жекелеген қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2024 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Компанияның жылдық жекелеген қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Кейбір түзетулер мен түсіндірмелер алғаш рет 2024 жылы қолданылды, бірақ олар Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Компания тек Компания үшін ғана жарамды және қолданылатын стандарттардың тізімін ұсынды.

Өнім жеткізушілерді қаржыландыру тетіктері - 7 ХҚЕС-ке (IAS) және 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

2023 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» 7 ХҚЕС-ке (IAS) және «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерін шығарды, онда өнім жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісімдердің сипаттамалары түсіндіріледі және осындай келісімдерді қосымша ашып көрсету талап етіледі. Түзетулерде қамтылған ақпаратты ашуға қойылатын талаптар қаржылық есептілікті пайдаланушыларға өнім жеткізушілерді қаржыландыру келісімдерінің кәсіпорынның міндеттемелеріне, ақша қаражатының ағындарына және өтімділік тәуекеліне ұшырағыштығын түсінуге көмектесуге бағытталған.

Түзетулер Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

«Кері жалдау арқылы сату кезіндегі жалдау міндеттемелері» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

2022 жылғы қыркүйекте ХҚЕС жөніндегі Кеңес 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету сатушы-жалға алушының кері жалдау арқылы сату операциясында туындайтын жалдау міндеттемесін бағалау кезінде пайдаланатын талаптарды нақтылайды, бұл сатушы-жалға алушы өзі сақтайтын пайдалану құқығына қатысты пайданың немесе залалдың кез келген сомасын мойындамауына кепілдігін береді.

Түзетулер Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер: Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді ретінде жіктеу

2020 жылғы қаңтарда және 2022 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі Кеңес 1 ХҚЕС-тің (IAS) 69-76 тармақтарына түзетулерді шығарды, оларда міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктеуге қойылатын талаптар нақтыланды. Түзетулер мыналарды нақтылайды:

- Реттеу мерзімін ұзарту құқығы деп нені түсінуге болатындығын;
- Мерзімді ұзарту құқығы есепті кезеңнің соңына болуы тиіс;
- Жіктеуге ұйымның мерзімді ұзарту құқығын пайдаланып қалады деген ықтималдық ықпал етпейтіндігін;
- Міндеттеменің талаптары оның жіктелуіне ықпалын тигізбейді, тек егер айырбасталатын міндеттемеге ендірілген туынды құрал өз бетімен үлестік құрал болып табылмаса ғана.

Сонымен қатар, кредиттік шарттан туындайтын міндеттеме ұзақ мерзімді болып жіктелген және кәсіпорынның өтеуді кейінге қалдыру құқығы он екі ай ішінде болашақ міндеттемелердің сақталуына байланысты болатын жағдайларда ақпаратты ашу туралы талап енгізілді.

Түзетулер Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді. Компания 22-ескертіпте кредиттік шарттардың талаптары бойынша ковенанттардың сақталуы туралы ақпаратты ашып көрсетті.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (жалғасы)**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар**

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша стандарттарға жаңа түзетулер жарияланды:

- 21 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «*Валюта айырбастау мүмкіндігінің болмауы*» (2023 жылғы тамызда шығарылды);
- 18 ХҚЕС (IFRS) «*Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу*» (2024 жылғы сәуірде шығарылды);
- 19 ХҚЕС (IFRS) «*Жария есеп берусіз еншілес ұйымдар: ақпаратты ашу*» (2024 жылғы мамырда шығарылды);
- *Табиғатқа байланысты электр энергиясына қатысты келісімшарттар* - 9 ХҚЕС (IFRS) және 7 ХҚЕС (IFRS) түзетулері (2024 жылғы желтоқсанда шығарылды);
- Жыл сайынғы жақсартулар, 11 том (2024 жылғы шілдеде шығарылды);
- *Қаржы құралдарын жіктеуге және бағалауға түзетулер* - 9 ХҚЕС (IFRS) және 7 ХҚЕС (IFRS) түзетулері (2024 жылғы мамырда шығарылды).

18 ХҚЕС (IFRS) «*Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу*» қоспағанда, түзетулер Компанияның жекелеген қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде. Қазіргі уақытта Компания жаңа стандарт пен түзетулердің негізгі қаржылық есептер мен жекелеген қаржылық есептілік жазбаларына қандай әсер ететінін анықтау үшін жұмыс істеуде.

Компания 2023 жылы тану мен ашып көрсетуден уақытша босатуды қолданған стандарттарға түзетулер

Халықаралық салық реформасы - Pillar II үлгілік ережелері - «Табыс салығы» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

12 ХҚЕС-ке (IAS) осы түзетулер ЭБДҰ BEPS жобасы шеңберінде екінші компоненттің (Pillar II) қағидаларын қабылдау нәтижесінде шығарылды және мыналарды көздейді:

- Заңнамаға Pillar II үлгілік ережелерін енгізуге байланысты туындайтын кейінге қалдырылған салықтарды танудан және ашып көрсетуден міндетті түрде уақытша босатуды, және
- Жаңа заңнамаға жататын ұйымдардың қаржылық есептілігін пайдаланушыларға осы ұйымдарға заңнамада көзделген табыс салығы Pillar II үлгілік ережелеріне сәйкес, оның ішінде ол күшіне енгенге дейін қандай әсер ететінін жақсы түсінуге көмектесетін ақпаратты ашуға қойылатын талаптар.

Компания халықаралық компаниялар тобы болып табылатын Самұрық-Қазына тобының бөлігі болып табылады, оның кірісінің мөлшері халықаралық топтың есепті қаржы жылының алдындағы қаржы жылындағы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес тиісті қаржы жылы үшін ҚР салық заңнамасына сәйкес айқындалған валюта айырбастаудың орташа арифметикалық нарықтық бағамын қолдана отырып, 750 миллион еуроға баламалы сомандан кем болмайтын соманы құрайды.

Самұрық-Қазына халықаралық топтың бас компаниясы болып табылады. Халықаралық топ мүшелері келесі юрисдикцияларда білдірілген, онда Pillar II үлгілік ережелері заңнамалық деңгейде қабылданған (немесе негізінен қабылданған) және 2024 жылдан бастап және одан кейін күшіне енді: Болгария Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы, Нидерландтар Корольдігі, Румыния, Швейцария Конфедерациясы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі.

2023 жылы Компания заңнамаға Pillar II үлгілік ережелерін енгізуге байланысты туындайтын кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін танудан және ашып көрсетуден уақытша босатуды қолданды.

2024 жылы Компания 2024 жылғы жедел қаржылық ақпаратқа сүйене отырып, Pillar II үлгілік ережелерін заңнамалық деңгейде енгізуге байланысты алдын ала ықтимал әсерді бағалады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (жалғасы)**Компания 2023 жылы тану мен ашып көрсетуден уақытша босатуды қолданған стандарттарға түзетулер (жалғасы)**

Халықаралық салық реформасы - Pillar II үлгілік ережелері - «Табыс салығы» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер (жалғасы)

Жүргізілген бағалау нәтижелеріне сүйене отырып, Компания Pillar II үлгілік ережелерімен анықталған және жоғарыда аталған юрисдикцияларда жұмыс істейтін кейбір компаниялар алған табыс салығына байланысты алдын ала ықтимал тәуекел екенін анықтады. Pillar II-нің Компанияға алдын-ала әлеуетті әсері маңызды емес. Компания бағалау жұмыстарын жалғастыруда.

Бизнесі біріктіру

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Жалпы бақылауға берілетін еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелері жекелеген қаржылық есептілікте беру күніне беретін ұйымның («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Таза активтердің жалпы ағымдағы құны мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде жекелеген қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Жалпы бақылаудағы тараптардан бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды сатып алу

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Компанияның жалпы бақылауға берілетін бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың активтері мен міндеттемелеріндегі үлесі жекелеген қаржылық есептілікте беру күніне беретін ұйымның («Бастамашы») баланстық құны бойынша ескеріледі. Таза активтердің жалпы баланстық құнындағы Компанияның үлесі мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде жекелеген қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Сегменттік есептілік

Шоғырландырылған деңгейдегі операциялық сегменттер өндірілетін өнім және әртүрлі нарықтарда көрсетілетін қызметтер негізінде білдірілген. Басқару мақсатында Компания үш негізгі операциялық сегментті анықтады: «Мұнай мен газды барлау және өндіру», «Мұнайды тасымалдау», «Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу». Компания Басқармасы негізгі операциялық шешімдерді қабылдайтын және ресурстарды бөлу және қызмет тиімділігін бағалау туралы шешімдер қабылдау мақсатында әрбір бизнес-бөлімше қызметінің нәтижелерін талдайтын орган болып табылады. Сегментті есептілік бойынша ашып көрсетулер 8 ХҚЕС (IFRS) сәйкес 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 36-ескертпесінде көрсетілген.

Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар

Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі. Үлестік қатысу әдісіне сәйкес еншілес ұйымға, бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға инвестициялар алдымен бастапқы құны бойынша танылады.

Жиынтық кіріс туралы жекелеген есеп еншілес ұйым, бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания қызметінің қаржы нәтижелеріндегі Компанияның үлесін көрсетеді. Мұндай инвестициялар нысандарының басқа да жиынтық кірісінің өзгеруі Компанияның басқа да жиынтық кірісінің құрамында ұсынылады. Сонымен бірге, егер еншілес ұйым, бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Компания осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есепте қолданылса, осы фактіні ашады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (жалғасы)**Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (жалғасы)**

Еншілес ұйымдардың, қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың қаржылық есептілігі Компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін әзірленеді. Қажет болған жағдайда еншілес ұйымдардың, қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың есеп саясатын Компанияның есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Компания еншілес ұйымға, бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға өз инвестициялары бойынша құнсызданудан болған қосымша залалды тану қажеттілігін айқындайды. Компания әрбір есепті күнге еншілес ұйымға, бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға инвестициялар құнсыздануының объективті айғақтарының болуын анықтайды. Осындай дәлелдер болған жағдайда, Компания құнсыздану сомасын еншілес ұйымның, бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның өтетін құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және бұл соманы жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте құнсызданудан болған шығынды мойындайды.

3 ХКЕС (IFRS) пен 10 ХКЕС-ке (IFRS) сәйкес еншілес ұйымға бақылаудан, бірлескен кәсіпорынға бірлескен бақылаудан немесе қауымдасқан компанияға айтарлықтай ықпалдан айырылған жағдайда, Компания қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалап, мойындайды. Айтарлықтай ықпалдан немесе бірлескен бақылаудан айырылу сәтіне еншілес ұйымға, бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға салынған инвестициялардың баланстық құны мен қалған инвестицияның әділ құны және шығудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында бақылаудан айырылу орын алған кезеңде танылады.

Еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындарға және қауымдасқан компанияларға өтеусіз берілген активтер бастапқы тану кезінде инвестициялар ретінде әділ құны бойынша есепке алынады.

Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын (лицензияларды) иемденгенге дейін болған шығындар

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын (лицензияларды) алғанға дейін болған шығындар келтірілген кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Үкіметпен тиісті келісімге қол қойылғаннан кейін болған шығындар капиталдандырылады.

Лицензияларды сатып алу шығындары

Лицензияларды сатып алу шығындары капиталданады және материалдық емес активтер ретінде жіктеледі. Барлау бойынша әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын және оның құнсызданбағанын растау мәніне қарастырылады. Егер келешек жұмыстар жоспарланбаса, барлауға арналған лицензияларды және тиісті объектілерді сатып алу шығындарының ағымдағы құны есептен шығарылады. Экономикалық негізделген шығарылатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») анықталған кезде және әзірлеуді ішкі бекіту кезінде барлауға арналған лицензияларды және тиісті объектілерді сатып алуға арналған шығындардың ағымдағы құны, кен орындардың бөлігінде, барлау және бағалау бойынша активтермен бірігіп, әзірлеу шығындары ретінде барлау және бағалау бойынша мұнай-газ активтеріне ауыстырылады.

Барлаумен және бағалаумен байланысты шығындар

Барлауға арналған заңды құқық алынған сәттен бастап геологиялық және геофизикалық зерттеу шығындары мен барлау жасалатын ұңғымаға тікелей қатысты шығындар ұңғыманың бұрғылануы аяқталмайынша және мұндай бұрғылау нәтижелері бағаланбайынша шығындардың сипатына сәйкес барлау және бағалау бойынша активтердің материалдық емес немесе физикалық денесі бар ретінде капиталданады. Мұндай шығындарға қызметкерлерге төлемақы, пайдаланылған материалдар мен жанар май, бұрғылау мұнарасының құны және мердігерлерге арналған төлемдер кіреді. Егер күтілетін қорлар табылмаса, барлау бойынша актив құнсыздануға тестіленеді; егер шығарылатын көмірсутектер табылып, одан кейінгі бағалауға жататын болса, әрі оған коммерциялық әзірленуі ықтимал болатын басқа ұңғымаларда бұрғылау кіруі мүмкін болса, онда шығындар көмірсутектерді коммерциялық шығаруды бағалауда негізделген/үздіксіз прогреске қол жеткізілмейінше, материалдық емес актив немесе физикалық денесі бар ретінде ескерілуін жалғастырады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (жалғасы)**Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар (жалғасы)***Барлаумен және бағалаумен байланысты шығындар (жалғасы)*

Осы сияқты барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге, сол сияқты әзірлеуді жалғастыру ниетін немесе кен орнынан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілін растау үшін жылына кем дегенде бір рет құнсыздану мәніне тексеруге жатады. Мұндай ниеттер болмағанда активтер шығыстарға есепке жатқызылады.

Дәлелденген қорлар анықталғанда және әзірлеу туралы шешім қабылданғанда, барлаумен және бағалаумен байланысты тиісті шығындар құнсыздану тестісінен кейін мұнай-газ активтеріне ауыстырылады және қажет болғанда құнсыздану залалы танылады.

Мұндай ниет болмағанда, және келісімшарттық аумақты Үкіметке қайтарып беру шешімі қабылданғанда және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты бұзу ниеті болғанда активтер шығыстарға есептен шығарылады.

Әзірлеу шығындары

Платформалар, мұнай құбырлары және әзірленетін ұңғымаларды бұрғылау сияқты инфрақұрылым объектілерін салу, орнату және аяқтау шығындары мұнай-газ мүлкінің құрамында, әзірлеу шығындары ретінде капиталданады.

Қарыздар бойынша шығындар

Барлау және бағалау бойынша активтерден болатын келешек экономикалық пайда ықтимал болып табылмағандықтан, Компания қарыздар бойынша шығындарды барлау және бағалау бойынша активтердің құнына капиталдандырмайды.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығындарды шегере отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтерге мұнай-газ ресурстарын барлауға арналған лицензияларды, компьютерлік бағдарламаларды сатып алу шығындары кіреді. Материалдық емес активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құны - бұл жиынтық төленген сома және активті сатып алу үшін берілген кез келген басқа сыйақының әділ құны.

Материалдық емес активтер, пайдалы қызмет студің қалған есепті мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады. Активтердің күтілетін пайдалы қызмет етуінің мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қарастырылып отырады және қажет болғанда мерзімдегі өзгерістер кейінгі кезеңдерде түзетіліп отырады. Компьютерлік бағдарламалық жасақтама мен лицензиялардың пайдалы қызмет ету мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейін құрайды.

Материалдық емес активтердің ағымдағы құны оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздануға талданады.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны, тозуды және құнсыздануды шегере отырып, бастапқы құны бойынша танылады.

Активтердің бастапқы құны сатып алу немесе салу бағасынан, ұзақ мерзімді құрылыс және әзірлеу жобалары бойынша пайыздар шығындарынан, мойындау критерийлерін сақтау шартымен, активті жұмыс күйіне келтіруге тікелей байланысты шығындардан және қажет болғанда активті жою шығындарының бастапқы бағалауынан тұрады. Сатып алу немесе бағалау бағасы жиынтық төленген құн және активті сатып алу үшін берілген сыйақының кез келген түрінің әділ құны болып табылады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (жалғасы)****Негізгі құралдар (жалғасы)**

Өтелім активтерді пайдалы қолданудың бағалау мерзімі ішінде желілік әдіспен мынадай түрде есептеледі:

	Жылдар
Үйлер мен ғимараттар	2-100
Машиналар мен құрал-жабдықтар	3-30
Басқалары	2-20
Жер	Амортизацияланбайды

Бұрын танылған негізгі құралдарды немесе олардың маңызды құрауыштарын тануды доғару олар шығарылған кезде немесе егер келешекте осы активті пайдаланудан немесе шығарудан экономикалық тиімділік алу күтілмеген жағдайда болады. Активті мойындауды тоқтату нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (шығарудан болған таза түсімдер мен активтің баланстық құнының арасындағы айырма ретінде есептелген) активтің мойындалуы тоқтатылған есепті жыл үшін пайда мен залалдарға қосылады.

Таратылу құны, активтерді пайдалы қолдану мерзімі және негізгі құралдардың өтелімі әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің аяғында талданады және қажетіне қарай перспективті негізде түзетіледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Жеке меншіктегі инвестициялық жылжымайтын мүлік алғашында бастапқы құны бойынша бағаланады. Мәміле бойынша шығындар бастапқы құнға қосылады.

Бастапқы танылғаннан кейін инвестициялық жылжымайтын мүліктің объектілері бастапқы құн моделі бойынша ескеріледі.

Амортизацияны есептеу және инвестициялық жылжымайтын мүліктің құнсыздануына резервті құру тәртібі негізгі құралдарды есепке алу тәртібіне ұқсас келеді.

Компания жылжымайтын мүлік объектісін инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына немесе санатынан оны пайдалану сипатында өзгеріс болғанда ғана аударады. Пайдалану сипатының өзгеруі дәлелдерінің мысалдары мыналар болуы мүмкін:

- Компания бұрын операциялық жалдауға берілген мүлікті немесе пайдалану мақсаты белгісіз мүлікті пайдалануды бастағанда, жеке мақсаттар үшін - инвестициялық жылжымайтын мүлік оның иесі алып отырған, негізгі құрал ретінде жіктелетін жылжымайтын мүлік құрамына аударылған жағдайлар үшін;
- Компания мүлікті одан әрі сату мақсаттары үшін оны қайта құруды бастағанда - инвестициялық жылжымайтын мүлік қорлардың құрамына аударылатын жағдайлар үшін;
- Жалға алушымен операциялық жалдау шартына қол қойылғанда – актив иесі алып отырған жылжымайтын мүлік санатынан инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына аударылған жағдайлар үшін.

Активтерді «инвестициялық жылжымайтын мүлік», «иесі алып отырған жылжымайтын мүлік» және «қорлар» санатына аудару активтердің баланстық құнының өзгеруіне әкеп соқтырмайды.

Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы

Компания барлау және бағалау бойынша активтерді құнсыздану мәніне тексереді, әрі мұндай активтер әзірлеу бойынша физикалық денесі бар немесе материалдық емес мұнай-газ активтерінің құрамына немесе бұл активтердің құнсыздануына нұсқайтын фактілер мен жағдайлар болғанда аударылады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (жалғасы)**Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы (жалғасы)**

Бір немесе одан да көп төмендегі фактілердің және жағдайлардың болуы Компания барлау әрі бағалау жөніндегі өз активтерін құнсыздану мәніне тексеруге міндетті екендігіне нұсқайды (тізбесі толық болып табылмайды):

- Соның ішінде Компания белгілі бір учаскені барлауға және бағалауға құқылы болған кезең өтіп кеткенде немесе таяу арада өтеді және оның ұзартылуы күтілмейді;
- Белгілі бір учаскеде көмірсутектер ресурстарын одан әрі барлауға және бағалауға едәуір шығыстар бюджетке қосылмаған және жоспарланбайды;
- Белгілі бір учаскеде көмірсутектер ресурстарын барлау және бағалау көмірсутектер ресурстарының коммерциялық тиімді көлемдерін анықтауға әкеліп соқтырмады және Компания белгілі бір учаскеде мұндай қызметті тоқтату шешімін қабылдады;
- Компанияның белгілі бір учаскені әзірлеу ықтималдылығына қарамастан барлау және бағалау жөніндегі активтің ағымдағы құны нәтижелі әзірлеудің немесе өткізудің нәтижесінде толық шамада өтелмейді деген жеткілікті деректері бар.

Қаржы активтері***Бастапқы тану және бағалау***

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі келісімшартта көзделген қаржы активі мен Компания бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Компания іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Компания қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Компания іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады. Компания қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Компания өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды. Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Компания активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері екі санатқа жіктеледі:

- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Компанияның басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері болмады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (жалғасы)**Қаржы активтері (жалғасы)*****Мойындауды тоқтату***

Қаржы активі (қаржылық жағдай туралы жекелеген есептен алынып тасталады) мойындалуын тоқтатады, егер:

- Активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын ақша ағындарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша еш кешіктірмей алатын үшінші тарапқа төлеу бойынша өзіне міндеттеме алғанда; немесе (а) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайданы бергенде, не болмаса (б) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайданы бермегенде және сақтамаған, бірақ осы активтерді бақылау функциясын берген жағдайда.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Компания пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтеріне қатысты күтілетін кредиттік залалдарды бағалау резервін мойындайды.

Күтілетін кредиттік залалдар шартқа сәйкес Компанияға тиесілі болатын ақша ағындары мен Компания бұл актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең болатын мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредит сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

Күтілетін кредиттік залалдар екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін кредиттік залалдар) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін кредиттік залалға қатысты залалға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдар) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін кредиттік залалдарға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Компания күтілетін кредиттік залалдарды есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Компания кредиттік тәуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдарға тең сомалар залалға бағалау резервін мойындайды. Компания қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген кредиттік залалдардың пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Компания қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Компания, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Компания ұстап қалатын кредит сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Компанияның шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады.

Егер Компанияның шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар өзіндік құн және ФИФО әдісі бойынша өткізудің таза құны екі өлшемнің ең азы бойынша ескеріледі. Оның құнына қорларды тиісті жерге жеткізумен және оларды ағымдағы күйге келтірумен байланысты әдеттегі қызмет барысында болған барлық шығындар жатады. Шикі мұнай мен мұнай өнімдерінің құны, қалыпты өндіріс көлемінің негізінде тозу, таусылу және амортизация шығыстарының және үстеме шығыстардың тиісті бөлігін қоса алғанда, өндірудің өзіндік құны болып табылады.

Мұнай мен мұнай өнімдерін өткізудің таза құны, мұндай өткізумен байланысты шығыстарды шегере отырып, өткізудің болжамды бағасына негізделеді.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (жалғасы)**Ақша қаражаты мен оның баламалары**

Ақша қаражаты мен оның баламаларына кассадағы қолма-қол ақша, талап еткенге дейінгі салымдарда орналасқан қаражат, бастапқы өтеу мерзімі үш айдан артық болмайтын басқа да қысқа мерзімді өтімділігі жоғары инвестициялар жатады.

Қаржылық міндеттемелер***Бастапқы тану және бағалау***

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда танылған кезде тиісінше пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер, кредиттер мен қарыздар, кредиторлық берешек, қаржылық кепілдік шарттары немесе туынды құралдар ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер алдымен олармен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды шегере отырып (кредиттер, қарыздар мен кредиторлық берешек болған жағдайда), әділ құны бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелері сауда және басқа да кредиторлық берешекті, кредиттер мен қарызды, қаржылық кепілдік шарттарын қамтиды.

Қаржылық міндеттемелерді кейіннен бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау оларды былай жіктеуге байланысты:

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Бастапқы мойындалғаннан кейін сауда және басқа да кредиторлық берешек тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып амортизацияның есептелуіне қарай пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Кредиттер мен қарыздар

Бастапқыда танылғаннан кейін пайыздық кредиттер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте танылады. Амортизацияланған құн бастапқы мойындау кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте қаржыландырудан болған шығындар құрамына енгізіледі.

Қаржылық кепілдік шарттары

Компания шығарған қаржылық кепілдік шарттары борыштық құралдың талаптарына сәйкес белгілі бір борышкердің уақтылы төлемді жүзеге асыру қабілетсіздігі салдарынан осы шарттың иесіне келтірілген шығындарды өтеуге төлемді жүзеге асыруды талап ететін шарттың өзін білдіреді. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдіктің шығуымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құны бойынша міндеттеме ретінде танылады. Кейіннен міндеттеме келесі өлшемдердің ең үлкені бойынша бағаланады: пайда немесе залал құрамында танылған, жинақталған амортизацияны шегере отырып, бастапқыда танылған сома және күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резерві.

Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені танудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құндағы айырмасы пайда немесе залал құрамында жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте пайда мен залалда танылады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (жалғасы)**Резервтер**

Компанияның өткен оқиғалардың нәтижесі ретінде туындайтын ағымдағы міндеттемелері (заңды немесе ерікті қабылданған) болғанда және бұл ретте міндеттемелерді орындау мақсатында экономикалық пайданы білдіретін ресурстардың ағып кетуінің жеткілікті ықтималдығы болғанда және мұндай міндеттемелердің сомасын шынайы етіп анықтау мүмкіндігі болғанда ғана резервтер мойындалады. Егер Компания бағалау міндеттемелерінің бір бөлігінің немесе барлықтарының өтемақысын алуды болжап отырса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтемақы тек өтемақыны алуда күмән болмаған жағдайда ғана жекелеген актив ретінде танылады.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болса, бағалау міндеттемелері келешекте күтілетін ақша ағындарын дисконттау арқылы ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және бұл қолданылғанда, нақты міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салынғанға дейінгі мөлшерлеме бойынша айқындалады. Егер дисконттау қолданылса, бағалау міндеттемесінің ұлғаюы уақыт өтісімен қаржылық шығындар ретінде мойындалады.

Түсімді мойындау

Компания уәде етілген тауарды немесе қызметті (яғни активті) сатып алушыға бере отырып, атқару бойынша міндеттемені орындаған кезде (немесе шамасына қарай) түсім мойындалады. Сатып алушы бұл активке бақылауды алғанда (немесе шамасына қарай) актив беріледі, бұл әдетте келісімшарттың бағасы белгіленген немесе айқындалатын болып табылуы, ал дебиторлық берешекті алу мүмкіндігі негізделген түрде қамтамасыз етілген деген талаппен меншік құқығын беру кезінде орын алады. Атап айтқанда, мұнай өнімдерін өткізуден түскен кірістер, әдетте, оларға меншік құқығы өткен кезде танылады. Экспортқа сату үшін меншік құқығы, әдетте, шекарада өтеді. Түсім кез келген сауда жеңілдіктерінің сомаларын, көлемі үшін жеңілдіктер мен өтелетін салықтарды ескере отырып, алынған немесе алынуға жататын сыйақының әділ құны бойынша бағаланады.

Сауда дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек Компанияның шартсыз болып табылатын өтемақы сомасына құқығын білдіреді (яғни ақы төлеу мерзімінің орын алуы үшін тек уақыт қана қажет).

Шарт бойынша міндеттемелер

Шарт бойынша міндеттеме – Компания сатып алушыдан өтемақыны алған тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға беру міндеттемесі. Сатып алушы өтемақыны Компания тауарды немесе қызметті сатып алушыға беру сәтіне дейін төлеген жағдайда, Компания шарт бойынша міндеттемені төлемді жүзеге асыру сәтіне немесе төлем төленуге жататын болған сәтте (қайсысының бұрын орын алатындығына қарай) мойындайды. Компания шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанда шарт бойынша міндеттеме түсіммен мойындалады.

Шығыстарды мойындау

Шығыстар пайда болу сәтіне танылады және олар есептеу әдісінің негізіне жатқызылған сол кезеңде жекелеген қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Пайыздық және ұқсас кірістер мен шығыстар

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар дисконттау кезіндегі тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша бейнеленеді, ол бойынша қаржылық құралды пайдаланудың болжалды мерзімі ішінде немесе қолданылуына қарай қысқарақ мерзім ішінде күтілетін болашақ ақша төлемдері мен түсімдері дәлдікпен қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнында келтіріледі. Пайыздық кіріс қаржылық кірістің құрамына, ал пайыздық шығыс жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте қаржылық шығындар құрамына қосылады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (жалғасы)**Табыс салығы**

Бір жылғы табыс салығына ағымдағы корпоративтік табыс салығы, жер қойнауын пайдалануға баламалы салық және кейінге қалдырылған салық кіреді. Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарына өтеледі немесе төленеді деп болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңдар. Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы корпоративтік табыс салығы (бұдан әрі - КТС) жиынтық кіріс туралы есепте емес, капиталдың құрамында танылады.

Жер қойнауына баламалық салық (бұдан әрі - ЖҚБС) табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығыстардың бір бөлігін құрады. Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Компания жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты ЖҚБС-ты жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір бөлек келісімшарт бойынша жиынтық жылдық кірістің бір жылғы аударымдарға ара қатынасының негізінде құбылмалы мөлшерлемелер бойынша есептейді және төлейді. ЖҚБС-ті қолдануды көздейтін жиынтық жылдық кірістің әрбір салық жылындағы аударымдарға ара қатынасы 1,25:1 құрайды. ЖҚБС жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты салықтық таза кірістің (ЖҚБС пен рұқсат етілген түзетулер үшін салық салынатын кіріс) бір бөлігі қолданылады.

Кейінге қалдырылған салық КТС, сол сияқты ЖҚБС үшін де есептеледі. Кейінге қалдырылған ЖҚБС келісімшарт бойынша төленуге жататын ЖҚБС-тің күтілетін мөлшерлемесі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға жатқызылған активтер үшін уақыт айырмалары бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың ағымдағы құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша айқындалады.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күннен кейін, бірақ шығаруға арналған жекелеген қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Ақпаратты ұсыну

Жиынтық кіріс туралы жекелеген есеп қаржылық кірістерден бөлек тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірісті, сондай-ақ әкімшілік шығыстардан, қаржылық кірістер мен қаржылық шығыстардан бөлек күтілетін кредиттік залалдарды ұсыну мақсатында қайта қаралды. Компания мұндай бөлу қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін анағұрлым орынды ақпаратты ұсынуға мүмкіндік береді деп санайды.

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Компанияның жекелеген қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есептілікте көрсетілетін түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ есепті күнге шартты активтер мен міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте осындай болжаулар мен бағалау қолданылатын активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін.

Салық салу

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде, басшылық Компания даулай алмайтын немесе есептей алмайтын салық заңнамасын сақтамауды мүмкін болатын саласы ретінде қарайды, ол егер қосымша салықтар салық органдарында есептелінетін болса табысты түрде шағымдана алады. Мұндай анықтау мәнді пайымдауларды шығаруды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, жер қойнауын пайдалануға Компанияның келісім-шарттарында салық салу талабына түзету, салық талқылауларынан өзі күтетін шешімдер бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын нәтиженің негізінде анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)**Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер**

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер соған қарсы кейінге қалдырылған салық активтері пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайда алынатындығының айтарлықтай ықтималдығы бар дәрежеде барлық резервтер мен ауыстырылған салық залалы бойынша танылады. Басшылықтың елеулі пайымдаулары жоспарланатын деңгей мен кірістілікті қамтамасыз ету уақытының негізінде, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясының табысты қолданылуының негізінде танылуы мүмкін кейінге қалдырылған салық жөніндегі активтерді бағалау үшін талап етіледі. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық бойынша танылмаған салық активтері 580.952 миллион теңгені (2023 жыл: 531.927 миллион теңге) құрайды (25-ескертпе).

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте танылған қаржы құралдарының және қаржы міндеттемелерінің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады.

Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пікірлер өтімділік тәуекелі, кредиттік тәуекел және өзгермелілік сияқты осындай бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер жекелеген қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін. Әділ құн туралы толық ақпарат 27-ескертпеде ашып көрсетілген.

Еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялардың өтелімділігі

Компания әрбір есепті күнге еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздану белгілерінің болуын бағалайды. Егер мұндай индикатор бар болып шықса, өткізу шығыстарын және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан барынша жоғары мән ретінде қарастырылатын өтелетін құнның лайықты бағалануы жүргізіледі. Бұл есептемелер мұнайдың ұзақ мерзімді бағасы, дисконт мөлшерлемелері, болашақтағы капитал қажеттілігі, тәуекел мен белгісіздікке ұшыраған операциялық қызмет (бұл өндіру және сату көлемдерін қамтиды) сияқты бағалаулар мен жол берулерді пайдалануды қамтиды. Егер инвестициялардың баланстық құны олардың өтелетін құнынан асатын болса, инвестициялар құнсызданған болып есептеледі, олардың баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды.

Өтелетін құнды бағалау кезінде келешекте күтілетін ақша ағындары активтер тобына тән болатын тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауын және активке тән тәуекелдерді көрсететін дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнға дейін дисконтталады. Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасындағы әдеттегі мәміленің барысында міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания құнсыздану белгілерінің болуы салдарынан еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздануына жыл сайынғы тесттерді өткізді. Еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялардың өтелетін құнның құнсыздануына жасалған талдаудың нәтижесінде 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін жекелеген қаржылық есептілікте танылды (16, 17-ескертпелер).

Барлау және бағалау активтерінің құнсыздануы

Компания барлау және бағалау бойынша активтерді құнсыздану мәніне тексереді, әрі мұндай активтер материалдық және материалдық емес мұнай-газ активтерінің құрамына немесе бұл активтердің құнсыздануына нұсқайтын фактілер мен жағдайлар болғанда аударылады. Құнсызданудан болған шығын сол бойынша барлау және бағалау бойынша активтердің баланстық құны олардың өтелетін сомасынан асатын сомада танылады. Өтелетін сома екі өлшемнің ең үлкені ретінде айқындалады: бұл активтерді сату және пайдалану құны бойынша шығындарды шегере отырып барлау және бағалау бойынша активтердің әділ құны.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУ*****Karaton Operating Ltd. ЖК (бұдан әрі – Қаратон)***

2024 жылғы 21 ақпанда Компания мен «Татнефть» ЖАҚ Атырау облысында орналасқан Қаратон жер қойнауы учаскелерінде көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарттың ұстаушысы болып табылатын Компанияның еншілес ұйымы Қаратонның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 50%-ын сатып алу-сату шартына қол қойды. 2024 жылғы 21 ақпандағы мәміленің нәтижесінде Компания Қаратонды бақылаудан айырып жіберді.

Қаратондағы қатысу үлесінің 50%-ын сату құны 18,2 миллион АҚШ долларын құрады (еншілес ұйымның шығу күніне баламасы 8.255 миллион теңге).

2024 жылғы 13 наурызда «Татнефть» ЖАҚ 18,2 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (төлем жасау күніне баламасы 8.188 миллион теңге) ақшалай сыйақыны төледі.

Бұрынғы еншілес компанияда қалған инвестиция үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін бірлескен кәсіпорынға инвестицияны білдіреді және бақылаудан айырылу күніне оның әділ құны 8.255 миллион теңгені құрайды (17-ескертпе).

Компания мен «Татнефть» ЖАҚ Қаратонды бірлесіп бақылайды, Қаратонның қызметі туралы шешімдер бірауыздан қабылданады.

Бақылаудан айырылу күніне инвестицияның баланстық құны былайша болды:

Миллион теңгемен

Бақылаудан айырылу күніне инвестицияның баланстық құны	100
Еншілес ұйымның шығу күніне алынған ақшалай сыйақы	8.255
Бірлескен кәсіпорынға салынған қалған инвестициялардың 50% әділ құны	8.255
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс	16.410

«ҚазМұнайГаз» Барлау өндіру» АҚ-ын (бұдан әрі – ҚМГ БӨ) тарату

2024 жылдың тамыз-қыркүйек айларында ерікті тарату рәсімінің аяқталуына байланысты Компанияның еншілес ұйымы ҚМГ БӨ мүлкікті компания акционерлері арасында бөлді. Нәтижесінде Компания жалпы құны 2.570.085 миллион теңге болатын таратылған ҚМГ БӨ таза активтерінің құқықтық мирасқоры болды (16-ескертпе), бұл олардың алдыңғысының бухгалтерлік кітаптарында көрсетілген баланстық құнына тең. Берілген таза активтердің негізгілері:

- құны тиісінше 792.548 миллион теңге және 312.009 миллион теңге болатын «ӨзенМұнайГаз» АҚ (бұдан әрі – ӨМГ) және «ЕмбіМұнайГаз» АҚ (бұдан әрі – ЕМГ) 100% акцияларының пакеттері. Активтер Компанияның еншілес ұйымдарына инвестиция ретінде танылады (16-ескертпе);
- құны 208.942 миллион теңге болатын Cooperative KMG EP U.A. қатысу үлесінің 87,65% және құны 15.237 миллион теңге болатын KMG EP NETHERLANDS ENERGY Cooperatieve U.A. қатысу үлесінің 95,10%. Активтер Компанияның еншілес ұйымдарына инвестиция ретінде танылады (16-ескертпе);
- Компанияның еншілес ұйымы «ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС (бұдан әрі – ҚМГС) қатысу үлесінің 6,12%, құны 164 миллион теңге. Нәтижесінде Компанияның ҚМГС-қа қатысу үлесі 100%-ды құрады (16-ескертпе);
- Компанияға берілген қарыз шарты бойынша 1.147.602 миллион теңге мөлшерінде талап ету құқығы (22-ескертпе) және Компаниядан 86.724 миллион теңге мөлшерінде дебиторлық берешек бойынша талап ету құқығы (24-ескертпе). Нәтижесінде Компания берешектерді өзара есепке алып, аталған қаржы құралдарын тануды тоқтатты.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУ (жалғасы)****«KALAMKAS-KHAZAR OPERATING» ЖШС (бұдан – ККО)**

2023 жылғы 9 ақпанда Компания мен «Лукойл» ЖАҚ Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан Қаламқас-теңіз, Хазар және Әуезов жер қойнауы учаскелерінде көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарттың ұстаушысы болып табылатын Компанияның еншілес ұйымы ККО-ның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 50%-ын сатып алу-сату шартына қол қойды. 2023 жылғы 11 қыркүйекте тараптар сатып алу-сату шартында көзделген кейінге қалдыру талаптарын орындағаннан кейін ККО-ны қайта тіркеу жүргізілді. Мәміленің нәтижесінде Компания ККО бақылаудан айырылуы жоғалтты.

Қатысу үлесінің 50%-ын сату құны 200 миллион АҚШ долларын құрады (еншілес ұйымның шығу күніне баламасы 93.258 миллион теңге). Сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес сату құны белгілі бір талаптар орындалған жағдайда 100 миллион АҚШ долларына түзетілуі мүмкін (бұдан әрі – Қосымша сыйақы). Компания Қосымша сыйақыны пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активі ретінде таныды. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қосымша сыйақының әділ құны 33 миллион АҚШ долларын құрады (баламасы 17.461 миллион теңге), ол басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтерінің құрамында көрсетілді (2023 жылғы 31 желтоқсан: 30 миллион АҚШ доллары (баламасы 13.860 миллион теңге)) (19, 27-ескертпелер).

2023 жылғы 21 қыркүйекте «Лукойл» ЖАҚ 200 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (төлем жасау күніне баламасы 94.644 миллион теңге) ақшалай сыйақыны төледі.

Бұрынғы еншілес компанияда қалған инвестиция үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін бірлескен кәсіпорынға инвестицияны білдіреді және бақылаудан айырылу күніне оның әділ құны 93.258 миллион теңгені құрайды.

Миллион теңгемен

Бақылаудан айырылу күніне инвестицияның баланстық құны	14.445
Еншілес ұйымның шығу күніне алынған ақшалай сыйақы	93.258
Еншілес ұйым шыққан күнгі қосымша сыйақының әділ құны	14.154
Бірлескен кәсіпорынға салынған қалған инвестициялардың 50% әділ құны (17-ескертпе)	93.258
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс	186.225

6. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ**Dunga Operating GmbH (бұдан әрі - Dunga) сатып алу**

2023 жылғы 9 қазанда Компания TOTALENERGIES EP DANMARK A/S компаниясымен Дунга кен орнында шикі мұнай мен табиғи газды барлау және өндірумен айналысатын Total E&P Dunga GmbH (2023 жылғы желтоқсанда Dunga деп өзгертілген) акцияларының 100% сатып алу-сату шартына қол қойды. Сатып алу бағасы 358,5 миллион АҚШ доллары болды (баламасы 165.913 миллион теңге). Келісімде тараптар 2023 жылғы 30 қазанда және 2023 жылғы 20 қарашада орындаған жабудың белгілі бір кейінге қалдыру талаптары қамтылды, Компания акциялары қайта тіркелгеннен кейін мәміле аяқталды. Компания еншілес ұйым Dunga-ны бақылауға алды, бұл ҚР нарығында шикі мұнай мен табиғи газдың ресурстық базасындағы және өндірудегі Компания үлесін арттырды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Dunga таза, сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің әділ құнын бағалау аяқталмағандықтан, Компания Dunga таза сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің әділ құнын 358,5 миллион АҚШ доллары (баламасы 165.913 миллион теңге) көлемінде берілген өтемнің әділ құнына тең алдын ала құн бойынша «Бизнесті біріктіру» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес бағалады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания сатып алу күніне Dunga-ның таза сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің әділ құнын бағалауды аяқтады.

Сатып алу күніне Dunga таза сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің әділ құны 156.099 миллион теңгені құрады, бұл алдын ала бағалаудан 9.814 миллион теңгеге төмен.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**6. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ (жалғасы)**

Төменде сатып алу күніне Dunga сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің әділ құны туралы ақпарат көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	Сатып алу күніне
Активтер	
Ұзақ мерзімді активтер	
Негізгі құралдар	181.462
Материалдық емес активтер	5.481
Ұзақ мерзімді банк салымдары	5.413
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	3.132
Қысқа мерзімді активтер	
Тауар-материалдық қорлар	6.387
Сауда дебиторлық берешек	5.870
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	2.284
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер	5.601
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	55
Ақша қаражаты мен оның баламалары	8.288
Активтер жиыны	223.973
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	
Резервтер	4.346
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер	48.752
Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	447
Қысқа мерзімді міндеттемелер	
Сауда кредиторлық берешек	8.802
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	5.527
Міндеттемелер жиыны	67.874
Алдын ала әділ құны бойынша таза активтердің жиыны	156.099
Компанияның таза активтердегі үлесі	156.099
Сатып алу кезінде пайда болған гудвил	9.814
Бақылауға ие болу күніне инвестицияның құны	165.913

7. ЖАЛПЫ БАҚЫЛАУМЕН САТЫП АЛУ

Жалпы бақылаудағы еншілес ұйымдарды сатып алу

«Полимер Продактин» ЖШС (бұдан әрі - Полимер)

2023 жылғы желтоқсанда Компания Самұрық-Қазына еншілес ұйымынан, «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС-нен және үшінші тараптан, «ХимПарк Тараз» МЭЗ БК» АҚ-нан, 1.520 миллион теңгеге Полимерге қатысу үлесінің 99,9% және 0,1%-ын сатып алды, ол 2024 жылы төленді.

Компания Полимерді бақылауға алып, оны еншілес ұйым ретінде таныды. Сатып алу еншілес ұйымды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу ретінде көрсетілді және алдыңғы кітаптарда көрсетілген Полимер активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны бойынша үлестерді біріктіру әдісі бойынша ескерілді.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**8. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ**

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Мұнай өнімдерін ішкі нарықта өткізу	858.788	795.043
Мұнай өнімдерін экспортқа өткізу	100.843	103.235
Экспедиторлық қызметтер үшін комиссия	553	569
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім жиыны	960.184	898.847
Географиялық өңірлер		
ҚР	859.341	795.612
Басқа да елдер	100.843	103.235
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім жиыны	960.184	898.847

Түсімді тану мерзімдері

Тауарлар белгілі бір уақыт сәтінде беріледі	959.631	898.278
Қызметтер уақыт кезеңінің ішінде көрсетіледі	553	569
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім жиыны	960.184	898.847

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы «PetroRetail» ЖШС, «VITOL S.A.» ЖШС, «Sinooil» ЖШС, «Гелиос» ЖШС және «ҚТЖ - Жүк тасымалы» ЖШС мұнай өнімдерін ірі сатып алушылардан түскен кіріс 147.213 миллион теңгені, 99.243 миллион теңгені, 98.799 миллион теңгені, 83.328 миллион теңгені және 79.959 миллион теңгені құрады (2023 жыл: «PetroRetail» ЖШС, «Sinooil», «Гелиос» ЖШС, «VITOL S.A.» ЖШС және «ҚТЖ - Жүк тасымалы» ЖШС мұнай өнімдерін ірі сатып алушылардан түскен кіріс тиісінше 172.652 миллион теңгені, 100.469 миллион теңгені, 96.071 миллион теңгені, 94.898 миллион теңгені және 94.813 миллион теңгені құрады).

9. САТУДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Шикі мұнай	549.052	539.902
Өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтер	216.938	198.903
Акциздер	120.114	112.320
Жанармай қоспасы	4.788	4.555
	890.892	855.680

10. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Сенімгерлік басқару бойынша шығыстар	53.276	553
Кәсіби қызметтер	11.900	10.409
Жалақы бойынша шығыстар	11.222	10.370
Демеушілік көмек	10.504	10
Аутсорсинг пен аутстаффинг бойынша қызметтер	6.653	5.572
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	4.000	1.643
Тозу және амортизация	3.155	3.282
Анықтамалық – ақпараттық қызметтер	2.514	1.651
Байланыс қызметтері	1.440	1.316
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	1.373	1.423
Іссапар шығыстары	803	959
Көлік қызметтері	605	497
Есепке алынбаған ҚҚС	172	4.922
Басқалары	9.638	6.044
	117.255	48.651

2024 жылғы Компания Самұрық-Қазынаның еншілес ұйымы «QazaqGaz» ҰК АҚ-на «ҚазРосГаз» ЖШС-не (бұдан әрі - ҚРГ) қатысудың 50%-дық үлесін сенімгерлік басқару қызметі үшін сыйақыны 53.276 миллион теңге мөлшерінде осы жекелеген қаржылық есептілікте сенімгерлік басқару шығыстары ретінде таныды (26-ескертіпте).

2024 жылы Компания су тасқынынан зардап шеккен ҚР өңірлеріне 10.000 миллион теңге көлемінде демеушілік көмек көрсетті.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**11. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫСТАРЫ**

<i>Миллион теңгемен</i>	2024 жыл	2023 жыл
Тасымалдау	12.656	9.412
Экспорттық кеден бажы	7.315	8.404
Басқалары	391	1.098
	20.362	18.914

12. ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС, БАСҚА ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІС/ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР**Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс**

<i>Миллион теңгемен</i>	2024 жыл	2023 жыл
Байланысты тараптарға берілген қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық кіріс (26-ескертпе)	78.643	49.287
Қаржы құралының модификациясына байланысты оның әділ құнындағы өзгерістерді тану (21, 26-ескертпелер)	59.769	–
Банк салымдары бойынша пайыздық кіріс	70.958	46.181
Байланысты тараптардан банк салымдары бойынша пайыздық кіріс (26-ескертпе)	1.325	–
Байланысты тараптарға ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша пайыздық кіріс (26-ескертпе)	1.227	–
	211.922	95.468

Басқа да қаржылық кіріс

<i>Миллион теңгемен</i>	2024 жыл	2023 жыл
Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша міндеттемелерді мойындауды тоқтату (26-ескертпе)	49.649	–
Қарыз бойынша міндеттемелерді мойындауды тоқтату (22-ескертпе)	48.442	4.377
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелердің амортизациясы (23-ескертпе)	8.114	19.796
Басқалары	3.935	283
	110.140	24.456

Қаржылық шығындар

<i>Миллион теңгемен</i>	2024 жыл	2023 жыл
Үшінші тұлғалардан алынған қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық шығыс (22-ескертпе)	147.918	152.748
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық шығыс (22, 26-ескертпелер)	71.876	37.833
Байланысты тараптарға ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша пайыздық шығыс (19, 26-ескертпелер)	8.741	–
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды бастапқы танудың әсері (26-ескертпе)	6.402	–
Байланысты тараптарға ұзақ мерзімді кредиторлық берешек бойынша пайыздық шығыс (26-ескертпе)	2.296	–
Пайыздық шығыстың барлығы	237.233	190.581
Басқалары	101	286
Қаржылық шығындар жиыны	237.334	190.867

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**13. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗАЛАЛЫНДАҒЫ ҮЛЕС**

<i>Миллион теңгемен</i>	2024 жыл	2023 жыл
Cooperatieve KazMunaiGaz U.A.	354.944	324.133
«ҚазТрансОйл» АҚ (ҚТО)	58.583	62.557
ҚМГ БӨ	57.855	37.233
«ҚазМұнайТеңіз» ТМК ЖШС (ҚМТ)	45.959	–
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (АМӨЗ)	31.920	91.339
ЕМГ	31.436	–
«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС (ҚМГ Қарашығанақ)	27.889	45.036
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (ПМХЗ)	18.789	48.404
Dunga	16.596	(16)
KMG International N.V. (KMGI)	11.526	(51.659)
«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТҚҚК» ЖШС (ҚТКФ)	9.967	9.051
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС (ҚТМ)	7.404	3.670
«Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС (КҚС)	5.876	676
KMG EP NETHERLANDS ENERGY Cooperatieve U.A.	4.627	–
«ҚМГ-Аэро» ЖШС (ҚМГ-Аэро)	3.542	4.916
ӨМГ	(62.873)	–
Cooperatieve KMG EP U.A.	(27.127)	–
«ӨзенМұнайСервис» ЖШС (ӨМС)	(10.811)	(2.974)
«Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС (ҚазГӨЗ)	(4.096)	(4.048)
«KMG Systems & Services» ЖШС (KMG SS)	(1.423)	1.792
TH KazMunaiGaz N.V. (TH N.V.)	(100)	17.212
Басқалары	(7.172)	(2.492)
	573.311	584.830

14. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗАЛАЛЫНДАҒЫ ҮЛЕС

<i>Миллион теңгемен</i>	2024 жыл	2023 жыл
Бірлескен кәсіпорындар		
«Теңізшевройл» ЖШС (ТШО)	303.480	340.884
«KС Energy Group» ЖШС (KCEG)	27.288	–
«PETROSUN» ЖШС (PETROSUN)	26.238	46.568
«Қазгермұнай БК» ЖШС (ҚГМ)	25.336	20.983
ҚРГ	19.157	32.323
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС (ҚОА)	5.986	(1.869)
«Казахстан Пайплайн Венчурс» ЖШК (КПВ)	4.099	4.503
ККО	(5.240)	–
«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (КПИ)	(5.210)	(12.339)
«ТеңізСервис» ЖШС (ТеңізСервис)	(1.742)	116
Басқалары	1.357	(316)
Қауымдасқан компаниялар		
Каспий Мұнай құбыры Консорциумы (КМК)	74.649	58.930
Басқалары	1.251	1.228
	476.649	491.011

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**15. БАРЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ БОЙЫНША АКТИВТЕР**

<i>Миллион теңгемен</i>	Жиыны
2022 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	25.284
Түсімдер	42.602
Шығулар	(14.953)
Құнсыздану	(40.337)
2023 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	12.596
Түсімдер	47.381
Шығулар	(80)
Құнсыздану	(40.678)
2024 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	19.219

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанына барлау және бағалау бойынша активтердің қалдық құны келесі жобалармен көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2024 жыл	2023 жыл
«Торғай палеозой» жобасы	14.604	3.767
«Шығыс Бектұрлы» жобасы	4.615	3.437
«Абай» жобасы	–	5.392
	19.219	12.596

2024 жылы Компания КМТ-дан 2005 жылғы 6 шілдеде жасалған Каспий теңізінде орналасқан «Құрманғазы» құрылымы бойынша Өнімді бөлу туралы келісім (бұдан әрі – ӨБК) бойынша құқықтар мен міндеттемелерде қатысу үлесінің 50%-ын сатып алды (бұдан әрі - «Құрманғазы» жобасы).

Сатып алу құны 2029 жылдың соңына дейін төлемді кейінге қалдырумен 47.972 миллион теңгені құрады. Компания «Құрманғазы» жобасын болашақ ақшалай төлемдердің 22.974 миллион теңге мөлшеріндегі келтірілген құны бойынша мойындады, тиісті кредиторлық берешек басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің құрамында көрсетілді.

ӨБК талаптарына сай барлаудың бірінші кезеңі 2011 жылғы 31 шілдеде аяқталды. Қазіргі уақытта Компания кейіннен 4 жылға ұзарту және келісімшарттық аумақты ұлғайту мүмкіндігімен 6 жыл мерзімге қосымша барлау кезеңін алу бойынша жұмыс жүргізуде. Тиісінше, 2024 жылы Компания 22.974 миллион теңге сомасында «Құрманғазы» жобасының құнсыздануын болған шығынды мойындады.

2024 жылы Компания ұңғымада көмірсутекті шикізаттың жоқтығына байланысты «Абай» жобасы бойынша барлау және бағалау жөніндегі активтердің құнсыздануынан 17.703 миллион теңге мөлшерінде залалды мойындады.

2023 жылы Компания бұрғылаудың нәтижелеріне байланысты (ұңғымада көмірсутектердің жоқтығы) «Жеңіс» жобасы бойынша барлау және бағалау жөніндегі активтердің құнсыздануынан 40.244 миллион теңге мөлшерінде залалды мойындады. Компания құнсызданудан болған залалды барлау және бағалау шығыстарының құрамында мойындады.

2023 жылы Компания ҚР Энергетика министрлігімен Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан Қаламқас-теңіз, Хазар және Әуезов жер қойнауы учаскелерінде көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт жасасты (бұдан әрі - Келісімшарт), оның шеңберінде 14.678 миллион теңге мөлшерінде қол қою бонусын төледі (16-ескертпе). 2023 жылғы сәуірде Компания 1 теңгеге ККО пайдасына, қол қою бонусын қоса алғанда, Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығының 100%-ын берді.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**16. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсанына еншілес ұйымдарға инвестициялар былайша көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Cooperatieve KazMunaiGaz U.A.	6.641.271	6.220.632
ҚМГ Қарашығанақ	824.596	730.488
ӨМГ	729.672	–
ҚТО	603.976	561.555
АМӨЗ	377.467	344.316
ЕМГ	343.445	–
ПМХЗ	334.259	320.617
KMG I	290.444	260.187
Dunga	198.030	163.539
Cooperatieve KMG EP U.A.	187.306	–
ҚТКФ	71.572	64.195
TH N.V.	63.916	67.444
«KMG PetroChem» ЖШС (KMG PetroChem)	62.602	31.572
«KMG Green Energy» ЖШС (KMG Green Energy)	49.257	30.137
ҚТМ	42.633	35.229
ҚазГӨЗ	28.121	12.243
«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС (ҚМГ Инжиниринг)	27.438	18.095
KMG EP NETHERLANDS ENERGY Cooperatieve U.A.	21.770	–
ҚМГ-Аэро	11.342	11.799
КҚС	10.282	4.646
KMG SS	7.899	11.621
«ҚМГ Құмкөл» ЖШС (ҚМГ-Құмкөл)	7.474	7.454
«KMG – Security» ЖШС (KMG – Security)	3.412	3.687
«Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС (СӨТБ)	2.499	2.661
ӨМС	1.337	5.626
Полимер	595	1.521
ҚМГ БӨ	–	2.479.523
Қаратон	–	100
	10.942.615	11.388.887

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**16. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)**

Келесі кестеде 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанына Компанияның еншілес ұйымдарының қызметі, тіркелген елі немесе орналасқан жерлері, сондай-ақ Компанияның мұндай еншілес ұйымдардағы бақылау үлесі көрсетілген:

Компания	Қызметінің түрі	Елі	2024 жыл	2023 жыл
ҚМГ БӨ (5-ескертілме)	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	–	99,72%
ҚМТ	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	99,81%	99,81%
«Өріктау Оперейтинг» ЖШС (Өріктау Оперейтинг)	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	100,00%	100,00%
ҚМГ Қарашығанақ	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	100,00%	100,00%
ҚТМ	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	100,00%	100,00%
Қаратон (5-ескертілме)	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	–	100,00%
Dunga (6-ескертілме)	Шикі мұнай мен табиғи газды барлау және өндіру	Германия	100,00%	100,00%
ӨМГ (5-ескертілме)	Метаннан басқа шикі мұнайды, ілеспе және табиғи газды өндіру	Қазақстан	100,00%	–
ЕМГ (5-ескертілме)	Метаннан басқа шикі мұнайды, ілеспе және табиғи газды өндіру	Қазақстан	100,00%	–
ҚазГӨЗ	Мұнай мен табиғи газды өндіру	Қазақстан	100,00%	100,00%
АМӨЗ	Мұнайды қайта өңдеу	Қазақстан	99,53%	99,53%
ПМХЗ	Мұнайды қайта өңдеу	Қазақстан	100,00%	100,00%
KMG I	Мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Румыния	100,00%	100,00%
TH N.V.	Мұнаймен және мұнай өнімдерімен сауда жасау	Нидерландтар	100,00%	100,00%
ҚМГ-Аэро	Авиациялық жанармаймен және мұнайды қайта өңдеудің ілеспе өнімдерімен сауда жасау	Қазақстан	100,00%	100,00%
ҚТО	Мұнайды тасымалдау	Қазақстан	90,00%	90,00%
ҚТКФ	Мұнайды және басқа да жүктерді теңізбен тасымалдау	Қазақстан	100,00%	100,00%
«KMG Barlau» ЖШС (KMG Barlau)	Геологиялық барлауды және іздестіруді жүргізу	Қазақстан	100,00%	100,00%
«Құрманғазы Петролеум» ЖШС	Жер қойнауын пайдалану қызметінің операторы	Қазақстан	100,00%	100,00%
«Жамбыл Петролеум» ЖШС	Жер қойнауын пайдалану қызметінің операторы	Қазақстан	100,00%	100,00%
ҚМГ Инжиниринг	Ғылыми және зерттеу жұмыстары	Қазақстан	100,00%	100,00%
Cooperative KazMunaiGaz U.A.	Холдинг компаниясы	Нидерландтар	99,74%	99,79%
KMG Green Energy	Холдинг компаниясы	Қазақстан	100,00%	100,00%
KMG EP NETHERLANDS ENERGY Cooperative U.A. (5-ескертілме)	Холдинг компаниясы	Нидерландтар	95,10%	–
Cooperative KMG EP U.A. (5-ескертілме)	Холдинг компаниясы	Нидерландтар	88,70%	–
KMG SS	Солтүстік-Каспий экологиялық жауап беру базасын жалға беру	Қазақстан	100,00%	100,00%
КПИ (5-ескертілме)	Сервис қызметтері	Қазақстан	100,00%	93,88%
«Oil Construction Company» ЖШС (OCC)	Мұнай сервис қызметтері	Қазақстан	100,00%	100,00%
«Oil Services Company» ЖШС (OSC)	Мұнай сервис қызметтері	Қазақстан	100,00%	100,00%
«ОйлТранспортКорпорейшн» ЖШС (ОТК)	Мұнай сервис қызметтері	Қазақстан	100,00%	100,00%
«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС	Мұнай сервис қызметтері	Қазақстан	100,00%	100,00%
«Мұнайтелеком» ЖШС	Мұнай сервис қызметтері	Қазақстан	100,00%	100,00%
KMG – Security	Күзет қызметтері	Қазақстан	100,00%	100,00%
«KMG Drilling & Services» ЖШС (KMG DS)	Бұрғылау қызметтері	Қазақстан	99,72%	99,71%
ҚМГ-Құмкөл	Ақпараттық-технологиялық сервистер бойынша ортақ қызмет көрсету орталығы	Қазақстан	100,00%	100,00%
ӨМС	Ұңғымаларға ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары	Қазақстан	100,00%	100,00%
СӨТБ	Ауыс суды өндіру және тасымалдау	Қазақстан	100,00%	100,00%
КҚС	Мұнай және газ магистралды құбырларды салу	Қазақстан	100,00%	100,00%
«KMG EP-Catering» ЖШС	Сервис қызметтері	Қазақстан	100,00%	100,00%
KMG PetroChem	Бірінші біріктірілген газ-химия көшенін салу	Қазақстан	100,00%	100,00%
Полимер (7-ескертілме)	Мұнай-химия полимер өнімін өндіру және сату	Қазақстан	100,00%	100,00%

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**16. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)**

Төмендегі кестеде 2024 және 2023 жылдарда еншілес ұйымдарға инвестицияларда болған қозғалыс көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2024 жыл	2023 жыл
1 қаңтарға арналған сальдо	11.388.887	11.134.077
Еншілес ұйымдардың кірістеріндегі үлес, нетто (13-ескертпе)	573.311	584.830
Алынған дивидендтер	(86.418)	(106.510)
Алынуға жататын дивидендтердегі өзгерістер	(10.030)	(3.781)
Сатып алу (6, 7-ескертпелер)	-	167.433
ҚМГ БӨ тарату нәтижесінде сатып алу (5-ескертпе)	1.328.900	-
Жарғылық капиталға ақша қаражатымен қосымша салымдар	103.485	65.529
Жарғылық капиталға мүлікпен қосымша салым	8.774	-
Жер қойнауын пайдалану құқығын беру (15-ескертпе)	-	14.778
Жарғылық капиталды ақша қаражатымен қайтару	(484.329)	(522.403)
Берілген көпілдіктер (23-ескертпе)	17.005	1.716
Есептен шығарулар (5-ескертпе)	(100)	(14.438)
ҚМГ БӨ тарату (5-ескертпе)	(2.570.085)	-
Еншілес ұйымдарға көрсетілген қаржылай көмек пен берілген қарыздар бойынша дисконт	35.527	250.277
Құнсыздану, нетто	(90.120)	(40.343)
Самұрық-Қазынаға бөлу (21-ескертпе)	(16)	(120)
Есептілік валютасын қайта есептеу	728.380	(141.103)
Басқа да өзгерістер	(556)	(1.055)
31 желтоқсанға сальдо	10.942.615	11.388.887

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша еншілес ұйымдар бойынша жинақталған танылмаған залал 240.011 миллион теңгені (2023 жылғы 31 желтоқсан: 237.698 миллион теңге) құрады.

2024 жылы танылмаған залалдар негізінен 62.254 миллион теңге, 59.610 миллион теңге, 44.145 миллион теңге және тиісінше 33.694 миллион теңге мөлшерінде OSC, ОТК, KMG DS және Өріктау Оперейтинг еншілес ұйымдардың шығындарымен білдірілген (2023 жыл: 58.571 миллион теңге, 57.494 миллион теңге, 52.461 миллион теңге және тиісінше 20.021 миллион теңге мөлшерінде OSC, ОТК, KMG DS және Өріктау Оперейтинг).

Дивидендтер

2024 жылы Компания 86.418 миллион теңге жалпы сомаға, оның ішінде 45.257 миллион теңге, 22.501 миллион теңге және тиісінше 7.360 миллион теңге сомада ҚМШ Қарашығанақ, ҚТО және ҚТКФ-тан дивидендтер алды (2023 жыл: барлығы 106.510 миллион теңге, оның ішінде 65.323 миллион теңге, 13.501 миллион теңге, 10.000 миллион теңге және тиісінше 8.936 миллион теңге сомада ҚМГ Қарашығанақ, ҚТО, ПМХЗ және KMG-ден).

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алынуға жататын дивидендтердегі өзгерістер KMG-ден 9.624 миллион теңге сомасындағы берешекпен және 406 миллион теңге сомасындағы оң бағамдық айырмамен білдірілген (2023 жылғы 31 желтоқсан: ҚТМ-нің 3.250 миллион теңге сомасындағы берешегі және 531 миллион теңге сомасындағы оң бағамдық айырма).

Жарғылық капиталға ақша қаражатымен қосымша салымдар

2024 жылы Компания 103.485 миллион теңге жалпы сомаға, оның ішінде 32.524 миллион теңге, 19.082 миллион теңге, 15.250 миллион теңге, 12.903 миллион теңге, 6.500 миллион теңге, 4.476 миллион теңге және тиісінше 4.265 миллион теңге сомасында KMG PetroChem, KMG Green Energy, KMG Barlau, OSC, ӨМС, KMG DS және ҚазГӨЗ-ға еншілес ұйымдардың жарғылық капиталына қосымша ақшалай жарналарды жүзеге асырды.

2023 жылы Компания 65.529 миллион теңге жалпы сомаға, оның ішінде 15.954 миллион теңге, 14.000 миллион теңге, 7.911 миллион теңге, 7.050 миллион теңге, 6.740 миллион теңге және тиісінше 4.591 миллион теңге сомасында KMG Barlau, KMG Green Energy, OSC, ҚТКФ, KMG PetroChem және ҚазГӨЗ-ға еншілес ұйымдардың жарғылық капиталына қосымша ақшалай жарналарды жүзеге асырды.

Жарғылық капиталға мүлікпен қосымша салымдар

2024 жылы Компания ҚМГ Инжиниринг жарғылық капиталына 8.774 миллион теңге мөлшерінде баланстық құны бар «АВАІ» ақпараттық жүйесі түріндегі мүлікпен қосымша салымды жүзеге асырды (әділ құн салым күніндегі баланстық құнға тең).

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**16. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)****Жарғылық капиталды қайтару**

2024 жылы Cooperative KazMunaiGaz U.A. және ТН N.V. жарғылық капиталдың қайтарылуын 1.000 миллион АҚШ доллары (баламасы 480.590 миллион теңге) және тиісінше 7,3 миллион АҚШ доллары (баламасы 3.739 миллион теңге) сомасындағы ақша қаражатымен жүзеге асырды.

2023 жылы Cooperative KazMunaiGaz U.A. және ТН N.V. жарғылық капиталдың қайтарылуын 1.137 миллион АҚШ доллары (баламасы 520.351 миллион теңге) және тиісінше 4,6 миллион АҚШ доллары (баламасы 2.052 миллион теңге) сомасындағы ақша қаражатымен жүзеге асырды.

Берілген кепілдіктер

2024 жылы ішінде Компания «Жаңаөзен қ. жаңа газ өңдеу зауытын салу» жобасын қаржыландыру бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету мақсатында 15.718 миллион теңге мөлшерінде берілген кепілдіктің әділ құнын тану арқылы ҚазГӨЗ-ге инвестицияларды ұлғайтты.

2024 жылы ішінде Компания «Тазалық» жобасын қаржыландыру бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету мақсатында 1.287 миллион теңге мөлшерінде берілген кепілдіктің әділ құнын тану арқылы АМӨЗ-ге инвестицияларды ұлғайтты.

2023 жылы Компания «Магистральдық су құбыры» ЖШС, ҚТО еншілес ұйымының 100% міндеттемелерін қамтамасыз ету мақсатында 1.273 миллион теңге мөлшерінде берілген кепілдіктің әділ құнын тану арқылы ҚТО-ға инвестицияларды ұлғайтты.

Қаржылық көмек пен берілген қарыздар бойынша дисконт

2024 жылы Компания KMG DS, ӨМГ, ОТК және Полимерге сыйақы мөлшерлемесі нарықтан мөлшерлемеден төмен қарыздар берді. Осы қарыздардың әділ құны мен номиналды құны арасындағы айырма ретінде есептелген, жалпы сомасы 12.228 миллион теңгеге дисконт осы еншілес ұйымдарға инвестициялардың ұлғаюы ретінде танылды.

2024 жылы Компания осы қарыздардың әділ құны мен олардың номиналды құны арасындағы айырма ретінде есептелген жалпы сомасы 23.299 миллион теңгеге ӨМГ, АМӨЗ, Өріктау Оперейтинг, ОТС, KMG DS және Полимер мөлшерінде қарыз беру бойынша қосымша міндеттемелерді мойындады және оны осы еншілес ұйымдарға инвестициялардың ұлғаюы ретінде мойындады (2023 жыл: 91.130 миллион теңге). 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша еншілес компаниялармен жасалған қарыз беру бойынша шарттар шеңберінде қарыздар бойынша пайдаланылмаған кредиттік лимиттің жалпы сомасы 181.822 миллион теңгені құрады (2023 жылы: 252.325 миллион теңге). Бұл ретте, 2024 жылғы 31 желтоқсанға дисконт мөлшерінде танылған қарыз беру бойынша міндеттемелер 68.649 миллион теңгені құрады (2023 жыл: 91.130 миллион теңге).

2023 жылы Компания «Магистральдық су құбыры» ЖШС-тің купондық облигацияларын 2033 жылы жылдық 0,50% мөлшерлемесімен өтеу мерзімімен 70.000 миллион теңге мөлшерінде сатып алды (26-ескертпе). Бұл ретте, бұл облигациялардың әділ құны мен олардың номиналды құны арасындағы айырма ретінде есептелген 30.824 миллион теңге жалпы сомаға дисконт ҚТО-ға инвестициялардың ұлғаюы ретінде танылды (21, 22 және 26-ескертпелер).

2023 жылы Компания АМӨЗ, ӨМГ, ҚМГ БӨ еншілес ұйымы, Өріктау Оперейтинг, KMG DS, OSC, ҚМТ және ОТС сыйақы мөлшерлемесі нарықтан төмен қарыздар берді. Берілген қарыздардың әділ құны мен олардың номиналды құны арасындағы айырма ретінде есептелген 128.323 миллион теңге жалпы сомаға дисконт бұл еншілес ұйымдарға инвестициялардың ұлғаюы ретінде танылды.

Құнсыздану

2024 жылы Компания 90.120 миллион теңге жалпы сомаға еншілес ұйымдарға инвестициялардың құнсыздануын, оның ішінде 45.959 миллион теңге, 15.250 миллион теңге, 12.903 миллион теңге, 8.365 миллион теңге және тиісінше 7.437 миллион теңге сомада ҚМТ, KMG Barlau, OSC, KMG DS және ОТК бойынша құнсыздануды мойындады.

2023 жылы Компания 40.343 миллион теңге жалпы сомаға еншілес ұйымдарға инвестициялардың құнсыздануын, оның ішінде 15.954 миллион теңге, 9.190 миллион теңге, 8.336 миллион теңге, 4.068 миллион теңге және тиісінше 3.615 миллион теңге сомада KMG Barlau, OSC, Өріктау Оперейтинг, KMG DS және ОТК бойынша құнсыздануды мойындады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**17. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

			31 желтоқсанға			
			2024 жыл		2023 жылғы	
			Баланстық құн	Иелік ету үлесі	Баланстық құн	Иелік ету үлесі
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі басқарушы персоналға 18 адам құрамында (2023 жыл: 17 адам) Компания Басқармасы мен Директорлар кеңесінің мүшелері кіреді. Негізгі басқарушы персоналдың жалпы сыйақы сомасы осы жекелеген қаржылық есептіліктің жалпы және әкімшілік шығыстарына қосылған және ол 2023 әрі тиісінше 2024 жылдары 1.079 миллион теңгені және 1.008 миллион теңгені құрайды. Негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы Компания қызметінің операциялық нәтижелеріне негізделген келісімшарттар мен сыйақыларда белгіленген жалақыдан тұрады.

27. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Компанияның негізгі қаржылық міндеттемелеріне қарыздар, қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер, сауда кредиторлық берешек, еншілес ұйымдарда үлесті сатып алу міндеттемесі кіреді. Мұндай қаржылық міндеттемелердің негізгі мақсаты Компанияның инвестициялық қызметіне қаражатты тарту болып табылады. Компанияның қаржы активтерінің құрамына ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді банк салымдары, ақша қаражаты мен оның баламалары, оның операциялық қызметінің барысында тікелей туындайтын байланысты тараптарға берілген қарыздар кіреді.

Компания пайыздық мөлшерлемелермен байланысты тәуекелге, валюталық тәуекелге, кредиттік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырағыш келеді. Компания басшылығы мұндай тәуекелдерді басқару процесін бақылайды.

Пайыздық мөлшерлемелермен байланысты тәуекел

Пайыздық тәуекелмен байланысты тәуекел қаржы құралы бойынша әділ құн немесе келешек ақша ағындары нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан құбылып тұратындығының тәуекелін білдіреді. Компанияның нарықтық пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекеліне ұшырағыштығы негізінен Компанияның құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар ұзақ мерзімді қарыздарына жатады (22-ескертпе).

Компания саясатында қарыздар бойынша тіркелген және ауыспалы пайыздық мөлшерлемелерді пайдалану арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқару көзделген.

Келесі кестеде Компанияның салық салынғанға дейінгі пайдасының (құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздар мен облигациялардың болуы салдарынан) пайыздық мөлшерлемедегі ықтимал өзгерістерге деген сезімталдылық келтірілген, бұл ретте барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Компанияның капиталына тікелей ықпалы жоқ.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**27. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Пайыздық мөлшерлемелермен байланысты тәуекел (жалғасы)**

<i>Миллион теңгемен</i>	Базистік тармақтардағы ұлғаю/ азаю	Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайдаға әсері
2024 жыл	+4,50	1.698
SOFR	-0,39	(147)
2023 жыл	+3,82	(1.011)
SOFR	-3,82	1.011

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – Компания қаржылық шығындарды көтереді деген тәуекел, өйткені контрагенттер қаржы құралы немесе клиенттік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамайды. Компания оның операциялық қызметімен (ең алдымен, сауда дебиторлық берешекке қатысты) және банктер мен қаржы ұйымдарындағы депозиттерді, валюталық операцияларды және басқа да қаржы құралдарын қоса алғанда, қаржылық қызметпен байланысты кредиттік тәуекелге ұшырағыш келеді.

Компания саясаты танымал және кредитті өтеуге қабілетті тараптармен бірге қаржы құралдарымен операциялар жасауды көздейді. Кредиттік тәуекелге бейімділіктің ең жоғарғы шамасы әрбір қаржы активінің баланстық құнына тең. Компания оның тәуекелінің ең үлкен көлемі байланысты тараптарға берілген қарыздардың сомасымен (26-ескертпе), ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді банк салымдарының (18-ескертпе), сауда дебиторлық берешектің (19-ескертпе) және есепті күнге көрсетілген күтілетін кредиттік залалдарды шегере отырып, ақша қаражаты мен оның баламаларының (20-ескертпе) сомасымен көрсетіледі деп есептейді.

Келесі кестеде Компанияның «Fitch» кредиттік рейтингтердің белгілерін пайдалана отырып, не олар болмағанда, «S&P» және «Moody's» рейтингтердегі баламаларын пайдалана отырып 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктердегі ақша қаражаты, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттері бойынша профиль тәуекелі көрсетілген.

%	31 желтоқсанға	
	2024 жылғы	2023 жылғы
A+	25%	32%
A to A-	71%	59%
BBB to BBB-	3%	9%
BB+ to BB-	2%	0%
B+ to B-	0%	0%

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі Компания өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қаражатты тартқан кезде қиыншылықтарға тап болу мүмкіндігімен байланысты. Өтімділік тәуекелі оның әділ құнына жуық құны бойынша қаржы активін шұғыл өткізу мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар үнемі қадағаланып отырады және басшылық олардың туындауына қарай міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болатын көлемде қаражаттың болуын қадағалап отырады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**27. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Өтімділік тәуекелі (жалғасы)**

Төмендегі кестелерде 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша оларды өтеу мерзімдері бөлінісінде қаржылық міндеттемелер бойынша дисконтталмаған шарттық төлемдер туралы ақпарат берілген.

Миллион теңгемен	1 айдан артық емес	1 айдан артық, бірақ 3 айдан астам емес	3 айдан артық, бірақ 1 жылдан аспайтын	1 жылдан астам, бірақ 5 жылдан артық емес	5 жылдан астам	Жиыны
2024 жылғы						
31 желтоқсанға						
Қарыздар мен облигациялар	–	–	241.117	1.419.138	5.350.210	7.010.465
Қаржылық кепілдіктер*	–	12.556	125.888	103.504	39.381	281.329
Қарыз беру міндеттемесі	181.974	–	–	–	–	181.974
Сауда кредиторлық берешек	32.096	4.559	–	–	–	36.655
Басқа да қаржылық міндеттемелер	16.065	13.128	198	–	–	29.391
	230.135	30.243	367.203	1.522.642	5.389.591	7.539.814

Миллион теңгемен	1 айдан артық емес	1 айдан артық, бірақ 3 айдан астам емес	3 айдан артық, бірақ 1 жылдан астам емес	1 жылдан астам, бірақ 5 жылдан артық емес	5 жылдан астам	Жиыны
2023 жылғы						
31 желтоқсанға						
Қарыздар мен облигациялар	–	–	163.087	1.103.611	4.658.259	5.924.957
Қаржылық кепілдіктер*	–	18.700	56.150	189.598	26.768	291.216
Қарыз беру міндеттемесі	297.580	–	–	–	–	297.580
Сауда кредиторлық берешек	55.516	–	–	–	–	55.516
Басқа да қаржылық міндеттемелер	11.132	9.870	1.446	–	–	22.448
	364.228	28.570	220.683	1.293.209	4.685.027	6.591.717

* Қаржылық кепілдік – бұл шарт, соған сай эмитент құралды ұстаушыға белгілі бір борышкердің төлемді борыштық құралдың бастапқы немесе қайта қаралған талаптарына сәйкес жасауға қабілетті болмай қалуына орай шеккен шығынды өтеу мақсатында белгілі бір төлемдерді жасауға міндетті. 7.B11c (с) ХҚЕС-ке сәйкес, Компания ұсынған қаржылық кепілдік шарттары бойынша кепілдіктің максималды сомасы осы кепілдік талап етілуі мүмкін ең бірінші кезеңге жатады. Жоғарыдағы өтімділік кестесінде қаржылық кепілдік негізгі борыштық құралды өтеу мерзімдері бойынша ең жоғары сомамен ұсынылған. Қаржылық кепілдік шарттарына сәйкес, борышкер міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Компания кредитордың талап етуімен негізгі борыш пен төленбеген пайыздың барлық сомасын сөзсіз төлеуге міндеттенеді. 2024 және 2023 жылдары қаржылық кепілдіктерді пайдалану жағдайлары болған жоқ.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – әділ құн немесе тәуекелге ұшырағыштықпен байланысты келешек ақша ағындары валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұратындығының тәуекелі. Компанияның операциялары көбінесе ҚР аумағында жүзеге асырылады. Дегенмен, ақша қаражатының басым көпшілігінің түсімдері мен ағымдары АҚШ долларында берілген.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**27. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Валюталық тәуекел (жалғасы)**

Келесі кестеде Компания пайдасының табыс салығы есепке алынғанға дейінгі АҚШ долларының айырбастау бағамындағы ықтимал өзгерістерге барлық басқа өлшемдер тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген. Компанияның капиталына тікелей ықпалы жоқ.

<i>Миллион теңгемен</i>	АҚШ доллары бағамының ұлғаюы / азаюы	Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайдаға әсері
2024 жыл	9,09% -7,34%	(107.108) 86.534
2023 жыл	14,15% -14,15%	(224.752) 224.752

Капиталды басқару

Компанияның капиталды басқаруға қатысты негізгі мақсаты акционерлік құнды барынша көбейту болып табылады. Берешек пен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып үздіксіз қызмет қағидатын қолдау үшін Компания өз капиталын басқарады.

Компания күрделі инвестициялар жоспарын жасау үшін капиталдың оңтайлы құрылымын қамтамасыз етуге және инвестициялық деңгейдің кредиттік рейтингісін бүкіл цикл бойына қолдап отыруға ұмтылады. Қаржылық икемділікті қолдау индустрияның циклді болуына қарсы тұру үшін және инвестициялық шешімдерді жүзеге асыру үшін стратегиялық маңызды болып табылады. Компанияның күрделі шығындарды, жаңа жобаларды және қарыз алуларды келісудің кеңейтілген ішкі процесі бар.

Компанияның капиталы берешектен тұрады, оған қарыздар (22-ескертілме), минус ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді банктік депозиттер мен жарғылық капитал кіретін меншікті капитал, қосымша төленген капитал, басқа да резервтер мен бөлінбеген пайда жатады (21-ескертілме).

Компания басшылығы капитал құрылымын үнемі талдап отырады. Бұл талдаудың бір бөлігі ретінде басшылық капиталдың құнын және капиталдың әр класымен байланысты тәуекелдерді қарастырады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін капиталды басқару, өзгесінен басқа, капиталдың құрылымына қатысты талаптарды айқындайтын пайыздық кредиттер мен қарыздар бойынша барлық белгіленген көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайыздық кредиттер мен қарыздар бойынша шектеу көрсеткіштері бұзылған жоқ (22-ескертілме).

<i>Миллион теңгемен</i>	2024 жыл	2023 жыл
Қарыздар, облигациялар және кредитті беру міндеттемесі	3.395.644	4.329.450
Минусы: ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді банк салымдары	(1.420.652)	(1.107.672)
Таза берешек	1.974.992	3.221.778
Меншікті капитал	13.907.241	12.473.723
Меншікті капитал және таза берешек жиыны	15.882.233	15.695.501

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдер ішінде капиталды басқару стратегиясы, мақсаты, саясаты мен процедуралары өзгермеді.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**27. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Әділ құн**

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның қаржы құралдары мен инвестициялық жылжымайтын мүлігінің баланстық құны, төменде көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, шамамен олардың әділ құнына тең болды:

Миллион теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан				
	Баланстық құн	Әділ құны	Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны		
			1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері					
Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар «Магистральдық су құбыры» ЖШС-тен алынатын облигациялар	22.461	17.632	–	17.632	–
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	45.767	46.204	–	–	46.204
Самұрық-Қазынадан өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	438.115	446.521	–	–	446.521
	20.552	18.365	–	18.365	–
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері					
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	70.643	70.643	–	–	70.643
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	17.461	17.461	–	–	17.461
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржылық міндеттемелер					
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар алынған қарыздар	3.295.025	3.120.731	2.406.715	712.407	1.609
Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	25.418	25.880	–	–	25.880
Қарыз беру міндеттемесі					
Қарыз беру міндеттемесі	68.693	68.693	–	–	68.693
Қаржылық кепілдіктер					
Қаржылық кепілдіктер	22.969	22.890	–	–	22.890

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**27. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Әділ құны (жалғасы)**

	2023 жылғы 31 желтоқсан				
			Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны		
Миллион теңгемен	Баланстық құн	Әділ құны	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері					
Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар	20.963	16.797	–	16.797	–
«Магистральдық су құбыры» ЖШС-тен алынатын облигациялар	41.232	41.128	–	–	41.128
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	366.789	369.789	–	–	369.789
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері					
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	32.159	32.159	–	–	32.159
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	13.860	13.860	–	–	13.860
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржылық міндеттемелер					
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар алынған қарыздар	4.169.590	3.976.180	2.452.370	1.522.480	1.330
Қарыз беру міндеттемесі					
Қарыз беру міндеттемесі	102.204	102.204	–	–	102.204
Қаржылық кепілдіктер					
Қаржылық кепілдіктер	13.340	10.933	–	–	10.933

Төмендегі кестеде қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалдарды бағалау деңгейлері бойынша бөлу көрсетілген:

Миллион теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан			2023 жылғы 31 желтоқсан		
	Жалпы баланстық құн	Күтілетін кредиттік залалдар резерві	Күтілетін кредиттік залалдарды өтеу	Жалпы баланстық құн	Күтілетін кредиттік залалдар резерві	Күтілетін кредиттік залалдарды өтеу
1-кезең	598.016	(3.569)	0,60%	479.160	(4.157)	0,87%
2-кезең	–	–	–	–	–	–
3-кезең	–	–	–	–	–	–
	598.016	(3.569)	0,60%	479.160	(4.157)	0,87%

Самұрық-Қазынадан алынуға жататын облигациялардың және басқа да борыштық құралдардың әділ құны нарықтық пайыздық мөлшерлемелер бойынша күтілетін келешек ақша ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**27. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Әділ құны (жалғасы)**

Соларға қатысты әділ құны танылатын немесе ашылып көрсетілетін барлық қаржы құралдары жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі деректердің негізінде әділ құн иерархиясында былайша жіктеледі:

- 1-деңгей - ұқсас келетін активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда бағасы белгіленетін (түзетілмеген) нарықтық бағалар;
- 2-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер тікелей немесе жанама байқалатын бағалау әдістері;
- 3-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер байқалмайтын бағалау әдістері.

Есепті кезең ішінде 1-деңгей мен 2-деңгей арасында ешқандай аударымдар болған жоқ, сондай-ақ 3-деңгейге немесе одан ауысулар жасалған жоқ.

Әділ құны бойынша тұрақты негізде танылатын активтер мен міндеттемелер үшін, Компания оларды әрбір есепті кезеңнің соңына санаттар бойынша қайта бағалау арқылы (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі кіріс деректерінің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару болғанын айқындайды. Жыл ішінде Компанияны бағалау процестерінде, бағалау әдістері мен әділ құнды бағалау кезінде қолданылатын бастапқы деректердің типтерінде ешқандай өзгерістер болған жоқ.

Төменде әділ құн иерархиясының 3-деңгейіне жатқызылған әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер көрсетілген:

	Үлестік бағалау әдісі	Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер	31 желтоқсанға диапазон	
			2024 жылғы	2023 жылғы
Байланысты тараптарға берілген амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қарыздар	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме	11,45%-18,7% 7,6%-18,7%	7,3%-19,5% 7,8%-19,5%
Қаржылық кепілдіктер				
Байланысты тараптарға берілген пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қарыздар	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме	SOFR + 2,8%- SOFR + 3,0%	SOFR + 2,8%-90 DAYS AVERAGE SOFR + 3,5%
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме	9,2%	9,2%

28. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**Операциялық орта**

Қазақстанда экономикалық реформа және құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылым жалғасуда, ол нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін еді. Болашақтағы Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясатының саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

Сот процестері

Басшылықтың пікірінше, Компания қызметінің жекелеген қаржы нәтижелеріне немесе оның қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін және осы жекелеген қаржылық есептілікте ашылып көрсетілмеген немесе есептелмеген ағымдағы сот істері немесе шешімін таппаған шағым-талаптар жоқ.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

28. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)**Салық салу**

Қазақстандық салық заңдары мен нормативтік-құқықтық актілер үздіксіз өзгерістер мен түрлі түсіндірмелердің нысаны болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікте кірістерді, шығыстарды және басқа да баптарды мойындау тәсілдеріндегі алшақтықтар. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Қазақстандық салық салу жүйесінің екіұштылығына орай салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың нақты сомасы, егер олар болса, қазіргі уақытқа дейін шығыстарға жатқызылған және 2024 жылғы 31 желтоқсанға есептелген сомадан асып кетуі мүмкін. Басшылық 2024 жылғы 31 желтоқсанда қолданылатын заңнаманы түсіндіру сәйкес болады және резервтер есептелген немесе осы жекелеген қаржылық есептілікте ашылған жағдайлардан басқа, Компанияның салық жөніндегі ұстанымы расталатын мүмкіндік бар деп санайды.

Трансферттік баға белгілеуді бақылау

Қазақстанда трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. «Трансферттік баға белгілеу туралы заң (бұдан әрі - Заң) операцияларға қолданылатын барлық салықтар үшін талап етіледі, қол ұшын беру қағидаты бойынша белгіленген нарықтық бағалар негізінде есептелінеді. Қазақстанда бұл Заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Заң анық белгіленген болып табылмайды және оның кейбір ережелері аз қолданылу тәжірибесіне ие. Сонымен қатар, Заң оны операциялардың алуан түрлеріне қолдану бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулықтарды бермейді, соның нәтижесінде салық органдарының позициясы Компания позициясынан ерекшеленуі мүмкін екендігінің тәуекелі бар, бұл қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар сомаларына әкеп соқтыра алады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басшылық трансферттік баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Компанияның трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша міндеттемелер

Компания ҚР Үкіметімен жасаған жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының талаптарына сай Компанияның тиісті мұнай-газ жобалары бойынша ең аз жұмыс бағдарламаларын орындау бойынша міндеттемелері бар.

Компания 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған өзінің бірқатар келісімшарттарының шеңберінде жұмыс бағдарламаларын толық көлемде орындамады. Компания басшылығы орындалмаған сомалар кейінгі жылдарға ауыстырылуы мүмкін және мұндай беру жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының бұзылуына әкеп соқтырмайды деп есептейді.

29. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР**Жарғылық капиталға қосымша салым**

2025 жылғы қаңтар-наурызда Компания KMG PetroChem-нің, еншілес ұйым, жарғылық капиталына 3.289 миллион теңге жалпы сомада сегіз траншпен ақша қаражатымен жарна салды.

Қарыздар беру

2025 жылғы қаңтар-наурызда Компания еншілес ұйым ӨМГ-ге 2025 жылы өтеу мерзімімен 0,01% мөлшерлеменен 29.416 миллион теңге жалпы сомада қарыз шарты бойынша қосымша он транш берді.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

29. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР (жалғасы)

Басқа да операциялар

2025 жылғы 21 ақпанда Компания еншілес ұйым Cooperatieve KazMunaiGaz U. A.-дан жарғылық капиталды қайтару түрінде 860 миллион АҚШ доллары (баламасы 429.794 миллион теңге) мөлшерінде ақша қаражатын алды.

2025 жылғы 24 ақпанда Компания Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы ММ Спорт кешенін мүлікті сыйға тарту шартының шеңберінде үшінші тарапқа тегін берді.

Алынған дивидендтер

2025 жылғы 10 қаңтарда Компания еншілес ұйым KMGІ-ден 20 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (баламасы 10.495 миллион теңге) дивидендтер алды.

2025 жылғы 30 қаңтарда Компания бірлескен кәсіпорын ҚОА-дан 4.500 миллион теңге мөлшерінде дивидендтер алды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Акционерлерінің жылдық жалпы
жиналысының 2025 жылғы 29
мамырдағы № _____ шешімінің
жобасына қосымша

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2024 жылғы жылдық қаржылық есептілігін
бекіту туралы» мәселе бойынша түсіндірме жазба

Астана қ.

2025 жылғы «__» _____

1. Мақсаты мен міндеті

Мақсаты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – **ҚМГ**) Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының ҚМГ-нің 2024 жылғы жылдық аудиттелген қаржылық есептілігін бекіту болып табылады.

Міндеті - ҚМГ мүдделі тұлғаларын (стейкхолдерлерін) ҚМГ қаржылық жағдайы және оның өткен 2024 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы толық және анық ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

2. Экономикалық әсері

Қаржылық есептілік ҚМГ-нің мүліктік жай-күйін, қаржылық орнықтылығын және төлем қабілеттілігін бағалауға арналған ақпаратты қамтиды. Қаржылық есептілікті талдау қаржы ресурстарына қажеттілікті анықтауға, капитал құрылымының тиімділігін бағалауға, ҚМГ қызметінің қаржылық нәтижелерін болжауға, сондай-ақ ҚМГ қаржы ресурстарын және қаржы-шаруашылық қызметін басқарумен байланысты басқа да міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы № 415-ІІ Заңының (бұдан әрі – **АҚ туралы заң**) 35-бабы 2-тармағының 1) тармақшасының негізінде акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында акционерлік қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі.

АҚ туралы заңның 76-бабының 3-тармағына және «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Жарғысының 17-бабы 143-тармағына сәйкес, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2/2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген және 2024 жылғы 28 мамырдағы жылдық жалпы жиналыстың шешімімен (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) (бұдан әрі – **ҚМГ Жарғысы**) енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, жылдық қаржылық есептілікті ҚМГ Директорлар кеңесі ҚМГ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қарауына шығару күніне

дейін 30 күннен кешіктірмей, алдын ала бекітуі тиіс, ал ҚМГ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы ҚМГ-нің аудиттелген жылдық қаржы есептілігін түпкілікті бекітеді.

АҚ туралы заңның 36-бабының 1-тармағының 7) тармақшасына, ҚМГ Жарғысының 12-бабы 98-тармағының 12) тармақшасына сәйкес, ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті бекіту жатады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен (2022 жылғы 2 желтоқсандағы №66/22 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 7-тарауының 32-тармағының 13) тармақшасында ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне Қоғамның шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігін бекіту жататыны көзделген.

ҚМГ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қарауына ҚМГ-нің 2024 жылғы аудиттелген шоғырландырылған және аудиттелген жеке жылдық қаржылық есептіліктерін (бұдан әрі – **ҚМГ қаржылық есептілігі**) бекіту туралы мәселе шығарылады.

ҚМГ қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және есептілік туралы заңнамасына сәйкес дайындалды.

ҚМГ қаржылық есептілігінің аудитін «Эрнст энд Янг» ЖШС аудиторлық компаниясы жүргізді, ол ҚМГ-нің барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның 2022 жылғы 20 қаңтардағы шешіміне (№05/22 хаттама, № 2 мәселе) сәйкес ҚМГ-нің сыртқы аудитторы ретінде айқындалды (бұдан әрі – **Аудитор**).

Аудитордың пікірінше, ҚМГ қаржылық есептілігі барлық маңызды аспектілерде оның 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ ҚМГ қаржылық нәтижелерін және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ҚМГ ақшалай қаражатының қозғалысын нақты көрсетеді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ шоғырландырылған қаржылық есептілігінің деректері негізінде 2024 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ таза пайдасы 1.094.247 миллион теңгені құрады.

ҚМГ-нің 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қаржылық нәтижелері мен ақша қаражаттарының қозғалысы туралы толығырақ ақпарат осы мәселе бойынша шешім жобасына қосымшаларда берілген.

ҚМГ-нің 2024 жылғы шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі ҚМГ Басқармасының 2025 жылғы 5 наурыздағы шешімімен (№9 хаттама, №1 мәселе) мақұлданған және ҚМГ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 19 наурыздағы шешімімен алдын ала бекітілген (№7/2025 хаттама, №6 мәселе).

ҚМГ-нің 2024 жылғы жеке жылдық қаржылық есептілігі ҚМГ Басқармасының 2025 жылғы 15 сәуірдегі шешімімен (№17 хаттама, №1 мәселе) мақұлданған және ҚМГ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 24 сәуірдегі шешімімен алдын ала бекітілген (№7/2025 хаттама, №6 мәселе).

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

ҚМГ-нің қаржылық есептілігін бекіту туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

5. Негізгі проблемалар, тәуекелдер, шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда мүмкін болатын салдар

Осы мәселе бойынша оң шешім қабылдау тәуекелдерге әкеп соқпайды, ҚМГ мүдделеріне барынша сәйкес келеді және ҚМГ-ге зиян немесе залал келтірмейді.

ҚМГ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы осы мәселе бойынша оң шешім қабылдамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, оның ішінде жылдық қаржылық есептілікті жариялау тәртібі мен мерзімдеріне қатысты талаптарының бұзылу қаупі бар, бұл ҚМГ-ні жауапқа тартуға әкеп соғады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімі

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2024 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі және
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері
туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Қазақстан Республикасы Заңы 23-бабының 1-тармағына, 35-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, 36-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) шешімімен енгізілген өзгерістермен бірге «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы (№2/2023 хаттама, №5 мәселе) шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғам Жарғысының 9-бабының 47 және 48-тармақтарына, 12-бабы 98-тармағының 13) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлғаның 2022 жылғы 27 қазандағы шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы отырысының №59/22 хаттамасы, №7 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Дивидендтік саясатының 3-тарауының 3.1-тармағына, 5-тарауының 5.1, 5.8-тармақтарына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлғаның 2022 жылғы 2 желтоқсандағы шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы отырысының №66/22 хаттамасы, №5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 5-тарауы 16-тармағының 2) тармақшасына, 7-тарауы 32-тармағының 14) тармақшасына, бөлуге ұсынылатын дивидендтер мөлшері туралы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 24 сәуірдегі шешіміне (№7/2025 хаттама, №7 мәселе) сәйкес,

ұсынылған материалдарды қарап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы

ШЕШТІ:

1. Мыналар бекітілсін:

1) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (мына мекенжай бойынша орналасқан: Z05H9E8, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхмадед Қонаев көшесі, 8-ғимарат, т.е.б. 1, БСН 020240000555, «Қазақстанның Халық банкі» АҚ-тағы ЖСК KZ356010111000002033, SWIFT (БСК): HSBKKZKX) есепті қаржылық 2024 жыл үшін 1 094 438 000 000 (бір триллион тоқсан төрт миллиард төрт жүз отыз сегіз миллион) теңге мөлшеріндегі шоғырландырылған таза кірісін бөлудің келесі тәртібі:

300 001 855 903,03 (үш жүз миллиард бір миллион сегіз жүз елу бес мың тоғыз жүз үш) теңге 3 (үш) тиын мөлшеріндегі сома «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлеріне дивидендтер төлеуге жіберу;

қалған 794 436 144 096,97 (жеті жүз тоқсан төрт миллиард төрт жүз отыз алты миллион бір жүз қырық төрт мың тоқсан алты) теңге 97 (тоқсан жеті) тиын мөлшеріндегі сома ҚМГ иелігінде қалдыру;

2) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бір жай акциясына есептегендегі 2024 жылға дивиденд мөлшері – 491,71 (төрт жүз тоқсан бір) теңге 71 (жетпіс бір) тиын.

2. 2025 жылғы 30 мамырдағы 00 сағат 00 минутындағы жағдай бойынша 2024 жылдың қорытындылары бойынша дивиденд алуға құқығы бар «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің тізімі бекітілсін.

3. 2024 жылға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеуді бастау күні 2025 жылғы 24 маусымға белгіленсін.

4. 2024 жылдың қорытындылары бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу осы шешім қабылданған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кешіктірмей «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ атынан дербес және төлем агенті арқылы белгіленген тәртіппен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің шотына ақшамен аудару арқылы жүргізілсін.

Төраға

Хатшы

Д. Шарипов

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Акционерлерінің жылдық жалпы
жиналысының
2025 жылғы 29 мамырдағы
№ _____ шешімінің жобасына
қосымша**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2024 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі және
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бір жай акциясына есептегендегі дивиденд
мөлшері туралы» мәселе бойынша түсіндірме жазба**

Астана қ.

2025ж. «_____» _____

1. Мақсаты мен міндеті.

Қазақстан Республикасы заңнамасының және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – **ҚМГ**) Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) енгізілген өзгерістерімен ҚМГ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2/2023 хаттама, № 5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы жарғысының (бұдан әрі – **ҚМГ Жарғысы**) талаптарын орындау үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2024 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін және ҚМГ бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту.

2. Экономикалық нәтиже

Экономикалық нәтижеге «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Заңының (бұдан әрі – **АҚ туралы Заң**) талаптарын және ҚМГ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімін орындау жолымен қол жеткізіледі.

3. Қысқаша сипаттамасы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлғаның 2022 жылғы 27 қазандағы шешімімен бекітілген («Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – **Қор**) Басқармасы отырысының №59/22 хаттамасы, №7 мәселе) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Дивидендтік саясатына (бұдан әрі – **Дивидендтік саясат**) сәйкес дивидендтер мөлшері EBITDA-ға Таза қарыз (жалпы қарыз минус ақша қаражаты және олардың баламалары минус банк салымдары (қысқа

мерзімді және ұзақ мерзімді)) көрсеткішімен айқындалатын ҚМГ борыштық жүктемесінің деңгейіне байланысты өткен қаржы жылы үшін ҚМГ-нің шоғырландырылған бос ақша ағыны негізінде есептеледі.

2024 жылдың қорытындысы бойынша «Таза қарыз/EBITDA» көрсеткіші 0,5 деңгейінде қалыптасты. Дивидендтік саясатқа сәйкес ҚМГ Бос ақша ағынының кемінде 50% мөлшерін бөлу үшін бар күш-жігерін салуға тиіс. 2024 жылдың қорытындылары бойынша Дивидендтік саясатқа сәйкес есептелген ҚМГ бос ақша ағыны 1 145 896 млн теңгені құрады.

ҚМГ акцияларын шығару проспектісіне сәйкес 2022 жылғы желтоқсанда өткен IPO аясында ҚМГ дивидендтік төлемдерінің мөлшері бойынша бағдар мұнай бағасы бір баррель үшін кемінде 70 АҚШ доллары деңгейінде сақталған жағдайда 200-250 млрд теңгеден кем емес деңгейде мәлімделді.

Сонымен қатар, 2025 жылғы сәуірдегі жағдай бойынша Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы бір баррель үшін шамамен 66 АҚШ долларын құрайды. Өз кезегінде, Brent маркалы мұнай фьючерстерінің бағасы бір баррель үшін шамамен 63 АҚШ долларын құрайды.

Бұл ретте, Дивидендтік саясатқа сәйкес дивидендтердің ұсынылатын мөлшерін айқындау кезінде ҚМГ Директорлар кеңесі қажет деп санайтын кез келген факторларды, оқиғалар мен іс-әрекеттерді, соның ішінде, бірақ онымен шектелмейді:

- ҚМГ-нің болашақта күрделі салымдар мен инвестициялық жобаларға арналған шығындарды қаржыландыруға қажеттілігін;
- қарызға қызмет көрсету қажеттілігін;
- қаржылық тұрақтылықты және инвестициялық деңгейдегі кредиттік рейтингтерді сақтау үшін ақша қаражатының жеткілікті деңгейін ұстап тұру қажеттілігін;
- және басқаларды ескеруге құқылы.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, ҚМГ Басқармасы дивидендтер төлеуге 350 001 148 354,38 (үш жүз елу миллиард бір миллион бір жүз қырық сегіз мың үш жүз елу төрт) теңге 38 (отыз сегіз) тиынды жіберуді ұсынды.

Бұл ретте, 2024 жылдың қорытындысы бойынша 2025 жылғы 24 сәуірде ҚМГ Директорлар кеңесі дивидендтер төлеуге 300 001 855 903,03 (үш жүз миллиард бір миллион сегіз жүз елу бес мың тоғыз жүз үш) теңге 3 (үш) тиынды жіберуді ұсынды (№7/2025 хаттама, № 7 мәселе).

Дивидендтер бөлуді ҚМГ-нің бір жай акциясы есебінен жүргізу ұсынылып отыр. ҚМГ-нің айналыстағы акцияларының саны – 610 119 493 дана. Бір акцияға дивиденд мөлшері дөңгелектеуді есепке алып 491,71 теңгені құрайды, бөлу сомасы 300 001 855 903,03 (үш жүз миллиард бір миллион сегіз жүз елу бес мың тоғыз жүз үш) теңге 3 (үш) тиыны құрайды.

ҚМГ-нің 2024 жылғы шоғырландырылған аудиттелген қаржылық есептілігіне сәйкес таза кіріс 1 094 438 000 000 (бір триллион тоқсан төрт миллиард төрт жүз отыз сегіз миллион) теңгені құрады.

Осылайша, жоғарыда аталғанды ескеріп, ҚМГ-нің 2024 жылғы таза пайдасын келесі тәртіппен бөлу ұсынылады:

1) ҚМГ-нің 300 001 855 903,03 (үш жүз миллиард бір миллион сегіз жүз елу бес мың тоғыз жүз үш) теңге 3 (үш) тиын мөлшеріндегі таза кірісінің бір бөлігін ҚМГ акционерлеріне дивидендтер төлеуге жіберу;

2) ҚМГ акционерлеріне дивидендтер төлегеннен кейін қалған ҚМГ-нің 2024 жылғы таза кірісінің бір бөлігін ҚМГ иелігінде қалдыру;

Бір жай акцияға есептегендегі 2024 жылға арналған дивидендтің мөлшерін 491,71 теңге деп бекіту ұсынылып отыр.

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңына сәйкес «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ Қазақстан Республикасының аумағында бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылатынын, сондай-ақ көптеген миноритарлық акционерлердің болуын назарға ала отырып, ҚМГ акциялары бойынша дивидендтер төлеуді төлем агенті арқылы да жүзеге асыру орынды. Мәселен, Қорға, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне дивидендтер төлеу ҚМГ-ден тікелей, ал миноритарлық акционерлерге дивидендтер төлеу – төлем агенті арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады, қаралып отырған мәселе оған сәйкес келеді.

5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдар.

Осы мәселе бойынша оң шешім қабылдау тәуекелдерге әкеп соқпайды, ҚМГ мүдделеріне барынша сәйкес келеді және ҚМГ-ге зиян не залалын тигізбейді.

Шешім қабылданбаған жағдайда АҚ туралы Заң мен ҚМГ Жарғысы ережелерінің бұзылу қаупі бар.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің
Жылдық жалпы жиналысының шешімі**

**Акционерлердің 2024 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен оның лауазымды
тұлғаларының іс-қимылдарына жазған өтініштері және оларды қарау
қорытындылары туралы»**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, 36-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2\2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Жарғысының 12-бабы 98-тармағының 27) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның 2022 жылғы 2 желтоқсандағы шешімімен (№66/22 хаттама, №5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 5-тарауы 16-тармағының 3) тармақшасына, 7-тарауының 32-тармағының 36) тармақшасына сәйкес,

ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы

былай деп ШЕШТІ:

Акционерлердің 2024 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның лауазымды адамдарының іс-қимылдарына жазған өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат осы шешімнің қосымшасына сәйкес назарға алынсын.

Төраға

Хатшы

Д. Шәріпов

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
акционерлерінің жылдық жалпы
жиналысының 2024 жылғы
«__» мамырдағы (№__ хаттама)
күн тәртібінің №3 мәселесі
бойынша шешімге қосымша

Акционерлердің 2024 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттері туралы өтініштерінің саны туралы ақпарат

2024 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ атына «Самұрық-Қазына» АҚ-дан және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ-дан әр түрлі тақырыпта 1084 хат келіп түсті, оның ішінде 1077 хат – Қордан (оның 18-і хатың мазмұнын Қорғаның ҚМГ мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттері туралы өтініштер ретінде түсінуге болады) және 7 хат – ҰБ-дан (оның 1 хатың мазмұнын ҰБ-дан ҚМГ мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттері туралы өтініші ретінде түсінуге болады).

Қоғамның басқа акционерлерінен Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-қимылдары туралы өтініштер түскен жоқ.

№	Акционердің атауы	2024 жылы көрсетілген адресаттардан келген хаттар саны	2024 жылы ҚМГ және лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттері туралы өтініштер саны
1	2	3	4
1.	«Самұрық-Қазына» АҚ	1077	18
2.	«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ	7	1
3.	«Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі» ММ	0	0
4.	Миноритарлық акционерлер	0	0
	Барлығы:	1084	19

Осылайша, ҚМГ акционерлерінің 2024 жылы ҚМГ және оның лауазымды тұлғаларының іс-қимылдары туралы өтініштерінің жалпы саны – 19.

Аталған өтініштердің барлығы ҚМГ-да қаралды және олар бойынша белгіленген тәртіппен жауаптар берілді, немесе жүйелі негізде ақпаратты ұсыну Қоғамның бақылауында болады. Бұл ақпарат төмендегі кестеде толығырақ берілген.

2024 жылы ҚМГ және лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттері туралы өтініштер

№	Өтініштің нөмірі мен күні	Өтініштің қысқаша мазмұны	Жауаптың нөмірі мен күні	Жауаптың қысқаша мазмұны:
1	2	3	4	5
1	04.01.2024ж. №06-3.2-13-06-3/29 04.01.2024ж. кіріс №95-24	2021 жылы сатып алу процесінде ақшалай қаражатты тиімді пайдаланбаған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ға қатысты Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының кінәлілерге қатысты тиісті ден қою шараларын қабылдау және бұдан былай мұндай фактілерге жол бермеу үшін жеке ұйғарымын жіберу туралы.	09.01.2024ж. №10/160	ҚМГ Қорға 2022 жылдан бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы өзгергені, тиісті сатып алуға бастамашы болған бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен жасалған еңбек шарттары бұзылғаны, 02.11.2022ж. сатып алуды жариялау кезінде Сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің нормаларын бұзғаны үшін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ сатып алу бөлімінің бастығына қатысты сөгіс түрінде тәртіптік жаза қолданылғаны туралы жауап жолдады.
2	09.01.2024ж. №03-1-03-03-1/84 09.01.2024ж. кіріс №1597,11	«АМӨЗ» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС және «ПКОП» ЖШС-да өнімдерді өндіруді, сақтауды, әкетуді бақылау және қауіпсіздік жүйесі мен өзге де технологиялық процестер аудитінің қорытындылары бойынша берілген жұмыс тобының ұсынымдарын орындау бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасарының 04.01.2024ж. №11-19/07-1121 тапсырмасының 1.5 тармағын ҚМГ-ның орындамағаны үшін кінәлі адамдарды тәртіптік жауапкершілікке тарту қажеттілігі туралы.	30.01.2024ж. №25/750	ҚМГ Қорға жұмыс тобының ұсынымдарын ҚМГ-ның уақтылы орындағанын ескере отырып, ҚМГ лауазымды адамдары тарапынан кінәлі іс-әрекеттер болмаған, тиісінше оларды тәртіптік жауапкершілікке тартуға негіз жоқ деген жауап жолдады.
3	19.01.2024ж. №04-1-09-04/330 19.01.2024ж. кіріс №841-24	№29-5-Н нұсқамаға және №29-Қ аудиторлық қорытындыға сәйкес, Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру кезінде бұзушылықтарға, оның ішінде 2016 жылы «Делойт ТСФ» ЖШС және «Nalyk Finance» АҚ компаниялары консорциумы тұлғасындағы тәуелсіз консультантты тартуға қаражаттың негізсіз жұмсалыуына жол берген лауазымды тұлғалардың	24.01.2024ж. №18/521	ҚМГ Қорға Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға және 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарларының бұзылуына жол берген ҚМГ лауазымды адамдарын (жауапты қызметкерлерін) жауапкершілікке тарту мүмкін емес, өйткені ҚР ЕК 66-бабының 2-тармағына сәйкес тәртіптік теріс қылық жасалған

№	Өтініштің нөмірі мен күні	Өтініштің қысқаша мазмұны	Жауаптың нөмірі мен күні	Жауаптың қысқаша мазмұны:
1	2	3	4	5
		(жауапты қызметкерлердің) жауапкершілігін қарау туралы ақпарат беру қажеттілігі туралы		күннен бастап 6 ай өткеннен кейін, ал ҚР заңдарында белгіленген жағдайларда немесе жұмыс берушінің қаржы-шаруашылық қызметіне ревизия жүргізу немесе тексеру нәтижелері бойынша тәртіптік теріс қылық анықталған жағдайларда – қызметкер тәртіптік теріс қылық жасаған күннен бастап 1 жыл өткеннен кейін тәртіптік жаза қолдануға болмайды (көрсетілген мерзімдер аяқталды), бұдан басқа, 2016 жылы «Делойт ТСФ» ЖШС және «Haluk Finance» АҚ компаниялары консорциумы тұлғасындағы тәуелсіз консультанттарды тарту туралы шешім қабылдаған жауапты лауазымды тұлғалар ҚМГ-мен еңбек қатынастарында емес деген жауап жолдады.
4	15.02.2024ж. №04-01-04/858 15.02.2024ж. кіріс №13856,2	№29-5-Н нұсқаманың 1-тармағы 1) тармақшасының тиісінше орындалмауы – қаржылық бұзушылықтар мен активтерді тиімсіз пайдалану фактілері үшін кінәлі тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы деректердің ұсынылмауы туралы.	16.02.2024ж. №18/1247	ҚМГ Қорға 2016-2020 жылдарға және 2021-2025 жылдарға арналған Жекешелендірудің кешенді жоспарларын іске асыру кезінде бұзушылықтарға жол берген ҚМГ лауазымды адамдарының (жауапты қызметкерлерінің) жауапкершілігін қарау бөлігіндегі №29-6-Н нұсқамаға жауап ретінде ҚМГ (24.01.2025ж. №18/521 хатпен) Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға және 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарларының бұзылуына жол берген ҚМГ лауазымды адамдарын (жауапты қызметкерлерін)

№	Өтініштің нөмірі мен күні	Өтініштің қысқаша мазмұны	Жауаптың нөмірі мен күні	Жауаптың қысқаша мазмұны:
1	2	3	4	5
				жауапкершілікке тарту мүмкін емес, өйткені ҚР ЕК 66-бабының 2-тармағына сәйкес тәртіптік теріс қылық жасалған күннен бастап 6 ай өткеннен кейін, ал ҚР заңдарында белгіленген жағдайларда немесе жұмыс берушінің қаржы-шаруашылық қызметіне ревизия жүргізу немесе тексеру нәтижелері бойынша тәртіптік теріс қылық анықталған жағдайларда – қызметкер тәртіптік теріс қылық жасаған күннен бастап 1 жыл өткеннен кейін тәртіптік жаза қолдануға болмайды (көрсетілген мерзімдер аяқталды), бұдан басқа, 2016 жылы «Делойт ТСФ» ЖШС және «Haluk Finance» АҚ компаниялары консорциумы тұлғасындағы тәуелсіз консультанттарды тарту туралы шешім қабылдаған жауапты лауазымды тұлғалар ҚМГ-мен еңбек қатынастарында емес деп хабарлағаны туралы жауап жолдады. ЖАП 08.02.2024ж. №2-1-10/302 хатпен ҚМГ атына ҚМГ лауазымды адамдарының (жауапты қызметкерлерінің) жауапкершілігін қарау бөлігінде №29-6-Н нұсқаманың 1-тармағының 1) тармақшасының орындалуын бақылаудан алынғаны туралы хабарлады.
5	01.03.2024ж. №06-3.2-13-02/1242	Мемлекет басшысының 02.09.2023ж. Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы кеңесте берілген «Самұрық-Қазына» АҚ	06.03.2024ж. №34/1838	ҚМГ Қорға (тапсырманы орындау үшін) ҚМГ ҚМГ ЕТҰ атына 05.03.2024ж. №34/1793 хат жібергені, оның орындалуы

№	Өтініштің нөмірі мен күні	Өтініштің қысқаша мазмұны	Жауаптың нөмірі мен күні	Жауаптың қысқаша мазмұны:
1	2	3	4	5
	01.03.2024ж. кіріс №14269,4	Басқарма төрағасы хаттамалық тапсырмасының (№91-р хаттама) 9-тармағының орындалмағаны туралы		ҚМГ бақылауында болғаны және ҚМГ ЕТҰ оны 07.03.2024ж. орындағаны туралы жауап жолдады.
6	11.03.2024ж. №03-4-02-03-1/1410 11.03.2024ж. кіріс №3231-24,2	ҚР Премьер-Министрі Әкімшілігі алаңындағы кеңестерде Қор тобының ұстанымын қалыптастыру мақсатында «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Президент Жарлығының жобасына енгізілген бастамаларды іске асырған жағдайда, қаржы-шаруашылық қызметке және ықтимал тәуекелдерге әсерді бағалау туралы тапсырманы ҚМГ-ның орындамауы туралы.	15.03.2024ж. №24/2159	ҚМГ Қорға «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Президент Жарлығының жобасына, ҚМГ пікірінше, енгізу қажет болатын ұсыныстарымен жауап жолдады.
7	11.03.2024ж. №26-09-18/283 11.03.2024ж. кіріс №3446-24	Валюталық шартқа немесе шетел банкіндегі шотқа шот нөмірін беру туралы өтінішпен жүгіну мерзімі бөлігінде ҚМГ-ның «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ықтимал бұзылуы бойынша түсініктемелер беру қажеттілігі туралы	13.03.2024ж. №28/2016	ҚМГ ҰБ Орталық филиалына валюталық шартқа немесе шетел банкіндегі шотқа есептік нөмір беруге өтініш жасау мерзімінің ҚМГ тарапынан бұзылмағаны туралы негіздеме жауап жолдады.
8	28.03.2024ж. №06-3.1-09-06-3.1/173 28.03.2024ж. кіріс №3074-24,3	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Павлодар облысына жұмыс сапарының қорытындылары бойынша хаттаманың 4.3-тармағында көзделген ҚМГ-ның отандық компаниялардан жарылыс қаупі жоғары санаттағы объектілерге техникалық қызмет көрсетумен, пайдаланумен, күрделі немесе ағымдағы жөндеу өткізумен байланысты тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша ұсыныстар беруіне қатысты тапсырманы (12.03.2024ж. №11-09/09-165 тапсырма) ҚМГ-ның орындамағаны (28.03.2024ж. жағдай бойынша) туралы.	01.04.2024ж. №25/2539	ҚМГ мемлекеттік органдарға (ҚР Қаржымині және БҚДА), «Атамекен» ҰКП-ға және Қорға Сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарымен және тиімсіз сатып алу нәтижелерімен жауап жолдады.

№	Өтініштің нөмірі мен күні	Өтініштің қысқаша мазмұны	Жауаптың нөмірі мен күні	Жауаптың қысқаша мазмұны:
1	2	3	4	5
9	17.05.2024ж. №01-4-08-01-4/2885 17.05.2024ж. кіріс №6867-24	«Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ-дағы қызметтік тексеру қорытындылары туралы Қорға хабарлама беру туралы тапсырманы белгіленген мерзімде ҚМГ-ның орындамағаны туралы.	21.05.2024ж. №22/3928	ҚМГ Қорға «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыс тобы жүргізген қызметтік тексеру қорытындылары бойынша есепті қоса бере отырып және ҚМГ мамандарының қатысуымен «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ тексеру нәтижелері бойынша материалдар кәсіпорын басшылығы тарапынан қорытындыға қол қою рәсімі аяқталғаннан кейін Қорға жіберілетінін көрсете отырып жауап жолдады.
10	10.06.2024ж. №01-4-07-01-4/3505 10.06.2024ж. кіріс №6867-24,2	ҚМГ-ның 21.05.2024ж. шығыс №22/3928 жауап хатына хатына сәйкес, ҚМГ-ның 28.03.2024 №74 бұйрығына сәйкес жүргізілген «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ-да қызметтік тексеру қорытындыларының (атап айтқанда, ҚМГ мамандарының қатысуымен жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша материалдар басшылық тарапынан қорытындыға қол қою рәсімі аяқталғаннан кейін) Қорға ұсынылмағаны туралы.	18.06.2024ж. №22/402-ҚБП	ҚМГ Қорға сәйкесінше жауап жолдады.
11	25.06.2024ж. №01-1-08-03-1/3938 25.06.2024ж. кіріс №9228-24	Қорға тікелей келіп түскен «Орал Ойл энд Газ» ЖШС 17.06.2024ж. №12/279 хаттың («Рожков» газконденсатты кен орнын уақтылы пайдалануға беруге байланысты және түпкілікті шешім қабылдау мақсатында барлық тәуекелдер мен салдарларды бағалау үшін орталық операторлық салу бойынша қосымша жұмыс көлемін берудің «Орал Ойл энд Газ» ЖШС ұсынатын нұсқаларының барлық ықтимал теріс құқықтық салдары бойынша түсініктемелер беру сұрауын қамтитын) ҚМГ-ға жіберілгені туралы және Қордың ҚМГ-дан осы хат неге ҚМГ арқылы	02.07.2024ж. №14/5261	ҚМГ Қорға «Орал Ойл энд Газ» ЖШС бас директорымен ҚМГ корпоративтік орталығын айналып өтіп, Қорға кез келген хат-хабарды жіберуге жол бермеу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілгені туралы жауап жолдады.

№	Өтініштің нөмірі мен күні	Өтініштің қысқаша мазмұны	Жауаптың нөмірі мен күні	Жауаптың қысқаша мазмұны:
1	2	3	4	5
		емес, тікелей Қорға жіберілгеніне түсініктеме сұратуы туралы.		
12	24.07.2024ж. №01-1-08-03-1/4637 24.07.2024ж. кіріс №9228-24,2	Қордың 25.06.2024ж. № 01-1-08-03-1/3938 хатында көзделген тапсырманың орындалмағаны және Қорға сапалы ақпарат беру мен ҚМГ-дан жауап беру қажеттілігі туралы.	29.07.2024ж. №14/6051	ҚМГ Қорға «Орал Ойл энд Газ» ЖШС бас директорымен ҚМГ корпоративтік орталығын айналып өтіп, Қорға кез келген хат-хабарды жіберуге жол бермеу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілгені туралы қайта жауап жолдады.
13	30.07.2024ж. №07-4-08-07/4777 30.07.2024ж. кіріс №7325-24,2	«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының сырттай отырысының 16.05.2024ж. шешімімен (№26/24 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ Өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін дамытудың 2024 - 2028 жылдарға арналған стратегиясын (бұдан әрі – Стратегия) іске асыру бойынша қажетті шараларды ҚМГ-ның қабылдамағаны және ҚМГ-ның өндірістік қауіпсіздік саласындағы ішкі құжаттарының талаптарын бекітілген Стратегиямен сәйкестендіру қажеттілігі, оның ішінде өндірістік қауіпсіздік саласында ұзақ мерзімді нысаналы мәндерді белгілеу туралы.	15.08.2024ж. №13/6622	ҚМГ Қорға «Самұрық-Қазына» АҚ Өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін дамытудың 2024 - 2028 жылдарға арналған стратегиясында көзделген өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін дамытуды қадағалау метрикалары ҚМГ Басқармасы бекітетін ҚМГ компаниялар тобындағы өндірістік қауіпсіздіктің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін жақсарту жөніндегі жол картасының жаңа редакциясына енгізілетіні туралы қайта жауап жолдады. ҚМГ компаниялар тобындағы өндірістік қауіпсіздіктің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін жақсарту жөніндегі жол картасы ҚМГ Басқармасының 19.02.2025ж. шешімімен (№7 хаттама) бекітілген.
14	30.10.2024ж. №06-3.2-13-06-3/6908 31.10.2024ж. кіріс №16398-24	Заңдылықтың бұзылуын жою туралы ҚР Бас прокуратурасының 29.10.2024ж. № 2-010345-24-86686 ұсынымының 1, 2-тармақтарында көрсетілген ҚМГ компаниялар тобында сатып алу қызметі бойынша анықталған заңдылықтың бұзылуын жою	11.11.2024ж. №34/9404	ҚМГ Қорға: заңдылықтың анықталған бұзушылықтарын, оларға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жоюға қатысты, ҚМГ және оның ЕТҰ ҚМГ ЕТҰ

№	Өтініштің нөмірі мен күні	Өтініштің қысқаша мазмұны	Жауаптың нөмірі мен күні	Жауаптың қысқаша мазмұны:
1	2	3	4	5
		жөнінде шаралар қабылдау туралы мәлімет беру туралы.		бірінші басшыларының жауапкершілігін дербестендіре отырып, қаражаттың жұмсалуды бақылауды қатаңдату бөлігінде шаралар қабылдағаны, атап айтқанда 2024 жылы ҚМГ Басқарма төрағасының тапсырмасы бойынша ББӨ, сатып алуға жауапты құрылымдық бөлімшелер басшыларының, сондай-ақ ББӨ және ҚМГ ЕТҰ сатып алуларына жетекшілік ететін CEO-1, CEO-2 дербес жауапкершілігін күшейту бөлігінде лауазымдық нұсқаулықтар өзектендірілгені; бағаларды маркетингтік талдау жөніндегі жұмысты қайта қарау, бағаларға маркетингтік талдау жүргізу үшін тапсырыс беруші ретінде ҚМГ ЕТҰ жауапкершілігін күшейту, бағаларға талдау жүргізу кезінде дайындаушы зауыттардың коммерциялық ұсыныстары негізінде сатып алынатын тауарлардың құнын айқындау, сондай-ақ үлестес тұлғалардан коммерциялық ұсыныстар қабылдау бөлігінде, тауарларға маркетингтік бағаны айқындау кезінде ҚМГ ЕТҰ Сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне №3 қосымшаны басшылыққа алатыны; ҚР Бас прокуратурасының 29.10.2024ж. №2-010345-24-86686 заңдылықтың бұзушылықтарын жою туралы ұйғарымында көзделген барлық басқа

№	Өтініштің нөмірі мен күні	Өтініштің қысқаша мазмұны	Жауаптың нөмірі мен күні	Жауаптың қысқаша мазмұны:
1	2	3	4	5
				мәселелерді ҚМГ және оның ЕТҰ жұмысқа қабылдағаны туралы жауап жолдады.
15	13.11.2024ж. №07-4-05-07/7191 13.11.2024ж. кіріс №17199-24	«Е-Отinish» жүйесі арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға келіп түскен 07.11.2024ж. №ЖТ-2024-05889152 «Зевс Энерго» ЖШС («Жетібай» МАС, «Қаламқас» МАС, «Ақтау» БМАС, «Өзен» БМАС, «Қаражанбас» БМАС) қызметкерлерінің жұмыс берушінің өрт қауіпсіздігі саласындағы еңбек заңнамасының және нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын бұзуына қатысты мәселелер бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде ішкі тергеу жүргізу және нәтижелер мен ақпаратты Қорға ұсыну қажеттілігі туралы.	21.11.2024ж. №02/9703	ҚМГ Қорға «Зевс Энерго» ЖШС қызметкерлерінің өтінішіне сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ тарапынан «Зевс Энерго» ЖШС мердігерлік ұйымына қатысты ішкі тергеу жүргізілгені, оның нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсынымдар көрсетілген тиісті акт жасалғаны туралы, олар жауапқа қоса берілгені туралы жауап (қосымшамен) жолдады.
16	15.11.2024ж. №03-2.2-07-03/7257 15.11.2024ж. кіріс №17367-24	ҚМГ тарапынан технологиялық оқиғалар, жазатайым оқиғалар туралы ақпараттың уақтылы ұсынылмауы (жасырылуы), Қор басшылығы мен жетекшілік ететін департаменттерді технологиялық оқиғалар, жазатайым оқиғалар туралы, оның ішінде өндірістік процестердегі кез келген бұзушылық түрлері, экологиялық талаптардың сақталмауы және өзге де инциденттер туралы дереу (1 сағат ішінде) хабардар ету қажеттігі туралы және жазатайым оқиғалар туралы ақпарат беруге жауапты тұлғаларды белгілеу туралы.	18.11.2024ж. №13/9612	ҚМГ Қорға ҚМГ Қауіпсіздікті басқару орталығы (тәулік бойғы кезекші қызмет, smc@kmg.kz, т.789110) белгіленген тәртіппен және мерзімдерде (дереу және кезекші тәуліктердің қорытындысы бойынша) «Самұрық-Қазына» АҚ Қауіпсіздік мониторингі және басқару орталығына уақиғалар мен оқиғалар туралы ақпаратты қалыптастыру және ұсыну стандартына сәйкес Қордың қауіпсіздік департаментіне, сондай-ақ «Нысана» хабарламаларды өңдеудің электрондық жүйесіне уақиғалар мен оқиғалар туралы жедел және жиынтық ақпарат жібереді.
17	20.12.2024ж. №01-4-09-01-4/7979	«Е-otinish» платформасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ атына келіп түскен «ӨзенМұнайСервис» ЖШС қызметкері Есета Ақжолұлы Таубаевтың	08.01.2025ж. №22/105	ҚМГ өтініштердің авторы Е.А. Таубаевқа, Жаңаөзен қаласының прокуратурасына және Қорға:

№	Өтініштің нөмірі мен күні	Өтініштің қысқаша мазмұны	Жауаптың нөмірі мен күні	Жауаптың қысқаша мазмұны:
1	2	3	4	5
	20.12.2024ж. кіріс №16200-24,6	«ӨзенМұнайСервис» ЖШС қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері туралы өтініштерінде баяндалған барлық дәлелдер бойынша тексеру жүргізу және нәтижелерін Қорға ұсыну қажеттілігі туралы.		Е.А. Таубаевтың өтініштерінде баяндалған фактілер бойынша ҚМГ қызметтік тексерулер жүргізілді; бұдан басқа, «ӨзенМұнайСервис» ЖШС және ҚМГ бірнеше рет Е.А. Таубаевтың атына оның өтініштерін қарау нәтижелері туралы жауап жіберілгені (бір хат); бұрын жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша «ӨзенМұнайСервис» ЖШС қызметкерлері С.И. Акмурзаев пен Р.А. Ұзақбаев еңбек тәртібін бұзғаны үшін ҚР ЕК сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылғаны; жүргізілген тексерулер нәтижесінде Е.А.Таубаевтың өтініштерінде көрсетілген өзге де фактілер расталмағаны туралы жауап жолдады.
18	25.12.2024ж. №06-3.2-13-06-3/8091 26.12.2024ж. кіріс №19690-24	«KPI Inc.» ЖШС-ның Сатып алуды жүзеге асыру тәртібі мен Бақылау жүргізу қағидаларының нормалары мен талаптарын бұзуы туралы, сондай-ақ «KPI Inc.» ЖШС жүргізген ашық тендер тәсілімен №1022460 «Табандық СР4» және №1022226 «Табандық СР4» сатып алуға қатысты «ЗАМАН» мүгедектер қоғамы» ЖШС мен «PALLETY.KZ» ЖШС шағымдары бойынша орындауға міндетті болып табылатын Орталықтандырылған қызметтің хабарламасын орындамағаны (орындамауы) туралы.	26.12.2024ж. №34/10884 15.01.2025ж. №34/346	ҚМГ Қорға тапсырманы орындау мерзімін 15.01.2025ж. дейін ұзарту туралы хат жіберілді ҚМГ Қорға: «KPI Inc.» ЖШС қатысу шектеулі болатын ашық тендер тәсілімен №1060388 және №1060594 «Табандық» сатып алуды тоқтатқаны; кінәлі лауазымды тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселесі КРІ басшылығының қарауында екені (14.03.2025ж. жағдай бойынша жағдай өзгерген жоқ); «KPI Inc.» ЖШС өтінімі бойынша «PALLETY.KZ» ЖШС Қордың сенімсіз
19	31.12.2024ж. №06-3.2-13-06-3/8214 31.12.2024ж. кіріс №19690-24,2	«KPI Inc.» ЖШС-ның хабарламаны орындамағаны және қатысу шектеулі болатын ашық тендер тәсілімен №1060388 және №1060594 «Табандық» сатып алуды қайта жариялауы туралы.	15.01.2025ж. №34/346	

№	Өтініштің нөмірі мен күні	Өтініштің қысқаша мазмұны	Жауаптың нөмірі мен күні	Жауаптың қысқаша мазмұны:
1	2	3	4	5
				әлеуетті өнім беруші (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілгені туралы жауап жіберілді.

Қысқартулар:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, Қоғам, ҚМГ – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

Қор, «Самұрық-Қазына» АҚ – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ҚР ҰА – Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты;

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

БҚДА – Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі;

ҰБ – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесі;

РММ – Республикалық мемлекеттік мекеме;

ЖАП – Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы;

«Атамекен» ҰКП – «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы;

ЕТҰ – еншілес және тәуелді ұйымдар;

ПКОП ЖШС – «ПетроКазахстан Ойл Продактс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

ПМХЗ ЖШС – «Павлодар мұнай-химия зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

«KPI Inc.» ЖШС – «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» / «Казахстан Петрокемикал Индастриз Инк.»/ жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

CEO (Chief Executive Officer) – компанияның бірінші басшысы;

CEO-1 (Chief Executive Officer-1) – компаниядағы жеке функцияға жауап беретін топ-менеджер;

CEO-2 (Chief Executive Officer-2) – ұйымдық құрылымға сәйкес бірінші басшы (CEO) қызметінен басқарудың үшінші деңгейі;

ББӘ – бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері;

ҚР ЕК – 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

№29-Қ аудиторлық қорытынды – Жекешелендіру саласындағы мемлекет саясатының тиімділігіне, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Жекешелендірудің 2016 - 2020 жылдарға және 2021 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарларын қалыптастыру және орындау жөніндегі қызметіне мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 21.12.2023ж. №29-Қ аудиторлық қорытындысы (аралық бағалау);

№29-6-Н нұсқама – Жекешелендіру саласындағы мемлекет саясатының тиімділігіне, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Жекешелендірудің 2016 - 2020 жылдарға және 2021 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарларын қалыптастыру және орындау жөніндегі қызметіне мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 21.12.2023ж. № 29-5-Н нұсқамасы (аралық бағалау);

Сатып алу тәртібі – «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 03.03.2022ж. шешімімен (№193 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібі;

ҚБП – қызмет бабында ғана пайдалану үшін;

БМАС – бас мұнай айдау станциясы;

МАС – мұнай өнімдерін айдау станциясы.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
акционерлерінің жылдық жалпы
жиналысының 2025 жылғы
«__» мамырдағы №_____
шешімінің жобасына қосымша

Акционерлердің 2024 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен оның лауазымды
тұлғаларының іс-қимылдарына жазған өтініштері және оларды қарау
қорытындылары туралы» мәселе бойынша
түсіндірме жазба

Астана қаласы

«__» _____ 2025 жыл

1. Мақсаты мен міндеті

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – **Қоғам, ҚМГ**) акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында Акционерлердің 2024 жылы Қоғамның және оның лауазымды адамдарының іс-қимылдарына жазған өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпаратты ҚМГ акционерлерін хабардар ету және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында қарау.

2. Экономикалық әсері

Қарастырылмаған.

3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – **АҚ туралы Заң**) 35-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, 36-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2\2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген, Қоғамның акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамның Жарғысының (бұдан әрі – **Қоғамның Жарғысы**) 12-бабы 98-тармағының 27) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның 2022 жылғы 2 желтоқсандағы шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы отырысының №66/22 хаттамасы, №5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің (бұдан әрі – **АЖЖ туралы ереже**) 5-тарауы 16-тармағының 3) тармақшасына, 7-тарауының 32) тармағының 36) тармақшасына сәйкес, ҚМГ акционерлерінің жыл сайынғы жалпы жиналысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын Акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-қимылдарына жазған өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

2025 жылғы 10 – 11 сәуірде Қоғамның Директорлар кеңесі (№6/2025 хаттама, №2 мәселе) 2025 жылғы 29 мамырда Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын (бұдан әрі – **АЖЖЖ**) шақыру туралы шешім қабылдады, күн тәртібіндегі мәселелердің бірі – акционерлердің 2024 жылы ҚМГ және оның

лауазымды адамдарының іс-қимылдарына жазған өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе.

2024 жылы Қоғамның атына «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – **Қор**) және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесінен (бұдан әрі – **ҰБ**) әр түрлі тақырыпта 1084 хат (Қордан - 1077 хат және ҰБ-дан - 7 хат) келіп түсті, оның ішінде ҚМГ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттері туралы: Қордан 18, ҰБ-дан 1 өтініш келіп түсті.

ҚМГ акционерлерінің ҚМГ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттері туралы 2024 жыл ішінде келіп түскен өтініштерінің жалпы саны – 19.

Аталған өтініштердің барлығы ҚМГ-да қаралып, олар бойынша белгіленген тәртіппен жауаптар берілді, немесе жүйелі негізде ақпаратты ұсыну ҚМГ бақылауында болады.

2024 жыл ішінде келіп түскен ҚМГ акционерлерінің ҚМГ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттері туралы өтініштері туралы ақпарат *«Акционерлердің 2024 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттері туралы өтініштерінің саны туралы ақпарат»* қосымшасында келтірілген (осы мәселе бойынша АЖЖЖ шешімінің жобасына қосымшаны қараңыз).

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, осы мәселені алдын ала қараған және оны Қоғам Жарғысының 11-бабы 61-тармағын орындау үшін АЖЖЖ-қа шығаруға бастамашы болған Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 24 сәуірдегі шешіміне (№7/2025 хаттама, №13 мәселе) сәйкес, акционерлердің 2024 жылы ҚМГ және оның лауазымды тұлғаларының іс-қимылдарына жазған өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпаратты осы мәселе бойынша шешімнің жобасына ұсынылған қосымшаға сәйкес назарға алу ұсынылады.

АҚ туралы Заңының 36-бабының 2-тармағына және 50-бабының 1-тармағына, Қоғам Жарғысының 11-бабының 91-тармағына және 12-бабының 99-тармағына, АЖЖЖ туралы ереженің 16-тарауы 79-тармағының сәйкес аталған мәселе бойынша шешім қабылдау үшін дауыс беруге қатысатын ҚМГ дауыс беретін акцияларының жалпы санынан жай көпшілік дауыс қажет және дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

Шығарылатын мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді/сәйкес келеді.

5. Шешім қабылданған және қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдар

Осы мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

Осы мәселе бойынша шешім қабылдамау АҚ туралы заң талаптарының орындалмау тәуекеліне әкеп соғады.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің
жылдық жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Заңының 35-бабының 2-тармағын, 36-бабы 1-тармағының 18) тармақшасын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2\2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Жарғысының 12-бабы 98-тармағының 10) тармақшасын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның 2022 жылғы 2 желтоқсандағы шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма отырысының №66/22 хаттамасы, №5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 5-тарауының 18-тармағын, 7-тарауының 32-тармағының 22) және 25) тармақшаларын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2\2023 хаттама, №6 мәселе) бекітілген, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 6 қарашадағы шешімімен (№5/2023 хаттама, №2 мәселе) енгізілген өзгерістермен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің (бұдан әрі – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже) 7-тарауының 7.4-тармағына сәйкес,

ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы

былай деп ШЕШТІ:

Осы шешімге қосымшаға сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2\2023 хаттама, №6 мәселе) бекітілген, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 6 қарашадағы шешімімен (№5/2023 хаттама, №2 мәселе) енгізілген өзгерістермен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

Төраға

Хатшы

Д. Шәріпов

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
акционерлерінің жылдық жалпы
жиналысының «___» _____ 2025ж.
күн тәртібінің №__ мәселесі
бойынша шешіміне
(№_____ хаттама) қосымша

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының
2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2/2023 хаттама, №6 мәселе)
бекітілген, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының
2023 жылғы 6 қарашадағы шешімімен (№5/2023 хаттама, №2 мәселе)
өзгерістер енгізілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар
кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар**

1. 1-тараудың 1.3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1.3. ДК Қоғамның қызметіне жалпы (стратегиялық) басшылықты және Қоғамның алқалы атқарушы органының (бұдан әрі – **Басқарма**) қызметін бақылауды, сондай-ақ Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін енгізуді қамтамасыз ететін, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына (бұдан әрі **АЖЖ** деп аталады) есеп беретін Қоғамның басқару органы болып табылады. ДК шешімдері Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – **ҚР**) заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінде және Ережеде айқындалған тәртіппен қабылданады.»

2. 1-тараудың 1.4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1.4. ДК өз қызметінде ҚР заңнамасын, оның ішінде «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңын (бұдан әрі – **Заң**) және «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңын (бұдан әрі – **Қор**), Қоғамның акциялары айналысқа түсетін Биржалардың: Astana International Exchange (AIX) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) талаптарын, Қоғамның Жарғысын, Ережесін, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын, сондай-ақ Қоғамға қолданылатын Қордың құжаттарын басшылыққа алады.»

3. 1-тараудың 1.5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1.5. ДК Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыру үшін АЖЖ алдында жауап береді. Өз құзыреті шеңберінде қабылданған АЖЖ шешімдері ДК үшін міндетті болып табылады. ДК-нің және оның комитеттерінің есепті кезеңдегі қызметінің қорытындылары, ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуі және орнықты дамуы бойынша ДК қабылдаған шаралар, тәуекелдің негізгі факторлары, елеулі оқиғалар, қаралған мәселелер, отырыстар саны, отырыстар нысаны, отырысқа қатысу саны көрсетілген өткен жыл қорытындылары бойынша атқарылған жұмыс туралы есепті ұсыну, сондай-ақ басқа да маңызды ақпаратты Қоғамның жылдық есебіне қосу арқылы ДК жыл сайын АЖЖ алдында өз қызметі туралы есеп береді.

Сондай-ақ ДК Қоғамның жылдық есебінің құрамына тиісті есепті енгізу арқылы АЖЖ алдында Қоғамның Корпоративтік басқару кодексі нормаларының сақталуы туралы жыл сайын есеп береді.»

4. 1-тараудың 1.7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1.7. ДК мен Басқарма Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ орнықты даму саласында тиісті жүйенің қалыптасуын және оның

енгізілуін қамтамасыз етуге тиіс. ДК Қоғамда орнықты даму саласындағы жүйенің енгізілуіне стратегиялық басшылықты және бақылауды жүзеге асырады.».

5. 1-тарау мынадай мазмұндағы 1.9-тармақпен толықтырылсын:

«1.9. ДК мүшелері өз функционалдық міндеттерін орындайды және өз қызметінде мынадай қағидаттарды ұстанады:

- 1) өз өкілеттігі шегінде әрекет ету;
- 2) ДК-нің, оның Комитеттерінің отырыстарына қатысу үшін және оларға дайындалу үшін жеткілікті уақыт бөлу;
- 3) Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына ықпал ету;
- 4) іскерлік әдептің жоғары стандарттарын сақтау;
- 5) мүдделер қақтығысына жол бермеу;
- 6) тиісті шеберлікпен әрекет ету.».

6. Ереже мынадай мазмұндағы 1-1-тараумен толықтырылсын:

«1-1. ДК тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінде

1-1.1. ДК Басқармамен бірлесіп Қоғамда тәуекелдерді тиісінше басқару мәдениетінің енгізілуін қамтамасыз етеді.

1-1.2. ДК осы жүйенің міндеттеріне сүйене отырып және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ең жақсы тәжірибелерді ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың принциптері мен тәсілдерін айқындайды.

1-1.3. ДК тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы жұмыстың үздік практикаларына Қоғамның бейілділігін көрсететін ішкі құжаттарды бекітеді.

1-1.4. ДК тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарды бекіту кезінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелерін регламенттейтін Қор қабылдаған құжаттарды басшылыққа алады.

1-1.5. ДК негізгі тәуекелдер, оларды Қоғамның стратегиясы мен бизнес-жоспарларына әсері тұрғысынан талдау туралы үнемі ақпарат алып отырады және қолданыстағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі оны ұйымдастырудың ДК белгілеген белгілі бір принциптері мен тәсілдеріне сәйкес келетініне және тиімді жұмыс істейтініне көз жеткізу үшін тиісті шаралар қабылдайды. ДК тоқсанына кемінде 1 (бір) рет Қоғамның тәуекелдер жөніндегі есептерін тиісті түрде толық көлемде қарап, талқылайды.

1-1.6. ДК Аудит жөніндегі комитетпен бірлесіп тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізуге жауапты болады. ДК оған Ішкі аудит қызметі немесе сыртқы сарапшы, Аудит жөніндегі комитет және Басқарма жеткізген ақпарат пен кепілдіктерді тиісті түрде және мұқият талдағаннан кейін жүйенің тиімділігі жөнінде өз пікірін қалыптастырады.

1-1.7. ДК Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдастырылуы, жұмыс істеуі және тиімділігі мәселелерін тұрақты негізде қарайды және қажет болған жағдайда оны жақсарту бойынша ұсынымдар береді.».

7. 2-тараудың 2.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2.1. ДК айрықша құзыретіне ҚР заңнамасында, Қоғам Жарғысында және Ережеде көзделген мәселелер жатады.

Сонымен қатар ДК мынадай мәселелерді қарастырады (қоса алғанда, бірақ аталғандармен шектелмей):

- 1) ДК және оның комитеттері отырыстарының кестесі, ДК жұмыс жоспары;
- 2) Қоғам қызметіндегі негізгі өзгерістер туралы Басқарма төрағасының есептері;
- 3) Қоғамның негізгі (оның ішінде қаржылық) тәуекелдері туралы есептер (оларды бекіту мақсатында);
- 4) Қоғам компаниялары тобындағы өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар туралы есептер;
- 5) мемлекеттік стратегиядағы немесе саясаттағы өзгерістер туралы ақпарат;
- 6) Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының инвестициялық жобаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу және талдау нәтижелері туралы есептер;
- 7) Басқарма шешім қабылдаған жасалуына мүдделілік бар жасалған мәмілелер туралы есептер;
- 8) Қоғамның компаниялар тобының киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстар туралы есептер;
- 9) Қоғам компаниялары тобының әлемде бар және кен орындарында пайдаланылатын өндіру технологиялары, сондай-ақ Қоғам тобы компанияларының көмірсутектерді өндіру технологияларының жаңартуы мен жетілдіруі туралы ақпарат;
- 10) ҚР Үкіметінің қаулыларымен бекітілген жоспарлардың Қоғамның орындау мәртебесі туралы ақпарат;
- 11) Қоғам тобы компанияларының қаржылық мәртебесі және осы компаниялардың Қоғам тобының мұнай өндіруші компанияларына қаржыландыру алу және төлемдерді жүзеге асыру қабілеті туралы ақпарат;
- 12) ДК жыл сайынғы отырысының стратегия (стратегиялық сессия) бойынша мәселелері;
- 13) ДК жыл сайынғы отырысының орнықты даму бойынша мәселелері;
- 14) Қоғамның корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары (оларды бекіту мақсатында) және олардың орындалу мәртебесі туралы ақпаратты қарау;
- 15) ДК-ге есеп беретін құрылымдық бөлімшелердің қызметі туралы есептер;
- 16) Басқармаға, Басқарма төрағасына, Қоғам қызметкерлеріне тапсырмалар.».

8. 2-тараудың 2.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2.2. ДК-нің Қоғамды басқару және Басқарма қызметін бақылау үшін жеткілікті өкілеттіктері, оның ішінде тапсырмалар беру өкілеттіктері бар. Қоғамның органдары мен қызметкерлеріне арналған тапсырмалар ДК атынан ДК отырыстарында ғана беріледі, бұл ретте олардың өзектілігіне, орындала алатынына, орындау үшін белгіленген мерзімдердің шынайылығына негізделуі тиіс, ол үшін мыналарды ескеру қажет:

- 1) Қоғам менеджментіне тапсырма берілген жағдайда – Басқарма төрағасының пікірі;

2) ДК-ге есеп беретін құрылымдық бөлімшелердің атына тапсырмалар болған жағдайда – осындай бөлімшелер басшыларының пікірі.».

9. 2-тараудың 2.3-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қоғамның даму стратегиясын/жоспарын және ESG (Environmental, Social, Governance – экологиялық, әлеуметтік, корпоративтік басқару) мақсаттарын (бағыттары мен нәтижелерін) интеграциялауды айқындау;».

10. 2-тараудың 2.3-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) корпоративтік басқару мен әдеп, Іскерлік әдеп стандарттарын, болжамды бұзушылықтар туралы хабарламаның тиімді жүйесін енгізуді және сақтауды қамтамасыз етуге;».

11. 2-тараудың 2.3-тармағының 7) тармақшасы алып тасталсын.

12. 2-тараудың 2.3-тармағының 8) тармақшасы алып тасталсын.

13. 2-тараудың 2.3-тармағы мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) Қоғамда Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің және Қордың корпоративтік стандарттарының ережелерін сақтау.».

14. 2-тараудың 2.3-тармағы мынадай мазмұндағы он бірінші абзацпен толықтырылсын:

«Қоғам қызметінің өзекті мәселелерін түсіну мақсатында ДК мүшелері Қоғамның негізгі объектілеріне үнемі барып, қызметкерлермен кездесулер өткізеді.».

15. 2-тарау мынадай мазмұндағы 2.3-1-тармақпен толықтырылсын:

«2.3-1. Қоғамның даму жоспарын әзірлеуге және іске асыруға байланысты мәселелер ДК айқындайтын кезеңділікпен, бірақ жылына кемінде 1 (бір) рет, ДК-нің ішкі отырыстарында ғана қаралады. ДК ішкі және сыртқы нарық конъюнктурасының өзгеруін, форс-мажор жағдайын ерте анықтау және оларға уақтылы ден қою жүйесін енгізеді.».

16. 2-тарау мынадай мазмұндағы 2.5-1-тармақпен толықтырылсын:

«2.5-1. ДК өзі қабылдаған шешімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, сондай-ақ қажет болған жағдайда өз шешімдерінің күші жойылды деп тануға, сондай-ақ қабылданатын шешімдерді ертерек немесе одан кейінгі күннен бастап қолдануға құқылы.».

17. 3-тараудың 3.1-параграфының 3.1.2 - тармағындағы «сыйақылар» деген сөз «сыйақы» деген сөзбен ауыстырылсын.

18. 3-тараудың 3.1-параграфының 3.1.3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.1.3. Кандидаттарды іздеу және сайлау объективті критерийлер бойынша және ДК құрамының әртүрлі болу қажеттілігі ескеріле отырып жүргізіледі. Тәуелсіз директорларды іздеу және іріктеу процесі конкурстық негізде жүзеге асырылады. ДК құрамына кандидаттарды, оның ішінде тәуелсіз директорларды іздеу және іріктеу Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінде, Ережеде және Қоғамға қолданылатын Қордың тиісті құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Іздеу және іріктеу ДК-нің бүкіл құрамының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін жүзеге асырылуы тиіс.».

19. 3-тараудың 3.1-параграфының 3.1.5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.1.5. ДК құрамы теңгерімді болуы керек, бұл ДК мүшелерінің (акционерлердің өкілдері, тәуелсіз директорлар, атқарушы орган басшысының) үйлесімін білдіреді, ал ДК мен оның Комитеттерінде барлық акционерлерге әділ көзқарасты және орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, Қоғам мүддесі үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімі сақталуы тиіс.».

20. 3-тараудың 3.1-параграфының 3.1.9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.1.9. ДК құрамында ESG қағидаттарына сәйкес ұзақ мерзімді құнды арттыру үшін тәжірибесі, тұлғалық қасиеттері, жасы және гендерлік құрамы бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет.».

21. 3-тараудың 3.1-параграфының 3.1.11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.1.11. Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері ДК-ге сайлана алмайды. Басқарма төрағасы ДК төрағасы болып сайлана алмайды.

Мынадай адам ДК мүшесі лауазымына сайланбайды:

1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар болса;

2) бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, атқарушы органының басшысы, басшының орынбасары, бас бухгалтері болған болса (көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін 5 (бес) жыл ішінде қолданылады);

3) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған болса.».

22. 3-тараудың 3.1-параграфының 3.1.15-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.1.15. Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар ҚР заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес белгіленеді.».

23. 3-тараудың 3.1-параграфы мынадай мазмұндағы 3.1.16-1-тармақпен толықтырылсын:

«3.1.16-1. Директорлар кеңесі тәуелсіз директорлар қатарынан Аға тәуелсіз директорды сайлайды.

Аға тәуелсіз директордың негізгі функцияларына мыналар жатады:

1) ДК төрағасы үшін кеңесшінің функциясы және ол айқындайтын мақсаттарды жеткізуде оған қолдау көрсету;

2) ДК төрағасының қызметін бағалау, оның ішінде осы мақсат үшін тәуелсіз директорлардың кем дегенде жыл сайынғы кездесулерін ұйымдастыру;

3) ТЖСК-мен тығыз өзара іс-қимылда ДК төрағасының сабақтастығын жоспарлау;

4) акционерлер, Басқарма, ДК төрағасы және ДК-нің басқа мүшелері арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда өзара іс-қимылда және/немесе келіспеушіліктерді шешуде делдал функциясы;

5) әдеттегі байланыс арналары арқылы (яғни, ДК төрағасы, Басқарма төрағасы және/немесе мүшелері арқылы) тиісті түрде шешілмеген кез келген мәселелерді немесе мәселелерді шешу үшін акционерлерге қолжетімді болу;

6) ірі акционерлермен олардың мәселелері мен алаңдаушылықтарын теңгерімді түсіну үшін жеткілікті рет кездесулерге бару.».

24. 3-тараудың 3.1-параграфының 3.1.27 - тармағындағы «танысады» деген сөз «танысады» деген сөзбен ауыстырылсын.

25. 3-тараудың 3.2-параграфының 3.2.4-тармағы мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

«9-1) ДК мүшелерінде әртүрлі пікірлер болған кезде Қоғамның мүдделеріне сай шешім қабылдау үшін ДК жекелеген мүшелері айтатын барлық қолайлы нұсқалар мен ұсыныстардың қаралуын қамтамасыз етеді;».

26. 3-тараудың 3.3-параграфының 3.3.1.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.3.1.1. ДК отырысында қаралғанға дейін мәселелерді неғұрлым терең және сапалы пысықтау, неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізіп, ұсынымдар әзірлеу үшін, Директорлар кеңесі мынадай мәселелер бойынша ДК комитеттерін (бұдан әрі және жоғарыда – **Комитеттер**) құрады:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар мен сыйақылар;
- 3) Ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер.
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Комитеттердің болуы ДК мүшелерін ДК құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдер үшін жауапкершіліктен босатпайды.».

27. 3-тараудың 3.3-параграфының 3.3.1.3-тармағы алып тасталсын.

28. 3-тараудың 3.3-параграфының 3.3.2.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.3.2.1. Комитеттер ДК мүшелерінен және, қажет болған жағдайда (Аудит жөніндегі комитетті қоспағанда) – белгілі бір Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.».

29. 3-тараудың 3.3-параграфының 3.3.2.7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.3.2.7. Комитеттердің төрағалары Комитеттердің қызметі туралы есептер дайындайды және бөлек отырыста ДК-ге бір жылдағы қызметтің қорытындылары туралы есеп береді, сондай-ақ ДК-нің әрбір отырысында (сырттай отырыстарды қоспағанда), егер оның алдында Комитеттердің отырыстары болса, осы отырыстардың қорытындылары, Комитеттер алдын ала қараған мәселелер және Комитеттердің органдарға, құрылымдық бөлімшелерге және Қоғам қызметкерлеріне берілетін тапсырмалары туралы баяндайды (бұл ретте Ереженің

6.6.6-тармағының және 6.6.7-тармағының 4) тармақшасының талаптары қолданылады).».

30. 4-тараудың 4.1-параграфы 4.1.1-тармағының 13) тармақшасындағы «кірісу» деген сөз «енгізу» деген сөзбен ауыстырылсын.

31. 4-тараудың 4.1-параграфы 4.1.1-тармағының 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«15) Қоғамның Басқармасына және (немесе) лауазымды адамдарына, ДК-ге есеп беретін Қызметтерге, олардың басшыларына, Басқарма төрағасына тікелей бағынатын құрылымдық бөлімшелердің басшыларына берілетін тапсырмаларды ДК шешіміне енгізуді талап етуге;».

32. 5-тараудың 5.2-параграфының 5.2.1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) Қоғам құжаттарында белгіленген ДК отырыстарын дайындау және өткізу жөніндегі рәсімдерді сақтауға;».

33. 5-тараудың 5.2-параграфы 5.2.1-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) ДК-нің іштей отырыстарына қатысуға, ал тікелей өзі қатыса алмаған жағдайда – Ережеге сәйкес Конференц-байланыс немесе Жазбаша пікір арқылы қатысуға;».

34. 5-тараудың 5.2-параграфы 5.2.1-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Қоғамның ішкі құжаттарына немесе ДК шешімдеріне сәйкес өз біліктілігін арттыруға, оның ішінде жыл сайын корпоративтік хатшыға өзінің кәсіби дамуы жөнінде ұсыныстар беруге;».

35. 5-тараудың 5.2-параграфы 5.2.1-тармағының 20) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«20) АЖЖ-ға қатысуға, АЖЖ, ДК төрағасының талап етуі бойынша, жеке және құпия ақпараттан басқа, ДК құзыретіне кіретін мәселелер шегінде кез келген ақпаратты ұсынуға;».

36. 5-тараудың 5.2-параграфы мынадай мазмұндағы 5.2.2-тармақпен толықтырылсын:

«5.2.2. Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, мүдделілік бар мәмілелерді жасасу, Басқарма құрамына кандидаттар ұсыну, Басқарма мүшелеріне сыйақы белгілеу) талқылауға белсенді қатысуы тиіс.».

37. 5-тараудың 5.3-параграфы мынадай мазмұндағы 5.3.13-тармақпен толықтырылсын:

«5.3.13. ДК, оның комитеттері мен ДК мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу процесі, мерзімдері мен тәртібі ДК бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарында, оның ішінде ДК төрағасы мен мүшелері үшін бағалау жүргізу бойынша оқытуды көздейтін құжаттарда нақты регламенттелуге тиіс.».

38. 6-тараудың 6.1-параграфының 6.1.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.1.1. ДК жыл сайын күнтізбелік жыл басталғанға дейін өз жұмыс жоспарын қалыптастырады және бекітеді, онда ДК және Қоғам қызметін мұқият жоспарлау, ұтымдылық, тиімділік және жүйелілік қағидаттары негізге алына

отырып, қарауға жоспарланған мәселелердің тізбесі мен күндері көрсетіле отырып, отырыстарды өткізу кестесі қамтылады.».

39. 6-тараудың 6.1-параграфының 6.1.7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.1.7. ДК мүшелері ДК немесе оның Комитеттерінің отырысына видеоконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланыс (ДК мүшелерінің «телефон кеңесі» режимінде бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, пікір алмасуға, берілген дауысты растауға және дауыс беруді нақты уақыт режимінде қорытындылауға мүмкіндік беретін өзге де интерактивті байланыс құралдары (бұдан әрі және жоғарыда бірге алғанда – **Конференц-байланыс**) арқылы қатыса алады.

Конференц-байланыс электрондық пошта арқылы хабар алмасуды қамтиды.».

40. 6-тараудың 6.1-параграфы мынадай мазмұндағы 6.1.7-1-тармақпен толықтырылсын:

«6.1.7-1. Электрондық пошта арқылы хабар алмасу арқылы дауыс беру кезінде мынадай шарттар орындалуы керек:

1) дауыс беру корпоративтік хатшы ДК мүшелеріне жіберетін хабарламада көрсетілген күн мен уақытқа дейін жүзеге асырылады, одан кейін ДК мүшелерінің алынатын дауыстары есепке алынбайды;

2) ДК мүшесі дауыс беру үшін электрондық пошта арқылы үш дауыс беру нұсқасының: «Жақтап дауыс беру»/ «Қарсы дауыс беру»/ «Қалыс қалу») бірін көрсете отырып (әйтпесе дауыс есепке алынбайды), ДК отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша ДК мүшесінің нақты айқындалған ұстанымын қамтитын хабарлама жібереді;

3) корпоративтік хатшы осы тармақта белгіленген талаптарға сай электрондық пошта арқылы ДК мүшесінен алған алғашқы хабарламаның күні мен уақыты ДК отырысының ашылу уақыты болып табылады.».

41. 6-тараудың 6.1-параграфының 6.1.9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.1.9. Ерекше жағдайларда ДК отырысының екі нысаны біріктірілуі мүмкін. Бұл ДК-нің бір немесе бірнеше мүшесі (30% [отыз пайыздан] аспайтын) ДК отырысына тікелей өзі қатыса алмайтын немесе Конференц-байланыс арқылы қатыса алмайтын жағдайда болады. Бұл жағдайда отырыс іштей болып саналады. Бұл ретте, ДК-нің қатыспаған мүшесі, егер ол ДК отырысы басталғанға дейін алдын ала корпоративтік хатшыға өзінің дауыс беру нәтижелерін және осындай отырыстың күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша пікірін жазбаша (бұдан әрі және жоғарыда – **Жазбаша пікір**) берген болса, ДК отырысына қатысқан болып есептеледі. Бұл ретте Жазбаша пікірлердің алынуын корпоративтік хатшы әрбір Жазбаша пікірдің алынған күні мен уақытын көрсете отырып тіркейді.».

42. 6-тараудың 6.2-параграфының 6.2.3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.2.3. Корпоративтік хатшы белгіленген тәртіппен корпоративтік хатшыға берілген материалдар пакеті негізінде Ереженің 6.5.2-тармағына сәйкес ДК отырысының күн тәртібін қалыптастырады.».

43. 6-тараудың 6.2-параграфының 6.2.4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.2.4. ДК отырысының күн тәртібі күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардың толық пакетімен бірге келісу үшін ДК төрағасына ұсынылады.».

44. 6-тараудың 6.2-параграфының 6.2.6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.2.6. ДК отырысын шақырудың бастамашысы белгіленген тәртіппен қалыптастырылған материалдар пакеті негізінде ДК отырысын шақыру туралы талапты (бұдан әрі – **Шақыру туралы талап**) қалыптастырады.

Белгіленген тәртіппен қалыптастырылған материалдарды қоса бере отырып, ДК отырысын шақыру туралы талапқа Заңға және Қоғамның жарғысына сәйкес осындай құқығы бар бастамашы қол қояды және белгіленген тәртіппен ДК төрағасы мен корпоративтік хатшыға беріледі.».

45. 6-тараудың 6.3-параграфының 6.3.3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.3.3. ДК отырысын өткізу туралы хабарламаны, сондай-ақ оған қоса берілетін қажетті материалдарды корпоративтік хатшы ДК мүшелеріне жазбаша нысанда немесе ДК мүшелерімен келісім бойынша олар үшін ыңғайлы өзге де тәсілмен (оның ішінде пошта, факсимиль, электрондық немесе өзге де байланыс тәсілдері арқылы), Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларды қоспағанда, отырыс өткізілетін күнге дейін 7 (жеті) күнтізбелік күн мерзімнен кешіктірмей (ал сырттай дауыс беру кезінде – сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдау аяқталған күнге дейін) жібереді. ДК және оның Комитеттерінің отырыстарына материалдарды Қоғам ДК мүшелеріне арнайы бағдарламалық және аппараттық жасақтама базасында қашықтан қауіпсіз қатынау арқылы ұсынады.

ДК отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша ірі акционерден алынған ескертулерді ескере отырып не ДК-нің тиісті Комитетінің қарау нәтижелері бойынша ДК мүшелеріне материалдар беру үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін, пысықталған материалдар оларды алынуына қарай ДК мүшелеріне ұсынылады және міндетті түрде ДК отырысының өзінде тікелей қаралады.

ДК отырыстарының күн тәртібі мәселелері бойынша ірі акционердің түсініктемелерін (олар болған кезде) корпоративтік хатшы ДК-нің тиісті Комитеттері осы мәселелерді қарауына дейін ДК мүшелеріне ұсынады.».

46. 6-тараудың 6.3-параграфының 6.3.4-тармағындағы «жіберілетін» деген сөз «ұсынылатын» деген сөзбен ауыстырылсын.

47. 6-тараудың 6.3-параграфының 6.3.13-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.3.13. Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын активтер (егер қолданылса), мәміленің мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәлімет, бағалаушының есебі (егер мәміле нәтижесінде Қоғам активтерінің баланстық құны мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынса

не иеліктен шығарылса), сондай-ақ болған жағдайда мәміле туралы өзге де мәлімет болуға тиіс.

Басқарма Директорлар кеңесіне болжамды мәмілелер мен инвестициялар туралы ақпараттың алдын ала (кемінде 30 [отыз] күнтізбелік күн бұрын) берілуін қамтамасыз етеді. Яғни, егер мәселені ДК-нің белгілі бір кезекті отырысына шешім қабылдау үшін енгізу жоспарланса, онда мұндай мәселе туралы ақпарат міндетті түрде ДК-нің алдыңғы отырысына мәлімет үшін енгізіледі.».

48. 6-тараудың 6.3-параграфының 6.3.15-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.3.15. Қажетті материалдар Ережеде, Жарғыда және (немесе) Қоғамның ішкі құжаттарында көрсетілген мерзімге қарай ұсынылмаған және (немесе) тиісті түрде ұсынылмаған жағдайда, мәселе отырыстың күн тәртібіне енгізілмейді және мұндай мәселеге Ереженің 6.5.7-тармағының талаптары қолданылады. Бұл ретте, егер мәселеге ДК мүшесі бастамашылық жасаған болса, осы тармақтың ережелері қолданылмайды.

49. 6-тараудың 6.5-параграфының 6.5.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.5.2. ДК отырысының күн тәртібін корпоративтік хатшы қалыптастырады және оны ДК-нің жыл сайынғы жұмыс жоспары, ДК төрағасының немесе Басқарманың бастамалары негізінде не ҚР заңнамасына және Қоғамның жарғысына сәйкес осындай құқыққа ие органдардың (адамдардың) талабы (ұсынысы, хабарламасы) бойынша ДК төрағасы келіседі. Бұл ретте корпоративтік хатшы міндетті түрде ДК отырысының күн тәртібінің жобасын қалыптастыру кезінде тиісті жылға арналған ДК бекітілген жұмыс жоспарында мәселенің бар немесе жоқ екенін көрсетеді. Егер мәселе ДК-нің тиісті жылға арналған жұмыс жоспарында көзделген болса, бірақ материалдар ұсынылмай, мәселе ДК-нің тиісті отырысының күн тәртібіне енгізілмеген жағдайда, корпоративтік хатшы жауапты адамдардан себебін сұратады және Директорлар кеңесі мен Басқарма тиісті шаралар қабылдау үшін ДК отырысының күн тәртібінде көрсетеді.

ДК отырыстарының күн тәртібін қалыптастыру және келісу осы үшін белгіленген талаптар мен мерзімдердің қатаң сақталуы ескеріле отырып жүзеге асырылады.».

50. 6-тараудың 6.5-параграфының 6.5.3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.5.3. Күн тәртібін бекіту ДК отырысының басында ДК отырысына қатысатын және ДК отырысына Конференц-байланыс арқылы қатысатын ДК мүшелерінің көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау кезінде күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.».

51. 6-тараудың 6.5-параграфының 6.5.7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.5.7. Күн тәртібіне мәселелер мерзімдері бұзылып енгізілген жағдайда, ДК төрағасына ДК-нің алдағы отырысының күн тәртібіне қосымша мәселені енгізу қажеттілігі егжей-тегжейлі түсіндіріліп, Басқарма төрағасының не оны алмастыратын адамның қолы қойылып, өтінішхат беріледі. Бұл процесс ДК бекіткен Қоғамның ішкі құжатында толығырақ сипатталуы мүмкін.

ДК отырыстарына материалдарды уақтылы ұсынбаудың және ДК қарауына мәселелерді уақтылы енгізбеудің барлық жағдайлары туралы корпоративтік хатшы ДК-нің жоспарлы отырыстарында орындаушының (орындаушылардың) материалдарын ұсынуға жауапты адам(дар)ды және оның (-олардың) тікелей басшысын (басшыларын) көрсете отырып, Ереженің 6.11.1-тармағына сәйкес ДК мен Басқарма төрағасын Қоғам менеджментінің ДК-мен өзара іс-қимыл тәртібі ақпарат құрамында хабардар етеді.

Басқарма төрағасы корпоративтік хатшыдан ДК отырыстарына материалдардың уақтылы ұсынылмау жағдайлары туралы ақпарат алу нәтижелері бойынша ДК және оның Комитеттерінің отырыстарына материалдар ұсыну бөлігінде орындаушылық тәртіпті арттыру жөнінде шаралар қабылдайды және нәтижелері бойынша күн тәртібінің жекелеген мәселесімен ДК-нің келесі жоспарлы отырысына тиісті ақпарат береді.».

52. 6-тараудың 6.6-параграфының 6.6.2.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.6.2.2. Қоғам Жарғысының 106-тармағының 1), 7), 9), 10-17), 26-37), 46-47), 49-50)-тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша ДК отырысын өткізуге арналған кворум ДК мүшелерінің үштен екісін құрайды, бұл ретте ДК отырысына тәуелсіз директорлардың көпшілігі қатысуға тиіс.

Егер ДК мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдыңғы абзацында айқындалған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, көрсетілген мәселелерді қарау ДК-нің келесі отырысына ауыстырылады. Осы тармақтың алдыңғы абзацында көрсетілген мәселелерді қайта қарау кезінде кворумға және тәуелсіз директорлар санына қойылатын талаптар қолданылмайды.».

53. 6-тараудың 6.6-параграфының 6.6.2.3-тармағы алып тасталсын.

54. 6-тараудың 6.6-параграфының 6.6.4.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.6.4.1. Қоғамның Жарғысына сәйкес кворумға ерекше талап көзделетін отырыстың күн тәртібі мәселесі бойынша шешім қабылдау үшін кворум болмаған кезде, ДК мүшелерінің шешімі бойынша мұндай мәселе ДК осындай отырысының күн тәртібінен шығарылады не күн тәртібінде сақталып, қаралады, бірақ оның мәні бойынша шешім қабылданбайды.».

55. 6-тараудың 6.6-параграфының 6.6.6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.6.6. Егер ДК отырысы барысында ДК мүшесі ДК-ге Қоғамның Басқармасына және (немесе) лауазымды адамдарына, ДК-ге есеп беретін Қызметтерге және (немесе) олардың басшыларына, Басқарма төрағасына тікелей бағынатын құрылымдық бөлімшелердің басшыларына тапсырма беруді ұсынса, оның тұжырымдамасы мерзімдері, жауапты тұлғалары көрсетіле отырып, нақты болуға тиіс. Бұл ретте Ереженің 2.2-тармағын ескере отырып, мыналар тыңдалып, талқылануы тиіс:

1) Қоғам менеджментіне тапсырма берілген жағдайда – Басқарма төрағасының пікірі;

2) ДК-ге есеп беретін құрылымдық бөлімшелердің атына тапсырмалар болған жағдайда – осындай бөлімшелер басшыларының пікірі.

Тапсырма, егер оған ДК отырысына жеке өзі немесе Конференц-байланыс арқылы қатысқан ДК мүшелерінің көпшілігі дауыс берген жағдайда, ДК атынан беріледі және күн тәртібіндегі қаралып отырған мәселе бойынша ДК шешіміне енгізілуі тиіс.

Бұл ретте, егер қатысқандардың кейбірі Жазбаша пікір арқылы дауыс берсе, мұндай ДК отырысының хаттамасында олардың ДК отырысы барысында ұсынылған тапсырмаға дауыс бермегені көрсетіледі және осы ескеріле отырып, дауыс беру қорытындылары шығарылады.».

56. 6-тараудың 6.6-параграфы мынадай мазмұндағы 6.6.6-1-тармақпен толықтырылсын:

«6.6.6-1. Ірі акционер:

1) ДК отырыстарына жеке қатыса алады;
2) алдағы ДК отырыстары туралы хабарламалар мен ДК мәселелері бойынша материалдарды ДК отырысы өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 7 (жеті) күн бұрын ала алады;

3) ДК отырыстарында мынадай мәселелер бойынша өз ұстанымын (пікірін) корпоративтік хатшы арқылы ұсына алады:

а) Қоғамның дивидендтік саясатын алдын ала мақұлдау, есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін айқындау;

б) Қоғамға тиесілі барлық активтердің 10 (он) пайызынан асатын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруына немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығарылуы (шығуы) туралы шешім;

в) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы ақпарат;

г) Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы;

д) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;

е) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

ж) Қоғамның үлестес тұлғаларының тендерлерге (конкурстарға) қатысуы кезінде міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге берілетін жайлық хаттар мен кепілдіктерді қоспағанда, Қоғам міндеттемелерінің мөлшерін (сомасын) айқындау мүмкін болмаған жағдайда, үшінші тұлғалардың міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге Қоғамның кепілдік беруі;

4) ДК отырысы жабылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде танысу үшін ДК отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған ДК шешімдерін және (немесе) хаттамадан үзінді көшірмелерді және корпоративтік хатшының қолымен куәландырылған шешімдерді ала алады.

Корпоративтік хатшы ДК отырысында ДК отырысының хаттамаларында ірі акционердің ұстанымын (пікірін) белгілей отырып, ДК отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша ірі акционерден алынған ұстанымды (пікірді) (толық

көлемде, бірыңғай мәнінде, мағынасын бұрмаламай) ұсынуға міндетті. ДК осы тармақта көрсетілген мәселелер бойынша ірі акционердің позициясы туралы алынған ақпаратты ескере отырып шешім қабылдайды.».

57. 6-тараудың 6.6-параграфы 6.6.7-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ДК мүшесінің немесе шақырылған адамның күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз сөйлеуі, бұл ретте енгізуге Басқарма бастамашы болған мәселе бойынша баяндаманы Басқарманың жетекшілік ететін мүшесі және (немесе) жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы ұсынуға тиіс;».

58. 6-тараудың 6.6-параграфы 6.6.7-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) күн тәртібі мәселесі бойынша шешімнің тұжырымдасы бойынша ұсыныстар, оның ішінде ДК мүшелері ұсынатын түсініктемелер мен тапсырмаларды егжей-тегжейлі айту;».

59. 6-тараудың 6.8-параграфының 6.8.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.8.2. ДК шешімдері, егер ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, қатысқан ДК мүшелерінің (Қоғам Жарғысында көзделген жағдайларды қоспағанда) жай көпшілік даусымен қабылданады.».

60. 6-тараудың 6.9-параграфының 6.9.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.9.1. Іштей тәртіппен өткізілген отырыста қабылданған ДК шешімдері талқылау қорытындылары мен қабылданған шешімдер толық көлемде көрсетіле отырып, хаттамамен ресімделеді. ДК отырысының хаттамасын ресімдеу Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне, Ережеге, Жарғыға және (немесе) Қоғамның қолданылатын өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.».

61. 6-тараудың 6.9-параграфының 6.9.6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.9.6. Егер ДК мүшесі ДК қарауына шығарылған мәселе бойынша дауыс беруде «қалыс қалса», ДК отырысының хаттамасында (сырттай дауыс беру шешімінде) осындай дауыс берудің тиісті себебі көрсетіледі.».

62. 6-тараудың 6.9-параграфының 6.9.8-тармағы алып тасталсын.

63. 6-тараудың 6.11-параграфының 6.11.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.11.1. ДК шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалуы және (немесе) орындалу барысы туралы Басқарманың, ДК комитеттері төрағаларының, Ішкі аудит қызметінің, ДК-ге есеп беретін құрылымдық бөлімшелердің, корпоративтік хатшының есептерін қарау арқылы ДК өз шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады, егер Директорлар кеңесі өзгеше мерзім белгілемесе, мұндай есептер ДК-нің әрбір отырысына ұсынылады.

ДК шешімдерінің орындалу мәртебесі туралы ақпаратты (мысалы, мәміле жасасу, еншілес тәуелді ұйымның (бұдан әрі – ЕТҰ) жарғылық капиталын толықтыру, ЕТҰ Жарғысын өзгерту және т.б.) ДК жартыжылдықта 1 (бір) рет қарайды.

ДК тапсырмаларының орындалу мәртебесі туралы ақпаратты ДК ай сайын қарайды.

ДК шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалу мәртебесі туралы ақпарат ДК отырысының күн тәртібінің жекелеген мәселесімен енгізіледі.

ДК қарау барысында ДК шешімдерінің/ тапсырмаларының Директорлар кеңесі белгілеген мерзімде орындалмау фактілері анықталған кезде жауапты тұлғалар (Басқарма төрағасы және (немесе) ДК төрағасы) тиісті шаралар қабылдайды және ДК-нің келесі отырысына қабылданған шаралар туралы тиісті ақпарат береді.

Егер шаралар қабылданбаса немесе ақпарат берілмесе, корпоративтік хатшы бұл туралы ДК-ге хабарлайды.

Тоқсан сайын ДК шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалу мәртебесі және (немесе) орындалу барысы туралы мәселенің құрамында Директорлар кеңесі Қоғам менеджментінің ДК-мен өзара іс-қимыл тәртібі туралы ақпаратты қарайды.».

64. 6-тараудың 6.11-параграфының 6.11.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.11.2. Корпоративтік хатшы қабылданған шешімдер мен тиісті тапсырмаларды Басқарма төрағасының, Басқарманың жауапты мүшелерінің, ДК-ге есеп беретін Қызметтердің және жауапты құрылымдық бөлімшелердің назарына жеткізеді және ДК шешімдерінің орындалуының бақылау мерзімдері туралы ДК-ге хабарлайды.

Басқармаға жолданған ДК шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалуына Басқарма төрағасы жауап береді, ол мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) ДК шешімдерін/ тапсырмаларын орындауға жауаптыларды тағайындау;
- 2) ДК шешімдерін/ тапсырмаларын жауапты тұлғалардың назарына жеткізу;
- 3) ДК шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалуын бақылау (орындау мерзімдерін қоса алғанда);

- 4) Директорлар кеңесіне және (немесе) Корпоративтік хатшыға ДК шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалуы туралы ақпарат беру.

ДК шешімдерін/ тапсырмаларын орындау мерзімдері ДК отырысы өткізілген күннен бастап есептеледі. Егер ДК отырысында нақты шешімді/ тапсырманы орындау мерзімі аталса, шешім қабылданған/ мерзімін көрсете отырып тапсырма берілген қатысушы(лар) ДК хаттамасынан үзінді көшірменің түсуін күтпей, ДК отырысынан кейін бірден ДК шешімін/ тапсырмасын орындауға кірісуге міндетті. ДК хаттамалық шешімдерінің/ тапсырмаларының уақтылы және сапалы орындалуы үшін тапсырма берілген орындаушылар мен қызметтің тиісті бағытына жетекшілік ететін басшылар (Басқарма төрағасына тікелей бағынатындары) дербес жауапты болады.».

65. № 1 қосымшаның барлық мәтіні бойынша «Нұр-Сұлтан» сөзі «Астана» сөзімен ауыстырылсын.

66. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – **Қоғам**) атынан Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы негізінде және Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне (_____ 20__ ж. №__ хаттама) сәйкес әрекет ететін Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы _____, бір жағынан, және Қоғам

акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне (_____ 20__ ж. №__ хаттама) сәйкес Қоғамның тәуелсіз директоры (бұдан әрі – **Директор**) болып сайланған _____мырза, _____азаматы, _____ берілген төлқұжат №_____, екінші жағынан, бұдан әрі бірге алғанда Тараптар, ал жеке-жеке алғанда Тарап немесе жоғарыда көрсетілгендей аталып, төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі – **Шарт**) жасасты:».

67. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 1-тарауының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Шарт бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына (бұдан әрі – **заңнама**), Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғам директорының Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Қоғамның директорға сыйақы төлеу міндеті және осы Шартқа және Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес міндеттерін орындаумен байланысты шығыстарды өтеу міндеті белгіленеді.».

68. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 2-тарауы 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қоғамның Жарғысында, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерінде, Қоғамның ішкі құжаттарында және осы Шартта көзделген тәртіппен Қоғамнан сыйақы алуға, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқарумен байланысты шығыстардың өтемақысын алуға;».

69. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 2-тарауы 3-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) заңнамаға сәйкес мемлекеттік құпия болып табылатын ақпаратты қоспағанда, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерімен, Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларымен және шешімдерімен, Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттері отырыстарының хаттамаларымен, аудиторлық қорытындылармен танысуға;».

70. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 3-тарауы 6-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) шешімдер заңнамаға, Қоғамның Жарғысына сәйкес келген және Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі бойынша акционерлердің және/немесе Қоғамның мүдделеріне қайшы келмеген жағдайда, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерін, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға;».

71. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 3-тарауы 6-тармағының 5) тармақшасындағы «жалпы» деген сөз «жалпы» деген сөзбен ауыстырылсын.

72. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 3-тарауы 6-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының/ Директорлар кеңесі төрағасының талап етуі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер шегінде жеке және құпия ақпараттан басқа кез келген ақпаратты беруге;».

73. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 3-тарауының 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Директор Қоғамға өзінің деректерін (электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген Директорға қатысты мәліметтерді), соның ішінде деректерді жазбаша немесе электрондық құжат нысанында не заңнамаға қайшы келмейтін қорғау іс-қимылдарының элементтерін қолдана отырып жинауға және өңдеуге келісім береді.».

74. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 4-тарауы 8-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Шартты бұзу сәтіне дейін төленбеген барлық шығыстар мен өтемақылар Директордың жұмыс кезеңіне барабар төленетінін ескере отырып, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда, осы Шартты кез келген уақытта мерзімінен бұрын бұзуға;».

75. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 5-тарауы 9-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы Шартта көзделген сыйақыны Директорға уақтылы және толық көлемде төлеуге, сондай-ақ осы Шарттың талаптарында және Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының өзге де шешімдерінің талаптарында Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындаумен байланысты шығыстарды өтеуге;».

76. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 5-тарауы 9-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) сайланған күнінен бастап және Қоғамның қаражаты есебінен тиісті сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Директордың жауапкершілігін сақтандыруға, сондай-ақ заңнамада, жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға;».

77. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 6-тарауы 10-тармағының бірінші абзацындағы «барлық дауыс беретін акцияларды иеленетін акционердің» деген сөздер «Акционерлердің жалпы жиналысының» деген сөздермен ауыстырылсын.

78. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 6-тарауының 11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Қоғам Директорға Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына және Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы және/немесе «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы бастамашылық жасаған,

Директордың тұрақты тұрғылықты жерінен тыс өткізілетін кеңестерге шығуына байланысты мынадай шығыстарды өтейді:

1) жол жүру ақысы (бизнес-класс авиабилеттерінің құнынан жоғары емес мөлшерде), оның ішінде трансфер (такси);

2) қонақүйде тұру (нақты шығындар бойынша, «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары Директорлар кеңесінің мүшелері үшін айқындалған тиістілік нормаларына сәйкес, оның ішінде брондау бойынша шығыстар);

3) тәулікақы (Қоғамның ішкі құжатында белгіленген Қоғамның Басқарма төрағасына арналған іссапар шығыстарын өтеу нормалары шегінде);

5) Қазақстан Республикасында сканерлеу, ксерокөшірме жасау, факс, құжаттарды басып шығару, теру, Қазақстан Республикасында интернет желісіне қатынау қызметтері;

6) курьерлік және пошта қызметінің қызметтері.

Жол жүру, оның ішінде трансфер (такси) бойынша, сканерлеу, ксерокөшірме жасау, факс, құжаттарды басып шығару, теру, Қазақстан Республикасында интернет желісіне қатынау қызметтері бойынша, курьерлік қызметтер мен почта қызметі бойынша шығыстарды өтеуді Қоғам растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда нақты шығыстар бойынша жүргізеді. Тек құжатталған шығындар ғана өтелуге жатады.

Қонақүйде тұру шығыстарын өтеу нақты шығындар бойынша, бірақ растайтын құжаттарды ұсынған кезде люкс класы бойынша бір орындық нөмір құнынан аспайтын мөлшерде, оның ішінде брондау шығыстары бойынша жүргізіледі.

Қоғам шығыстарды өтеуді Директор растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда жүргізеді.».

79. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 6-тарауының 13-тармағындағы «барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші тұлға» деген сөздер «Акционерлердің жалпы жиналысы» деген сөздермен ауыстырылсын.

80. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 6-тарауының 14-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Директордың өкілеттігі оның немқұрайлылығы салдарынан, оны тағайындау талаптары мен осы Шарттың бұзылуы салдарынан тоқтатылса немесе Қоғамды және(немесе) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын қасақана адастыруын (алдауын) немесе саналы түрде өз міндеттерін елемеу фактісін дәлелдейтін акт болса, онда мұндай жағдайларда Директор оқиға болғанға (осы факт туралы белгілі болғанға) дейінгі және/немесе өкілеттігін тоқтату мерзіміне дейін жұмыс істеген кезеңі үшін төлемдер алады.».

81. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 7-тарауының 16-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе сот органдарында жауапкершіліктің өзге негіздері мен мөлшері белгіленбесе, Директор Директордың кінәлі әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) Қоғамға

келтірілген зиян мен залал үшін, оның ішінде ол осы Шарттың 6-тармағы 15) тармақшасының талаптарын бұзған кезде, Қоғам алдында жауапты болады.».

82. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 8-тарауының 19-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Шарт Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Директорды сайлау туралы шешім қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және Директордың өкілеттігі тоқтатылған күнге дейін қолданылады.».

83. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 8-тарауының 20-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Қоғамның кез келген уақытта, негіздер бойынша немесе негіздерсіз Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Директормен жасалған Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқығы бар.».

84. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 8-тарауының 22-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Осы Шарттың қолданылуы тоқтатылатын күн мына күндердің ертерек болатыны: (1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттіктері тоқтатылған күн (2) Директордың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылданған күн (немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімінде айқындалған күн), немесе (3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің Директордан өз өкілеттіктерін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату туралы хабарлама алған күні (немесе хабарламада айқындалған күн).».

85. №1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың 10-тарауында «Кристофер Джон Уолтон» деген сөздер алып тасталсын.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
акционерлерінің жылдық жалпы
жиналысының 2025 жылғы
«__» мамырдағы №_____
шешімінің жобасына қосымша

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы» мәселе бойынша
түсіндірме жазба

Астана қаласы

«__» _____ 2025 жыл

1. Мақсаты мен міндеті

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – **Қоғам, ҚМГ**) Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

2. Экономикалық әсері

Қарастырылмаған.

3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Заңының (бұдан әрі – **АҚ туралы Заң**) 35-бабы 2 тармағын, 36-бабы 1-тармағының 18) тармақшасын, Қоғамының Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2\2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген, Қоғамының Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Жарғысының (бұдан әрі – **Қоғамының Жарғысы**) 12-бабы 98-тармағының 10) тармақшасын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның 2022 жылғы 2 желтоқсандағы шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – **Қор**) Басқарма отырысының №66/22 хаттамасы, №5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің (бұдан әрі – **АЖЖ туралы ереже**) 7-тарауының 32-тармағының 22) және 25) тармақшаларын, ҚМГ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2\2023 хаттама, №6 мәселе) бекітілген, ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 6 қарашадағы шешімімен (№5/2023 хаттама, №2 мәселе) енгізілген өзгерістермен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің (бұдан әрі – **ДК туралы ереже**) 7-тарауының 7.4-тармағына сәйкес, ДК туралы ережені және ҚМГ Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – **ДК**) мүшелерімен жасалған үлгілік шартты бекіту Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатады.

Қолданыстағы ДК туралы ереже Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2\2023 хаттама, №6 мәселе) бекітілді және Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының (бұдан әрі – **АЖЖ**) 2023 жылғы 6 қарашадағы шешімімен (№5/2023 хаттама, №2 мәселе) Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер енгізілді.

Сонымен қатар, ДК туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап ететін келесі факторлар пайда болды:

I. Жылдық АЖЖ-ның 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №4 мәселе) Қоғамының корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – **Кодекс**) бекітілді. Осыған байланысты ұсынылып отырған өзгерістер мен толықтырулар ДК туралы ережені Кодекске сәйкес келтіруге бағытталған.

II. ДК-нің 2024 жылғы 5 маусымдағы шешімімен (№14/2024 хаттама, №6 мәселе [1-тармақ]) ДК Тағайындау және сыйақылар комитетінің атауында «сыйақылар» деген сөз «сыйақы» деген сөзбен ауыстырылды.

ДК-нің 2025 жылғы 11 ақпандағы шешімімен (№1/2025 хаттама, №6 мәселе) аға тәуелсіз директор сайланды және ҚМГ корпоративтік хатшысына белгіленген тәртіппен ДК туралы ережеге аға тәуелсіз директордың функцияларын енгізу шараларын қабылдау тапсырылды.

ДК-нің 2024 жылғы 20 желтоқсандағы шешімімен (№25/2024 хаттама, №4 мәселе [4-тармақ]) ҚМГ Басқармасы мен ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшелеріне 2025 жылғы 31 шілдеге дейінгі мерзімде белгіленген тәртіппен ҚМГ ішкі құжаттарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде, оның ішінде ДК-нің келесі тапсырмаларына сәйкес шаралар қабылдау тапсырылды:

1) 2021 жылғы 4 қарашадағы (№18/2021 хаттама, №1 мәселе): «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік хатшысы Д.В. Шарипов «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау кезінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне материалдар ұсыну үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін «Самұрық-Қазына» АҚ-дан алынған ескертулер ескеріліп пысықталған отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынбасын – мұндай материалдарды «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің отырысында қарау қажет (тиісті өзгерісті «ДК жұмысының регламенті» туралы 6-тараудың «ДК мүшелерін ДК отырысын шақыру және өткізу туралы хабардар ету» туралы 6.3-параграфының 6.3.3-тармағына енгізу ұсынылады);

2) 2022 жылғы 6 сәуірдегі (№6/2022 хаттама, №15 мәселе): «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы ұсынылатын мәмілелер мен инвестициялар туралы ақпаратты алдын ала (1(бір) ай бұрын) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне ұсынуды қамтамасыз етсін. Яғни, егер мәселені «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің белгілі бір кезекті отырысына шешім қабылдау үшін енгізу жоспарланса, онда мұндай мәселе туралы ақпарат «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің алдыңғы отырысына мәлімет үшін енгізіледі.» (тиісті өзгерісті «ДК жұмысының регламенті» туралы 6-тараудың «ДК мүшелерін ДК отырысын шақыру және өткізу туралы хабардар ету» туралы 6.3-параграфының 6.3.13- тармағына енгізу ұсынылады);

3) 2022 жылғы 6 сәуірдегі (№6/2022 хаттама, №18 мәселе): «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібін қалыптастыру процесін қатаңдатсын, оның ішінде белгіленген талаптар мен мерзімдерді қатаң сақтасын. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік хатшысы Д.В. Шарипов «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарына ай сайынғы негізде материалдарды уақытылы ұсынбаудың барлық жағдайлары туралы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының төрағасын жасаушы орындаушы мен департамент директоры деңгейіндегі тікелей басшысын көрсете отырып хабардар етсін. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік хатшысынан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдардың уақытылы ұсынылмау жағдайлары туралы ақпарат алу нәтижелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарына материалдар ұсыну бөлігінде атқарушылық тәртіпті арттыру шараларын қабылдасын және нәтижелері бойынша тиісті ақпаратты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне берсін.» (тиісті өзгерісті «ДК жұмысының регламенті» туралы 6-тараудың «ДК отырысының күн тәртібі» туралы 6.5-параграфының 6.5.2 және 6.5.7-тармақтарына енгізу ұсынылады);

4) 2022 жылғы 15 маусымдағы (№11/2022 хаттама, №10 мәселе): «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің немесе оның комитеттерінің отырыстарында күн тәртібінің мәселелері бойынша баяндаманы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлерінің ұсынуын қамтамасыз етсін.» (тиісті өзгерісті «ДК жұмысының регламенті» туралы 6-тараудың «ДК отырыстарының регламенті» туралы 6.6-параграфының 6.6.7-тармағына енгізу ұсынылады);

5) 2024 жылғы 15 шілдедегі (№15/2024 хаттама, №9 мәселе): «Самұрық-Қазына» АҚ Мұнай-газ активтері департаментінің директоры И.Ф. Коротков «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің «ҚазМұнайГаз» АҚ Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібі мәселелері бойынша комментарийлерін/қорытындыларын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің тиісті комитеттері оларды қарағанға дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсыну үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік хатшысы Д.В. Шариповке жіберсін.» (тиісті өзгерісті «ДК жұмысының регламенті» туралы 6-тараудың «ДК мүшелерін ДК отырысын шақыру және өткізу туралы хабардар ету» туралы 6.3-параграфының 6.3.3-тармағына енгізу ұсынылады).

III. ҚМГ атына Қордың 2025 жылғы 14 наурыздағы №04-1-09/1500 хаты (бұдан әрі – **Қордың хаты) келіп түсті, онда ҚМГ-ге мынадай талаптар бар: «Қор ҚМГ Директорлар кеңесінің отырыстарында Ұлттық Банктің:**

- ҚМГ-нің дивидендтік саясатын алдын ала мақұлдау, ҚМГ-нің есепті қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және ҚМГ-нің бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін айқындау;

- ҚМГ-нің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не ҚМГ-ге тиесілі барлық активтердің жиынтықта кем дегенде 10% (он пайызын) құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы өзге де заңды тұлғаларды иеліктен шығаруы, олардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім;

- акцияларды орналастыру (өткізу), оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы;
- ҚМГ-нің орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы;
- ҚМГ қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- ҚМГ-нің міндеттемелерін оның жеке капиталы мөлшерінің 25% (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
- ҚМГ-нің үлестес тұлғалары тендерлерге (конкурстарға) қатысқан кезде, комфорт хаттары мен кепілдіктерді қоспағанда, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге берілетін ҚМГ міндеттемелерінің мөлшерін (сомасын) белгілеу мүмкін болмаған жағдайда, үшінші тұлғалардың міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге ҚМГ-нің кепілдік беруі туралы мәселелер бойынша ұстанымын (пікірін) ҚМГ Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы арқылы білдіруге міндеттенеді.

Осыған байланысты, Қор ҚМГ мен ҚМГ корпоративтік хатшысының жсоғарыда аталған мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен мыналарды орындау:

1) ҚМГ Жарғысы мен «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ұлттық Банкке ҚМГ Директорлар кеңесінің алдағы отырыстары туралы Ұлттық Банкке жазбаша түрде хабарлау және Директорлар кеңесінің мәселелері бойынша материалдарды отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 7 күн бұрын Ұлттық Банкке беру;

2) жиналыс (отырыс) жабылғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке акционерлер жиналыстары және (немесе) директорлар кеңесі отырыстары хаттамаларының көшірмелерін ұсыну;

3) ҚМГ Директорлар кеңесі отырысының хаттамаларында Ұлттық Банктің ұстанымын (пікірін) белгілеп, ҚМГ Директорлар кеңесінің отырыстарында күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Ұлттық Банктің ұстанымын (пікірін) (толық көлемде, бірімәнді, мағынасын бұрмаламай) білдіру қажеттілігін хабарлайды.».

АҚ туралы заңға сәйкес акционердің құқықтары АҚ туралы заңмен және Қоғамның Жарғысымен айқындалады, бірақ Хатта акционердің құқықтары ретінде көрсетілгеннен ештеңе де АҚ туралы заң мен Қоғамның Жарғысында бекітілмеген, Хатта көрсетілгенді ДК туралы ережеде ірі акционердің мүмкіндіктері ретінде жазу ұсынылады. Оның ішінде, ДК мен оның комитеттерінің шешімдері, олар бойынша талқылаулар ДК-нің 2018 жылғы 31 мамырдағы шешімімен (№7/2018 хаттама, №22 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың тізбесіне кіретінін назарға ала отырып, ДК отырыстары хаттамаларының/шешімдерінің көшірмелерін алу мүмкіндігін АҚ туралы заңның 58-бабының 6-тармағына сүйене отырып баяндау ұсынылады: «Директорлар кеңесінің хатшысы директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімдердің

қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолтаңбасымен куәландырылған үзінді көшірмелерін беруге міндетті.».

Қордың жоғарыда көрсетілген хатын орындау мақсатында ДК туралы ережені ДК туралы Ереженің «ДК жұмысының регламенті» туралы 6-тарауының «ДК отырыстарының регламенті» 6.6-параграфына тиісті толықтыру енгізу арқылы өзектендіру қажеттілігі туындады.

IV. Сондай-ақ ДК туралы ережеге нақтылаушы және редакциялық сипаттағы өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады, оның ішінде:

1) қажет болған жағдайда, ДК үшін бұрын қабылдаған шешімдерін түзету және (немесе) күші жойылды деп тану, сондай-ақ олардың шешімдерінің қолданылу мерзімін ұзарту мүмкіндігін белгілейтін «Мақсаттары, міндеттері мен функциялары» туралы 2-тараудың 2.5-1-тармағымен толықтыру;

2) «ДК жұмысының регламенті» туралы 6-тараудың «ДК отырыстарын жоспарлы тәртіппен өткізу» туралы 6.1-параграфының 6.1.9-тармағынан «ДК жұмысының регламенті» туралы 6-тараудың «ДК отырысының күн тәртібі» туралы 6.5-параграфының 6.5.4, 6.5.6, 6.5.8-тармақтарына қайшы келетініне байланысты аралас нысанда өткізілетін отырыстың күн тәртібін өзгертуге жол берілмейтіндігін алып тастау;

3) ДК тапсырмалар бере алатын органдар, құрылымдық бөлімшелер, тұлғалар шеңберін кеңейту мақсатында, оның ішінде 2025 жылғы 14 сәуір бастап қолданысқа енгізілетін ҚМГ орталық аппаратының жаңартылған құрылымын назарға ала отырып, «Құқықтар» туралы 4-тараудың «ДК мүшесінің құқықтары» туралы 4.1-параграфының 4.1.1-тармағының 15) тармақшасын және «ДК жұмысының регламенті» туралы 6-тараудың «ДК отырыстарының регламенті» туралы 6.6-параграфының 6.6.6-тармағын ДК-ге есеп беретін қызметтермен, олардың басшыларымен, ҚМГ Басқармасының төрағасына тікелей бағынысты құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен толықтыру

V. Жоғарыда көрсетілгеннен басқа, ДК туралы ережеге «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен ШАРТ» туралы №1 қосымшаға нақтылау және редакциялық сипаттағы өзгерістер енгізу ұсынылады, оның ішінде:

1) ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысы ҚМГ-нің жоғары органы болып табылатындығына байланысты «барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлға» деген сөздерді мәтіннен алып тастау;

2) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен шарттың оны Қор қағидаларымен корреляциялауды жақсарту мақсатында тұруға арналған шығыстарды өтеуге қатысты «Директорға төленетін сыйақы және өтемақы» туралы 6-тарауының 11-тармағының 2) тармақшасын өзгерту.

2025 жылғы 10 – 11 сәуірде Қоғамның Директорлар кеңесі (№6/2025 хаттама, №2 мәселе) 2025 жылғы 29 мамырда Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдады, күн тәртібіндегі мәселелердің бірі – ДК туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселе.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде осы мәселе бойынша шешімнің жобасына ұсынылған қосымшаға сәйкес Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

АҚ туралы Заңының 36-бабының 2-тармағына және 50-бабының 1-тармағына, Қоғам Жарғысының 11-бабының 91-тармағына және 12-бабының 99-тармағына, АЖЖ туралы ереженің 16-тарауы 79-тармағының сәйкес аталған мәселе бойынша шешім қабылдау үшін дауыс беруге қатысатын ҚМГ дауыс беретін акцияларының жалпы санынан жай көпшілік дауыс қажет және дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

Шығарылатын мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді/сәйкес келеді.

5. Шешім қабылданған және қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдар

Осы мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

Осы мәселе бойынша шешім қабылдамау ДК туралы ереженің кейбір ережелерінің Кодекстің нормаларына сәйкес келмеу қаупіне, сондай-ақ СД мен Қордың тиісті нұсқауларын орындамауға әкеп соғады.

ДК туралы ереже – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2/2023 хаттама, №6 мәселе) бекітілген, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 6 қарашадағы шешімімен (№5/2023 хаттама, №2 мәселе) өзгерістер енгізілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге (бұдан әрі – Ереже) өзгерістер мен толықтырулардың салыстырмалы кестесі

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
1	«Жалпы ережелер» деген 1-тараудың 1.3-тармағы	1.3. ДК Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты және Қоғамның алқалы атқарушы органының (бұдан әрі – Басқарма) қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына (бұдан әрі АЖЖ деп аталады) есеп беретін Қоғамның басқару органы болып табылады. ДК шешімдері Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінде және Ережеде айқындалған тәртіппен қабылданады.	1.3. ДК Қоғамның қызметіне жалпы (стратегиялық) басшылықты және Қоғамның алқалы атқарушы органының (бұдан әрі – Басқарма) қызметін бақылауды, сондай-ақ Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін енгізуді қамтамасыз ететін, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына (бұдан әрі АЖЖ деп аталады) есеп беретін Қоғамның басқару органы болып табылады. ДК шешімдері Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінде және Ережеде айқындалған тәртіппен қабылданады.	Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 58-тармағы: «58. Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін, ұйымға стратегиялық басшылық жасауды және атқарушы органның қызметін бақылауды, сондай-ақ осы Кодекстің барлық ережелерін енгізуді қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады.»
2	«Жалпы ережелер» деген 1-тараудың 1.4-тармағы	1.4. ДК өз қызметінде ҚР заңнамасын, оның ішінде «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңын (бұдан әрі – Заң) және «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңын (бұдан әрі –Қор), Қоғамның Жарғысын, Ережесін, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын, сондай-ақ Қоғамға қолданылатын Қордың құжаттарын басшылыққа алады.	1.4. ДК өз қызметінде ҚР заңнамасын, оның ішінде «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңын (бұдан әрі – Заң) және «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңын (бұдан әрі – Қор), Қоғамның акциялары айналысқа түсетін Биржалардың: Astana International Exchange (AIX) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) талаптарын, Қоғамның Жарғысын, Ережесін, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын, сондай-ақ Қоғамға қолданылатын Қордың құжаттарын басшылыққа алады.	Қоғам ұстануға тиісті талаптар.
3	«Жалпы ережелер» деген 1-тараудың 1.5-тармағы	1.5. ДК Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыру үшін АЖЖ алдында жауап береді. Өз құзыреті шеңберінде қабылданған АЖЖ шешімдері ДК үшін міндетті болып табылады. ДК жыл сайын Қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізу арқылы өткен жылдың қорытындылары бойынша атқарылған жұмыс туралы есепті ұсыну арқылы АЖЖ-ға өз қызметі туралы есеп береді.	1.5. ДК Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыру үшін АЖЖ алдында жауап береді. Өз құзыреті шеңберінде қабылданған АЖЖ шешімдері ДК үшін міндетті болып табылады. ДК-нің және оның комитеттерінің есепті кезеңдегі қызметінің қорытындылары, ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуі және орнықты дамуы бойынша ДК қабылдаған шаралар, тәуекелдің негізгі факторлары, елеулі оқиғалар, қаралған мәселелер, отырыстар саны, отырыстар нысаны, отырысқа қатысу саны көрсетілген өткен жыл қорытындылары бойынша атқарылған жұмыс туралы есепті ұсыну, сондай-ақ басқа да маңызды ақпаратты Қоғамның жылдық есебіне қосу арқылы ДК жыл сайын АЖЖ алдында өз қызметі туралы есеп береді. Сондай-ақ ДК Қоғамның жылдық есебінің құрамына тиісті есепті енгізу арқылы АЖЖ алдында Қоғамның Корпоративтік басқару кодексі нормаларының сақталуы туралы жыл сайын есеп береді.	Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 62-тармағы: «62. Директорлар кеңесі акционерлерге ұйым қызметінің нәтижелері үшін есеп береді. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында (тыңдауда) Директорлар кеңесінің төрағасы акционерлерге (қатысушыларға) Директорлар кеңесінің есепті кезеңдегі қызметінің қорытындылары, Директорлар кеңесінің ұйымның ұзақ мерзімді құны мен орнықты дамуы бойынша қабылдаған шаралары, негізгі тәуекел факторлары, елеулі оқиғалар, қаралған мәселелер, отырыстардың саны, отырыстардың нысаны, қатысу, сондай-ақ басқа да маңызды ақпарат көрсетілетін есебін ұсынады – Директорлар кеңесінің есебі ұйымның жылдық есебінің құрамына енгізіледі. Директорлар кеңесі жыл сайын акционерлер алдында осы Кодекстің нормаларының сақталуы туралы есеп береді.»
4	«Жалпы ережелер» деген 1-тараудың 1.7-тармағы	1.7. ДК мен Басқарма ұзақ мерзімді құнның өсуін және Қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етуі тиіс.	1.7. ДК мен Басқарма Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ орнықты даму саласында тиісті жүйенің қалыптасуын және оның енгізілуін	Корпоративтік басқару кодексінің 6-тарауының 144-тармағы: «144. ...

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
			қамтамасыз етуге тиіс. ДК Қоғамда орнықты даму саласындағы жүйенің енгізілуіне стратегиялық басшылықты және бақылауды жүзеге асырады.	Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңесі мен атқарушы органы орнықты даму саласында тиісті жүйені қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді. ... Директорлар кеңесі орнықты даму саласындағы жүйенің енгізілуіне стратегиялық басшылықты және бақылауды жүзеге асырады. Атқарушы орган тиісті жоспар қалыптастырады және оны Директорлар кеңесінің қарауына енгізеді.».
5	«Жалпы ережелер» деген 1-тараудың 1.9-тармағы	Жок.	1.9. ДК мүшелері өз функционалдық міндеттерін орындайды және өз қызметінде мынадай қағидаттарды ұстанады: 1) өз өкілеттігі шегінде әрекет ету; 2) ДК-нің, оның Комитеттерінің отырыстарына қатысу үшін және оларға дайындалу үшін жеткілікті уақыт бөлу; 3) Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына ықпал ету; 4) іскерлік әдептің жоғары стандарттарын сақтау; 5) мүдделер қақтығысына жол бермеу; 6) тиісті шеберлікпен әрекет ету.	Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 60-тармағы: «60. Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін тиісті түрде орындайды, ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуін және орнықты дамуын қамтамасыз етеді. Ұйымның директорлар кеңесі акционерлерге есеп береді. Бұл есеп беру акционерлердің жалпы жиналысының төтігі арқылы жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мүшелері өз функционалдық міндеттерін орындайды және өз қызметінде мынадай қағидаттарды ұстанады: 1) өз өкілеттіктері шегінде әрекет ету – Директорлар кеңесінің мүшелері Жарғыда бекітілген шешімдер қабылдайды және өз өкілеттіктері шегінде әрекет етеді; 2) Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің отырыстарына қатысу және оларға дайындалу үшін жеткілікті уақыт бөлу – Директорлар кеңесі мүшесінің төрт заңды тұлғадан артық ұйымның Директорлар кеңесі мүшесі лауазымын бір мезгілде атқаруына жол берілмейді, Директорлар кеңесінің төрағасы лауазымын бір мезгілде екі заңды тұлғада ғана атқаруға жол беріледі (Директорлар кеңесі мүшесінің өзге заңды тұлғаларда лауазымдар атқаруына Директорлар кеңесінің мақұлдауын алғаннан кейін жол беріледі); 3) Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына ықпал ету – Директорлар кеңесінің мүшелері барлық акционерлерге әділ көзқарасты және орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, ұйымның мүддесінде әрекет етеді; Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімдері мен іс-қимылдарының әсерін мынадай сұрақтар арқылы анықтауға болады: шешімнің/іс-қимылдың ұзақ мерзімді кезеңде салдары қандай; ұйым қызметінің қоғамға және қоршаған ортаға әсері қандай; барлық акционерлерге әділ көзқарас қамтамасыз етіле ме; ұйымның беделіне және іскерлік этиканың жоғары стандарттарына ықпалы; мүдделі тараптардың

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
				мүдделеріне ықпалы (осы сұрақтар тізбесі – қажетті сұрақтардың ең азы, бірақ толық емес); 4) іскерлік әдептің жоғары стандарттарын қолдау – Директорлар кеңесінің мүшелері өз іс-әрекеттерінде, шешімдерінде және мінез-құлқында іскерлік әдептің жоғары стандарттарына сай болады және қор мен ұйым қызметкерлері үшін үлгі болады; 5) мүдделер қақтығысына жол бермеу – Директорлар кеңесінің мүшесі оның жеке мүдделілігі оның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін тиісінше орындауына әсер етуі мүмкін жағдайлардың туындауына жол бермейді; шешімдерді бейтарап қабылдауға әсер ететін немесе ықтимал әсер ететін мүдделер қақтығыстары бар жағдайлар туындаған жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшелері бұл туралы Директорлар кеңесінің төрағасын алдын ала хабардар етеді және мұндай шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатыспайды; бұл талап Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін тиісінше орындауға тікелей немесе жанама әсер ететін Директорлар кеңесі мүшесінің басқа да іс-қимылдарына қатысты қолданылады (мысалы, Директорлар кеңесі мүшесінің басқа заңды тұлғалардың қызметіне қатысуы, серіктестер мен бәсекелестерден акцияларды/қатысу үлестерін және өзге де мүлікті сатып алу, ақпарат пен мүмкіндіктер қолжетімділік); б) тиісті парасаттылықпен, іскерлікпен және ұқыптылықпен әрекет ету – Директорлар кеңесінің мүшелеріне заңнама, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, қаржы және аудит, орнықты даму сияқты бағыттарды, саланы және ұйым қызметінің ерекшелігін білуді қоса алғанда, Директорлар кеңесінің құзыреттерін және Директорлар кеңесі мен Комитеттердегі өз міндеттерін орындау бөлігінде өз білімдерін тұрақты негізде арттырып отыру ұсынылады; ұйым қызметінің өзекті мәселелерін түсіну мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелері ұйымның негізгі объектілеріне үнемі барып тұрады және қызметкерлермен кездесулер өткізеді.»
6	1-1-тарау. «Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінде»	Жоқ.	1-1. ДК тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінде 1-1.1. ДК Баскармамен бірлесіп Қоғамда тәуекелдерді тиісінше басқару мәдениетінің енгізілуін қамтамасыз етеді. 1-1.2. ДК осы жүйенің міндеттеріне сүйене отырып және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ең жақсы тәжірибелерді ескере отырып, тәуекелдерді	Корпоративтік басқару кодексінің 6-тарауының 134-тармағы: «134. ... Директорлар кеңесі мен атқарушы орган Қорда және ұйымдарда тәуекелдерді тиісінше басқару мәдениетінің енгізілуін қамтамасыз етеді. Қорда және ұйымдарда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін енгізудің және оның жұмыс

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
			басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың принциптері мен тәсілдерін айқындайды. 1-1.3. ДК тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы жұмыстың үздік практикаларына Қоғамның бейілділігін көрсететін ішкі құжаттарды бекітеді. 1-1.4. ДК тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарды бекіту кезінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелерін регламенттейтін Қор қабылдаған құжаттарды басшылыққа алады. 1-1.5. ДК негізгі тәуекелдер, оларды Қоғамның стратегиясы мен бизнес-жоспарларына әсері тұрғысынан талдау туралы үнемі ақпарат алып отырады және қолданыстағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі оны ұйымдастырудың ДК белгілеген белгілі бір принциптері мен тәсілдеріне сәйкес келетініне және тиімді жұмыс істейтініне көз жеткізу үшін тиісті шаралар қабылдайды. ДК тоқсанына кемінде 1 (бір) рет Қоғамның тәуекелдер жөніндегі есептерін тиісті түрде толық көлемде қарап, талқылайды. 1-1.6. ДК Аудит жөніндегі комитетпен бірлесіп тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізуге жауапты болады. ДК оған Ішкі аудит қызметі немесе сыртқы сарапшы, Аудит жөніндегі комитет және Басқарма жеткізген ақпарат пен кепілдіктерді тиісті түрде және мұқият талдағаннан кейін жүйенің тиімділігі жөнінде өз пікірін қалыптастырады. 1-1.7. ДК Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдастырылуы, жұмыс істеуі және тиімділігі мәселелерін тұрақты негізде қарайды және қажет болған жағдайда оны жақсарту бойынша ұсынымдар береді.	істеуінің үздік тәжірибелерге негізделген нақты нормативтік базасы болуы тиіс.». Корпоративтік басқару кодексінің 6-тарауының 135-тармағы: <i>«135. Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңесі осы жүйенің міндеттеріне сүйене отырып және Қордың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ең жақсы тәжірибелері мен әдіснамасын ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың принциптері мен тәсілдерін айқындайды. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын, компанияның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы жұмыстың үздік практикаларына (COSO ішкі бақылау жүйесін құрудың интеграцияланған тұжырымдамасы, Трэдвэй (The Committee of Sponsoring Organizations of the Treadway Commission) комиссиясының Демеушілік ұйымдары комитетінің «Ұйымдардың тәуекелдерін басқару. Интеграцияланған модель» тұжырымдамасы (COSO), ИСО 31000 «Тәуекел менеджменті. Принциптер мен басшылық нұсқаулар» халықаралық стандарты, ИСО 31010 «Тәуекел менеджменті. Тәуекелдерді бағалау әдістері» халықаралық стандарты және т.б.) бейілділігін танытатын ішкі құжаттарды бекітеді.»</i> Корпоративтік басқару кодексінің 6-тарауының 136-тармағы: <i>«136. ... Ұйымдардың Директорлар кеңестері тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарды бекіту кезінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелерін реттейтін қор қабылдаған нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.»</i> Корпоративтік басқару кодексінің 6-тарауының 143-тармағы: <i>«143. Тәуекелдер туралы ақпарат басқарушылық есептіліктің ажырамас бөлігі болуы керек. Директорлар кеңесі мен атқарушы орган Компанияның стратегиясы мен бизнес-жоспарларына әсері тұрғысынан негізгі тәуекелдер, оларды талдау туралы үнемі ақпарат алып отыруы керек.</i>

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
				<i>Тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы шоғырландырылған есептерді бекіту Директорлар кеңесіне бекітілді.»</i> Корпоративтік басқару кодексінің 6-тарауының 147-тармағы: <i>«147. Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың қолданыстағы жүйесі Директорлар кеңесі айқындаған оны ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдеріне сәйкес келетініне және тиімді жұмыс істейтініне көз жеткізу үшін тиісті шаралар қабылдауы қажет. Тәуекелдер бойынша есептер Директорлар кеңесінің отырыстарына тоқсанына кемінде бір рет шығарылып, тиісті түрде толық көлемде талқылануы тиіс.»</i> Корпоративтік басқару кодексінің 6-тарауының 148-тармағы: <i>«148. Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитетпен бірлесіп тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізуге жауапты болады, оның назарына ішкі аудит бөлімшесі немесе сыртқы сарапшы, аудит жөніндегі комитет және атқарушы орган жеткізген ақпарат пен кепілдіктерді тиісті және мұқият талдағаннан кейін оның тиімділігі туралы өз пікірін қалыптастырады.»</i> Корпоративтік басқару кодексінің 6-тарауының 149-тармағы: <i>«149. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдастырылуы, жұмыс істеуі және тиімділігі мәселелерін тұрақты негізде қарауы және қажет болған жағдайда оны жақсарту жөнінде ұсыныстар беруі тиіс.»</i>
7	«Мақсаттар, міндеттер және функциялар» деген 2-тараудың 2.1-тармағы	2.1. ДК айрықша құзыретіне ҚР заңнамасында, Қоғам Жарғысында және Ережеде көзделген мәселелер жатады.	2.1. ДК айрықша құзыретіне ҚР заңнамасында, Қоғам Жарғысында және Ережеде көзделген мәселелер жатады. Сонымен қатар ДК мынадай мәселелерді қарастырады (қоса алғанда, бірақ аталғандармен шектелмей): 1) ДК және оның комитеттері отырыстарының кестесі, ДК жұмыс жоспары; 2) Қоғам қызметіндегі негізгі өзгерістер туралы Басқарма төрағасының есептері;	ДК-нің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарының 4, 25, 27, 33, 34, 35, 36, 37, 40, 46, 48, 49, 62, 65, 66, 67, 69, 70, 71, 74, 79, 87, 88, 89, 91, 92, 93, 94, 95, 98, 103, 104, 106, 107, 108, 109, 110, 111-тармақтарына сәйкес. Негіздемесі мыналар: 1) Ереженің 6.1.1-тармағы: «6.1.1 ДК жыл сайын Директорлар кеңесі мен Қоғамның қызметін мұқият жоспарлау, ұтымдылық, тиімділік және жүйелілік қағидаттарын негізге ала отырып, өз жұмысының жоспары мен отырыстарды өткізу кестесін қалыптастырып, бекітеді.»; 2) ДК отырыстарына материалдарды дайындау және енгізу қағидаларының 5-тарауы 5.7-параграфының 5.7.1-тармағы: «5.7.1. ҚМГ Басқарма төрағасы ай

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
			3) Қоғамның негізгі (оның ішінде қаржылық) тәуекелдері туралы есептер (оларды бекіту мақсатында); 4) Қоғам компаниялары тобындағы өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар туралы есептер; 5) мемлекеттік стратегиядағы немесе саясаттағы өзгерістер туралы ақпарат; 6) Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының инвестициялық жобаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу және талдау нәтижелері туралы есептер; 7) Басқарма шешім қабылдаған жасалуына мүдделілік бар жасалған мәмілелер туралы есептер; 8) Қоғамның компаниялар тобының киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстар туралы есептер;	сайын ҚМГ қызметіндегі негізгі өзгерістер жөнінде ДК үшін CEO есебін дайындайды.»; 3) Корпоративтік басқару кодексінің 6-тарауының 143-тармағы: «143. Тәуекелдер туралы ақпарат басқарушылық есептіліктің ажырамас бөлігі болуы керек. Директорлар кеңесі мен атқарушы орган Компанияның стратегиясы мен бизнес-жоспарларына әсері тұрғысынан негізгі тәуекелдер, оларды талдау туралы үнемі ақпарат алып отыруы керек. Тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы шоғырландырылған есептерді бекіту Директорлар кеңесіне бекітілді.»; 4) 06.04.2022ж. ДК шешімі (№6/2022 хаттама, №5 мәселе): «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитетінің отырыстарында өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар туралы есептер қаралсын.»; 5) 08.04.2021ж. ДК шешімі (№5/2021 хаттама, №18 мәселе): «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы жарты жылдық негізде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесін мемлекеттік стратегиядағы немесе саясаттағы өзгерістер туралы хабардар етсін.»; 6) 30.03.2017ж. ДК шешімдері (№4/2017 хаттама, №6 мәселе [2-тармақ]): «1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобының инвестициялық жобаларын іске асыру мәртебесі туралы ақпарат назарға алынсын. 2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы осы ақпаратты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің қарауына жартыжылдықта 1 рет енгізсін.»; 7) 05.07.2024ж. ДК шешімдері (№15/2024 хаттама, №14 мәселе [2-тармақ]): «2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы кейіннен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шешімдерін есепті тоқсанда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы қабылдаған, жасалуына мүдделілік бар жасалған мәмілелер туралы есепті есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдан кешіктірмей енгізсін.»; 8) 06.04.2022ж. ДК шешімі (№6/2022 хаттама, №4 мәселе): «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының активтеріне жасалған кибер-шабуылдар жөнінде дереу хабардар етсін.»;

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
			9) Қоғам компаниялары тобының әлемде бар және кен орындарында пайдаланылатын өндіру технологиялары, сондай-ақ Қоғам тобы компанияларының көмірсутектерді өндіру технологияларының жаңартуы мен жетілдіруі туралы ақпарат; 10) ҚР Үкіметінің қаулыларымен бекітілген жоспарлардың Қоғамның орындау мәртебесі туралы ақпарат; 11) Қоғам тобы компанияларының қаржылық мәртебесі және осы компаниялардың Қоғам тобының мұнай өндіруші компанияларына қаржыландыру алу және төлемдерді жүзеге асыру қабілеті туралы ақпарат;	9) 17.09.2024ж. ДҚ шешімі (№20/2024 хаттама, №20 мәселе): «2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы: 1) жыл сайын, белгіленген тәртіппен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кен орындарында пайдалану мүмкіндіктерін көрсете отырып, өндірудің жаңа технологияларына егжей-тегжейлі шолу беріп отырсын;»; 05.06.2024ж. ДҚ шешімі (№14/2024 хаттама, №3 мәселе): «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы белгіленген тәртіппен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кен орындарында пайдалану мүмкіндіктерін көрсете отырып, өндірудің жаңа технологияларына егжей-тегжейлі шолуды берсін.»; 10.04.2024ж. ДҚ шешімі (№7/2024 хаттама, №11 мәселе): «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы белгіленген тәртіппен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне мынадай ақпаратты ұсынсын: а) көмірсутектерді өндіру технологияларына шолу; б) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да осы шешімге қосымшаның 2-слайдында оң жақ шекті бағанда көрсетілген 12 басым кен орнында (бұдан әрі – басым к/о) қандай проблемалар бар; в) көмірсутектерді өндіру технологияларын жетілдіру үшін әлемдік жетекші мұнай-газ компаниялары ұқсас кен орындарында қандай әдістерді қолданады; г) «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС басым к/о қатысты қандай инновациялық шешімдерді пысықтауда.»; 10) 07.02.2024ж. ДҚ шешімі (№1/2024 хаттама, №27 мәселе): «4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі №589 қаулысымен бекітілген Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының 36-тармағын орындау мәселесін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің қарауына тұрақты (тоқсан сайынғы негізде) шығаруды қамтамасыз етсін.»; 11) 03.05.2022ж. ДҚ шешімі (№7/2022 хаттама, №17 мәселе): «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы KMG International N.V. қаржылық жағдайын бақылауды жалғастырсын және белгіленген тәртіппен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне ақпарат беріп отырсын.»;

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
			12) ДК жыл сайынғы отырысының стратегия (стратегиялық сессия) бойынша мәселелері; 13) ДК жыл сайынғы отырысының орнықты даму бойынша мәселелері; 14) Қоғамның корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары (оларды бекіту мақсатында) және олардың орындалу мәртебесі туралы ақпаратты қарау; 15) ДК-ге есеп беретін құрылымдық бөлімшелердің қызметі туралы есептер;	05.07.2024ж. ДК шешімі (№15/2024 хаттама, №13 мәселе): «2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы белгіленген тәртіппен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне мыналарды ұсынсын: 1) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметіндегі негізгі өзгерістер туралы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының есебі шеңберінде – KMG International N.V. және KazMunayGas Trading AG қаржылық мәртебесі бойынша жалпы көрсеткіштер мен сыни өзгерістер – осы компаниялардың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобының мұнай өндіруші компанияларына қаржыландыру алу және төлемдерді жүзеге асыру қабілеті; 2) тоқсан сайынғы негізде жеке – жылдық жоспар, жоспар-факт – өткен жылмен салыстыру, жоспар-факт – ауытқу және бір жылға арналған бағалау көрсетілген ақпарат (жоспарға/фактіге сәйкес келетін жылға барлық кестелер мен түсініктемелер нақтылана отырып).»; 12) Қордың КБ диагностикалау әдістемесінің I бөлімі 1-тарауының 1.9 және 1.10-тармақтары: «1.9. Компанияның стратегиясын жылына кемінде бір рет талдайды. 1.10. Жылына кемінде бір рет атқарушы органмен стратегиялық мақсаттарды сыни бағалауға және талқылауға арналған арнайы отырыс өткізеді»; 13) Қордың КБ диагностикалау әдістемесінің III бөлімі 2-тарауының 1.8-тармағы: «1.8. Директорлар кеңесі жылына кемінде бір рет атқарушы органмен орнықты даму нұсқаларын сыни бағалау және талқылау үшін арнайы сессия өткізеді.»; 14) ҚМГ Жарғысының 13-бабы 107-тармағының 3) тармақшасы: «107. Директорлар кеңесі: 3) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.»; 15) КХ туралы ереженің 4-тарауы 19-тармағының 4) тармақшасы: «19. Қоғамда корпоративтік саясатты тиімді іске асыру. Бұл міндетті орындау үшін Корпоративтік хатшы мынадай функцияларды орындайды: 4) Директорлар кеңесі белгілеген мерзімдер мен тәртіппен Директорлар кеңесі алдында өз қызметі туралы есепті дайындау;»; Комплаенс қызметі туралы ереженің 8-тарауының 8.1-тармағы: «8.1. Қызмет өз қызметінің нәтижелері туралы ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
			16) Басқармаға, Басқарма төрағасына, Қоғам қызметкерлеріне тапсырмалар.	мен ҚМГ Директорлар кеңесінің алдында мерзімді негізде есеп береді.»; ІАҚ туралы ереженің 12-тарауының 54-тармағы: «54. ҚМГ Директорлар кеңесі Қызметтің жұмысы туралы есептерді қарап, ҚМГ Директорлар кеңесінің белгіленген жұмыс регламентіне сәйкес шешімдер қабылдайды.»; Омбудсмен қызметі туралы ереженің 2-тарауы 2.2-тармағының 6) тармақшасы: «2.2. Қызметтің функциялары: 6) ҚМГ Директорлар кеңесіне тұрақты жылдық есептілікті дайындауды қамтамасыз ету;»; 16) 13.11.2024ж. ДК шешімдері (№22/2024 хаттама, №5 мәселе): «1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі шешімдерінің / тапсырмаларының орындалуы туралы есеп назарға алынсын. 2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ алқалы органдарына, қызметкерлері мен құрылымдық бөлімшелеріне тапсырмалар тек «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарында және оның атынан берілсін.».
8	«Мақсаттар, міндеттер және функциялар» деген 2-тараудың 2.2-тармағы	2.2. ДК-нің Қоғамды басқару және Басқарма қызметін бақылау үшін жеткілікті өкілеттіктері бөлуі тиіс.	2.2. ДК-нің Қоғамды басқару және Басқарма қызметін бақылау үшін жеткілікті өкілеттіктері, оның ішінде тапсырмалар беру өкілеттіктері бар. Қоғамның органдары мен қызметкерлеріне арналған тапсырмалар ДК атынан ДК отырыстарында ғана беріледі, бұл ретте олардың өзектілігіне, орындала алатынына, орындау үшін белгіленген мерзімдердің шынайылығына негізделуі тиіс, ол үшін мыналарды ескеру қажет: 1) Қоғам менеджментіне тапсырма берілген жағдайда – Басқарма төрағасының пікірі; 2) ДК-ге есеп беретін құрылымдық бөлімшелердің атына тапсырмалар болған жағдайда – осындай бөлімшелер басшыларының пікірі.	13.11.2024ж. мынадай ДК шешіміне (№22/2024 хаттама, №5 мәселе) сәйкес: «2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ алқалы органдарына, қызметкерлері мен құрылымдық бөлімшелеріне тапсырмалар тек «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарында және оның атынан берілсін. 3. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Е.К. Бердіғұлов, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары: А.С. Жұбаев, Ф.М. Холланд, А. А. Аргынгазин, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік хатшысы Д.В. Шәріпов белгіленген тәртіппен осы шешімді орындау жөнінде шаралар қабылдасын.». Корпоративтік хатшы үшін ағымдағы тәжірибелер мен тәуекелдерді ескере отырып, сондай-ақ қолда бар хаттамалық тәжірибені заңдастыру үшін толықтырулар енгізу ұсынылады.
9	«Мақсаттар, міндеттер және функциялар» деген 2-тараудың 2.3-тармағының 1) тармақшасы	2.3. ДК өз функцияларын Қоғамның Жарғысына сәйкес орындайды және мынадай мәселелерге ерекше назар аударады: 1) Қоғамның даму стратегиясын (бағыттар мен нәтижелерді) айқындау;	2.3. ДК өз функцияларын Қоғамның Жарғысына сәйкес орындайды және мынадай мәселелерге ерекше назар аударады: 1) Қоғамның даму стратегиясын/жоспарын және ESG (Environmental, Social, Governance – экологиялық, әлеуметтік, корпоративтік басқару) мақсаттарын (бағыттары мен нәтижелерін) интеграциялауды айқындау;	Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 59-тармағы: «59. Директорлар кеңесінің ұйымды басқару және атқарушы органның қызметін бақылау үшін жеткілікті өкілеттіктері бар, Жарғыға сәйкес өз функцияларын орындайды және мынадай мәселелерге ерекше назар аударады:

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
10	«Мақсаттар, міндеттер және функциялар» деген 2-тараудың 2.3-тармағының 6) тармақшасы	2.3. ДК өз функцияларын Қоғамның Жарғысына сәйкес орындайды және мынадай мәселелерге ерекше назар аударады: 6) корпоративтік басқару және этика;	2.3. ДК өз функцияларын Қоғамның Жарғысына сәйкес орындайды және мынадай мәселелерге ерекше назар аударады: 6) корпоративтік басқару мен этика, іскерлік әдеп стандарттарын, болжамды бұзушылықтар туралы хабарламаның тиімді жүйесін енгізуді және сақтауды қамтамасыз етуге;	1) ESG мақсаттарын дамыту және интеграциялау жоспарын (бағыттар мен нәтижелер) айқындау; 2) іс-шаралар жоспарына қызметтің негізгі көрсеткіштерін қою және мониторинг жүргізу; 3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау; 4) Директорлар кеңесі құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды бекіту және тиімді іске асырылуына мониторинг жүргізу; 5) атқарушы орган басшысын және мүшелерін сайлау, сыйақы беру, сабақтастықты жоспарлау және қызметін қадағалау; 6) корпоративтік басқару және этика; 7) ұйымда осы кодекстің ережелерін және қордың корпоративтік стандарттарын сақтау.»
11	«Мақсаттар, міндеттер және функциялар» деген 2-тараудың 2.3-тармағының 7) тармақшасы	2.3. ДК өз функцияларын Қоғамның Жарғысына сәйкес орындайды және мынадай мәселелерге ерекше назар аударады: 7) трансформациялау;	2.3. ДК өз функцияларын Қоғамның Жарғысына сәйкес орындайды және мынадай мәселелерге ерекше назар аударады: 7) Алып тасталсын;	Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауы 60-тармағының 6) тармақшасы: «Директорлар кеңесінің мүшелері өз функционалдық міндеттерін орындайды және өз қызметінде мынадай қағидаттарды ұстанады: 6) тиісті парасаттылықпен, іскерлікпен және ұқыптылықпен әрекет ету – Директорлар кеңесінің мүшелеріне заңнама, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, қаржы және аудит, орнықты даму сияқты бағыттарды, саланы және ұйым қызметінің ерекшелігін білуді қоса алғанда, Директорлар кеңесінің құзыреттерін және Директорлар кеңесі мен Комитеттердегі өз міндеттерін орындау бөлігінде өз білімдерін тұрақты негізде арттырып отыру ұсынылады; ұйым қызметінің өзекті мәселелерін түсіну мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелері ұйымның негізгі объектілеріне үнемі барып тұрады және қызметкерлермен кездесулер өткізеді.»
12	«Мақсаттар, міндеттер және функциялар» деген 2-тараудың 2.3-тармағының 8) тармақшасы	2.3. ДК өз функцияларын Қоғамның Жарғысына сәйкес орындайды және мынадай мәселелерге ерекше назар аударады: 8) Қоғамда орнықты даму компоненттерін енгізу.	2.3. ДК өз функцияларын Қоғамның Жарғысына сәйкес орындайды және мынадай мәселелерге ерекше назар аударады: 8) Алып тасталсын;	Корпоративтік басқару кодексінің 6-тарауының 157-тармағы: «157. Қор іскерлік этика, омбудсмен қызметі, болжамды бұзушылықтар туралы хабарламаның тиімді жүйесі стандарттарын әзірлейді. Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңестері бұл стандарттарының енгізілуін және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.»
13	«Мақсаттар, міндеттер және функциялар» деген 2-тараудың 2.3-тармағының 9) тармақшасы	2.3. ДК өз функцияларын Қоғамның Жарғысына сәйкес орындайды және мынадай мәселелерге ерекше назар аударады: <i>Жоқ</i>	2.3. ДК өз функцияларын Қоғамның Жарғысына сәйкес орындайды және мынадай мәселелерге ерекше назар аударады: 9) Қоғамда Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің және Қордың корпоративтік стандарттарының ережелерін сақтау.	Корпоративтік басқару кодексінің 3-тарауының 30-тармағы:
14	«Мақсаттар, міндеттер және функциялар» деген 2-тараудың 2.3-тармағының он бірінші абзацы	<i>Жоқ</i>	Қоғам қызметінің өзекті мәселелерін түсіну мақсатында ДК мүшелері Қоғамның негізгі объектілеріне үнемі барып, қызметкерлермен кездесулер өткізеді.	
15	«Мақсаттар, міндеттер және функциялар» деген 2-тараудың 2.3-1-тармағы	<i>Жоқ.</i>	2.3-1. Қоғамның даму жоспарын әзірлеуге және іске асыруға байланысты мәселелер ДК айқындайтын кезеңділікпен, бірақ жылына кемінде 1 (бір) рет, ДК-нің ішкі отырыстарында ғана қаралады. ДК ішкі және	

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
			сыртқы нарық конъюктурасының өзгеруін, форс-мажор жағдайын ерте анықтау және оларға уақтылы ден қою жүйесін енгізеді.	«30. Қор ұйымдарындағы активтер портфелін және акциялар пакетін (қатысу үлестерін) басқару қордың даму жоспары шеңберінде айқындалады. Даму жоспарын әзірлеуге және іске асыруға байланысты мәселелер Директорлар кеңесі айқындайтын кезеңділікпен, бірақ жылына кемінде бір рет Директорлар кеңесінің іштей отырыстарында ғана қаралады. Директорлар кеңесі ішкі және сыртқы нарық конъюктурасының өзгеруін, форс-мажор жағдайын ерте анықтау және оларға уақтылы ден қою жүйесін енгізеді.»
16	«Мақсаттар, міндеттер және функциялар» деген 2-тараудың 2.5-1-тармағы	Жоқ.	2.5-1. ДК өзі қабылдаған шешімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, сондай-ақ қажет болған жағдайда өз шешімдерінің күші жойылды деп тануға, сондай-ақ қабылданатын шешімдерді ертерек немесе одан кейінгі күннен бастап қолдануға құқылы.	ДК үшін өзі қабылдаған шешімдерді түзету және (немесе) күші жойылды деп тану, сондай-ақ қажет болған жағдайда өз шешімдерінің қолданылу мүмкіндігін айқындау.
17	«Құрылым және құрам» деген 3-тараудың «ДК құрамы» деген 3.1-параграфының 3.1.2-тармағы	3.1.2. ДК мүшелерін және ДК төрағасын сайлау процесі Занда, Қоғамның Жарғысында және Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі ДК комитетін (бұдан әрі – ТжСК) ТжСК туралы ережеге сәйкес құзыреті шеңберінде ДК-нің және ДК құрамына кандидаттардың құрамын, қажетті дағдылары мен құзыреттерін айқындау ісіне тарту ұсынылады.	3.1.2. ДК мүшелерін және ДК төрағасын сайлау процесі Занда, Қоғамның Жарғысында және Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Тағайындаулар мен сыйақы жөніндегі ДК комитетін (бұдан әрі – ТжСК) ТжСК туралы ережеге сәйкес құзыреті шеңберінде ДК-нің және ДК құрамына кандидаттардың құрамын, қажетті дағдылары мен құзыреттерін айқындау ісіне тарту ұсынылады.	05.06.2024ж. мынадай ДК шешімі (№14/2024 хаттама, №6 мәселе [1-тармақ]) негіз болып табылады: «1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 25 маусымдағы шешімімен (№8/2014 хаттама, №3 мәселе) бекітілген, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 шілдедегі (№12/2016 хаттама, №15 мәселе), 2017 жылғы 30 қарашадағы (№16/2017 хаттама, №5 мәселе), 2018 жылғы 25 қаңтардағы (№1/2018 хаттама, №20в мәселе), 2024 жылғы 7 наурыздағы (№4/2024 хаттама, №9 мәселе) шешімдерімен толықтырулар енгізілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақы жөніндегі комитеті туралы ережеге (бұдан әрі – Ереже) мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін: 2) Ереженің атауында және «Жалпы ережелер» тарауының бірінші абзацында «сыйақылар» деген сөз «сыйақы» деген сөзбен ауыстырылсын.
18	«ДК құрылымы және құрамы» деген 3-тараудың «ДК құрамы» деген 3.1-параграфының 3.1.3-тармағы	3.1.3. Кандидаттарды іздеу және сайлау объективті критерийлер бойынша және ДК құрамының әртүрлі болу қажеттілігі ескеріле отырып жүргізіледі. Іздеу және іріктеу ДК-нің бүкіл құрамының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін жүзеге асырылуы тиіс.	3.1.3. Кандидаттарды іздеу және сайлау объективті критерийлер бойынша және ДК құрамының әртүрлі болу қажеттілігі ескеріле отырып жүргізіледі. Тәуелсіз директорларды іздеу және іріктеу процесі конкурстық негізде жүзеге асырылады. ДК құрамына кандидаттарды, оның ішінде тәуелсіз директорларды іздеу және іріктеу Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінде, Ережеде және Қоғамға қолданылатын Қордың тиісті құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Іздеу және іріктеу ДК-нің бүкіл құрамының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін жүзеге асырылуы тиіс.	Қордың КБК 5-тарауының 65-1 және 71-тармақтарына № 659 ҚР ҰҚ-ға сәйкес өзгерістер енгізілді: «65-1. Қордың, компаниялар мен ұйымдардың тәуелсіз директорларын іздеу және іріктеу процесі конкурстық негізде жүзеге асырылады. Қордың тәуелсіз директорларын іріктеу тәртібін Қордың Директорлар кеңесі бекітеді. Компаниялар мен ұйымдардың тәуелсіз директорларын іріктеу тәртібін Қор Басқармасы бекітеді. 71. ...Қордың Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарға қойылатын талаптар Қордың Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжатпен айқындалады. Компаниялар мен ұйымдардың

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
				<i>Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарға қойылатын талаптар Қордың Басқармасы бекітетін ішкі құжатпен айқындалады.»</i>
19	«Құрылым және құрам» деген 3-тараудың «ДК құрамы» деген 3.1-параграфының 3.1.5-тармағы	3.1.5. ДК мен оның Комитеттерінде барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас және орнықты даму қағидаттары ескеріле отырып, және Қоғам мүддесінде тәуелсіз, дәйекті және тиімді шешімдер қабылдануын қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімі сақталуы тиіс.	3.1.5. ДК құрамы теңгерімді болуы керек, бұл ДК мүшелерінің (акционерлердің өкілдері, тәуелсіз директорлар, атқарушы орган басшысының) үйлесімін білдіреді, ал ДК мен оның Комитеттерінде барлық акционерлерге әділ көзқарасты және орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, Қоғам мүддесі үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімі сақталуы тиіс.	Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 73-тармағы: <i>«73. Директорлар кеңесінің құрамы теңдестірілген, бұл Директорлар кеңесі мүшелерінің (акционерлер өкілдерінің, тәуелсіз директорлардың, атқарушы орган басшысының) ұйым мүддесінде және акционерлерге әділ көзқарасты ескере отырып шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін үйлесімін білдіреді.»</i>
20	«Құрылым және құрам» деген 3-тараудың «ДК құрамы» деген 3.1-параграфының 3.1.9-тармағы	3.1.9. ДК құрамы тәжірибесі, жеке мінездемелері және гендерлік құрамы бойынша әртүрлі болуын қамтамасыз ету қажет.	3.1.9. ДК құрамында ESG қағидаттарына сәйкес ұзақ мерзімді құнды арттыру үшін тәжірибесі, тұлғалық қасиеттері, жасы және гендерлік құрамы бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет.	Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 64-тармағы: <i>«64. Директорлар кеңесінің құрамында ESG қағидаттарына сәйкес ұзақ мерзімді құнды арттыру үшін тұлғалық қасиеттері, жасы және гендерлік құрамы бойынша жеткілікті әртүрлілікті қамтамасыз ету ұсынылады.»</i>
21	«ДК құрылымы және құрамы» деген 3-тараудың «ДК құрамы» деген 3.1-параграфының 3.1.11-тармағы	3.1.11. Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері ДК-ге сайлана алмайды. Басқарма төрағасы ДК төрағасы болып сайлана алмайды.	3.1.11. Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері ДК-ге сайлана алмайды. Басқарма төрағасы ДК төрағасы болып сайлана алмайды. Мынадай адам ДК мүшесі лауазымына сайланбайды: 1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар болса; 2) бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, атқарушы органының басшысы, басшының орынбасары, бас бухгалтері болған болса (көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін 5 (бес) жыл ішінде қолданылады); 3) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған болса.	Кордың КБК 5-тарауының 70-1-тармағына № 659 ҚР ҰК-ға сәйкес өзгерістер енгізілді: <i>«70-1. Мынадай адам ДК мүшесі лауазымына сайланбайды:</i> <i>1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар болса;</i> <i>2) бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, атқарушы органының басшысы, басшының орынбасары, бас бухгалтері болған болса (көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады);</i> <i>3) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған болса.»</i>
22	«Құрылым және құрам» деген 3-тараудың «ДК құрамы» деген 3.1-параграфының 3.1.15-тармағы	3.1.15. Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар ҚР заңнамасына және Қоғамның жарғысына сәйкес белгіленеді.	3.1.15. Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар ҚР заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес белгіленеді.	Корпоративтік басқару кодексінің 1-тарауы 3-тармағының 12) тармақшасы: <i>«12) тәуелсіз директор – осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы емес және оның Директорлар кеңесіне сайлануы алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған, осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға емес; осы</i>

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
				акционерлік қоғамның немесе ұйымның лауазымды тұлғаларына – осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына бағынысты емес және Директорлар кеңесіне сайлануы алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғаларға бағынысты болмаған; мемлекеттік қызметші емес; осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі емес және Директорлар кеңесіне сайлануы алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған; аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспайтын және Директорлар кеңесіне сайлануы алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де талаптарға сай келетін Директорлар кеңесінің мүшесі (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда);». Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 76-тармағы: «76. Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар сайланады. Тәуелсіз директор деп жекелеген акционерлердің, атқарушы органның және басқа да мүдделі тараптардың ықпалына тәуелді болмайтын және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар адам танылады.». Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 77-тармағы: «77. Тәуелсіз директордың тәуелсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін мынадай жағдайларды ескерген жөн: 1) соңғы үш жыл ішінде компанияның немесе топтың қызметкері ме немесе болған ба; 2) соңғы үш жыл ішінде компаниямен тікелей не серіктес, акционер, директор немесе органның бас менеджері ретінде материалдық іскерлік қарым-қатынасы бар ма немесе болған ба немесе компаниямен осындай қарым-қатынасын сақтаған ба; 3) директордың сыйақысынан басқа компаниядан қосымша сыйақы алған ба немесе алып отыра ма, компанияның акциялары опционына немесе қызмет нәтижелері ескерілетін төлем схемасына қатыса ма немесе компанияның зейнетақы схемасына қатысушы ма; 4) Директорлар кеңесіне мүше ме немесе басқа компанияларға немесе органдарға қатысу арқылы басқа директорлармен байланысы бар ма; 5) ірі акционердің атынан өкілдік ететін болса;

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
				б) бірінші тағайындалған сәтінен бастап директорлар кеңесінде тоғыз жылдан астам қызмет атқарған ба. Осы немесе басқа да тиісті жағдайлар қолданылған жағдайда және егер директорлар кеңесі тәуелсіз директорды тәуелсіз деп санаса, онда нақты түсініктеме беріледі.».
23	«Құрылым және құрам» деген 3-тараудың «ДК құрамы» деген 3.1-параграфының 3.1.16-1-тармағы	Жоқ.	3.1.16-1. Директорлар кеңесі тәуелсіз директорлар қатарынан Аға тәуелсіз директорды сайлайды. Аға тәуелсіз директордың негізгі функцияларына мыналар жатады: 1) ДК төрағасы үшін кеңесшінің функциясы және ол айқындайтын мақсаттарды жеткізуде оған қолдау көрсету; 2) ДК төрағасының қызметін бағалау, оның ішінде осы мақсат үшін тәуелсіз директорлардың кем дегенде жыл сайынғы кездесулерін ұйымдастыру; 3) ТжСК-мен тығыз өзара іс-қимылда ДК төрағасының сабақтастығын жоспарлау; 4) акционерлер, Басқарма, ДК төрағасы және ДК-нің басқа мүшелері арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда өзара іс-қимылда және/немесе келіспеушіліктерді шешуде делдал функциясы; 5) әдеттегі байланыс арналары арқылы (яғни, ДК төрағасы, Басқарма төрағасы және/немесе мүшелері арқылы) тиісті түрде шешілмеген кез келген мәселелерді немесе мәселелерді шешу үшін акционерлерге қолжетімді болу; 6) ірі акционерлермен олардың мәселелері мен алаңдаушылықтарын теңгерімді түсіну үшін жеткілікті рет кездесулерге бару.	Осы тармақты Ережеге енгізудің негіздемесі 1) Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 66-тармағы; 2) 11.02.2025ж. ДК шешімі (№1/2025 хаттама, №6 мәселе): «1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор Асқар Оразалыұлы Шәкіров «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің аға тәуелсіз директоры болып сайлансын және оған осы қызметте мынадай негізгі функциялар белгіленсін: 1) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы үшін кеңесші функциясы және ол айқындайтын мақсаттарды жеткізуде оған қолдау көрсету; 2) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі төрағасының қызметін бағалау, оның ішінде осы мақсат үшін тәуелсіз директорлардың кем дегенде жыл сайынғы кездесулерін ұйымдастыру; 3) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі төрағасының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетімен бойынша тығыз өзара іс-қимылда сабақтастығын жоспарлау; 4) акционерлер, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ атқарушы органы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің басқа мүшелері арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, өзара іс-қимылдағы және/немесе келіспеушіліктерді шешуде делдал функциясы; 5) әдеттегі байланыс арналары арқылы (яғни, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы және/немесе мүшелері арқылы) тиісті түрде шешілмеген кез келген мәселелерді немесе мәселелерді шешу үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлеріне қолжетімді болу; 6) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ірі акционерлерімен олардың мәселелері мен алаңдаушылықтарын теңгерімді түсіну үшін жеткілікті кездесулерге қатысу.

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
				2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы Д.В. Шәріпов осы шешімнің 1-тармағында көрсетілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің аға тәуелсіз директоры функцияларын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге енгізу жөнінде белгіленген тәртіппен шаралар қабылдасын.». Техникалық түзету.
24	«Құрылым және құрам» деген 3-тараудың «ДК құрамы» деген 3.1-параграфының 3.1.27-тармағы	3.1.27. ДК-нің алғаш рет сайланған мүшелері тағайындалғаннан кейін лауазымға кірісу бағдарламасынан өтеді. Лауазымға кірісу барысында ДК мүшелері өздерінің құқықтары мен міндеттерімен, қызметтің негізгі аспектілерімен және Қоғамның құжаттарымен, оның ішінде ең үлкен тәуекелдермен байланысты құжаттармен танысады.	3.1.27. ДК-нің алғаш рет сайланған мүшелері тағайындалғаннан кейін лауазымға кірісу бағдарламасынан өтеді. Лауазымға кірісу барысында ДК мүшелері өздерінің құқықтары мен міндеттерімен, қызметтің негізгі аспектілерімен және Қоғамның құжаттарымен, оның ішінде ең үлкен тәуекелдермен байланысты құжаттармен танысады.	
25	«Құрылым және құрам» деген 3-тараудың «ДК төрағасы» деген 3.2-параграфының 3.2.4-тармағы	3.2.4. ДК төрағасы: 9-1) жок	3.2.4. ДК төрағасы: 9-1) ДК мүшелерінде әртүрлі пікірлер болған кезде Қоғам мүдделеріне сай шешім қабылдау үшін ДК-нің жекелеген мүшелері айтатын барлық қолайлы нұсқалар мен ұсыныстардың қаралуын қамтамасыз етеді;	Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 61-тармағы: «61... Әр түрлі пікірлер болған кезде Директорлар кеңесінің төрағасы ұйым мүдделеріне сай шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелері айтатын барлық қолайлы нұсқалар мен ұсыныстардың қаралуын қамтамасыз етеді.»
26	«Құрылым және құрам» деген 3-тараудың «ДК комитеттері» деген 3.3-параграфының 3.3.1.1-тармағы	3.3.1.1. ДК отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізіп, ұсынымдар әзірлеу үшін, мынадай мәселелер бойынша ДК комитеттері (бұдан әрі және бұдан жоғары – Комитеттер) құрылады: 1) стратегиялық жоспарлау; 2) кадрлар мен сыйақылар; 3) Ішкі аудит; 4) әлеуметтік мәселелер. 5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.	3.3.1.1. ДК отырысында қаралғанға дейін мәселелерді неғұрлым терең және сапалы пысықтау үшін , неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізіп, ұсынымдар әзірлеу үшін, Директорлар кеңесі мынадай мәселелер бойынша ДК комитеттерін (бұдан әрі және жоғарыда – Комитеттер) құрады: 1) стратегиялық жоспарлау; 2) кадрлар мен сыйақылар; 3) Ішкі аудит; 4) әлеуметтік мәселелер. 5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер. Комитеттердің болуы ДК мүшелерін ДК құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдер үшін жауапкершіліктен босатпайды.	Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 85-тармағы: «85. Мәселелерді неғұрлым терең және сапалы пысықтау үшін Қордың Директорлар кеңесі жанынан тұрақты жұмыс істейтін: аудит, тағайындаулар мен сыйақылар, стратегия жөніндегі комитеттер, Мамандандырылған комитет құрылады. Өзге комитеттер Қордың Директорлар кеңесінің қалауы бойынша құрылуы мүмкін. Стратегия жөніндегі комитет стратегиялық жоспарлау мәселелерін қарайды, оның басшысы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы болып табылады. Қордың Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді, әсіресе аудит, тәуекелдерді басқару, қор мен ұйымдардың сатып алуы жүзеге асыру тәртібін тиісінше және тиімді қолдану, Директорлар кеңесі мен атқарушы орган мүшелерін тағайындау және сыйақы беру, орнықты даму, оның ішінде өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау сияқты бағыттардағы мәселелерді терең және мұқият қарауға және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді. Комитеттердің болуы Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің құзыреті

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
				<i>шеңберінде қабылданған шешімдер үшін жауапкершіліктен босатпайды.»</i>
27	«Құрылым және құрам» деген 3-тараудың «ДК комитеттері» деген 3.3-параграфының 3.3.1.3-тармағы	3.3.1.3. Отырыстардың күн тәртібін оңтайландыру және аса маңызды мәселелерге шоғырлану мақсатында ДК Комитеттерге белгілі бір мәселе санаттарының мәні бойынша қарауды тапсыра алады.	Алып тасталсын.	Бұл норма жұмыс істемейтіндіктен, алып тастау ұсынылады.
28	«Құрылым және құрам» деген 3-тараудың «ДК комитеттері» деген 3.3-параграфының 3.3.2.1-тармағы	3.3.2.1. Комитеттер ДК мүшелерінен және, қажет болған жағдайда, белгілі бір Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.	3.3.2.1. Комитеттер ДК мүшелерінен және, қажет болған жағдайда (Аудит жөніндегі комитетті қоспағанда) – белгілі бір Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.	Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 90-тармағы: <i>«90. Аудит жөніндегі комитеттің құрамына тәуелсіз директорлар кіреді. Комитет білікті сарапшыны тартқан жағдайда, мұндай сарапшының дауыс беру құқығы болмауы тиіс. Сарапшы тарту туралы шешімді Аудит жөніндегі комитет қабылдайды және сарапғы тарту мәселесі жыл сайын қызметтің тиімділігі мен тәуелсіздігі тұрғысынан қаралуға тиіс.»</i> Ереженің 3.3.2.4-тармағына сәйкес келтіру. АК туралы ереженің 11-тармағына сәйкес Аудит жөніндегі комитет тек ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелерінен – тәуелсіз директорлардан ғана тұрады. Аудит жөніндегі комитет өз қызметі шеңберінде сарапшыларды тартуға құқылы. Аудит жөніндегі комитет сарапшыны тартқан жағдайда, мұндай сарапшының дауыс беруге құқығы болмайды. Сарапшы тарту туралы шешімді Аудит жөніндегі комитет қабылдайды және сарапғы тарту мәселесі жыл сайын қызметтің тиімділігі мен тәуелсіздігі тұрғысынан қаралуға тиіс.
29	«Құрылым және құрам» деген 3-тараудың «ДК комитеттері» деген 3.3-параграфының 3.3.2.7-тармағы	3.3.2.7. Комитет төрағалары Комитеттердің қызметі туралы есептер дайындап, бөлек отырыста ДК-ге бір жылдағы қызметтің қорытындылары туралы есеп береді, сондай-ақ ДК-нің әрбір отырысында (сырттай отырыстарды қоспағанда), егер оған дейін Комитеттердің отырыстары өткізілген болса, Комитеттер алдын ала қараған мәселелер бойынша баяндайды.	3.3.2.7. Комитеттердің төрағалары Комитеттердің қызметі туралы есептер дайындайды және бөлек отырыста ДК-ге бір жылдағы қызметтің қорытындылары туралы есеп береді, сондай-ақ ДК-нің әрбір отырысында (сырттай отырыстарды қоспағанда), егер оның алдында Комитеттердің отырыстары болса, осы отырыстардың қорытындылары, Комитеттер алдын ала қараған мәселелер және Комитеттердің органдарға, құрылымдық бөлімшелерге және Қоғам қызметкерлеріне берілетін тапсырмалары туралы баяндайды (бұл ретте Ереженің 6.6.6-тармағының және 6.6.7-тармағының 4) тармақшасының талаптары қолданылады).	13.11.2024ж. мынадай ДК шешіміне (№22/2024 хаттама, №5 мәселе) сәйкес: <i>«2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ алқалы органдарына, қызметкерлері мен құрылымдық бөлімшелеріне тапсырмалар тек «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарында және оның атынан берілсін.</i> <i>3. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Е.К. Бердіғұлов, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары: А.С. Жұбаев, Ф.М. Холланд, А. А. Арғынғазин, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік хатшысы Д.В. Шәріпов белгіленген тәртіппен осы шешімді орындау жөнінде шаралар қабылдасын.».</i>
30	«Құқықтар» деген 4-тараудың «ДК мүшесінің құқықтары» деген 4.1-параграфы 4.1.1-	4.1.1. ДК мүшесінің: 13) лауазымға кірісу бағдарламасынан өтуге;	4.1.1. ДК мүшесінің: 13) лауазымға енгізу бағдарламаларынан өтуге;	Нақтылайтын түзету.

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
	тармағының 13) тармақшасы			
31	«Құқықтар» деген 4-тараудың «ДК мүшесінің құқықтары» деген 4.1-параграфы 4.1.1-тармағының 15) тармақшасы	4.1.1. ДК мүшесінің: 15) Қоғамның Басқармасына және (немесе) лауазымды адамдарына тапсырмалардың ДК шешіміне енгізілуін талап етуге;	4.1.1. ДК мүшесінің: 15) Басқармаға және (немесе) Қоғамның лауазымды адамдарына, ДК-ге есеп беретін қызметтерге, олардың басшыларына, Басқарма төрағасына тікелей бағынатын құрылымдық бөлімшелердің басшыларына берілетін тапсырмаларды ДК шешіміне енгізуді талап етуге ;	ҚМГ орталық аппаратының 14.04.2025ж. бастап қолданысқа енгізілген жаңартылған құрылымын назарға ала отырып, ДК тапсырма бере алатын органдар, құрылымдық бөлімшелер, тұлғалар шеңберін кеңейту ұсынылады.
32	«Жауапкершілік» деген 5-тараудың «ДК мүшесінің міндеттері» деген 5.2-параграфы 5.2.1-тармағы	5.2.1. ДК мүшесі: 3-1) жок.	5.2.1. ДК мүшесі: 3-1) Қоғам құжаттарында белгіленген ДК отырыстарын дайындау және өткізу жөніндегі рәсімдерді сақтауға;	Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 99-тармағы: «99. ... <i>Директорлар кеңесі ұйымның құжаттарында белгіленген Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу рәсімдерін сақтауға тиіс.</i> »
33	«Жауапкершілік» деген 5-тараудың «ДК мүшесінің міндеттері» деген 5.2-параграфы 5.2.1-тармағының 7) тармақшасы	5.2.1. ДК мүшесі: 7) ДК-нің іштей отырыстарына қатысуға, ал тікелей өзі қатыса алмаған жағдайда – Ережеге сәйкес аудиовизуалды немесе аудио-конференц-байланыс арқылы қатысуға;	5.2.1. ДК мүшесі: «7) ДК-нің іштей отырыстарына қатысуға, ал тікелей өзі қатыса алмаған жағдайда – Ережеге сәйкес Конференц-байланыс немесе Жазбаша пікір арқылы қатысуға;».	ДК мүшелерінің электрондық пошта арқылы хабарламалар алмасу арқылы өткізілетін ДК отырыстарына қатысу міндетін регламенттеу мақсатында, оның ішінде бұл ретте ДК мүшесінің жазбаша пікірін (қажет болған жағдайда) ұсыну мүмкіндігін нақтылайтын өзгерістер.
34	«Жауапкершілік» деген 5-тараудың «ДК мүшесінің міндеттері» деген 5.2-параграфы 5.2.1-тармағының 9) тармақшасы	5.2.1. ДК мүшесі: 9) Қоғамның ішкі құжаттарына немесе ДК шешімдеріне сәйкес өз біліктілігін арттырып отыруға;	5.2.1. ДК мүшесі: 9) Қоғамның ішкі құжаттарына немесе ДК шешімдеріне сәйкес өз біліктілігін арттырып отыруға, оның ішінде жыл сайын корпоративтік хатшыға өзінің кәсіби дамуы жөнінде ұсыныстар беруге;	Ереженің 3.1.26, 4.2.10, 5.3.7-тармақтарын орындау мақсатында: «3.1.26. ДК ДК-нің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға кірісу бағдарламасын және ДК-нің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітеді. Корпоративтік хатшы осы бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді.»; «4.2.10. ДК төрағасы мен мүшелеріне, сонымен қатар, бекітілген бюджет шегінде, ұсынылған растайтын құжаттар негізінде ДК бекіткен қайта даярлау бағдарламаларына немесе жоспарларына сәйкес біліктілікті арттыруға / білім алуға жұмсалған нақты шығыстары өтеледі.»; «5.3.7 Бағалау мынадай мәселелерді қарастыруды қамтиды, бірақ аталғандармен шектелмейді: 3) сабақтастық және даму жоспарлары;».
35	«Жауапкершілік» деген 5-тараудың «ДК мүшесінің міндеттері» деген 5.2-параграфы 5.2.1-тармағының 20) тармақшасы	5.2.1. ДК мүшесі: 20) АЖЖ, ДК төрағасының талап етуі бойынша, жеке және құпия ақпараттан басқа, ДК құзыретіне кіретін мәселелер шегінде кез келген ақпаратты ұсынуға;	5.2.1. ДК мүшесі: 20) АЖЖ-ға қатысуға , АЖЖ, ДК төрағасының талап етуі бойынша, жеке және құпия ақпараттан басқа, ДК құзыретіне кіретін мәселелер шегінде кез келген ақпаратты ұсынуға;	АҚ туралы заңның 35-бабының 2-тармағы: «2. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында: <i>Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғам акционерлеріне қоғамның директорлар кеңесі мен атқарушы орган мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды.</i> ». Қордың КБ диагностикалау әдістемесінің IV бөлімі 3-тарауының 1.18-тармағы: «1.18 Директорлар кеңесінің барлық мүшелері акционерлердің жалпы жиналысына қатысады, ал

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
				Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары акционерлердің сұрақтарына жауап беруге дайын.». АЖЖ туралы ереженің 9-тарауының 38-тармағы: «65.... Иштей тәртіппен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамды басқаруға қатысатын барлық лауазымды тұлғалар міндетті түрде қатысады (шақырылған жағдайда).». КБЖІЖ 7.30-тармағы: «Директорлар кеңесінің барлық мүшелері акционерлердің жалпы жиналысына қатысады, ал Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары акционерлердің сұрақтарына жауап беруге дайын.».
36	«Жауапкершілік» деген 5-тараудың «ДК мүшесінің міндеттері» деген 5.2-параграфы 5.2.2-тармағы	Жоқ.	5.2.2. Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, мүдделілік бар мәмілелерді жасасу, Басқарма құрамына кандидаттар ұсыну, Басқарма мүшелеріне сыйақы белгілеу) талқылауға белсенді қатысуы тиіс.	Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 78-тармағы: «78. Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, мүдделілік бар мәмілелерді жасасу, атқарушы органның құрамына кандидаттар ұсыну, атқарушы орган мүшелеріне сыйақы белгілеу) талқылауға белсенді қатысуға тиіс.».
37	«Жауапкершілік» деген 5-тараудың «ДК қызметін бағалау» деген 5.3-параграфының 5.3.13-тармағы	Жоқ.	5.3.13. ДК, оның комитеттері мен ДК мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу процесі, мерзімдері мен тәртібі ДК бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарында, оның ішінде ДК төрағасы мен мүшелері үшін бағалау жүргізу бойынша оқытуды көздейтін құжаттарда нақты регламенттелуге тиіс.	Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 106-тармағы: «106. ...
				Директорлар кеңесінің, оның комитеттері мен Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу процесі, мерзімдері мен тәртібі ұйымның ішкі құжаттарында нақты регламенттелген. Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері бағалау жүргізу бойынша оқытудан өтеді.».
38	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК отырыстарын жоспарлы тәртіппен өткізу» деген 6.1-параграфының 6.1.1-тармағы	6.1.1. ДК жыл сайын Директорлар кеңесі мен Қоғамның қызметін мұқият жоспарлау, ұтымдылық, тиімділік және жүйелілік қағидаттарын негізге ала отырып, өз жұмысының жоспары мен отырыстарды өткізу кестесін қалыптастырып, бекітеді.	6.1.1. ДК жыл сайын күнтізбелік жыл басталғанға дейін өз жұмыс жоспарын қалыптастырады және бекітеді, онда ДК және Қоғам қызметін мұқият жоспарлау, ұтымдылық, тиімділік және жүйелілік қағидаттары негізге алына отырып, қарауға жоспарланған мәселелердің тізбесі мен күндері көрсетіле отырып , отырыстарды өткізу кестесі қамтылады.	Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 98-тармағы: «98.
				«Директорлар кеңесінің отырыстары жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі, ол күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітіледі, онда қаралатын мәселелердің тізбесі мен күндері көрсетілген отырыстарды өткізу кестесі болады.».
39	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК отырыстарын жоспарлы тәртіппен өткізу» деген 6.1-параграфының 6.1.7-тармағы	6.1.7. ДК мүшелері ДК немесе оның Комитеттерінің отырысына видеоконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланыс (ДК мүшелерінің «телефон кеңесі» режимінде бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, пікір алмасуға, берілген дауысты растауға және дауыс беруді нақты уақыт режимінде қорытындылауға мүмкіндік беретін өзге де интерактивті байланыс құралдары (бұдан әрі бірге	6.1.7. ДК мүшелері ДК немесе оның Комитеттерінің отырысына видеоконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланыс (ДК мүшелерінің «телефон кеңесі» режимінде бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, пікір алмасуға, берілген дауысты растауға және дауыс беруді нақты уақыт режимінде қорытындылауға мүмкіндік беретін өзге де интерактивті байланыс құралдары (бұдан әрі және	ДК өз отырыстарын өткізу практикасын нақтылау мақсатында.
				Ереженің 5.2.1-тармағының 7) тармақшасындағы мәтінде жоғарыда аталған терминнің қолданылуын ескере отырып толықтыру ұсынылады: «7) ДК-нің іштей отырыстарына қатысуға, ал тікелей өзі қатыса алмаған жағдайда – Ережеге сәйкес

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
		алғанда – Конференц- байланыс) арқылы қатыса алады.	жоғарыда бірге алғанда – Конференц-байланыс) арқылы қатыса алады. Конференц-байланыс электрондық пошта арқылы хабар алмасуды қамтиды.	<i>Конференц-байланыс немесе Жазбаша пікір арқылы қатысуға;».</i>
40	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК отырыстарын жоспарлы тәртіппен өткізу» деген 6.1-параграфының 6.1.7-1-тармағы	Жоқ.	6.1.7-1. Электрондық пошта арқылы хабар алмасу арқылы дауыс беру кезінде мынадай шарттар орындалуы керек: 1) дауыс беру корпоративтік хатшы ДК мүшелеріне жіберетін хабарламада көрсетілген күн мен уақытқа дейін жүзеге асырылады, одан кейін ДК мүшелерінің алынатын дауыстары есепке алынбайды; 2) ДК мүшесі дауыс беру үшін электрондық пошта арқылы үш дауыс беру нұсқасының: «Жақтап дауыс беру» / «Қарсы дауыс беру» / «Қалыс қалу») бірін көрсете отырып (әйтпесе дауыс есепке алынбайды), ДК отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша ДК мүшесінің нақты айқындалған ұстанымын қамтитын хабарлама жібереді; 3) корпоративтік хатшы осы тармақта белгіленген талаптарға сай электрондық пошта арқылы ДК мүшесінен алған алғашқы хабарламаның күні мен уақыты ДК отырысының ашылу уақыты болып табылады.	ДК өз отырыстарын өткізу практикасын нақтылау мақсатында.
41	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК отырыстарын жоспарлы тәртіппен өткізу» деген 6.1-параграфының 6.1.9-тармағы	6.1.9. Ерекше жағдайларда ДК отырысының екі нысаны біріктірілуі мүмкін. Бұл ДК-нің бір немесе бірнеше мүшесі (30%-дан аспайтын) ДК отырысына тікелей өзі қатыса алмайтын немесе Конференц-байланыс арқылы қатыса алмайтын жағдайда болады. Бұл жағдайда отырыс іштей болып саналады. Бұл ретте, ДК-нің қатыспаған мүшесі, егер ол ДК отырысы басталғанға дейін алдын ала корпоративтік хатшыға өзінің дауыс беру нәтижелерін және осындай отырыстың күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша пікірін жазбаша (бұдан әрі – Жазбаша пікір) берген болса, ДК отырысына қатысқан болып есептеледі. Бұл ретте Жазбаша пікірлердің алынуын корпоративтік хатшы әрбір Жазбаша пікірдің алынған күні мен уақытын көрсете отырып тіркейді. Мұндай отырыстың күн тәртібін өзгертуге жол берілмейді.	6.1.9. Ерекше жағдайларда ДК отырысының екі нысаны біріктірілуі мүмкін. Бұл ДК-нің бір немесе бірнеше мүшесі (30% [отыз пайыздан] аспайтын) ДК отырысына тікелей өзі қатыса алмайтын немесе Конференц-байланыс арқылы қатыса алмайтын жағдайда болады. Бұл жағдайда отырыс іштей болып саналады. Бұл ретте, ДК-нің қатыспаған мүшесі, егер ол ДК отырысы басталғанға дейін алдын ала корпоративтік хатшыға өзінің дауыс беру нәтижелерін және осындай отырыстың күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша пікірін жазбаша (бұдан әрі және жоғарыда – Жазбаша пікір) берген болса, ДК отырысына қатысқан болып есептеледі. Бұл ретте Жазбаша пікірлердің алынуын корпоративтік хатшы әрбір Жазбаша пікірдің алынған күні мен уақытын көрсете отырып тіркейді.	Техникалық түзету. Алып тастауға ұсынылатын ұсыныс Ереженің 6-тарауы 6.5-параграфының 6.5.4, 6.5.6, 6.5.8-тармақтарына қайшы келеді. Ереженің 5.2.1-тармағының 7) тармақшасындағы мәтінде жоғарыда аталған терминнің қолданылуын ескере отырып толықтыру ұсынылады: «7) ДК-нің іштей отырыстарына қатысуға, ал тікелей өзі қатыса алмаған жағдайда – Ережеге сәйкес Конференц-байланыс немесе Жазбаша пікір арқылы қатысуға;».
42	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК отырысын шақыру» деген 6.2-параграфының 6.2.3-тармағы	6.2.3. Корпоративтік хатшы белгіленген тәртіппен корпоративтік хатшыға берілген материалдар топтамасы негізінде ДК-нің жоспарлы отырысын шақыру туралы талапты (бұдан әрі – Шақыру туралы талап) қалыптастырады.	6.2.3. Корпоративтік хатшы белгіленген тәртіппен корпоративтік хатшыға берілген материалдар пакеті негізінде Ереженің 6.5.2-тармағына сәйкес ДК отырысының күн тәртібін қалыптастырады.	АҚ туралы Заңның 57-бабына, ҚМГ Жарғысының 115-тармағына және Ережеге сәйкес келтіру. Ақ туралы заң «57-бап. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру 1. Директорлар кеңесінің отырысы: оның төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша немесе: 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
				2) қоғамның ішкі аудит қызметінің; 3) қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның; 4) ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін. 2. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар кеңесінің төрағасына директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті. Егер қоғамның жарғысында өзгеше мерзім белгіленбесе, директорлар кеңесінің отырысын директорлар кеңесінің төрағасы немесе атқарушы орган шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлға міндетті түрде шақырыла отырып өткізіледі.». ҚМГ Жарғысы «115. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен ҚМГ Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе ҚМГ Басқармасы шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.». Ереженің 6.5.2-тармағы: «6.5.2. ДК отырысының күн тәртібін корпоративтік хатшы қалыптастырады және оны ДК-нің жыл сайынғы жұмыс жоспары, ДК төрағасының немесе Басқарманың бастамалары негізінде не ҚР заңнамасына және Қоғамның жарғысына сәйкес осындай құқыққа ие органдардың (адамдардың) талабы (ұсынысы, хабарламасы) бойынша ДК төрағасы келіседі. Бұл ретте

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
				корпоративтік хатшы міндетті түрде ДК отырысының күн тәртібінің жобасын қалыптастыру кезінде тиісті жылға арналған ДК бекітілген жұмыс жоспарында мәселенің бар немесе жоқ екенін көрсетеді. Егер мәселе ДК-нің тиісті жылға арналған жұмыс жоспарында көзделген болса, бірақ материалдар ұсынылмай, мәселе ДК-нің тиісті отырысының күн тәртібіне енгізілмеген жағдайда, корпоративтік хатшы жауапты адамдардан себебін сұратады және Директорлар кеңесі мен Басқарма тиісті шаралар қабылдау үшін ДК отырысының күн тәртібінде көрсетеді. ДК отырыстарының күн тәртібін қалыптастыру және келісу осы үшін белгіленген талаптар мен мерзімдердің қатаң сақталуы ескеріле отырып жүзеге асырылады.».
43	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК отырысын шақыру» деген 6.2-параграфының 6.2.4-тармағы	6.2.4. ДК жоспарлы отырысын шақыру туралы талапқа Басқарма төрағасы немесе оны алмастыратын адам ДК отырысын өткізудің жоспарланған күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей қол қояды. Шақыру туралы талапқа белгіленген тәртіппен материалдардың толық топтамасы қалыптастырылып, корпоративтік хатшыға ұсынылған ДК күн тәртібінің мәселелері ғана енгізіледі. Шақыру туралы талапқа күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардың толық топтамасы қоса беріледі. Белгіленген мерзімнен кейін ұсынылған материалдарды корпоративтік хатшы ДК-нің келесі отырысын шақыру туралы талапқа енгізеді.	6.2.4. ДК отырысының күн тәртібі күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардың толық пакетімен бірге келісу үшін ДК төрағасына ұсынылады.	АҚ туралы Заңның 57-бабына, ҚМГ Жарғысының 115-тармағына және Ережеге сәйкес келтіру.
44	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК отырысын шақыру» деген 6.2-параграфының 6.2.6-тармағы	6.2.6. Мәселенің бастамашысы белгіленген тәртіппен қалыптастырылған материалдар топтамасы негізінде ДК кезектен-тыс отырысын шақыру туралы талапты қалыптастырады. Белгіленген тәртіппен қалыптастырылған материалдарды қоса бере отырып, ДК кезектен-тыс отырысын шақыру туралы талапқа Басқарма төрағасы немесе оны алмастыратын адам қол қояды және ондай талап белгіленген тәртіппен ДК төрағасына және корпоративтік хатшыға ДК—отырысын—өткізудің жоспарланған күніне дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей беріледі.	6.2.6. ДК отырысын шақырудың бастамашысы белгіленген тәртіппен қалыптастырылған материалдар пакеті негізінде ДК отырысын шақыру туралы талапты (бұдан әрі – Шақыру туралы талап) қалыптастырады. Белгіленген тәртіппен қалыптастырылған материалдарды қоса бере отырып, ДК отырысын шақыру туралы талапқа Заңға және Қоғамның жарғысына сәйкес осындай құқығы бар бастамашы қол қояды және белгіленген тәртіппен ДК төрағасы мен корпоративтік хатшыға беріледі.	АҚ туралы Заңның 57-бабына, ҚМГ Жарғысының 115-тармағына және Ережеге сәйкес келтіру.
45	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың 6.3-параграфының «ДК отырысын шақыру және өткізу туралы ДК мүшелерін хабардар ету» деген 6.3.3-тармағы	6.3.3. ДК отырысын өткізу туралы хабарламаны, сондай-ақ оған қоса берілетін қажетті материалдарды Қоғамның корпоративтік хатшысы ДК мүшелеріне жазбаша нысанда немесе ДК мүшелерімен келісім бойынша олар үшін ыңғайлы өзге де тәсілмен (оның ішінде пошта, факсимиль, электрондық немесе өзге де байланыс тәсілдері арқылы), Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларды қоспағанда, отырыс өткізілетін	6.3.3. ДК отырысын өткізу туралы хабарламаны, сондай-ақ оған қоса берілетін қажетті материалдарды корпоративтік хатшы ДК мүшелеріне жазбаша нысанда немесе ДК мүшелерімен келісім бойынша олар үшін ыңғайлы өзге де тәсілмен (оның ішінде пошта, факсимиль, электрондық немесе өзге де байланыс тәсілдері арқылы), Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларды қоспағанда, отырыс өткізілетін күнге дейін 7 (жеті) күнтізбелік күн мерзімнен	Ереже мәтінін біркелкі ету мақсатындағы техникалық түзету. ДК мына тапсырмасы Ережеге осы тармақты толықтыруға негіздеме болады: 1) 04.11.2021ж. (№18/2021 хаттама, №1 мәселе): «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы Д. В. Шәріпов «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау кезінде: 2)

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
		күнге дейін 7 (жеті) күнтізбелік күн мерзімнен кешіктірмей (ал сырттай дауыс беру кезінде – сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдау аяқталған күнге дейін) жібереді.	кешіктірмей (ал сырттай дауыс беру кезінде – сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдау аяқталған күнге дейін) жібереді. ДК және оның Комитеттерінің отырыстарына материалдарды Қоғам ДК мүшелеріне арнайы бағдарламалық және аппараттық жасақтама базасында қашықтан қауіпсіз қатынау арқылы ұсынады. ДК отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша ірі акционерден алынған ескертулерді ескере отырып не ДК-нің тиісті Комитетінің қарау нәтижелері бойынша ДК мүшелеріне материалдар беру үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін, пысықталған материалдар оларды алынуына қарай ДК мүшелеріне ұсынылады және міндетті түрде ДК отырысының өзінде тікелей қаралады. ДК отырыстарының күн тәртібі мәселелері бойынша ірі акционердің түсініктемелерін (олар болған кезде) корпоративтік хатшы ДК-нің тиісті Комитеттері осы мәселелерді қарауына дейін ДК мүшелеріне ұсынады.	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне материалдар ұсыну үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне «Самұрық-Қазына» АҚ-дан алынған ескертулерді ескере отырып пысықталған отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды бермесін – мұндай материалдарды «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің отырысында қарау қажет. 2) 05.07.2024ж. (№15/2024 хаттама, №9 мәселе): «Самұрық-Қазына» Мұнай-газ активтері департаментінің директоры И.Ф. Коротков «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы Д.В. Шәріповке «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің тиісті комитеттері қарағанға дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсыну үшін «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібі мәселелері бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің пікірлерін/қорытындыларын жіберіп отырсын.». Ұсынылған толықтырулар, соның ішінде ДК пайдаланатын BoardMaps бағдарламалық жасақтамасын заңдастыруға мүмкіндік береді.
46	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың 6.3-параграфының «ДК отырысын шақыру және өткізу туралы ДК мүшелерін хабардар ету» деген 6.3.4-тармағы	6.3.4. ДК мүшелеріне жіберілетін ДК отырысына материалдар мыналарды қамтиды: 1) баяндамашылар көрсетілген отырыстың күн тәртібі; 2) ДК бекітетін жекелеген ішкі құжатта белгіленген талаптарға сәйкес дайындалған ДК мүшелерінің атына түсіндірме жазбалар; 3) ДК шешімдерінің жобалары; 4) құжаттардың жобалары; 5) Басқарма шешімдерінен үзінді көшірмелер; 6) өзге де қосымша құжаттар, олар болған кезде (презентациялар, мемлекеттік органдардың, АЖЖ, ДК шешімдерінің көшірмелері), көрсетілген мәселелерді күн тәртібіне енгізуді негіздейтін анықтамалық материалдар және т.б. Мәлімет үшін енгізілетін мәселелер бойынша материалдарға ДК бекітетін жекелеген ішкі құжатта белгіленген өзге де талаптар қолданылады.	6.3.4. ДК мүшелеріне ұсынылатын ДК отырысына материалдар мыналарды қамтиды: 1) баяндамашылар көрсетілген отырыстың күн тәртібі; 2) ДК бекітетін жекелеген ішкі құжатта белгіленген талаптарға сәйкес дайындалған ДК мүшелерінің атына түсіндірме жазбалар; 3) ДК шешімдерінің жобалары; 4) құжаттардың жобалары; 5) Басқарма шешімдерінен үзінді көшірмелер; 6) өзге де қосымша құжаттар, олар болған кезде (презентациялар, мемлекеттік органдардың, АЖЖ, ДК шешімдерінің көшірмелері), көрсетілген мәселелерді күн тәртібіне енгізуді негіздейтін анықтамалық материалдар және т.б. Мәлімет үшін енгізілетін мәселелер бойынша материалдарға ДК бекітетін жекелеген ішкі құжатта белгіленген өзге де талаптар қолданылады.	Материалдар ДК мүшелеріне жіберіліп қана қоймай, басқа жолмен де берілуі мүмкін екенін ескере отырып, әмбебап тұжырымға өзгерту ұсынылады.
47	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың 6.3-параграфының «ДК отырысын шақыру және өткізу туралы ДК мүшелерін хабардар ету» деген 6.3.13-тармағы	6.3.13. Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын активтер (егер қолданылса), мәміленің мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің	6.3.13. Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын активтер (егер қолданылса), мәміленің мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәлімет, бағалаушының есебі	Осы тармақты Ережеге енгізудің негіздемесі – 06.04.2022ж. мынадай ДК тапсырмасы (№6/2022 хаттама, №15 мәселе): «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне ұсынылатын мәмілелер мен инвестициялар туралы ақпараттың алдын ала (1 (бір) ай бұрын) ұсынылуын қамтамасыз етсін. Яғни, егер мәселені

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
		сипаты мен көлемі туралы мәлімет, бағалаушының есебі (егер мәміле нәтижесінде Қоғам активтерінің баланстық құны мөлшерінің 10%- (он) және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынса не иеліктен шығарылса), сондай-ақ болған жағдайда мәміле туралы өзге де мәлімет болуға тиіс.	(егер мәміле нәтижесінде Қоғам активтерінің баланстық құны мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынса не иеліктен шығарылса), сондай-ақ болған жағдайда мәміле туралы өзге де мәлімет болуға тиіс. Басқарма Директорлар кеңесіне болжамды мәмілелер мен инвестициялар туралы ақпараттың алдын ала (кемінде 30 [отыз] күнтізбелік күн бұрын) берілуін қамтамасыз етеді. Яғни, егер мәселені ДК-нің белгілі бір кезекті отырысына шешім қабылдау үшін енгізу жоспарланса, онда мұндай мәселе туралы ақпарат міндетті түрде ДК-нің алдыңғы отырысына мәлімет үшін енгізіледі.	<i>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің белгілі бір кезекті отырысына шешім қабылдау үшін енгізу жоспарланса, онда мұндай мәселе туралы ақпарат «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің алдыңғы отырысына мәлімет үшін енгізіледі.»</i>
48	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың 6.3-параграфының «ДК отырысын шақыру және өткізу туралы ДК мүшелерін хабардар ету» деген 6.3.15-тармағы	6.3.15. Қажетті материалдар Ережеде, Жарғыда және (немесе) Қоғамның ішкі құжаттарында көрсетілген мерзімге қарай ұсынылмаған және (немесе) тиісті түрде ұсынылмаған жағдайда, мәселе отырыстың күн тәртібіне енгізілмейді және мұндай мәселеге Ереженің 6.5.7-тармағының талаптары қолданылады. Бұл ретте, егер мәселеге ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі бастамашылық жасаған болса, осы тармақтың ережелері қолданылмайды.	6.3.15. Қажетті материалдар Ережеде, Жарғыда және (немесе) Қоғамның ішкі құжаттарында көрсетілген мерзімге қарай ұсынылмаған және (немесе) тиісті түрде ұсынылмаған жағдайда, мәселе отырыстың күн тәртібіне енгізілмейді және мұндай мәселеге Ереженің 6.5.7-тармағының талаптары қолданылады. Бұл ретте, егер мәселеге ДК мүшесі бастамашылық жасаған болса, осы тармақтың ережелері қолданылмайды.	Техникалық түзетулер. Ереже мәтінін біркелкі ету.
49	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тарауының «ДК отырысының күн тәртібі» деген 6.5 параграфының 6.5.2-тармағы	6.5.2. ДК отырысының күн тәртібін корпоративтік хатшы қалыптастырады және оны ДК-нің жыл сайынғы жұмыс жоспары, ДК төрағасының немесе Басқарманың бастамалары негізінде не ҚР заңнамасына және Қоғамның жарғысына сәйкес осындай құқыққа ие органдардың (адамдардың) талабы (ұсынысы, хабарламасы) бойынша ДК төрағасы келіседі. Бұл ретте корпоративтік хатшы міндетті түрде ДК отырысының күн тәртібінің жобасын қалыптастыру кезінде тиісті жылға арналған ДК бекітілген жұмыс жоспарында мәселенің бар немесе жоқ екенін көрсетеді. Егер мәселе ДК-нің тиісті жылға арналған жұмыс жоспарында көзделген болса, бірақ материалдар ұсынылмай, мәселе ДК-нің тиісті отырысының күн тәртібіне енгізілмеген жағдайда, корпоративтік хатшы жауапты адамдардан себебін сұратады және Директорлар кеңесі мен Басқарма тиісті шаралар қабылдау үшін ДК отырысының күн тәртібінде көрсетеді.	6.5.2. ДК отырысының күн тәртібін корпоративтік хатшы қалыптастырады және оны ДК-нің жыл сайынғы жұмыс жоспары, ДК төрағасының немесе Басқарманың бастамалары негізінде не ҚР заңнамасына және Қоғамның жарғысына сәйкес осындай құқыққа ие органдардың (адамдардың) талабы (ұсынысы, хабарламасы) бойынша ДК төрағасы келіседі. Бұл ретте корпоративтік хатшы міндетті түрде ДК отырысының күн тәртібінің жобасын қалыптастыру кезінде тиісті жылға арналған ДК бекітілген жұмыс жоспарында мәселенің бар немесе жоқ екенін көрсетеді. Егер мәселе ДК-нің тиісті жылға арналған жұмыс жоспарында көзделген болса, бірақ материалдар ұсынылмай, мәселе ДК-нің тиісті отырысының күн тәртібіне енгізілмеген жағдайда, корпоративтік хатшы жауапты адамдардан себебін сұратады және Директорлар кеңесі мен Басқарма тиісті шаралар қабылдау үшін ДК отырысының күн тәртібінде көрсетеді. ДК отырыстарының күн тәртібін қалыптастыру және келісу осы үшін белгіленген талаптар мен мерзімдердің қатаң сақталуы ескеріле отырып жүзеге асырылады.	Осы тармақты Ережеге енгізудің негіздемесі 06.04.2022ж. мынадай ДК тапсырмасы (№6/2022 хаттама, №18 мәселе): <i>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібін қалыптастыру процесін қатаңдатсын, оның ішінде белгіленген талаптар мен мерзімдер қатаң сақталсын.»</i>
50	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тарауының «ДК отырысының күн тәртібі» деген 6.5 параграфының 6.5.3-тармағы	6.5.3. Күн тәртібін бекіту отырысқа қатысатын ДК мүшелерінің көпшілік даусымен жүзеге асырылады. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау кезінде күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.	6.5.3. Күн тәртібін бекіту ДК отырысының басында ДК отырысына қатысатын және ДК отырысына Конференц-байланыс арқылы қатысатын ДК мүшелерінің көпшілік даусымен жүзеге асырылады. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау кезінде күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.	Нақтылау.

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
51	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тарауының «ДК отырысының күн тәртібі» деген 6.5 параграфының 6.5.7-тармағы	6.5.7. Күн тәртібіне мәселелер мерзімдері бұзылып енгізілген жағдайда, ДК төрағасына ДК-нің алдағы отырысының күн тәртібіне қосымша мәселені енгізу қажеттілігі егжей-тегжейлі түсіндіріліп, Басқарма төрағасының не оны алмастыратын адамның қолы қойылып, өтінішхат беріледі. Бұл процесс ДК бекіткен Қоғамның ішкі құжатында толығырақ сипатталуы мүмкін.	6.5.7. Күн тәртібіне мәселелер мерзімдері бұзылып енгізілген жағдайда, ДК төрағасына ДК-нің алдағы отырысының күн тәртібіне қосымша мәселені енгізу қажеттілігі егжей-тегжейлі түсіндіріліп, Басқарма төрағасының не оны алмастыратын адамның қолы қойылып, өтінішхат беріледі. Бұл процесс ДК бекіткен Қоғамның ішкі құжатында толығырақ сипатталуы мүмкін. ДК отырыстарына материалдарды уақтылы ұсынбаудың және ДК қарауына мәселелерді уақтылы енгізбеудің барлық жағдайлары туралы корпоративтік хатшы ДК-нің жоспарлы отырыстарында орындаушының (орындаушылардың) материалдарын ұсынуға жауапты адам(дар)ды және оның (олардың) тікелей басшысын (басшыларын) көрсете отырып, Ереженің 6.11.1-тармағына сәйкес ДК мен Басқарма төрағасын Қоғам менеджментінің ДК-мен өзара іс-қимыл тәртібі ақпарат құрамында хабардар етеді. Басқарма төрағасы корпоративтік хатшыдан ДК отырыстарына материалдардың уақтылы ұсынылмау жағдайлары туралы ақпарат алу нәтижелері бойынша ДК және оның Комитеттерінің отырыстарына материалдар ұсыну бөлігінде орындаушылық тәртіпті арттыру жөнінде шаралар қабылдайды және нәтижелері бойынша күн тәртібінің жекелеген мәселесімен ДК-нің келесі жоспарлы отырысына тиісті ақпарат береді.	Ереженің осы тармағына енгізудің негіздемесі – 06.04.2022ж. мынадай ДК тапсырмалары (№6/2022 хаттама, №18 мәселе): <i>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы Д.В. Шәріпов «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды уақтылы ұсынбаудың барлық жағдайлары туралы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасын Департамент директоры деңгейінде жауапты орындаушы мен тікелей басшыны көрсете отырып, ай сайынғы негізде хабардар етсін.»;</i> <i>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік хатшысынан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдардың уақтылы ұсынылмау жағдайлары туралы ақпарат алу нәтижелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің отырыстарына материалдар беру бөлігінде орындаушылық тәртіпті арттыру жөнінде шаралар қабылдасын және нәтижелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне тиісті ақпарат берсін.</i> ДК жұмыс жоспарын сақтамау жағдайларының болуына байланысты нақтылау енгізу ұсынылады. Ереженің 6.11.1-тармағының ұсынылған редакциясы: <i>«6.11.1. ДК шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалуы және (немесе) орындалу барысы туралы Басқарманың, ДК комитеттері төрағаларының, Ішкі аудит қызметінің, ДК-ге есеп беретін құрылымдық бөлімшелердің, корпоративтік хатшының есептерін қарау арқылы ДК өз шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады, егер Директорлар кеңесі өзгеше мерзім белгілемесе, мұндай есептер ДК-нің әрбір отырысына ұсынылады. ДК шешімдерінің орындалу мәртебесі туралы ақпаратты (мысалы, мәміле жасасу, еншілес тәуелді ұйымның (бұдан әрі – ЕТҰ) жарғылық капиталын толықтыру, ЕТҰ Жарғысын өзгерту және т.б.) ДК жартыжылдықта 1 (бір) рет қарайды. ДК тапсырмаларының орындалу мәртебесі туралы ақпаратты ДК ай сайын қарайды. ДК шешімдерінің / тапсырмаларының орындалу мәртебесі туралы ақпарат ДК отырысының күн тәртібінің жекелеген мәселесімен енгізіледі.</i>

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
				ДК қарау барысында ДК шешімдерінің / тапсырмаларының Директорлар кеңесі белгілеген мерзімде орындалмау фактілері анықталған кезде жауапты тұлғалар (Басқарма төрағасы және (немесе) ДК төрағасы) тиісті шаралар қабылдайды және ДК-нің келесі отырысына қабылданған шаралар туралы тиісті ақпарат береді. Егер шаралар қабылданбаса немесе ақпарат берілмесе, корпоративтік хатшы бұл туралы ДК-ге хабарлайды. Тоқсан сайын ДК шешімдерінің / тапсырмаларының орындалу мәртебесі және (немесе) орындалу барысы туралы мәселенің құрамында Директорлар кеңесі Қоғам менеджментінің ДК-мен өзара іс-қимыл тәртібі туралы ақпаратты қарайды.».
52	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК отырыстарының регламенті» деген 6.6-параграфының 6.6.2.2-тармағы	6.6.2.2. Қоғам Жарғысының 106-тармағының 1), 7), 9), 10-17), 26-37), 46-47), 49-50)-тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша ДК отырысын өткізуге арналған кворум ДК мүшелерінің үштен екісін құрайды, бұл ретте ДК отырысына тәуелсіз директорлардың көпшілігі қатысуға тиіс.	6.6.2.2. Қоғам Жарғысының 106-тармағының 1), 7), 9), 10-17), 26-37), 46-47), 49-50)-тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша ДК отырысын өткізуге арналған кворум ДК мүшелерінің үштен екісін құрайды, бұл ретте ДК отырысына тәуелсіз директорлардың көпшілігі қатысуға тиіс.	Дұрыс баяндау мақсатында Ереженің 6.6.2.2 және 6.6.2.3-тармақтарын біріктіру ұсынылады.
			Егер ДК мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдыңғы абзацында айқындалған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, көрсетілген мәселелерді қарау ДК-нің келесі отырысына ауыстырылады. Осы тармақтың алдыңғы абзацында көрсетілген мәселелерді қайта қарау кезінде кворумға және тәуелсіз директорлар санына қойылатын талаптар қолданылмайды.	
53	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК отырыстарының регламенті» деген 6.6-параграфының 6.6.2.3-тармағы	6.6.2.3. Егер ДК мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдыңғы абзацында айқындалған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, көрсетілген мәселелерді қарау ДК-нің келесі отырысына ауыстырылады. Осы тармақтың алдыңғы абзацында көрсетілген мәселелерді қайта қарау кезінде кворумға және тәуелсіз директорлар санына қойылатын талаптар қолданылмайды.	Алып тасталсын.	Осы тармақ қосымша абзац ретінде Ереженің 6.2.2-тармағына көшірілді
54	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК отырыстарының регламенті» деген 6.6-параграфының 6.6.4.1-тармағы	6.6.4.1. Қоғамның жарғысына сәйкес кворумға ерекше талап қоюды көздейтін отырыстың күн тәртібі мәселесі бойынша шешім қабылдау үшін кворум болмаған кезде, мұндай мәселе ДК осындай отырысының күн тәртібінен алып тасталады.	6.6.4.1. Қоғамның Жарғысына сәйкес кворумға ерекше талап көзделетін отырыстың күн тәртібі мәселесі бойынша шешім қабылдау үшін кворум болмаған кезде, ДК мүшелерінің шешімі бойынша мұндай мәселе ДК осындай отырысының күн тәртібінен шығарылады не күн тәртібінде сақталып, қаралады, бірақ оның мәні бойынша шешім қабылданбайды.	ДК-ге баяндамашыларды тыңдауға, сұрақтар қоюға, ақпаратты назарға алуға, алдын ала талқылауға мүмкіндік беру үшін, ағымдағы тәжірибені ескере отырып өзгерту ұсынылады.
55	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК отырыстарының регламенті» деген 6.6-	6.6.6. Егер ДК отырысы барысында ДК мүшесі Қоғамның Басқармасына және (немесе) лауазымды адамдарына тапсырма беруді ұсынса, оның тұжырымдамасы нақты, мерзімдері, жауапты тұлғалары көрсетілуге тиіс және күн тәртібіндегі	6.6.6. Егер ДК отырысы барысында ДК мүшесі ДК-ге Қоғамның Басқармасына және (немесе) лауазымды адамдарына, ДК-ге есеп беретін Қызметтерге және (немесе) олардың басшыларына, Басқарма төрағасына тікелей бағынатын құрылымдық бөлімшелердің	Мыналар ұсынылады: 1) ҚМГ орталық аппаратының 14.04.2025ж. бастап қолданысқа енгізілген жаңартылған құрылымын назарға ала отырып, ДК тапсырма бере алатын

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
	параграфының 6.6.6-тармағы	қаралып отырған мәселе бойынша шығарылған ДК шешіміне енгізілуге тиіс, ал егер тапсырма күн тәртібіндегі мәселеге қатысты болмай ұсынылса, онда мұндай тапсырманы ДК отырысына тікелей өзі қатысқан немесе Конференц-байланыс арқылы қатысқан ДК мүшелері қолдауға тиіс және бұл ДК отырысының хаттамасында көрсетілуі тиіс.	басшыларына тапсырма беруді ұсынса, оның тұжырымдамасы мерзімдері, жауапты тұлғалары көрсетіле отырып, нақты болуға тиіс. Бұл ретте Ереженің 2.2-тармағын ескере отырып, мыналар тыңдалып, талқылануы тиіс: 1) Қоғам менеджментіне тапсырма берілген жағдайда – Басқарма төрағасының пікірі; 2) ДК-ге есеп беретін құрылымдық бөлімшелердің атына тапсырмалар болған жағдайда – осындай бөлімшелер басшыларының пікірі. Тапсырма, егер оған ДК отырысына жеке өзі немесе Конференц-байланыс арқылы қатысқан ДК мүшелерінің көпшілігі дауыс берген жағдайда, ДК атынан беріледі және күн тәртібіндегі қаралып отырған мәселе бойынша ДК шешіміне енгізілуі тиіс. Бұл ретте, егер қатысқандардың кейбірі Жазбаша пікір арқылы дауыс берсе, мұндай ДК отырысының хаттамасында олардың ДК отырысы барысында ұсынылған тапсырмаға дауыс бермегені көрсетіледі және осы ескеріле отырып, дауыс беру қорытындылары шығарылады.	органдар, құрылымдық бөлімшелер, тұлғалар шеңберін кеңейту; 2) тапсырма ДК мүшесінен емес, ДК-ден берілетінін нақты түсіну үшін нақтылау енгізу; 3) корпоративтік хатшы үшін ағымдағы практика мен тәуекелдерді ескере отырып, сондай-ақ қолда бар хаттамалық практиканы заңдастыру үшін алып тастау және толықтыру. Ереженің 2.2-тармағының ұсынылған тұжырымы «2.2. ДК-нің Қоғамды басқару және Басқарма қызметін бақылау үшін жеткілікті өкілеттіктері, оның ішінде тапсырмалар беру өкілеттіктері бар. Қоғамның органдары мен қызметкерлеріне арналған тапсырмалар ДК атынан ДК отырыстарында ғана беріледі, бұл ретте олардың өзектілігіне, орындала алатынына, орындау үшін белгіленген мерзімдердің шынайылығына негізделуі тиіс, ол үшін мыналарды ескеру қажет: 1) Қоғам менеджментіне тапсырма берілген жағдайда – Басқарма төрағасының пікірі; 2) ДК-ге есеп беретін құрылымдық бөлімшелердің атына тапсырмалар болған жағдайда – осындай бөлімшелер басшыларының пікірі.»
56	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК отырыстарының регламенті» деген 6.6-параграфының 6.6.6-1-тармағы	Жоқ.	6.6.6-1. Ірі акционер: 1) ДК отырыстарына жеке қатыса алады; 2) алдағы ДК отырыстары туралы хабарламалар мен ДК мәселелері бойынша материалдарды ДК отырысы өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 7 (жеті) күн бұрын ала алады; 3) ДК отырыстарында мынадай мәселелер бойынша өз ұстанымын (пікірін) корпоративтік хатшы арқылы ұсына алады: а) Қоғамның дивидендтік саясатын алдын ала мақұлдау, есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін айқындау; б) Қоғамға тиесілі барлық активтердің 10 (он) пайызынан асатын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруына немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығарылуы (шығуы) туралы шешім; в) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы ақпарат;	Осы тармақты Ережеге енгізудің негіздемесі – Қордың 14.03.2025ж. № 04-1-09/1500 хатында (бұдан әрі – Хат) көзделген тапсырмасы: «Қор ҚМГ Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы арқылы ҚМГ Директорлар кеңесінің отырыстарында Ұлттық Банктің мынадай мәселелер бойынша ұстанымын (пікірін) ұсынуға міндеттенеді: - ҚМГ дивидендтік саясатын алдын ала мақұлдау, есепті қаржы жылындағы ҚМГ таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және ҚМГ бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін айқындау; - ҚМГ-ға тиесілі барлық активтердің 10%-нан асатын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы ҚМГ-ның өзге заңды тұлғаларды құруына немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығарылуы (шығуы) туралы шешім; - акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы ақпарат; - ҚМГ-ның орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы; - ҚМГ қызметінің басым бағыттарын айқындау; - ҚМГ міндеттемелерін

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
			г) Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы; д) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау; е) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту; ж) Қоғамның үлестес тұлғаларының тендерлерге (конкурстарға) қатысуы кезінде міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге берілетін жайлық хаттар мен кепілдіктерді қоспағанда, Қоғам міндеттемелерінің мөлшерін (сомасын) айқындау мүмкін болмаған жағдайда, үшінші тұлғалардың міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге Қоғамның кепілдік беруі; 4) ДК отырысы жабылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде танысу үшін ДК отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған ДК шешімдерін және (немесе) хаттамадан үзінді көшірмелерді және корпоративтік хатшының қолымен куәландырылған шешімдерді ала алады. Корпоративтік хатшы ДК отырысында ДК отырысының хаттамаларында ірі акционердің ұстанымын (пікірін) белгілей отырып, ДК отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша ірі акционерден алынған ұстанымды (пікірді) (толық көлемде, бірыңғай мәнінде, мағынасын бұрмаламай) ұсынуға міндетті. ДК осы тармақта көрсетілген мәселелер бойынша ірі акционердің позициясы туралы алынған ақпаратты ескере отырып шешім қабылдайды.	өзінің меншікті капиталының 25% және одан да көп мөлшерін құрайтын шамаға ұлғайту; - ҚМГ-ның үлестес тұлғаларының тендерлерге (конкурстарға) қатысуы кезінде міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге берілетін жайлық хаттар мен кепілдіктерді қоспағанда, ҚМГ міндеттемелерінің мөлшерін (сомасын) айқындау мүмкін болмаған жағдайда, үшінші тұлғалардың міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге ҚМГ-ның кепілдік беруі. Осыған байланысты, Қор ҚМГ мен ҚМГ корпоративтік хатшысының жоғарыда аталған мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен мыналарды орындау қажеттігі туралы хабарлайды: 1) ҚМГ Жарғысына және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ҚМГ Директорлар кеңесінің алдағы отырыстары туралы Ұлттық Банкке жазбаша хабарлауға және директорлар кеңесінің мәселелері бойынша материалдарды отырыс өткізілетін күннен кемінде күнтізбелік 7 күн бұрын Ұлттық Банкке ұсыну; 2) жиналыс (отырыс) жабылғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке акционерлер жиналыстарының және (немесе) директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларының көшірмелерін ұсыну; 3) ҚМГ Директорлар кеңесі отырысының хаттамаларында Ұлттық Банктің ұстанымын (пікірін) белгілей отырып, ҚМГ Директорлар кеңесінің отырыстарында күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Ұлттық Банктің ұстанымын (пікірін) (толық көлемде, бірыңғай мәнінде, мағынасын бұрмаламай) білдіру.». Акционердің құқықтары АҚ туралы заңмен және ҚМГ Жарғысымен айқындалатындықтан, бірақ Хатта жазылған ештеңе АҚ туралы заңда және ҚМГ Жарғысында акционердің құқықтары ретінде бекітілмегендіктен, Хатта жазылғандарды ДК туралы ережеге ірі акционердің мүмкіндіктері ретінде жазу ұсынылады. Оның ішінде, ДК және оның комитеттерінің шешімдері, олар бойынша талқылаулар Құпия ақпарат тізбесіне кіретінін назарға ала отырып, ДК отырыстары хаттамаларының/шешімдерінің көшірмелерін алу мүмкіндігін АҚ туралы Заңның 58-бабының 6-тармағына сүйене отырып жазу ұсынылады: «Директорлар кеңесінің хатшысы директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
				<i>дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен расталған хаттама мен шешімнің үзінділерін беруге міндетті.».</i>
57	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК отырыстарының регламенті» деген 6.6-параграфының 6.6.7-тармағының 2)	6.6.7. ДК отырысы мынадай кезеңдерді қамтиды: 2) ДК мүшесінің немесе шақырылған адамның күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз сөйлеуі;	6.6.7. ДК отырысы мынадай кезеңдерді қамтиды: 2) ДК мүшесінің немесе шақырылған адамның күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз сөйлеуі, бұл ретте енгізуге Басқарма бастамашы болған мәселе бойынша баяндаманы Басқарманың жетекшілік ететін мүшесі және (немесе) жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы ұсынуға тиіс;	Осы тармақты Ережеге енгізудің негіздемесі 15.06.2022ж. мынадай ДК тапсырмасы (№11/2022 хаттама, №10 мәселе): «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің немесе оның комитеттерінің отырыстарында күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндаманы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлері ұсынуын қамтамасыз етсін.
58	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК отырыстарының регламенті» деген 6.6-параграфының 6.6.7-тармағының 4)	6.6.7. ДК отырысы мынадай кезеңдерді қамтиды: 4) күн тәртібі мәселесі бойынша шешімді тұжырымдау бойынша ұсыныстар, оның ішінде ДК мүшелерінің түсініктемелері мен тапсырмаларын егжей-тегжейлі айту;	6.6.7. ДК отырысы мынадай кезеңдерді қамтиды: 4) күн тәртібі мәселесі бойынша шешімнің тұжырымдасы бойынша ұсыныстар, оның ішінде ДК мүшелері ұсынатын түсініктемелер мен тапсырмаларды егжей-тегжейлі айту;	Тапсырма ДК мүшесінен емес, ДК-ден берілетінін нақты түсіну үшін нақтылайтын редакциялық түзету.
59	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «Директорлар кеңесінің шешім қабылдауы» деген 6.8-параграфының 6.8.2-тармағы	6.8.2. ДК шешімдері, егер ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысқан не Жазбаша пікір берген немесе сырттай дауыс беруге қатысатын ДК мүшелерінің жай көпшілік даусымен (Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларды қоспағанда) қабылданады.	6.8.2. ДК шешімдері, егер ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, қатысқан ДК мүшелерінің (Қоғам Жарғысында көзделген жағдайларды қоспағанда) жай көпшілік даусымен қабылданады.	Ереже мәтінін біркелкі ету мақсатындағы нақтылайтын түзету.
60	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК күндізгі отырысының хаттамасы» деген 6.9-параграфының 6.9.1-тармағы	6.9.1. Іштей тәртіпте өткізілген отырыста қабылданған ДК шешімдері хаттамамен ресімделеді. ДК отырысының хаттамасын ресімдеу Ережеге, Жарғыға және (немесе) Қоғамның қолданылатын өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.	6.9.1. Іштей тәртіпте өткізілген отырыста қабылданған ДК шешімдері талқылау қорытындылары мен қабылданған шешімдер толық көлемде көрсетіле отырып, хаттамамен ресімделеді. ДК отырысының хаттамасын ресімдеу Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін е, Ережеге, Жарғыға және (немесе) Қоғамның қолданылатын өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.	Корпоративтік басқару кодексінің 5-тарауының 98-тармағы: «98. Талқылау қорытындылары мен қабылданған шешімдерді толық көлемде көрсете отырып, корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын тиісінше хаттамалайды.»
61	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК күндізгі отырысының хаттамасы» деген 6.9-параграфының 6.9.6-тармағы	6.9.6. Егер ДК мүшесі ДК қарауына шығарылған мәселе бойынша «қалыс қалса», ДК отырысының хаттамасында (сырттай дауыс беру шешімінде) осындай дауыс берудің тиісті себебі көрсетіледі.	6.9.6. Егер ДК мүшесі ДК қарауына шығарылған мәселе бойынша дауыс беруде «қалыс қалса», ДК отырысының хаттамасында (сырттай дауыс беру шешімінде) осындай дауыс берудің тиісті себебі көрсетіледі.	Нақтылайтын түзету.
62	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК күндізгі отырысының хаттамасы» деген 6.9-параграфының 6.9.8-тармағы	6.9.8. ДК отырысының хаттамасына ДК төрағасы немесе оның міндетін атқарушы ДК мүшесі және корпоративтік хатшы қол қояды.	Алып тасталсын.	6.9.3-тармақты қайталайды: «6.9.3. ДК отырысының хаттамасын корпоративтік хатшы жасайды және оған отырысқа төрағалық еткен адам мен корпоративтік хатшы отырыс өткізілгеннен кейін 7 (жеті) күннен кешіктірілмейтін мерзімде қол қояды.»
63	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК шешімдерінің орындалуын бақылау»	6.11.1. ДК шешімдерінің орындалуы және (немесе) орындалу барысы туралы Басқарманың, ДК комитеттері төрағаларының, Ішкі аудит қызметінің, корпоративтік хатшының есептерін қарау арқылы ДК өз шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге	6.11.1. ДК шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалуы және (немесе) орындалу барысы туралы Басқарманың, ДК комитеттері төрағаларының, Ішкі аудит қызметінің, ДК-ге есеп беретін құрылымдық бөлімшелердің , корпоративтік хатшының есептерін қарау арқылы ДК өз шешімдерінің/	Ереженің осы тармағын толықтырудың негіздемесі – 06.04.2022ж. мынадай ДК тапсырмасы (№6/2022 хаттама, №18 мәселе): «2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы Д.В. Шаріпов:

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
	деген 6.11-параграфының 6.11.1-тармағы	асырады, егер Директорлар кеңесі өзгеше мерзім белгілемесе, мұндай есептер ДК-нің әрбір отырысына ұсынылады.	тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады, егер Директорлар кеңесі өзгеше мерзім белгілемесе, мұндай есептер ДК-нің әрбір отырысына ұсынылады. ДК шешімдерінің орындалу мәртебесі туралы ақпаратты (мысалы, мәміле жасасу, еншілес тәуелді ұйымның (бұдан әрі – ЕТҰ) жарғылық капиталын толықтыру, ЕТҰ Жарғысын өзгерту және т.б.) ДК жартыжылдықта 1 (бір) рет қарайды. ДК тапсырмаларының орындалу мәртебесі туралы ақпаратты ДК ай сайын қарайды. ДК шешімдерінің / тапсырмаларының орындалу мәртебесі туралы ақпарат ДК отырысының күн тәртібінің жекелеген мәселесімен енгізіледі. ДК қарау барысында ДК шешімдерінің / тапсырмаларының Директорлар кеңесі белгілеген мерзімде орындалмау фактілері анықталған кезде жауапты тұлғалар (Басқарма төрағасы және (немесе) ДК төрағасы) тиісті шаралар қабылдайды және ДК-нің келесі отырысына қабылданған шаралар туралы тиісті ақпарат береді. Егер шаралар қабылданбаса немесе ақпарат берілмесе, корпоративтік хатшы бұл туралы ДК-ге хабарлайды. Токсан сайын ДК шешімдерінің / тапсырмаларының орындалу мәртебесі және (немесе) орындалу барысы туралы мәселенің құрамында Директорлар кеңесі Қоғам менеджментінің ДК-мен өзара іс-қимыл тәртібі туралы ақпаратты қарайды.	1) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар ұсыну процесін қатаңдатсын, оның ішінде белгіленген талаптар мен мерзімдер қатаң сақталсын; 2) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды уақтылы ұсынбаудың барлық жағдайлары туралы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасын Департамент директоры деңгейінде жауапты орындаушы мен тікелей басшыны көрсете отырып, ай сайынғы негізде хабардар етсін. 3. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы осы шешімнің 3-тармағын орындау нәтижелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің отырыстарына материалдар ұсыну бөлігінде орындаушылық тәртіпті арттыру жөнінде шаралар қабылдасын және нәтижелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне тиісті ақпарат берсін.». Ереженің осы тармағын толықтырудың негіздемесі – 17.09.2024ж. мынадай ДК тапсырмасы (№20/2024 хаттама, №3 мәселе): «3. Осы шешімнің қосымшасына (бұдан әрі – Қосымша) сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесімен өзара іс-қимыл тәртібі туралы ақпарат назарға алынсын. 4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы А.Г. Хасенов: 1) қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген мерзімдердің бұзылу себептерін анықтау жөнінде шаралар қабылдасын; 2) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы бастамашылық ететін және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің қарауына енгізетін мәселелер бойынша материалдарды ұсыну тәртібін бұзуды барынша азайту жөнінде шаралар қабылдасын;». 2025 жылға арналған ДК жұмыс жоспарының 5-тармағына сәйкес.
64	«ДК жұмыс регламенті» деген 6-тараудың «ДК шешімдерінің орындалуын бақылау» деген 6.11-параграфының 6.11.2-тармағы	6.11.2. Корпоративтік хатшы қабылданған шешімдер мен тиісті тапсырмаларды Басқарманың, ДК-ге есеп беретін қызметтердің және жауапты құрылымдық бөлімшелердің назарына жеткізеді және ДК шешімдерінің орындалуының бақылау мерзімдері туралы ДК-ге хабарлайды.	6.11.2. Корпоративтік хатшы қабылданған шешімдер мен тиісті тапсырмаларды Басқарма төрағасының, Басқарманың жауапты мүшелерінің, ДК-ге есеп беретін Қызметтердің және жауапты құрылымдық бөлімшелердің назарына жеткізеді және ДК шешімдерінің орындалуының бақылау мерзімдері туралы ДК-ге хабарлайды.	Техникалық түзетулер.
			Басқармаға жолданған ДК шешімдерінің / тапсырмаларының орындалуына Басқарма төрағасы жауап береді, ол мыналарды қамтамасыз етеді:	Ереженің осы тармағын толықтырудың негіздемесі – 17.09.2024ж. мынадай ДК тапсырмасы (№20/2024 хаттама, №3 мәселе): «3. Осы шешімнің қосымшасына (бұдан әрі – Қосымша) сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесімен өзара іс-қимыл тәртібі туралы ақпарат назарға алынсын.

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
			1) ДК шешімдерін / тапсырмаларын орындауға жауаптыларды тағайындау; 2) ДК шешімдерін / тапсырмаларын жауапты тұлғалардың назарына жеткізу; 3) ДК шешімдерінің / тапсырмаларының орындалуын бақылау (орындау мерзімдерін қоса алғанда); 4) Директорлар кеңесіне және (немесе) Корпоративтік хатшыға ДК шешімдерінің / тапсырмаларының орындалуы туралы ақпарат беру. ДК шешімдерін / тапсырмаларын орындау мерзімдері ДК отырысы өткізілген күннен бастап есептеледі. Егер ДК отырысында нақты шешімді / тапсырманы орындау мерзімі аталса, шешім қабылданған / мерзімін көрсете отырып тапсырма берілген қатысушы(лар) ДК хаттамасынан үзінді көшірменің түсуін күтпей, ДК отырысынан кейін бірден ДК шешімін / тапсырмасын орындауға кірісуге міндетті. ДК хаттамалық шешімдерінің/ тапсырмаларының уақтылы және сапалы орындалуы үшін тапсырма берілген орындаушылар мен қызметтің тиісті бағытына жетекшілік ететін басшылар (Басқарма төрағасна тікелей бағынатындары) дербес жауапты болады.	4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы А.Г. Хасенов: 1) қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген мерзімдердің бұзылу себептерін анықтау жөнінде шаралар қабылдасын; 2) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы бастамашылық ететін және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің қарауына енгізетін мәселелер бойынша материалдарды ұсыну тәртібін бұзуды барынша азайту жөнінде шаралар қабылдасын;». 1) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында Іс жүргізу регламентінің 5.10.26-тармағы.
65	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың № 1 қосымшасының бүкіл мәтіні бойынша	Нұр-Сұлтан қ.	Астана	«Қазақстан Республикасының астанасы - Нұр-Сұлтан қаласын Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы деп қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 17 қыркүйектегі № 1017 Жарлығы
66	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың кіріспесі	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) атынан «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде және Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешіміне (№ _____ хаттама) сәйкес әрекет ететін Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы _____, бір жағынан, және Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешіміне (№ _____ хаттама) сәйкес Қоғамның тәуелсіз директоры (бұдан әрі – Директор) болып сайланған _____ азаматы _____, _____ ж. берілген төлқұжат № _____, екінші жағынан, бұдан әрі Тараптар деп аталып, төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) атынан Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы негізінде және Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне (____ ж. № ____ хаттама) сәйкес әрекет ететін Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы _____, бір жағынан, және Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне (____ ж. № ____ хаттама) сәйкес Қоғамның тәуелсіз директоры (бұдан әрі – Директор) болып сайланған _____ мырза, _____ азаматы, _____ берілген төлқұжат № _____, екінші жағынан, бұдан әрі бірге алғанда Тараптар, ал жеке-жеке алғанда Тарап немесе жоғарыда көрсетілгендей аталып , төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:	Техникалық түзетулер. 2023 жылдан бастап ДК мүшелерін сайлау туралы шешімді ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайды.
67	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын	1. Осы Шарт бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына (бұдан әрі – заңнама), Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғам	1. Осы Шарт бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына (бұдан әрі – заңнама), Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғам директорының Қоғамның	2023 жылдан бастап ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы ҚМГ-ның жоғары органы болып табылады.

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
	шарттың «Шарттың нысанасы» деген 1-тарауының 1-тармағы	директорының Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Қоғамның директорға сыйақы төлеу міндеті және осы Шартқа және Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешімдеріне сәйкес міндеттерін орындаумен байланысты шығыстарды өтеу міндеті белгіленеді.	Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Қоғамның директорға сыйақы төлеу міндеті және осы Шартқа және Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес міндеттерін орындаумен байланысты шығыстарды өтеу міндеті белгіленеді.	
68	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Директордың құқықтары» деген 2-тарауы 3-тармағының 4) тармақшасы	3. Директордың: 4) Қоғамның Жарғысында, Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленуші тұлғаның/ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерінде, Қоғамның ішкі құжаттарында және осы Шартта көзделген тәртіппен Қоғамнан Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқарумен байланысты шығыстардың сыйақысын, сондай-ақ өтемақысын алуға құқығы бар;	3. Директордың: 4) Қоғамның Жарғысында, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерінде, Қоғамның ішкі құжаттарында және осы Шартта көзделген тәртіппен Қоғамнан сыйақы алуға, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқарумен байланысты шығыстардың өтемақысын алуға;	2023 жылдан бастап ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы ҚМГ-ның жоғары органы болып табылады. Ережеге №1 қосымшадағы мәтінді біркелкі ету мақсатындағы техникалық түзету.
69	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Директордың құқықтары» деген 2-тарауы 3-тармағының 6) тармақшасы	3. Директордың: 6) заңнамаға сәйкес мемлекеттік құпия болып табылатын ақпаратты қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысының Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлғаның шешімдерімен, Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларымен және шешімдерімен, Директорлар кеңесі комитеттері отырыстарының хаттамаларымен, аудиторлық қорытындылармен танысуға;	3. Директордың: «6) заңнамаға сәйкес мемлекеттік құпия болып табылатын ақпаратты қоспағанда, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерімен, Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларымен және шешімдерімен, Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттері отырыстарының хаттамаларымен, аудиторлық қорытындылармен танысуға;	2023 жылдан бастап ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы ҚМГ-ның жоғары органы болып табылады. Ережеге №1 қосымшадағы мәтінді біркелкі ету мақсатындағы техникалық түзетулер.
70	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Директордың міндеттері» деген 3-тарауы 6-тармағының 4) тармақшасы	6. Директор: 4) Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның/ Қоғамның Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері заңнамаға, жарғыға сәйкес келген жағдайда және, Директорлар кеңесі мүшесінің пікірінше, Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның/ акционерлердің және/немесе Қоғамның мүдделеріне қайшы келмеген жағдайда, мұндай шешімдер орындауға;	6. Директор: 4) шешімдер заңнамаға, Қоғамның Жарғысына сәйкес келген және Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі бойынша акционерлердің және/немесе Қоғамның мүдделеріне қайшы келмеген жағдайда, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерін, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға;	2023 жылдан бастап ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы ҚМГ-ның жоғары органы болып табылады. Ережеге №1 қосымшадағы мәтінді біркелкі ету мақсатындағы техникалық түзету.
71	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Директордың міндеттері» деген 3-тарауы 6-тармағының 5) тармақшасы	6. Директор: 5) Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамдағы ақпарат пен істердің жай-күйін талдауға және, қажет болған жағдайда, осындай талдау нәтижелерін Қоғамның Директорлар кеңесіне/ Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынуға;	6. Директор: 5) Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамдағы ақпарат пен істердің жай-күйін талдауға және, қажет болған жағдайда, осындай талдау нәтижелерін Қоғамның Директорлар кеңесіне/ Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынуға;	Техникалық түзету.
72	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Директордың міндеттері» деген 3-	6. Директор: 8) барлық дауыс беретін акцияларға иелік ететін тұлғаның/ Акционерлердің жалпы жиналысының/Директорлар кеңесі төрағасының талап етуі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің	6. Директор: 8) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының/ Директорлар кеңесі төрағасының талап етуі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер шегінде жеке және құпия ақпараттан басқа кез келген ақпаратты беруге;	2023 жылдан бастап ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы ҚМГ-ның жоғары органы болып табылады. Ережеге №1 қосымшадағы мәтінді біркелкі ету мақсатындағы техникалық түзету.

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
	тарауы 6-тармағының 8) тармақшасы	құзыретіне кіретін мәселелер шегінде жеке және құпия ақпараттан басқа кез келген ақпаратты беруге ;		
73	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Директордың міндеттері» деген 3-тарауының 7-тармағы	7. Директор Қоғамға өзінің деректерін (электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген Директорға қатысты мәліметтерді) жинауға және өңдеуге, соның ішінде деректерді жазбаша немесе электрондық құжат нысанында не заңнамаға қайшы келмейтін қорғау іс-қимылдарының элементтерін қолдана отырып, өзге де тәсілмен Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлғаға беруге келісім береді.	7. Директор Қоғамға өзінің деректерін (электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген Директорға қатысты мәліметтерді), соның ішінде деректерді жазбаша немесе электрондық құжат нысанында не заңнамаға қайшы келмейтін қорғау іс-қимылдарының элементтерін қолдана отырып жинауға және өңдеуге келісім береді.	2023 жылдан бастап ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы ҚМГ-ның жоғары органы болып табылады.
74	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Қоғамның құқықтары» деген 4-тарауы 8-тармағының 2) тармақшасы	8. Қоғамның: 2) Шартты бұзу сәтіне дейін төленбеген барлық шығыстар мен өтемақылар Директордың жұмыс кезеңіне барабар төленетінін ескере отырып, Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлға Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда, осы Шартты кез келген уақытта мерзімінен бұрын бұзуға;	8. Қоғамның: 2) Шартты бұзу сәтіне дейін төленбеген барлық шығыстар мен өтемақылар Директордың жұмыс кезеңіне барабар төленетінін ескере отырып, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда, осы Шартты кез келген уақытта мерзімінен бұрын бұзуға;	2023 жылдан бастап ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы ҚМГ-ның жоғары органы болып табылады.
75	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Қоғамның міндеттері» деген 5-тарауы 9-тармағының 1) тармақшасы	9. Қоғам: 1) осы Шартта көзделген сыйақыны Директорға уақтылы және толық көлемде төлеуге, сондай-ақ осы Шарттың талаптарында және Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлғаның Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының өзге де шешімдерінің талаптарында Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындаумен байланысты шығыстарды өтеуге;	9. Қоғам: 1) осы Шартта көзделген сыйақыны Директорға уақтылы және толық көлемде төлеуге, сондай-ақ осы Шарттың талаптарында және Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының өзге де шешімдерінің талаптарында Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындаумен байланысты шығыстарды өтеуге;	2023 жылдан бастап ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы ҚМГ-ның жоғары органы болып табылады.
76	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Қоғамның міндеттері» деген 5-тарауы 9-тармағының 4) тармақшасы	9. Қоғам: 4) сайланған күнінен бастап және Қоғамның немесе Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлғаның қаражаты есебінен тиісті сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Директордың жауапкершілігін сақтандыруға, сондай-ақ заңнамада, жарғыда және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға;	9. Қоғам: «4) сайланған күнінен бастап және Қоғамның қаражаты есебінен тиісті сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Директордың жауапкершілігін сақтандыруға, сондай-ақ заңнамада, жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға;	2023 жылдан бастап ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы ҚМГ-ның жоғары органы болып табылады. Ережеге №1 қосымшадағы мәтінді біркелкі ету мақсатындағы техникалық түзету.
77	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Директорға төленетін сыйақы және өтемақы» деген 6-тарауының 10-тармағының бірінші абзацы	10. Директорға салықтар мен заңнамада белгіленген басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін, Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін акционердің шешімі негізінде, _____ мөлшерінде белгіленген жылдық сыйақы төленеді.	10. Директорға салықтар мен заңнамада белгіленген басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі негізінде, _____ мөлшерінде белгіленген жылдық сыйақы төленеді.	2023 жылдан бастап ДК мүшелерінің сыйақы мөлшері ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен айқындалады.
78	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	11. Қоғам Директорға Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына	11. Қоғам Директорға Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына және Қоғамның	Ереже мәтінін біркелкі ету мақсатындағы техникалық түзетулер.

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
	Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Директорға төленетін сыйақы және өтемақы» деген 6-тарауының 11-тармағы	және Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы және/немесе «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы бастамашылық жасаған, Директордың тұрақты тұрғылықты жерінен тыс өткізілетін кеңестерге шығуына байланысты мынадай шығыстарды өтейді: 1) жол жүру ақысы (бизнес-класс авиабилеттерінің құнынан жоғары емес мөлшерде), оның ішінде трансфер (такси); 2) қонақүйде тұру ақысы (нақты шығындар бойынша, бірақ стандартты бір орындық нөмірдің құнынан аспайтын мөлшерде, оның ішінде брондау бойынша шығыстар); 3) тәулікақы (Қоғамның ішкі құжатында белгіленген Қоғамның Басқарма төрағасына арналған іссапар шығыстарын өтеу нормалары шегінде); 5) Қазақстан Республикасында сканерлеу, ксерокөшірме жасау, факс, құжаттарды басып шығару, теру, Қазақстан Республикасында интернет желісіне қатынау қызметтері; 6) курьерлік және пошта қызметінің қызметтері. Қонақүйде тұру , жол жүру, оның ішінде трансфер (такси) бойынша, сканерлеу, ксерокөшірме жасау, факс, құжаттарды басып шығару, теру, Қазақстан Республикасында интернет желісіне қатынау қызметтері бойынша, курьерлік қызметтер мен почта қызметі бойынша шығыстарды өтеуді Қоғам растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда нақты шығыстар бойынша жүргізеді. Қоғам шығыстарды өтеуді Директор растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда жүргізеді.	Директорлар кеңесінің төрағасы және/немесе «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы бастамашылық жасаған, Директордың тұрақты тұрғылықты жерінен тыс өткізілетін кеңестерге шығуына байланысты мынадай шығыстарды өтейді: 1) жол жүру ақысы (бизнес-класс авиабилеттерінің құнынан жоғары емес мөлшерде), оның ішінде трансфер (такси); 2) қонақүйде тұру (нақты шығындар бойынша, «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары Директорлар кеңесінің мүшелері үшін айқындалған тиістілік нормаларына сәйкес , оның ішінде брондау бойынша шығыстар); 3) тәулікақы (Қоғамның ішкі құжатында белгіленген Қоғамның Басқарма төрағасына арналған іссапар шығыстарын өтеу нормалары шегінде); 5) Қазақстан Республикасында сканерлеу, ксерокөшірме жасау, факс, құжаттарды басып шығару, теру, Қазақстан Республикасында интернет желісіне қатынау қызметтері; 6) курьерлік және пошта қызметінің қызметтері. Жол жүру, оның ішінде трансфер (такси) бойынша, сканерлеу, ксерокөшірме жасау, факс, құжаттарды басып шығару, теру, Қазақстан Республикасында интернет желісіне қатынау қызметтері бойынша, курьерлік қызметтер мен почта қызметі бойынша шығыстарды өтеуді Қоғам растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда нақты шығыстар бойынша жүргізеді. Тек құжатталған шығындар ғана өтелуге жатады. Қонақүйде тұру шығыстарын өтеу нақты шығындар бойынша, бірақ растайтын құжаттарды ұсынған кезде люкс класы бойынша бір орындық нөмір құнынан аспайтын мөлшерде, оның ішінде брондау шығыстары бойынша жүргізіледі. Қоғам шығыстарды өтеуді Директор растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда жүргізеді.	ДҚ төрағасының және/немесе Қордың Басқарма төрағасының бастамасымен ДҚ мүшесінің тұрақты тұрғылықты жерінен тыс өткізілетін ДҚ мүшелерінің, ДҚ комитеттерінің отырыстарына және кеңестерге шығуына байланысты ДҚ мүшелерінің шығыстарын өтеу саласындағы Қор ережелерімен Шарттардың корреляциясын жақсарту үшін. Атап айтқанда, Шарттарда Ережелердің қонақүйде тұру шығындарын өтеу бөлігіндегі мазмұнын көрсететін тұжырымдар жеткілікті түрде нақтыланбаған. «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары директорлар кеңестерінің/байқаушы кеңестерінің құрамын қалыптастыру қағидаларының 37 және 38-тармақтары: <i>«37. Жол жүру, оның ішінде трансфер (такси) бойынша, сканерлеу, ксерокөшірме жасау, факс, құжаттарды басып шығару, теру, Қазақстан Республикасында интернет желісіне қатынау қызметтері бойынша, Қазақстан Республикасындағы телефон байланысы (ұялы байланысты қоспағанда), курьерлік қызметтер мен почта қызметі бойынша шығыстарды өтеуді компания растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда нақты шығыстар бойынша жүргізеді. Тек құжатталған шығындар ғана өтелуге жатады.</i> <i>38. Қонақүйде тұру шығыстарын өтеу нақты шығындар бойынша, бірақ растайтын құжаттарды ұсынған кезде люкс класы бойынша бір орындық нөмір құнынан аспайтын мөлшерде, оның ішінде брондау шығыстары бойынша жүргізіледі.»</i>
79	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Директорға төленетін сыйақы және өтемақы» деген 6-тарауының 13-тармағы	13. Директордың өкілеттігі есепті кезең аяқталғанға дейін (оның ішінде мерзімінен бұрын) тоқтатылған жағдайда, Директорға Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында нақты болған кезең үшін сыйақы мен өтемақы, оның өкілеттік мерзімі өткен сәттен бастап немесе Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлға тиісті шешім қабылдаған сәттен бастап немесе Директорлар кеңесінің мүшесі өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш берген сәттен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей төленеді.	13. Директордың өкілеттігі есепті кезең аяқталғанға дейін (оның ішінде мерзімінен бұрын) тоқтатылған жағдайда, Директорға Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында нақты болған кезең үшін сыйақы мен өтемақы, оның өкілеттік мерзімі өткен сәттен бастап немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының тиісті шешім қабылдаған сәттен бастап немесе Директорлар кеңесінің мүшесі өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш берген сәттен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей төленеді.	2023 жылдан бастап ДҚ мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайды.

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
80	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Директорға төленетін сыйақы және өтемақы» деген 6-тарауының 14-тармағы	14. Директордың өкілеттігі оның немқұрайлылығы салдарынан, оны тағайындау талаптары мен осы Шарттың бұзылуы салдарынан тоқтатылса немесе Қоғамды немесе Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаны/ Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын қасақана адастыруын (алдауын) немесе саналы түрде өз міндеттерін елемей фактісін дәлелдейтін акт болса, онда мұндай жағдайларда Директор оқиға болғанға (осы факт туралы белгілі болғанға) дейінгі және/немесе өкілеттігін тоқтату мерзіміне дейін жұмыс істеген кезеңі үшін төлемдер алады.	14. Директордың өкілеттігі оның немқұрайлылығы салдарынан, оны тағайындау талаптары мен осы Шарттың бұзылуы салдарынан тоқтатылса немесе Қоғамды және (немесе) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын қасақана адастыруын (алдауын) немесе саналы түрде өз міндеттерін елемей фактісін дәлелдейтін акт болса, онда мұндай жағдайларда Директор оқиға болғанға (осы факт туралы белгілі болғанға) дейінгі және/немесе өкілеттігін тоқтату мерзіміне дейін жұмыс істеген кезеңі үшін төлемдер алады.	2023 жылдан бастап ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы ҚМГ-ның жоғары органы болып табылады. Техникалық түзетулер.
81	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Тараптардың жауапкершілігі» деген 7-тарауының 16-тармағы	16. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе сот органдарында жауапкершіліктің өзге негіздері мен мөлшері белгіленбесе, Директор Директордың кінәлі әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) Қоғамға келтірілген зиян мен залал үшін, оның ішінде ол осы Шарттың 6-тармағы 15) тармақшасының талаптарын бұзған кезде, Қоғам алдында жауапты болады.	16. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе сот органдарында жауапкершіліктің өзге негіздері мен мөлшері белгіленбесе, Директор Директордың кінәлі әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) Қоғамға келтірілген зиян мен залал үшін, оның ішінде ол осы Шарттың 6-тармағы 15) тармақшасының талаптарын бұзған кезде, Қоғам алдында жауапты болады.	Техникалық түзету.
82	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Шарттың қолданылу мерзімі және оны тоқтату шарттары» деген 8-тарауының 19-тармағы	19. Шарт Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлға Директорды сайлау туралы шешім қабылдаған күннен бастап күшіне енеді—және Директордың өкілеттігі тоқтатылған күнге дейін қолданылады.	19. Шарт Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Директорды сайлау туралы шешім қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және Директордың өкілеттігі тоқтатылған күнге дейін қолданылады.	2023 жылдан бастап ДҚ мүшелерін сайлау туралы шешімді ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайды.
83	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Шарттың қолданылу мерзімі және оны тоқтату шарттары» деген 8-тарауының 20-тармағы	20. Қоғамның кез келген уақытта, негіздер бойынша немесе негіздерсіз Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлғаның/ Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Директормен жасалған Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқығы бар.	20. Қоғамның кез келген уақытта, негіздер бойынша немесе негіздерсіз Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Директормен жасалған Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқығы бар.	2023 жылдан бастап ДҚ мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайды.
84	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Шарттың қолданылу мерзімі және оны тоқтату шарттары» деген 8-тарауының 22-тармағы	22. Осы Шарттың қолданылуы тоқтатылатын күн мына күндердің қайсысы ертерек болатын күн болып табылады: (1) Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлғаның/ Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттіктері тоқтатылған күн (2) Директордың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылданған күн (немесе Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлғаның/ —Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімінде	22. Осы Шарттың қолданылуы тоқтатылатын күн мына күндердің ертерек болатыны: (1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттіктері тоқтатылған күн (2) Директордың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылданған күн (немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімінде айқындалған күн), немесе (3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің Директордан өз өкілеттіктерін өз бастамасы бойынша	2023 жылдан бастап ДҚ мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайды. АҚ туралы Заңның 55-бабының 4-тармағы: «Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің

№	құрылымдық элемент	қолданыстағы редакция	ұсынылатын редакция	негіздеме
1	2	3	4	5
		айқындалған күн, немесе (3) Қоғамның барлық дауыс беретін — акцияларын — иеленетін — тұлғаның және Қоғамның Директорлар кеңесінің Директордан өз өкілеттіктерін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату туралы хабарлама алған күні (немесе хабарламада айқындалған күн).	мерзімінен бұрын тоқтату туралы хабарлама алған күні (немесе хабарламада айқындалған күн).	<i>өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.</i>
85	№1 қосымшадағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалатын шарттың «Тараптардың деректемелері мен қолдары» деген 10-тарауындағы Шартқа қол қоюшының аты-жөні	Кристофер Джон Уолтон	Алып тасталсын.	Кристофер Джон Уолтонның ДК төрағасы ретіндегі өкілеттігінің тоқтатылуына байланысты алып тастау ұсынылады.

Қысқарту:**ҚМГ** – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ;**Қор** – «Самұрық-Қазына» АҚ;**ДК** – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі;**АҚ туралы заң** – «Акционерлік қоғамдар туралы» 13.05.2003ж. № 415-II Қазақстан Республикасының заңы;**№659 ҚР ҰК** – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы»**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы №1403 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»****Қазақстан Республикасы Үкіметінің 15.08.2024ж. №659 Қаулысы;****№659 ҚР ҰК-ға сәйкес өзгерістер енгізілген Қордың КБК** – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексі («Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы №1403 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 14.07.2023ж. №590 қаулысына қосымша);**Қоғаның Жарғысы, ҚМГ Жарғысы** – ҚМГ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 28.05.2024ж. шешімімен (№1/2024 хаттама, №8 мәселе) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ҚМГ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 30.05.2023ж. шешімімен (№2\2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының жарғысы;**Корпоративтік басқару кодексі** – Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының 28.05.2024ж. шешімімен (№1/2024 хаттама, №4 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексі;**АЖЖ туралы ереже** – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның 02.12.2022ж. шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма отырысының №66/22 хаттамасы, №5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже;

АК туралы ереже – 08.05.2019ж. ДК шешімімен (№7/2019 хаттама, №21 мәселе) бекітілген, 30.12.2019ж. (№18/2019 хаттама, №11 мәселе), 11.11.2022ж. (№19/2022 хаттама, №13 мәселе), 07.03.2024ж. (№4/2024 хаттама, №9 мәселе), 17.09.2024ж. (№20/2024 хаттама, №6 мәселе) ДК шешімдерімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ереже;

КХ туралы ереже – ҚМГ ДК 20-23.12.2024ж. шешімімен (№26/2024 хаттама, №3 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы туралы ереже;

ІАҚ туралы ереже – ДК 12.10.2020ж. шешімімен (№11/2020 хаттама, №14 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже;

Комплаенс қызметі туралы ереже – ҚМГ ДК 15.05.2024ж. шешімімен (№11/2024 хаттама, №8 мәселе) бекітілген, ҚМГ ДК 20--23.12.2024ж. шешімімен (№26/2024 хаттама, №8 мәселе) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының COMPLIANCE қызметі туралы ереже.

Омбудсмен қызметі туралы ереже – ҚМГ ДК 07.03.2024ж. шешімімен (№4/2024 хаттама, №18 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Омбудсмен қызметі туралы ереже;

Құпия ақпарат тізбесі – 31.05.2018ж. ДК шешімімен (№7/2018 хаттама, №22 мәселе) бекітілген Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның коммерциялық немесе өзге де құпиясын құрайтын ақпарат тізбесі;

Қордың Қағидалары – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 26.09.2016ж. (№35/16 хаттама) шешімімен бекітілген, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 15.10.2018ж. (№28/18 хаттама), «Самұрық-Қазына» 16.11.2018ж. (№34/18 хаттама), 29.06.2020ж. (№25/20 хаттама), 23.11.2020ж. (№45/20 хаттама), 14.10.2021ж. (№47/21 хаттама) шешімдерімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының директорлар кеңесінің/байқаушы кеңестерінің құрамдарын қалыптастыру қағидалары;

Қордың КБ диагностикалау әдістемесі – дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардағы корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесі («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 26.09.2016ж. шешіміне [№35/16 хаттама] 1-қосымша);

ДК отырыстарына материалдарды дайындау және енгізу қағидалары – ДК 06.06.2019ж. шешімімен (№8/2019 хаттама, №17 мәселе) бекітілген, ДК 26.07.2023ж. шешімімен (№16/2023 хаттама, №7 мәселе) өзгеріс енгізілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және/немесе оның Комитеттерінің Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды дайындау және енгізу қағидалары;

Шарттар – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерімен жасалатын шарттар;

КБЖІЖ – 10.04.2024ж. ДК шешімімен (№8/2024 хаттама, №4 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2024 – 2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары;

2025 жылға арналған ДК жұмыс жоспары – 20.12.2024ж. ДК шешімімен (№25/2024 хаттама, №5 мәселе) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспары.

БАҚЫЛАУ НҰСҚАСЫ
«ҚазМұнайГаз» АҚ
акционерлерінің жылдық жалпы
жиналысының 2023 жылғы 30
мамырдағы №2/2023 шешімімен
бекітілді

(«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының
2023 жылғы 6 қарашадағы шешімімен, №5/2023 хаттама, өзгерістер мен
толықтырулар енгізілген және енгізуге ұсынылған)

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесі туралы осы ереже (бұдан әрі сәйкесінше: **ДК/ Директорлар кеңесі/ Қоғам және Ереже**) ДК қалыптастыру тәртібін, ДК мүшелерінің мәртебесін, құрамын, құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін айқындайды, ДК қызметінің тәртібін, ДК отырыстарын шақыру және өткізу, оның шешімдерін қабылдау және ресімдеу тәртібін белгілейді.

1.2. Ереженің күші Қоғамның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қолданылады.

1.3. ДК Қоғамның қызметіне жалпы **(стратегиялық)** басшылықты және Қоғамның алқалы атқарушы органының (бұдан әрі – **Басқарма**) қызметін бақылауды, сондай-ақ **Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін енгізуді** қамтамасыз ететін, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына (бұдан әрі **АЖЖ** деп аталады) есеп беретін Қоғамның басқару органы болып табылады. ДК шешімдері Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – **ҚР**) заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінде және Ережеде айқындалған тәртіппен қабылданады.

1.4. ДК өз қызметінде ҚР заңнамасын, оның ішінде «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңын (бұдан әрі – **Заң**) және «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңын (бұдан әрі – **Қор**), **Қоғамның акциялары айналысқа түсетін Биржалардың: Astana International Exchange (AIX) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) талаптарын,** Қоғамның Жарғысын, Ережесін, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын, сондай-ақ Қоғамға қолданылатын Қордың құжаттарын басшылыққа алады.

1.5. ДК Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыру үшін АЖЖ алдында жауап береді. Өз құзыреті шеңберінде қабылданған АЖЖ шешімдері ДК үшін міндетті болып табылады. **ДК-нің және оның комитеттерінің есепті кезеңдегі қызметінің қорытындылары, ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуі және орнықты дамуы бойынша ДК қабылдаған шаралар, тәуекелдің негізгі факторлары, елеулі оқиғалар, қаралған мәселелер, отырыстар саны, отырыстар нысаны, отырысқа қатысу саны көрсетілген өткен жыл қорытындылары бойынша атқарылған жұмыс туралы есепті ұсыну, сондай-ақ басқа да маңызды ақпаратты Қоғамның жылдық есебіне қосу арқылы арқылы** ДК жыл сайын АЖЖ алдында өз қызметі туралы есеп береді.

Сондай-ақ ДК Қоғамның жылдық есебінің құрамына тиісті есепті енгізу арқылы АЖЖ алдында Қоғамның Корпоративтік басқару кодексі нормаларының сақталуы туралы жыл сайын есеп береді.

1.6. ДК мен Басқарма ынтымақтаса өзара іс-қимыл жасауы, Қоғамның мүддесі үшін әрекет етуі және орнықты даму қағидаттары мен барлық акционерлерге әділ көзқарас негізінде шешімдер қабылдауы тиіс.

1.7. ДК мен Басқарма Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ орнықты даму саласында тиісті жүйенің қалыптасуын және оның енгізілуін қамтамасыз етуге тиіс. ДК Қоғамда орнықты даму саласындағы жүйенің енгізілуіне стратегиялық басшылықты және бақылауды жүзеге асырады.

1.8. ДК қызметі кәсіпқойлық, парасаттылық, саналық, адалдық пен объективтілік, тиімділік, жауапкершілік қағидаттарына негізделеді.

1.9. ДК мүшелері өз функционалдық міндеттерін орындайды және өз қызметінде мынадай қағидаттарды ұстанады:

- 1) өз өкілеттігі шегінде әрекет ету;
- 2) ДК-нің, оның Комитеттерінің отырыстарына қатысу үшін және оларға дайындалу үшін жеткілікті уақыт бөлу;
- 3) Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына ықпал ету;
- 4) іскерлік әдептің жоғары стандарттарын сақтау;
- 5) мүдделер қақтығысына жол бермеу;
- 6) тиісті шеберлікпен әрекет ету.

1-1. ДК тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінде

1-1.1. ДК Басқармамен бірлесіп Қоғамда тәуекелдерді тиісінше басқару мәдениетінің енгізілуін қамтамасыз етеді.

1-1.2. ДК осы жүйенің міндеттеріне сүйене отырып және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ең жақсы тәжірибелерді ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың принциптері мен тәсілдерін айқындайды.

1-1.3. ДК тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы жұмыстың үздік практикаларына Қоғамның бейілділігін көрсететін ішкі құжаттарды бекітеді.

1-1.4. ДК тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарды бекіту кезінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелерін регламенттейтін Қор қабылдаған құжаттарды басшылыққа алады.

1-1.5. ДК негізгі тәуекелдер, оларды Қоғамның стратегиясы мен бизнес-жоспарларына әсері тұрғысынан талдау туралы үнемі ақпарат алып отырады және қолданыстағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі оны ұйымдастырудың ДК белгілеген белгілі бір принциптері мен тәсілдеріне сәйкес келетініне және тиімді жұмыс істейтініне көз жеткізу үшін тиісті шаралар қабылдайды. ДК тоқсанына кемінде 1 (бір) рет Қоғамның тәуекелдер жөніндегі есептерін тиісті түрде толық көлемде қарап, талқылайды.

1-1.6. ДК Аудит жөніндегі комитетпен бірлесіп тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізуге жауапты болады. ДК оған Ішкі аудит қызметі немесе сыртқы сарапшы, Аудит жөніндегі комитет және Басқарма жеткізген ақпарат пен кепілдіктерді тиісті түрде және мұқият талдағаннан кейін жүйенің тиімділігі жөнінде өз пікірін қалыптастырады.

1-1.7. ДК Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдастырылуы, жұмыс істеуі және тиімділігі мәселелерін тұрақты негізде қарайды және қажет болған жағдайда оны жақсарту бойынша ұсынымдар береді.

2. Мақсаттары, міндеттері мен функциялары

2.1. ДК айрықша құзыретіне ҚР заңнамасында, Қоғам Жарғысында және Ережеде көзделген мәселелер жатады.

Сонымен қатар ДК мынадай мәселелерді қарастырады (қоса алғанда, бірақ аталғандармен шектелмей):

- 1) ДК және оның комитеттері отырыстарының кестесі, ДК жұмыс жоспары;
- 2) Қоғам қызметіндегі негізгі өзгерістер туралы Басқарма төрағасының есептері;
- 3) Қоғамның негізгі (оның ішінде қаржылық) тәуекелдері туралы есептер (оларды бекіту мақсатында);
- 4) Қоғам компаниялары тобындағы өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар туралы есептер;
- 5) мемлекеттік стратегиядағы немесе саясаттағы өзгерістер туралы ақпарат;
- 6) Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының инвестициялық жобаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу және талдау нәтижелері туралы есептер;
- 7) Басқарма шешім қабылдаған жасалуына мүдделілік бар жасалған мәмілелер туралы есептер;
- 8) Қоғамның компаниялар тобының киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстар туралы есептер;
- 9) Қоғам компаниялары тобының әлемде бар және кен орындарында пайдаланылатын өндіру технологиялары, сондай-ақ Қоғам тобы компанияларының көмірсутектерді өндіру технологияларының жаңартуы мен жетілдіруі туралы ақпарат;
- 10) ҚР Үкіметінің қаулыларымен бекітілген жоспарлардың Қоғамның орындау мәртебесі туралы ақпарат;
- 11) Қоғам тобы компанияларының қаржылық мәртебесі және осы компаниялардың Қоғам тобының мұнай өндіруші компанияларына қаржыландыру алу және төлемдерді жүзеге асыру қабілеті туралы ақпарат;
- 12) ДК жыл сайынғы отырысының стратегия (стратегиялық сессия) бойынша мәселелері;
- 13) ДК жыл сайынғы отырысының орнықты даму бойынша мәселелері;
- 14) Қоғамның корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары (оларды бекіту мақсатында) және олардың орындалу мәртебесі туралы ақпаратты қарау;
- 15) ДК-ге есеп беретін құрылымдық бөлімшелердің қызметі туралы есептер;

16) Басқармаға, Басқарма төрағасына, Қоғам қызметкерлеріне тапсырмалар.

2.2. ДК-нің Қоғамды басқару және Басқарма қызметін бақылау үшін жеткілікті өкілеттіктері, оның ішінде тапсырмалар беру өкілеттіктері бар. Қоғамның органдары мен қызметкерлеріне арналған тапсырмалар ДК атынан ДК отырыстарында ғана беріледі, бұл ретте олардың өзектілігіне, орындала алатынына, орындау үшін белгіленген мерзімдердің шынайылығына негізделуі тиіс, ол үшін мыналарды ескеру қажет:

1) Қоғам менеджментіне тапсырма берілген жағдайда – Басқарма төрағасының пікірі;

2) ДК-ге есеп беретін құрылымдық бөлімшелердің атына тапсырмалар болған жағдайда – осындай бөлімшелер басшыларының пікірі.

2.3. ДК өз функцияларын Қоғамның Жарғысына сәйкес орындайды және мынадай мәселелерге ерекше назар аударады:

1) Қоғамның даму стратегиясын/жоспарын және ESG (Environmental, Social, Governance – экологиялық, әлеуметтік, корпоративтік басқару) мақсаттарын (бағыттары мен нәтижелерін) интеграциялауды айқындау;

2) Қоғамның даму жоспары (бизнес-жоспары) қызметінің негізгі көрсеткіштерін белгілеу және мониторинг жүргізу;

3) Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау;

4) ДК құзыреті шеңберінде Қоғамның ірі инвестициялық жобаларын және басқа да негізгі стратегиялық жобаларын бекіту және тиімді іске асырылуына мониторинг жүргізу;

5) Басқарма төрағасы мен мүшелерін сайлау, сыйақы төлеу, сабақтастығын жоспарлау және қызметін қадағалау;

6) корпоративтік басқару мен әдеп, іскерлік әдеп стандарттарын, болжамды бұзушылықтар туралы хабарламаның тиімді жүйесін енгізуді және сақтауды қамтамасыз етуге;

7) алып тасталды;

8) алып тасталды;

9) Қоғамда Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің және Қордың корпоративтік стандарттарының ережелерін сақтау.

Қоғам қызметінің өзекті мәселелерін түсіну мақсатында ДК мүшелері Қоғамның негізгі объектілеріне үнемі барып, қызметкерлермен кездесулер өткізеді.

2.3-1. Қоғамның даму жоспарын әзірлеуге және іске асыруға байланысты мәселелер ДК айқындайтын кезеңділікпен, бірақ жылына кемінде 1 (бір) рет, ДК-нің күндізгі отырыстарында ғана қаралады. ДК ішкі және сыртқы нарық конъюнктурасының өзгеруін, форс-мажор жағдайын ерте анықтау және оларға уақтылы ден қою жүйесін енгізеді.

2.4. Бақылау кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер Басқарманың шешуіне ұсыныла алмайды.

2.5. ДК ҚР заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес АЖЖ немесе Басқарманың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ АЖЖ шешімдеріне қайшы келетін шешім қабылдауға құқылы емес.

2.5-1. ДК өзі қабылдаған шешімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, сондай-ақ қажет болған жағдайда өз шешімдерінің күші жойылды деп тануға, сондай-ақ қабылданатын шешімдерді ертерек немесе одан кейінгі күннен бастап қолдануға құқылы.

2.6. Егер Қоғамның Жарғысында өзгеше белгіленбесе, АЖЖ ДК мен Басқарманың Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

3. Құрылымы және құрамы

3.1. ДК құрамы

3.1.1. ДК мүшелері ДК тарта отырып, кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде АЖЖ шешімімен сайланады. ДК-нің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың ДК қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

3.1.2. ДК мүшелерін және ДК төрағасын сайлау процесі Заңда, Қоғамның Жарғысында және Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Тағайындаулар мен **сыйақы** жөніндегі ДК комитетін (бұдан әрі – **ТжСК**) ТжСК туралы ережеге сәйкес құзыреті шеңберінде ДК-нің және ДК құрамына кандидаттардың құрамын, қажетті дағдылары мен құзыреттерін айқындау ісіне тарту ұсынылады.

3.1.3. Кандидаттарды іздеу және сайлау объективті критерийлер бойынша және ДК құрамының әртүрлі болу қажеттілігі ескеріле отырып жүргізіледі. **Тәуелсіз директорларды іздеу және іріктеу процесі конкурстық негізде жүзеге асырылады. ДК құрамына кандидаттарды, оның ішінде тәуелсіз директорларды іздеу және іріктеу Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінде, Ережеде және Қоғамға қолданылатын Қордың тиісті құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.** Іздеу және іріктеу ДК-нің бүкіл құрамының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін жүзеге асырылуы тиіс.

3.1.4. ДК-нің бүкіл құрамын немесе жекелеген мүшелерін сайлау туралы мәселені белгіленген тәртіппен ірі акционер немесе ТжСК бастауы мүмкін.

3.1.5. **ДК құрамы теңгерімді болуы керек, бұл ДК мүшелерінің (акционерлердің өкілдері, тәуелсіз директорлар, атқарушы орган басшысының) үйлесімін білдіреді, ал** ДК мен оның Комитеттерінде барлық акционерлерге әділ көзқарасты және орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, Қоғам мүддесі үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімі сақталуы тиіс.

3.1.6. Тек жеке тұлға ғана ДК мүшесі бола алады.

3.1.7. ДК мүшелері мыналардан сайланады:

- 1) акционер жеке тұлғалардан;
- 2) ДК-ге акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдардан;
- 3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және ДК-ге акционердің өкілі ретінде ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалардан.

3.1.8. ДК құрамына ДК-нің өз функцияларын орындауын және Қоғамның ұзақ мерзімді құны мен орнықты дамуының өсуін қамтамасыз ету үшін қажетті білімі, дағдылары мен тәжірибесі, сондай-ақ мінсіз іскерлік және жеке беделі бар адамдар кіруге тиіс.

3.1.9. ДК құрамында **ESG қағидаттарына сәйкес ұзақ мерзімді құнды арттыру үшін** тәжірибесі, тұлғалық қасиеттері, **жасы** және гендерлік құрамы бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет.

3.1.10. ДК құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде мыналар назарға алынады:

- 1) басшы қызметіндегі жұмыс тәжірибесі;
- 2) ДК мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
- 3) жұмыс өтілі;
- 4) білімі, мамандығы, соның ішінде халықаралық сертификаттардың болуы;
- 5) Қоғам қызметінің бағыты бойынша құзыреттердің болуы;
- 6) іскерлік беделі;
- 7) ДК құрамына сайланған жағдайда тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының бар-жоғы.

3.1.11. Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері ДК-ге сайлана алмайды. Басқарма төрағасы ДК төрағасы болып сайлана алмайды.

Мынадай адам ДК мүшесі лауазымына сайланбайды:

1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар болса;

2) бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, атқарушы органының басшысы, басшының орынбасары, бас бухгалтері болған болса (көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін 5 (бес) жыл ішінде қолданылады);

3) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған болса.

3.1.12. ҚР Үкіметі мүшелерінің, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының ДК құрамына қатысуына жол берілмейді.

3.1.13. ДК-нің сандық құрамы Қоғамның Жарғысымен айқындалады. ДК мүшелерінің саны кемінде жеті адамды құрайды. ДК құрамындағы директорлардың кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

ДК төрағасы Қоғамның атынан Ережеге №1 қосымшаға сәйкес үлгі бойынша тәуелсіз директорлармен шарт жасасады.

3.1.14. Тәуелсіз директор деп жекелеген акционерлердің, Басқарманың және басқа да мүдделі тараптардың ықпалына тәуелді болмайтын және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар адам танылады.

3.1.15. Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар ҚР заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және **Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне** сәйкес белгіленеді.

3.1.16. Тәуелсіз директор тәуелсіздік мәртебесінің жоғалуы мүмкін екендігін қадағалап, мұндай жағдайлар болған жағдайда, ДК төрағасына алдын ала жазбаша

хабарлауға тиіс. ДК мүшесінің тәуелсіздігіне әсер ететін мән-жайлар болған жағдайда, ДК төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін осы ақпаратты акционерлердің назарына дереу жеткізеді.

3.1.16-1. Директорлар кеңесі тәуелсіз директорлар қатарынан Аға тәуелсіз директорды сайлайды.

Аға тәуелсіз директордың негізгі функцияларына мыналар жатады:

1) ДК төрағасы үшін кеңесшінің функциясы және ол айқындайтын мақсаттарды жеткізуде оған қолдау көрсету;

2) ДК төрағасының қызметін бағалау, оның ішінде осы мақсат үшін тәуелсіз директорлардың кем дегенде жыл сайынғы кездесулерін ұйымдастыру;

3) ТжСК-мен тығыз өзара іс-қимылда ДК төрағасының сабақтастығын жоспарлау;

4) акционерлер, Басқарма, ДК төрағасы және ДК-нің басқа мүшелері арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда өзара іс-қимылда және/немесе келіспеушіліктерді шешуде делдал функциясы;

5) әдеттегі байланыс арналары арқылы (яғни, ДК төрағасы, Басқарма төрағасы және/немесе мүшелері арқылы) тиісті түрде шешілмеген кез келген мәселелерді немесе мәселелерді шешу үшін акционерлерге қолжетімді болу;

6) ірі акционерлермен олардың мәселелері мен алаңдаушылықтарын теңгерімді түсіну үшін жеткілікті рет кездесулерге бару.

3.1.17. ДК мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл ДК-нің өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді және АЖЖ ДК-нің жаңа құрамын сайлау туралы шешім қабылдаған күні аяқталады. ДК өкілеттігі ДК жаңа құрамы сайланатын АЖЖ өткізілетін күннен ерте тоқтатылмайды.

3.1.18. ДК мүшелері 3 (үш) жылға дейінгі мерзімге сайланады. Кейіннен, қызметтің нәтижелері қанағаттанарлық болған жағдайда тағы 3 (үш) жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Бұл ретте жекелеген директорлардың өкілеттіктері мерзімінің одан ұзақ болуы және олардың әр жылдары ДК құрамынан шығуы Қоғамның корпоративтік жады сабақтастығының және оның стратегиясын іске асыруда бірізділіктің сақталуын қамтамасыз етеді.

3.1.19. ДК құрамына қатарынан 6 (алты) жылдан астам мерзімге кез келген сайлау (мысалы, үш жылдық екі мерзім) ДК құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қаралуға жатады.

3.1.20. Тәуелсіз директор 9 (тоғыз) жыл қатарынан ДК-ге сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда ғана 9 (тоғыз) жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, мұндай жағдайларда тәуелсіз директорды ДК-ге сайлау жыл сайын осы ДК мүшесін сайлау қажеттілігі және осы фактордың шешім қабылдау тәуелсіздігіне әсері егжей-тегжейлі түсіндіріле отырып жүргізілуі тиіс.

3.1.21. ДК мүшелерінің өкілеттігін тоқтату және ДК мүшелерін сайлау туралы шешім ДК, Комитеттердің және ДК-нің әрбір мүшесінің қызметін жыл сайынғы бағалау нәтижелері бойынша қабылдануы мүмкін.

3.1.22. ДК мүшесінің іштей/сырттай отырыстардың 75%-ынан азына қатысуы оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз бола алады. Бұл ретте ДК отырыстарына қатыспаған жағдайда, ДК мүшелері өзінің отырыста болмау себептерін жазбаша негіздеуге тиіс.

ДК АЖЖ-ға есепті жылдағы отырыстардың 50%-ынан азына қатысқан ДК мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуын ұсынуға міндетті .

3.1.23. Ешбір адам өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешім қабылдауға қатыспауы тиіс.

3.1.24. ДК мүшелері ДК белгілеген нысан бойынша Қоғамның құпия ақпаратын жария етпеу туралы міндеттемеге қол қояды.

3.1.25. Қоғам қызметтің үздіксіздігін және ДК құрамының прогрессивті жаңартылуын қолдау үшін ДК мүшелерінің сабақтастық жоспарларының болуын қамтамасыз етуі қажет.

3.1.26. ДК ДК-нің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға кірісу бағдарламасын және ДК-нің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітеді. Корпоративтік хатшы осы бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

3.1.27. ДК-нің алғаш рет сайланған мүшелері тағайындалғаннан кейін лауазымға кірісу бағдарламасынан өтеді. Лауазымға кірісу барысында ДК мүшелері өздерінің құқықтары мен міндеттерімен, қызметтің негізгі аспектілерімен және Қоғамның құжаттарымен, оның ішінде ең үлкен тәуекелдермен байланысты құжаттармен **танысады**.

3.2. ДК төрағасы

3.2.1. ДК төрағасын АЖЖ сайлайды.

3.2.2. ДК төрағасы болмаған жағдайда, оның ішінде, бірақ аталғандармен шектелмей, ол ДК құрамынан шыққан немесе оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, оның функцияларын отырысқа қатысып отырған мүшелердің көпшілік даусымен қабылданатын ДК шешімі бойынша ДК мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

3.2.3. ДК төрағасы болып мінсіз іскерлік беделі және басшы лауазымдарда жұмыс тәжірибесі бар, акционерлер мен мен ДК мүшелерінің сеніміне ие және адалдық пен табандылық сияқты қасиеттерге ие адам бола алады.

3.2.4. ДК төрағасы:

- 1) ДК жұмысын ұйымдастырады;
- 2) ДК отырыстарын жүргізеді;
- 3) ДК отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;
- 4) Қоғамның атынан Басқарма төрағасымен еңбек шартын жасасады және ҚР еңбек заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асырады;
- 5) ДК отырыстарын жоспарлайды және ДК басқа мүшелерінің ұсыныстарын және ДК отырысын шақыру туралы талаптарды ескере отырып, күн тәртібін қалыптастырады;
- 6) стратегиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде ірі акционерлермен консультациялар ұйымдастыруды қоса алғанда, акционерлермен тұрақты байланыс пен өзара іс-қимылды қолдайды;
отырыстың күн тәртібі мәселесі бойынша шешім қабылдау үшін кворум болмаған кезде, ДК мүшелерінің шешімі бойынша мұндай мәселе ДК осындай отырысының күн тәртібінен шығарылады не күн тәртібінде сақталып, қаралады, бірақ оның мәні бойынша шешім қабылданбайды.

6.6.5. ДК төрағасы немесе оның міндетін атқарушы ДК мүшесі қатысушыларға ДК отырысын өткізу үшін кворумның бар екенін хабарлап, ДК отырысының күн тәртібін жариялайды және осындай ДК отырысының күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша шешім қабылдау үшін кворумның бар екенін хабарлайды.

6.6.6. Егер ДК отырысы барысында ДК мүшесі ДК-ге Қоғамның Басқармасына және (немесе) лауазымды адамдарына, ДК-ге есеп беретін Қызметтерге және (немесе) олардың басшыларына, Басқарма төрағасына тікелей бағынатын құрылымдық бөлімшелердің басшыларына тапсырма беруді ұсынса, оның тұжырымдамасы мерзімдері, жауапты тұлғалары көрсетіле отырып, нақты болуға тиіс. Бұл ретте Ереженің 2.2-тармағын ескере отырып, мыналар тыңдалып, талқылануы тиіс:

1) Қоғам менеджментіне тапсырма берілген жағдайда – Басқарма төрағасының пікірі;

2) ДК-ге есеп беретін құрылымдық бөлімшелердің атына тапсырмалар болған жағдайда – осындай бөлімшелер басшыларының пікірі. Тапсырма, егер оған ДК отырысына жеке өзі немесе Конференц-байланыс арқылы қатысқан ДК мүшелерінің көпшілігі дауыс берген жағдайда, ДК атынан беріледі және күн тәртібіндегі қаралып отырған мәселе бойынша ДК шешіміне енгізілуі тиіс.

Бұл ретте, егер қатысқандардың кейбірі Жазбаша пікір арқылы дауыс берсе, мұндай ДК отырысының хаттамасында олардың ДК отырысы барысында ұсынылған тапсырмаға дауыс бермегені көрсетіледі және осы ескеріле отырып, дауыс беру қорытындылары шығарылады.

6.6.6-1. Ірі акционер:

1) ДК отырыстарына жеке қатыса алады;

2) алдағы ДК отырыстары туралы хабарламалар мен ДК мәселелері бойынша материалдарды ДК отырысы өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 7 (жеті) күн бұрын ала алады;

3) ДК отырыстарында мынадай мәселелер бойынша өз ұстанымын (пікірін) корпоративтік хатшы арқылы ұсына алады:

а) Қоғамның дивидендтік саясатын алдын ала мақұлдау, есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін айқындау;

б) Қоғамға тиесілі барлық активтердің 10 (он) пайызынан асатын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруына немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығарылуы (шығуы) туралы шешім;

в) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды

орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы ақпарат;

г) Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы;

д) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;

е) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

ж) Қоғамның үлестес тұлғаларының тендерлерге (конкурстарға) қатысуы кезінде міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге берілетін жайлық хаттар мен кепілдіктерді қоспағанда, Қоғам міндеттемелерінің мөлшерін (сомасын) айқындау мүмкін болмаған жағдайда, үшінші тұлғалардың міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге Қоғамның кепілдік беруі;

4) ДК отырысы жабылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде танысу үшін ДК отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған ДК шешімдерін және (немесе) хаттамадан үзінді көшірмелерді және корпоративтік хатшының қолымен куәландырылған шешімдерді ала алады.

Корпоративтік хатшы ДК отырысында ДК отырысының хаттамаларында ірі акционердің ұстанымын (пікірін) белгілей отырып, ДК отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша ірі акционерден алынған ұстанымды (пікірді) (толық көлемде, бірыңғай мәнінде, мағынасын бұрмаламай) ұсынуға міндетті. ДК осы тармақта көрсетілген мәселелер бойынша ірі акционердің позициясы туралы алынған ақпаратты ескере отырып шешім қабылдайды.

6.6.7. ДК отырысы мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) отырыстың күн тәртібін бекіту;

2) ДК мүшесінің немесе шақырылған адамның күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз сөйлеуі, бұл ретте енгізуге Басқарма бастамашы болған мәселе бойынша баяндаманы Басқарманың жетекшілік ететін мүшесі және (немесе) жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы ұсынуға тиіс;

3) күн тәртібіндегі мәселені талқылау;

4) күн тәртібі мәселесі бойынша шешімнің тұжырымдасы бойынша ұсыныстар, оның ішінде ДК мүшелері ұсынатын түсініктемелер мен тапсырмаларды егжей-тегжейлі айту;

5) дауыстарды санау және дауыс беру қорытындыларын шығару;

6) дауыс беру қорытындыларын жариялау, ал қаралатын мәселе бойынша материалдардағы шешім жобасына өзгерістер болған жағдайда – өзгертілген шешімнің тұжырымдамасын егжей-тегжейлі баяндау; бұл ретте хаттамада ДК отырысына тек Жазбаша пікір арқылы қатысқан ДК мүшелері бастапқыда ұсынылған шешім жобасына дауыс бергені көрсетіледі және дауыс беру қорытындылары осы ескеріле отырып шығарылғаны көрсетіледі.

6.6.8. ДК тек ДК мүшелері қатыса алатын жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

6.6.9. ДК отырыстарына Қоғамның аудитін жүргізген аудиторлық ұйымның өкілдері, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері, Қоғамның Басқарма мүшелері, Қоғам қызметкерлері, сондай-ақ өзге де адамдар шақырылуы мүмкін.

6.7. ДК-нің іштей отырысында дауыс беру

6.7.1. Директорлар кеңесі шешімдер қабылдау кезінде Қатысқандар дауыс беру арқылы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірлерін білдіруге құқылы.

6.7.2. Ереженің 6.1.9-тармағында айқындалған ерекшеліктерді ескере отырып, іштей нысан ДК мүшелерінің отырыстарға тікелей өзі қатысуы арқылы, сондай-ақ Конференц-байланыс арқылы іске асырылады. Осылайша қатысатын адамдар Қатысқандар болып саналады және Жарғыға сәйкес дауыс беруге және кворумда есепке алынуға құқылы.

6.7.3. Егер ДК мүшесі отырысқа тікелей өзі қатыса алмаса немесе Конференц-байланыс арқылы қатыса алмаса, ол күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Жазбаша пікір беруге құқылы. Бұл құқық Ереженің 6.1.9-тармағында көзделген шектеулер ескеріле отырып іске асырылады.

6.7.4. Жазбаша пікірде мыналар болуы тиіс:

- 1) ДК отырысының нөмірі мен күні;
- 2) ДК-нің отырыста жоқ мүшесінің жіберген Жазбаша пікірін білдіретін күн тәртібі;
- 3) дауыс берудің үш нұсқасының бірін таңдау арқылы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша нақты айқындалған позициясы: «Жақтап дауыс беру»/ «Қарсы дауыс беру»/ «Қалыс қалу»;

4) ДК мүшесінің күні мен қолы;

5) ДК мүшесінің қалауы бойынша күн тәртібіне қатысты өзге де мәлімет.

6.7.5. ДК мүшесінің Жазбаша пікірі ДК төрағасына және корпоративтік хатшыға осындай Жазбаша пікірдің алынуын және алынған күні мен уақытын айқындауға кепілдік беретін кез келген нысанда жіберілуі мүмкін.

6.7.6. ДК мүшесі ұсынған Жазбаша пікір кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде ескеріліп, отырыс хаттамасына тігіледі.

6.7.7. Жазбаша пікірді ДК мүшесі ДК отырысы басталғанға дейін ұсынуы тиіс.

6.7.8. ДК төрағасы не оның міндетін атқарушы ДК мүшесі ДК отырысында жоқ ДК мүшелерінің Жазбаша пікірлерін күн тәртібінің осы пікірлер берілген мәселелері бойынша дауыс беру басталғанға дейін жариялауға міндетті.

Егер күн тәртібі бойынша бұдан бұрын Жазбаша пікір берген ДК мүшесі аралас дауыс беру тәсілі пайдаланылатын ДК отырысына қатысуға және дауыс беруге келген болса, онда мұндай дауыс беру тәртібі Ереженің 6.1.14, 6.1.15 және 6.1.16-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

6.7.9. ДК отырысында күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беру кезінде ДК-нің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.

6.7.10. ДК мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде ДК-нің басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

6.7.11. ДК жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәміле бойынша шешім қабылдауы тиіс болған жағдайда, ДК отырысын өкілетпен өткізу үшін қажетті кворум осындай мәмілеге мүдделі емес (немесе мүдделі емес деп есептелетін) ДК-нің кемінде 2 (екі) мүшесінен тұруы тиіс. Қоғамның мұндай мәмілені жасасуы туралы шешім оны жасауға мүдделі болмайтын Қатысқандардың жай көпшілік даусымен қабылданады. Егер ДК-нің тәуелсіз директорларынан басқа барлық мүшелері осындай мәміле жасауға мүдделі болған жағдайда, шешім тәуелсіз

директорлардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

6.7.12. Қоғамның жасасуға мүдделілігі бар мәміле жасасуы туралы шешімді АЖЖ мынадай жағдайларда қабылдайды:

- 1) Егер ДК-нің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болса;
- 2) шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар саны жетіспеуіне байланысты мұндай мәмілені жасасу туралы ДК шешім қабылдауы мүмкін болмаса.

6.8. Директорлар кеңесінің шешім қабылдауы

6.8.1. ДК отырысының күн тәртібінде белгіленген тәртіппен бекітілген мәселелер бойынша ДК шешімдері мынадай тәсілдермен қабылданады:

- 1) іштей дауыс беру арқылы;
- 2) сырттай дауыс беру арқылы.

6.8.2. ДК шешімдері, егер ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, **қатысқан** ДК мүшелерінің (Қоғам Жарғысында көзделген жағдайларды қоспағанда) жай көпшілік даусымен қабылданады.

6.8.3. Дауыстар тең болған кезде ДК төрағасының немесе оның міндетін атқарушы ДК мүшесінің дауысы шешуші болып табылады.

6.8.4. Директорлар кеңесінің тиімді және уақтылы шешімдер қабылдауы үшін мынадай факторлардың сақталуын қамтамасыз ету қажет:

1) Директорлар кеңесіне ұсынылатын материалдардың, ақпараттың, құжаттардың жоғары сапасы, оның ішінде қажет болған жағдайда ағылшын тіліне аудармасы;

2) қажет болған жағдайда сарапшылардың (ішкі және сыртқы) пікірін алу (сарапшыларды тарту ДК-нің қабылданған шешім үшін жауапкершілігін алып тастамайтынын ескеру қажет);

3) ДК отырысында талқылауға бөлінген уақыт, әсіресе маңызды және күрделі мәселелер үшін;

4) мәселелерді уақтылы қарау;

5) шешімдерде әрі қарайғы іс-қимыл жоспары, мерзімдері және жауапты тұлғалар бекітілуі тиіс.

6.8.5. ДМ шешімдерінің сапасына мынадай факторлар теріс әсер етуі мүмкін:

1) отырыста бір немесе бірнеше директордың үстемдігі, бұл басқа директорлардың талқылауға толыққанды қатысуын шектеуі мүмкін;

2) тәуекелдерге нышанды көзқарас;

3) жеке мүдделерді көздеу және төмен этикалық стандарттар;

4) ДК отырысында шешімдерді нақты және белсенді талқылаусыз нышанды қабылдау;

5) ымырасыздық позициясы (икемділіктің болмауы) немесе дамуға деген ұмтылыстың болмауы (қазіргі жағдайға қанағаттану);

6) әлсіз ұйымдастырушылық мәдениет;

7) ақпараттың және/немесе талдаудың болмауы;

8) шешімдердің анық емес тұжырымдары, дауыс беру қорытындыларының және әрбір мәселе бойынша, оның ішінде ДК тапсырмалары бөлігінде қабылданған шешімнің толық айтылмауы;

9) отырыстың күн тәртібіндегі мәселелердің едәуір көп болуы (20-дан астам);

10) ДК отырыстарына материалдарды уақтылы ұсынбау және соның салдарынан күн тәртібіндегі мәселелерді, әсіресе күн тәртібіндегі мәселелердің саны 20-дан асқан кезде, тиісті түрде зерделеу үшін уақыттың жеткіліксіздігі.

6.9. ДК-нің іштей отырысының хаттамасы

6.9.1. Іштей тәртіппен өткізілген отырыста қабылданған ДК шешімдері талқылау қорытындылары мен қабылданған шешімдер толық көлемде көрсетіле отырып, хаттамамен ресімделеді. ДК отырысының хаттамасын ресімдеу Қоғамның Корпоративтік басқару кодексiне, Ережеге, Жарғыға және (немесе) Қоғамның қолданылатын өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

6.9.2. ДК отырысының хаттамасын Қоғамның корпоративтік хатшысы жүргізеді.

6.9.3. ДК отырысының хаттамасын корпоративтік хатшы жасайды және оған отырысқа төрағалық еткен адам мен корпоративтік хатшы отырыс өткізілгеннен кейін 7 (жеті) күннен кешіктірілмейтін мерзімде қол қояды.

6.9.4. Отырыс хаттамасында мыналар көрсетіледі:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және ДК отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша ДК-нің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген дауыс беру қорытындылары;
- 6) ДК мүшелерінің ерекше пікірлері (бар болса);
- 7) қабылданған шешімдер;
- 8) ДК шешімі бойынша өзге де мәлімет.

6.9.5. ДК шешімімен келіспеген жағдайда, ДК мүшесі өзінің келіспеушілігін отырыс хаттамасына тіркелуін талап етуге құқылы.

6.9.6. Егер ДК мүшесі ДК қарауына шығарылған мәселе бойынша дауыс беруде «қалыс қалса», ДК отырысының хаттамасында (сырттай дауыс беру шешімінде) осындай дауыс берудің тиісті себебі көрсетіледі.

6.9.7. ДК қарауына шығарылған мәселе бойынша мүдделілігі бар ДК мүшесі осы мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы ДК отырысының хаттамасына тиісті жазба жасалады.

6.9.8. Алып тасталды.

6.9.9. Қол қойылған хаттамаға ДК отырысына қатысқан адамдардың сөйлеген сөздерін қамтитын ДК отырысының аудио және/немесе видеожазбасы қоса берілуі мүмкін.

6.9.10. Қоғам ДК отырыстарының хаттамаларын және іштей және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған ДК шешімдерін Қоғам архивінде сақтауға міндетті.

Корпоративтік хатшы құпиялылықтың тиісті режимін қамтамасыз етуді ескере отырып, құжаттардың белгіленген тәртіппен Қоғам архивіне уақтылы дайындалуын және берілуін қоса алғанда, ДК отырыстары хаттамаларының және оларға материалдардың тиісінше сақталуын қамтамасыз етеді.

6.9.11. Қоғамның корпоративтік хатшысы ДК мүшесінің жазбаша талап етуі

бойынша осындай талапты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оған ДК (ДК комитеттері) отырысының хаттамасын танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің Қоғамның корпоративтік хатшысының қолымен және ДК мөрінің бедерімен расталған үзінді көшірмелерін беруге міндетті. Корпоративтік хатшы Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша сұрау салуы бойынша құпиялылықтың тиісті режимін қамтамасыз етуді ескере отырып, 10 (он) жұмыс күні ішінде Қоғамның корпоративтік хатшысының қолымен және ДК мөрінің бедерімен расталған құжат түпнұсқаларын, сондай-ақ отырыс хаттамасының (шешімдердің) үзінді көшірмелерін танысу үшін ұсынады.

6.9.12. Корпоративтік хатшы ДК төрағасы келіскен отырыс хаттамасынан үзінді көшірмелер қалыптастырады. ДК отырысының хаттамасынан үзінді көшірмелер мен үзінділерді (сұрау салу бойынша) ресімдеуді, тіркеуді және кейіннен беруді Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатында белгіленген тәртіпке сәйкес Корпоративтік хатшы қызметі жүзеге асырады.

6.9.13. ДК отырысына қатыспаған немесе Директорлар кеңесі ҚР заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып, қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген ДК мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

6.10. Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауы

6.10.1. ДК төрағасының қалауы бойынша Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша оның шешім қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы да мүмкін болады. Сырттай дауыс беру күн тәртібіндегі мәселелер бойынша талқылауды және интерактивті пікір алмасуды көздемейді. Бұл ретте оның нәтижелері ДК отырысының хаттамасымен ресімделеді. Қоғамның Жарғысында сырттай дауыс беру арқылы қаралмайтын мәселелер шеңбері айқындалады.

6.10.2. Қоғам Жарғысының 106-тармағының 1), 7), 9), 11-18), 20), 22), 23-30), 33-36), 40--42), 47), 49), 53-54) тармақшаларында айқындалған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылданбайды.

6.10.3. Сырттай дауыс беру қажет болған жағдайда, корпоративтік хатшы белгіленген тәртіппен корпоративтік хатшыға берілген материалдар топтамасы негізінде сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау қажеттілігі туралы сұрау салуды (бұдан әрі – **Сұрау салу**) қалыптастырады. Бұл ретте мұндай материалдар топтамасында сырттай дауыс беру арқылы ДК шешім қабылдауы үшін қажетті негіздемелер (оның ішінде мәселелердің жеделдігі мен өзектілігі, оларды талқылау қажет еместігі және өзге де түсіндірмелер), сондай-ақ шешімдер қабылдау үшін ұсынылатын соңғы мерзім болуға тиіс. Сұрау салуда сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау ұсынылатын мәселелердің тізбесі көрсетіледі, сондай-ақ Сұрау салуға осындай мәселелер бойынша материалдардың толық топтамасы қоса беріледі.

6.10.4. Сұрау салу ДК төрағасына оның алынуына кепілдік беретін тәсілмен жіберіледі. Сұрау салуды ДК төрағасы келіскеннен кейін, корпоративтік хатшы Сұрау салуды ДК мүшелеріне оның алынуына кепілдік беретін тәсілмен жібереді.

6.10.5. Корпоративтік хатшы Сұрау салуды жібергеннен кейін 3 (үш) күн ішінде

ДК мүшелері Сұрау салуда ұсынылған кейбір немесе барлық мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға қарсылығын корпоративтік хатшыға жібере алады.

6.10.6. ДК мүшесінде сырттай дауыс беруге шығарылатын мәселелер бойынша құжаттар және/немесе шешімдер жобаларын тұжырымдау бойынша ескертулері (ұсыныстары, толықтырулары) болған кезде не егер ДК мүшесінің пікірі бойынша ұсынылған мәселені ДК-нің іштей отырысында қарау қажет болса, мұндай ДК мүшесі қарсылығын оның алынуына кепілдік беретін тәсілмен корпоративтік хатшыға жібере алады. ДК-нің кем дегенде бір мүшесінің мәселені сырттай дауыс беру арқылы қарауға қарсылығы болған жағдайда, мәселе келесі іштей отырыстың күн тәртібіне енгізіледі. Бұл ретте, егер Сұрау салу сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау ұсынылатын бірнеше мәселені қамтыса, олар бойынша шешімдер қабылдау ДК мүшелерінен алынған қарсылықтар ескеріле отырып жүзеге асырылады.

6.10.7. Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер пайдаланылады. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді Қоғамның корпоративтік хатшысы ДК мүшелеріне сырттай дауыс берудің өткізілетінін хабарлай отырып, сырттай берілетін дауыстарды санау күніне дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей жіберуге тиіс.

6.10.8. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень және өзге де ақпарат (материалдар) ДК мүшелеріне пошта/электрондық немесе өзге байланыс арқылы жіберілуге немесе жеке табыс етілуге тиіс. Бюллетеньде бюллетеньдерді қабылдаудың басталатын және аяқталатын күні мен уақыты көрсетіледі.

6.10.9. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерге сәйкес кворум болған жағдайда, сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім қабылданған болып танылады.

6.10.10. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын шешім жазбаша ресімделіп, оларға ДК төрағасы мен Қоғамның корпоративтік хатшысы сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдау аяқталған белгіленген күннен кейін 7 (жеті) күннен кешіктірілмейтін мерзімде қол қоюға тиіс және оларда мыналар қамтылуға тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) ДК отырысының күні мен нысаны;
- 3) бюллетеньдері мерзімінде алынған адамдар туралы мәлімет;
- 4) ДК отырысының күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және әрбір мәселе бойынша қабылданатын шешімдердің тұжырымдары, және ДК отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша ДК-нің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген дауыс беру қорытындылары;
- 6) ДК мүшелерінің ерекше пікірлері (бар болса);
- 7) қабылданған шешімдер.

6.10.11. ДК сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдерді және сырттай дауыс беру қорытындыларын Қоғамның корпоративтік хатшысы шешім қабылдауға негіз болған бюллетеньдерді қоса бере отырып, шешімге қол қойылған сәттен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірілмейтін мерзімде ДК мүшелеріне жіберуге

тиіс.

6.10.12. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге ДК мүшесі қол қоюы тиіс. Қол қойылмаған бюллетень жарамсыз болып саналады.

6.10.13. Дауыстарды санау кезінде ДК мүшесі бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтап, дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуін ғана белгілеген мәселелер бойынша берілген дауыстар ескеріледі.

6.11. ДК шешімдерінің орындалуын бақылау

6.11.1. ДК шешімдерінің/ **тапсырмаларының** орындалуы және (немесе) орындалу барысы туралы Басқарманың, ДК комитеттері төрағаларының, Ішкі аудит қызметінің, **ДК-ге есеп беретін құрылымдық бөлімшелердің**, корпоративтік хатшының есептерін қарау арқылы ДК өз шешімдерінің/ **тапсырмаларының** орындалуын бақылауды жүзеге асырады, егер Директорлар кеңесі өзгеше мерзім белгілемесе, мұндай есептер ДК-нің әрбір отырысына ұсынылады.

ДК шешімдерінің орындалу мәртебесі туралы ақпаратты (мысалы, мәміле жасасу, еншілес тәуелді ұйымның (бұдан әрі – ЕТҰ) жарғылық капиталын толықтыру, ЕТҰ Жарғысын өзгерту және т.б.) ДК жартыжылдықта 1 (бір) рет қарайды.

ДК тапсырмаларының орындалу мәртебесі туралы ақпаратты ДК ай сайын қарайды.

ДК шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалу мәртебесі туралы ақпарат ДК отырысының күн тәртібінің жекелеген мәселесімен енгізіледі.

ДК қарау барысында ДК шешімдерінің/ тапсырмаларының Директорлар кеңесі белгілеген мерзімде орындалмау фактілері анықталған кезде жауапты тұлғалар (Басқарма төрағасы және (немесе) ДК төрағасы) тиісті шаралар қабылдайды және ДК-нің келесі отырысына қабылданған шаралар туралы тиісті ақпарат береді.

Егер шаралар қабылданбаса немесе ақпарат берілмесе, корпоративтік хатшы бұл туралы ДК-ге хабарлайды.

Тоқсан сайын ДК шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалу мәртебесі және (немесе) орындалу барысы туралы мәселенің құрамында Директорлар кеңесі Қоғам менеджментінің ДК-мен өзара іс-қимыл тәртібі туралы ақпаратты қарайды.

6.11.2. Корпоративтік хатшы қабылданған шешімдер мен тиісті тапсырмаларды **Басқарма төрағасының, Басқарманың жауапты мүшелерінің, ДК-ге есеп беретін Қызметтердің және жауапты құрылымдық бөлімшелердің назарына жеткізеді және ДК шешімдерінің орындалуының бақылау мерзімдері туралы ДК-ге хабарлайды.**

Басқармаға жолданған ДК шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалуына Басқарма төрағасы жауап береді, ол мыналарды қамтамасыз етеді:

1) ДК шешімдерін/ тапсырмаларын орындауға жауаптыларды тағайындау;
2) ДК шешімдерін/ тапсырмаларын жауапты тұлғалардың назарына жеткізу;
3) ДК шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалуын бақылау (орындау мерзімдерін қоса алғанда);

4) Директорлар кеңесіне және (немесе) Корпоративтік хатшыға ДК шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалуы туралы ақпарат беру.

ДК шешімдерін/ тапсырмаларын орындау мерзімдері ДК отырысы өткізілген күннен бастап есептеледі. Егер ДК отырысында нақты шешімді/ тапсырманы

орындау мерзімі аталса, шешім қабылданған/ мерзімін көрсете отырып тапсырма берілген қатысушы(лар) ДК хаттамасынан үзінді көшірменің түсуін күтпей, ДК отырысынан кейін бірден ДК шешімін/ тапсырмасын орындауға кірісуге міндетті. ДК хаттамалық шешімдерінің/ тапсырмаларының уақтылы және сапалы орындалуы үшін тапсырма берілген орындаушылар мен қызметтің тиісті бағытына жетекшілік ететін басшылар (Басқарма төрағасна тікелей бағынатындары) дербес жауапты болады.

6.11.3. Ұсынылған есептерді қарау қорытындылары бойынша ДК өз өкілеттіктері шегінде тиісті тапсырмалар беруге құқылы.

7. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

7.1. Ереже нормалары ҚР заңнамасына, Қоғам Жарғысына, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне қайшы келген жағдайда, Ереже ҚР заңнамасының, Қоғам Жарғысының, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің нормаларына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

7.2. Ережемен реттелмеген бөлігінде Қоғам Жарғысының нормалары қолданылады.

7.3. Ереже ҚР заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен АЖЖ бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

7.4. Ережеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар ҚР заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен АЖЖ шешімімен енгізіледі.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Директорлар кеңесі туралы ережеге
№1 қосымша

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерімен жасалатын ШАРТ

Астана қаласы

«__» _____ 20__ жыл

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – **Қоғам**) атынан Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы негізінде және **Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының** шешіміне (_____
20__ ж. №__ хаттама) сәйкес әрекет ететін Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы _____, бір жағынан, және **Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының** шешіміне (_____
20__ ж. №__ хаттама) сәйкес Қоғамның тәуелсіз директоры (бұдан әрі – **Директор**) болып сайланған _____мырза, _____ азаматы, _____ берілген төлқұжат №_____, екінші жағынан, бұдан әрі **бірге алғанда** Тараптар, ал **жеке-жеке алғанда Тарап немесе жоғарыда көрсетілгендей аталып**, төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі – **Шарт**) жасасты:

1. Шарттың нысанасы

1. Осы Шарт бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына (бұдан әрі – **заңнама**), Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғам директорының Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Қоғамның директорға сыйақы төлеу міндеті және осы Шартқа және **Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының** шешімдеріне сәйкес міндеттерін орындаумен байланысты шығыстарды өтеу міндеті белгіленеді.

2. Өзіне алған міндеттемелерді орындау кезінде Тараптар заңнаманы, осы Шартты, Қоғамның жарғысы мен ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

2. Директордың құқықтары

3. Директордың:

1) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен органдарынан заңнама талаптарын ескере отырып, өз функцияларын орындау үшін қажетті кез келген ақпаратты сұратуға және/немесе уақтылы алуға;

2) Қоғам берген қызметтік үй-жайды, байланыс құралдарын, өзге де мүлікті Шартта, жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген функцияларды орындау үшін пайдалануға;

3) Директорлар кеңесінің/Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарында қаралатын мәселелер бойынша өз пікірін білдіруге не тікелей өзі қатыса алмаған

жағдайда Жазбаша пікір білдіруге, Қоғамның жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге;

4) Қоғамның Жарғысында, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерінде, Қоғамның ішкі құжаттарында және осы Шартта көзделген тәртіппен Қоғамнан сыйақы алуға, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқарумен байланысты шығыстардың өтемақысын алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға кірісу және біліктілікті арттыру бағдарламасынан өтуге;

«6) заңнамаға сәйкес мемлекеттік құпия болып табылатын ақпаратты қоспағанда, **Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының** шешімдерімен, **Қоғамның** Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларымен және шешімдерімен, **Қоғамның** Директорлар кеңесі комитеттері отырыстарының хаттамаларымен, аудиторлық қорытындылармен танысуға;

Директорлар кеңесі 7) Қоғамның Директорлар кеңесінің кезектен тыс отырысын шақыруға бастамашылық жасауға, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын қалыптастыру немесе өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

8) Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне мәселелер енгізуге;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында, жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Директордың міндеттері

4. Өз құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерін орындау кезінде Директор Қоғамның және оның акционерлерінің мүддесі үшін, адал, ақылға қонымды және әділ, тиісті тиянақтылықпен әрекет етуге және Қазақстан Республикасының заңнамасында, жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және Қоғамның ішкі құжаттарында қамтылған талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, сондай-ақ іскерлік әдеп нормаларын сақтай отырып, Қоғамның мүддесі үшін объективті шешім қабылдауға тиіс.

5. Директор қызметінің негізгі қағидаттары кәсіпқойлық, парасаттылық, парасаттылық, адалдық және объективтілік болып табылады.

6. Директор:

1) өз міндеттерін заңнаманың, жарғының, корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып орындауға;

2) Қоғамның жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Директорлар кеңесінің, өзі құрамына кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің іштей отырыстарына қатысуға, оның ішінде техникалық құралдар (телефон, видеоконференция және т.б.) арқылы қатысуға; Директорлар кеңесінің және/немесе оның комитетінің отырысына өзінің қатыса алмайтынын себептерін көрсетіп алдын ала хабарлауға;

3) Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің сырттай тәртіппен өткізілетін отырыстарында қаралатын мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін қол

қойылған бюллетеньдерді ұсынуға және ескертулері мен қарсылықтары болған кезде белгіленген мерзімдерде өзінің жазбаша пікірлерін ұсынуға;

4) шешімдер заңнамаға, Қоғамның Жарғысына сәйкес келген және Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі бойынша **акционерлердің** және/немесе Қоғамның **мүдделеріне** қайшы келмеген жағдайда, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының **шешімдерін, Қоғамның** Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамдағы ақпарат пен істердің жай-күйін талдауға және, қажет болған жағдайда, осындай талдау нәтижелерін Қоғамның Директорлар кеңесіне/ Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынуға;

6) Директорлар кеңесінің, Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына тиісті түрде дайындалуға, атап айтқанда: отырыстарға байланысты материалдармен алдын ала танысуға, қажетті ақпаратты жинау мен талдауды жүзеге асыруға, негізделген шешім қабылдау үшін өз қорытындыларын, тұжырымдарын, ұсынымдарын дайындауға;

7) Директордың өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін, оның ішінде оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылғаннан кейін, осы Шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін, егер оған Директордың міндеттерін орындаумен байланысты берілген болса, 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қоғам айқындаған тұлғаға қабылдау-беру актісі бойынша Қоғамның барлық құжаттарын, мүлкін, қызметтік үй-жайды және оның кілттерін тапсыруға;

8) **Қоғам** акционерлерінің жалпы жиналысының/ Директорлар кеңесі **төрағасының талап етуі бойынша** Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер шегінде жеке және құпия ақпараттан басқа кез келген ақпаратты беруге;

9) жалпы Директорлар кеңесіне жүктелген міндеттерді және тікелей Директордың өзіне жүктелетін функцияларды орындау үшін жеткілікті уақыт бөлуге;

10) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында дауыс беру кезінде білдірген пікіріне байланысты, Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер шегінде Қоғамды тиімді басқару үшін жауапкершілікті Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелерімен заңнамада белгіленген тәртіппен бөлісуге;

11) Қоғамның бәсекелес компанияларында жұмыс істемеуге және лауазымдарды атқармауға;

12) Қоғамның бәсекелес компанияларында қаржылық мүдделі болмауға;

13) басқа ұйымдарда (коммерциялық және коммерциялық емес) жұмыстар мен лауазымдарды қоса атқару бойынша келіп түскен жаңа ұсыныстар туралы Директорлар кеңесінің төрағасын алдын ала хабардар етуге;

14) өзге 4 (төрттен) аса ұйымның директорлар кеңесіне кірмеуге, және бір ұйымнан аса ұйымда толық емес негізде жұмыс істемеуге;

15) мынадай ережелер мен талаптарды сақтауға:

өзіне де (немесе өзімен байланысты адамдарға да), басқаларға да мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайға жол бермейтіндей өзін ұстауға;

мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін әрекеттерден аулақ болуға;
 мүдделер қақтығысы бар мәселелер бойынша шешім қабылдаудан бас тартуға;
 Қоғаммен байланысты нақты немесе ықтимал мәмілелерде, шарттарда, жобаларда кез келген жеке коммерциялық немесе өзге де мүдделілігі (тікелей немесе жанама мүдделілігі) туралы Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен дереу хабарлауға;

Директорлар кеңесі отырысының шешіміне мүдделілігі бар күн тәртібі мәселесі (мәселелері) бойынша Директорлар кеңесін уақтылы хабардар етуге және оларды талқылау мен дауыс беруге қатыспауға;

жеке немесе заңды тұлғалардан Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесі ретінде қабылдаған немесе жасаған шешімдері немесе әрекеттері үшін сыйлықтар, қызметтер немесе сыйақы ретінде қарастырылуы мүмкін қандай да бір артықшылықтар алмауға;

Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқаруына байланысты өзіне белгілі болған құпия, инсайдерлік және өзге де ақпаратты мұндай ақпаратқа қол жеткізе алмайтын адамдарға жария етпеуге, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау кезеңінде де, осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл ішінде де, сондай-ақ егер Қоғамның құжаттарында неғұрлым ұзақ мерзім көзделмесе, белгілі болған құжаттарда (ақпаратта) белгіленген мерзім ішінде де өз мүддесінде немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде ондай ақпаратты пайдаланбауға;

Қоғамның үй-жайларында жұмыс істеген кезде Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген және қауіпсіздік режимімен байланысты, Қоғамның құпия ақпаратымен жұмыс істеумен байланысты ережелер мен рәсімдерді сақтауға;

Қоғамның құжаттарында белгіленген мерзімде өзінің үлестес тұлғалары туралы үнемі ақпарат беріп отыруға;

Мүдделер қақтығысын реттеу туралы ереженің және Қоғамның Іскерлік әдеп кодексінің нормаларын сақтауға;

16) заңнамада белгіленген тәртіппен өз қалауы бойынша осы Шарттың дереу мерзімінен бұрын тоқтатқаны туралы Директорлар кеңесін жазбаша хабардар етуге;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында, жарғыда, Қоғамның өзге де ішкі актілерінде және осы Шартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

7. Директор Қоғамға өзінің деректерін (электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген Директорға қатысты мәліметтерді), соның ішінде деректерді **жазбаша** немесе электрондық құжат нысанында не заңнамаға қайшы келмейтін қорғау іс-қимылдарының элементтерін қолдана отырып жинауға және өңдеуге келісім береді.

4. Қоғамның құқықтары

8. Қоғамның:

1) Директордан заңнамада, жарғыда, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында және осы Шартта көзделген Директор міндеттерін тиісінше орындауын талап етуге;

2) Шартты бұзу сәтіне дейін төленбеген барлық шығыстар мен өтемақылар Директордың жұмыс кезеңіне барабар төленетінін ескере отырып, **Қоғам**

акционерлерінің **жалпы** жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім **қабылдаған** жағдайда, осы Шартты кез келген уақытта мерзімінен бұрын бұзуға;

3) өкілеттіктері шегінде деректерді (электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген Директорға қатысты мәліметтерді) жинауға және өңдеуге, соның ішінде деректерді жазбаша немесе электрондық құжат нысанында не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғау іс-қимылдарының элементтерін қолдана отырып, өзге де тәсілмен Акционерге/Акционерлерге беруге;

4) заңнамада, жарғыда, Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында және осы Шартта көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқығы бар.

5. Қоғамның міндеттері

9. Қоғам:

1) осы Шартта көзделген сыйақыны Директорға уақтылы және толық көлемде төлеуге, сондай-ақ осы Шарттың талаптарында және Қоғам акционерлерінің **жалпы** жиналысының өзге де **шешімдерінің** талаптарында Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындаумен байланысты шығыстарды өтеуге;

2) Директорға заңнаманың, жарғының және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, оның міндеттерін тиісінше орындау үшін қажетті анық және толық ақпаратты, материалдар мен құжаттарды уақтылы ұсынуға;

3) қажет болған жағдайда, Директорға Қоғамның Директорлар кеңесінің іштей отырыстарына қатысу кезінде өз міндеттерін орындауы үшін аудармашының қызметтерін, үй-жай, байланыс құралдарын беруге және өзге де қажетті техникалық көмек көрсетуге;

«4) сайланған күнінен бастап және **Қоғамның** қаражаты есебінен тиісті сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Директордың жауапкершілігін сақтандыруға, сондай-ақ **заңнамада**, жарғыда және Қоғамның **ішкі** құжаттарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға;

5) заңнамада, жарғыда және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

6. Директорға төленетін сыйақылар мен өтемақылар

10. Директорға салықтар мен заңнамада белгіленген басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін, Қоғам **акционерлерінің жалпы жиналысының** шешімі негізінде, _____ мөлшерінде белгіленген жылдық сыйақы төленеді.

Қоғам белгіленген жылдық сыйақыны сыйақы төлеудің есепті кезеңінен кейінгі айдың ішінде Директорлар кеңесіне, Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелігі кезеңіне сәйкес бекітілген жылдық сыйақы төлейді. Сыйақы төлеудің есепті кезеңі тиісті күнтізбелік жылдың тоқсаны болып табылады.

Сырқаттану себебі бойынша іштей отырыстарда болмауын қоспағанда,

Директор есепті кезеңде Директорлар кеңесінің барлық өткізілген іштей және сырттай отырыстарының жартысынан азына қатысқан жағдайда, тіркелген сыйақы төленбейді.

Сыйақыға Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғам есебінен салық салынуға тиіс.

11. Қоғам Директорға Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына және Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы және/немесе «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы бастамашылық жасаған, Директордың тұрақты тұрғылықты жерінен тыс өткізілетін кеңестерге шығуына байланысты мынадай шығыстарды өтейді:

1) жол жүру ақысы (бизнес-класс авиабилеттерінің құнынан жоғары емес мөлшерде), оның ішінде трансфер (такси);

2) қонақүйде тұру (нақты шығындар бойынша, «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары Директорлар кеңесінің мүшелері үшін айқындалған тиістілік нормаларына сәйкес, оның ішінде брондау бойынша шығыстар);

3) тәулікақы (Қоғамның ішкі құжатында белгіленген Қоғамның Басқарма төрағасына арналған іссапар шығыстарын өтеу нормалары шегінде);

5) Қазақстан Республикасында сканерлеу, ксерокөшірме жасау, факс, құжаттарды басып шығару, теру, Қазақстан Республикасында интернет желісіне қатынау қызметтері;

6) курьерлік және пошта қызметінің қызметтері.

Жол жүру, оның ішінде трансфер (такси) бойынша, сканерлеу, ксерокөшірме жасау, факс, құжаттарды басып шығару, теру, Қазақстан Республикасында интернет желісіне қатынау қызметтері бойынша, курьерлік қызметтер мен почта қызметі бойынша шығыстарды өтеуді Қоғам растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда нақты шығыстар бойынша жүргізеді. Тек құжатталған шығындар ғана өтелуге жатады.

Қонақүйде тұру шығыстарын өтеу нақты шығындар бойынша, бірақ растайтын құжаттарды ұсынған кезде люкс класы бойынша бір орындық нөмір құнынан аспайтын мөлшерде, оның ішінде брондау шығыстары бойынша жүргізіледі.

Қоғам шығыстарды өтеуді Директор растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда жүргізеді.

12. Шарттың 11-тармағында көрсетілген барлық нақты жұмсалған шығындардың өтемақысына салынатын, Қоғам төлеуге тиіс кез келген салықтар қаншалықты болса, барлық жұмсалған шығындардың сомасы соншалықты шамаға түзетіледі, бұл ретте осындай салықтар ұсталғаннан кейін өтемақы осындай салықтар алынбағандай нақты жұмсалған шығындардың сомасын құрайтындай етіп түзетіледі.

13. Директордың өкілеттігі есепті кезең аяқталғанға дейін (оның ішінде мерзімінен бұрын) тоқтатылған жағдайда, Директорға Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында нақты болған кезең үшін сыйақы мен өтемақы, оның өкілеттік мерзімі өткен сәттен бастап немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының тиісті шешім қабылдаған сәттен бастап немесе Директорлар кеңесінің мүшесі өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш берген сәттен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей төленеді.

14. Директордың өкілеттігі оның немқұрайлылығы салдарынан, оны тағайындау талаптары мен осы Шарттың бұзылуы салдарынан тоқтатылса немесе Қоғамды және(немесе) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын қасақана адастыруын (алдауын) немесе саналы түрде өз міндеттерін елемей фактісін дәлелдейтін акт болса, онда мұндай жағдайларда Директор оқиға болғанға (осы факт туралы белгілі болғанға) дейінгі және/немесе өкілеттігін тоқтату мерзіміне дейін жұмыс істеген кезеңі үшін төлемдер алады.

15. Директорға сыйақы мен өтемақы банк карточкасына немесе есеп айырысу шотына аударылады. Банк шотына қызмет көрсету үшін банкке сыйақыны Директор төлейді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

16. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе сот органдарында жауапкершіліктің өзге негіздері мен мөлшері белгіленбесе, Директор Директордың кінәлі әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) Қоғамға келтірілген зиян мен залал үшін, оның ішінде ол осы Шарттың 6-тармағы 15) тармақшасының талаптарын бұзған кезде, Қоғам алдында жауапты болады.

17. Директор, егер ол Қоғамға залал келтірген шешімге қарсы дауыс берсе немесе мұндай дауыс беруге қатыспаса, жауапты болмайды.

18. Директордың жауапкершілігінің негіздері мен мөлшерін айқындау кезінде іскерлік айналыстың әдеттегі шарттары және іс үшін маңызы бар өзге де мән-жайлар назарға алынуға тиіс.

8. Шарттың қолданылу мерзімі және оны тоқтату ережелері

19. Шарт Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Директорды сайлау туралы шешім қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және Директордың өкілеттігі тоқтатылған күнге дейін қолданылады.

20. Қоғамның кез келген уақытта, негіздер бойынша немесе негіздерсіз Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Директормен жасалған Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқығы бар.

21. Директор Қоғамның Директорлар кеңесін белгіленген тәртіппен жазбаша хабардар ете отырып, Шартты өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

22. Осы Шарттың қолданылуы тоқтатылатын күн мына күндердің ертерек болатыны: (1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттіктері тоқтатылған күн (2) Директордың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылданған күн (немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімінде айқындалған күн), немесе (3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің Директордан өз өкілеттіктерін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату туралы хабарлама алған күні (немесе хабарламада айқындалған күн).

23. Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі және/немесе толықтырылуы мүмкін.

24. Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделіп, Тараптар оларға қол қоюға тиіс және олар Шарттың ажырамас бөлігі болуға тиіс.

9. Қорытынды ережелер

25. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде екі-екі данадан заңды күші бірдей алты данада жасалды.

26. Әркелкілік туындаған жағдайда Шарттың орыс тіліндегі данасының күші басым болады.

27. Директор қайта сайланған жағдайда, Қоғам онымен белгіленген тәртіппен жаңа шарт жасасады.

28. Осы Шартта реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, жарғымен және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

10. Тараптардың деректемелері және қолдары

**«ҚазМұнайГаз»
компаниясы» АҚ:**

Қазақстан Республикасы,

010000, **Астана** қаласы,

Д. Қонаев к-сі, 8

БСН _____

ЖСК _____

БСК/SWIFT _____

КБе _____

ұлттық Директор:

Мекенжайы: _____

Туған _____

күні:

Паспорт _____

№

Берілген _____

күні

Банк: _____

Атындағы шот: _____

шот № _____

SWIFT коды: _____

Ұялы телефоны: _____

**Қоғамның Директорлар кеңесінің Директор
төрағасы**

Кристофер Джон Уолтон